

БЕЙСЕМБАЙ
КЕНЖЕБАЕВ

ШЫНДЫҚ
ЖӘНЕ
ШЕБЕРЛІК



БЕЙСЕМБАЙ КЕНЖЕБАЕВ

**ШЫНДЫҚ
ЖӘНЕ
ШЕБЕРЛІК**

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ ● АЛМАТЫ — 1966

Белгілі әдебиетші, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың «Шындық және шеберлік» атты мақалалар жинағына қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері — С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, Ғ. Орманов тағы басқалардың шығармалары жайлы сын-зерттеу еңбектері енгізілген.

Сонымен қатар шеберлікті шыңдау тұрғысынан соңғы лек — жастар творчествосына да талдау жасап, кең тоқталған сын мақалалары бар.

ОКТЯБРЬДІҢ БЕЛ БАЛАСЫ

I

ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІ ОТЫЗ ЖАСТА

Қазақ совет әдебиеті — Ұлы Октябрь социалистік революциясының бел баласы.

Октябрь революциясы адам баласы тарихында жаңа заманның бетін ашты. Көптеген жаңа ұлттарды, бұрын аты естілмеген, аз естілген ұлттарды оятып, жаңа өмірге ұмтылдырды. Осындай ұлттардың бірі қазақ халқы болды.

Қазақ совет әдебиеті бүкіл совет әдебиетінің бөлінбес айбынды жасағының бірі. Ол бүкіл совет әдебиетімен біте қайнап, бірге жасауда, бүкіл совет әдебиетінің ерекше қасиеттері қазақ совет әдебиетіне де тән.

Совет әдебиеті жер жүзіндегі халықтар мен елдердің бәрінің әдебиетінен жас әдебиет. Сөйтсе де ол мейлінше терең идеялы, ең озат, барынша революцияшыл әдебиет.

Совет әдебиеті әр түрлі, бірақ бір бағытты әдебиет. Яғни, коммунистік қоғамды орнату жолында қызмет етуші, түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет.

Совет әдебиеті — социалистік реализм әдісімен қаруланған әдебиет. Ол совет болмысын әрі дәл, әрі толық көрсетеді; өміріміздегі үнемі өсіп, өркендеп отырған жаңалықты жырлайды.

Советтің ақын, жазушылары маңдай алды адамдардың күресі, тәжірибесі негізінде жасаған жақсы, көркем шығармалары арқылы халықты отаншылдық рухта тәрбиелейді: әр дайым еңбекті сүю, талапты, тапқыр болу, әділеттікті жақтау, халықтар достығын нығайту.

Қазақ совет әдебиетінің тууына, дамуына, алғашқы күннен бастап-ақ, Ленин партиясы басшылық етті. Ол Советтер Одағының барлық республикалары мен облыстарында

ғы ұлт әдебиеттерінің өсіп, өркендеуіне әр дайым айрықша көңіл бөліп отырады.

Қазақ Совет әдебиеті идеология майданындағы қиян-кескі күрес үстінде, буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы, қазақ совет әдебиетінің дамуын бөгеуге тырысқандарға қарсы күрес үстінде туып, нығайды. Сол күресте ол барып тұрған озат, прогресшіл идеяны — марксизм-ленинизм идеясын, дүниені социалистік негізде қайта құратын идеяны жақтап өсті.

Ел басынан өткен тарихи кезеңдерге сәйкес, қазақ совет әдебиеті де өзінің отыз жылдық өмірі ішінде басынан әрі күрделі, әрі маңызды дәуірлер өткізді.

Осы дәуірдің қай-қайсысында болсын қазақ совет әдебиеті еліміздің саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өміріне белсене араласып, өмірдің талап-тілегіне үздіксіз үн қосып отырды.

Алғашқы дәуір Қазақстанда совет өкіметін орнату, нығайту, қазақтың ғасырлар бойы езіліп келген еңбекшілері мен әйелдеріне теңдік әперу, оларды ел басқару, халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне қатыстыру дәуірі болды.

Осыған сәйкес қазақ совет әдебиетінің бұл кездегі негізгі тақырыбы — Октябрь революциясы, Совет өкіметі, Ленин, большевик партиясы, Азамат соғысы, Қызыл Армия, бостандық, теңдік алған кедей шаруалар, әйелдер болды.

Октябрь революциясы, Совет өкіметі туралы өлең, жырларда халықтың қуанышы, шаттығы айтылады. Халық өзінің Октябрь революциясы, Совет өкіметі арқасында бостандық, теңдік алғанын айтып шаттанады; сол үшін оларды бауыр басып, өзімдікі деп мақтан етеді.

Ленин туралы өлең-жырларда ұлы көсемнің өмірі, ісі, даналығы, сәуегейлігі, шешендігі, батылдығы, оның өліміне халықтың күйініші айтылады. Сонда көбінесе Лениннің Октябрь революциясына басшылық еткені, большевик партиясын, Совет өкіметін құрғаны, халықты құлдықтан босатқаны, теңгергені айтылады; Ленин өлсе де, оның жолы, ісі, сөзі өлмейтіні, коммунист партиясы мен Совет үкіметі оны ілгері дамытатыны айтылады.

Ақын-жазушылардың бұл кездегі шығарушылық мотиві бұрынғы мен бүгінгі, өткен күй мен болып жатқан күйді, ескі мен жаңаны салыстырып жырлау болды. Жалпы еңбекші көптің, жеке кедейдің, әйелдің бұрынғы өмір-тіршілігін, өлім, азап, қайғы-хасірет деп, түнге, қараңғы түнекке, қа-

һарлы қысқа теңеп суреттейді: бүгінгі өмір тіршілігін ратқа, шаттыққа, таңға, күнге, жайлы жазға теңейді, айқын болашағын, болашаққа мықты сенімін, алдағы міндетін, үмітін, талабын көрсетеді.

Осылай қазақ совет әдебиеті бұғаудан босап, жаңа өмір жасап жатқан халықтың бейнесін, оны азат етіп, жаңа өмірге қолын жеткізген ұлы Лениннің бейнесін жасады.

Екінші дәуір — елде өнерлі кәсіпті өркендету, кедей, орта шаруалар бұқарасын колхозға ұйымдастыру, бесжылдық жоспарларды орындау, жаңа конституцияны қабылдау, жүзеге асыру дәуірі еді. Сондықтан да қазақ совет әдебиетінің бұл кездегі негізгі тақырыбы осы айтылған мәселелер болды.

Бұл дәуірде қазақ совет әдебиетінде Ленин туралы, конституция туралы, колхоз құрылысы, өндіріс орындары, Түркстан-Сібір жолы туралы, челюскиншілер жорығы туралы, Отан қорғау туралы әр жанрдан көптеген шығармалар туды.

Ақын, жазушылар өздерінің шығармаларында Қазақстанның саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан гүлденіп, орта ғасырлық қалыптан социализмге беттеп, алып қадаммен алға басып бара жатқанын жырлады. Олар қай тақырыпта жазса да ауыл, колхоздағы, қала, өндірістегі жаңалықтарды, жаңа қарым-қатыстарды, өмірге, еңбекке, мүлікке жаңаша көзқарастарды, табандылықты, ерлікті, тапқырлықты көрсетіп, осыларды дәріптеді; жаңа адамның — совет адамдарының мінезін дәріптеді.

Қазақ совет әдебиеті дамуының үшінші дәуірі — Ұлы Отан соғысының жылдары болып есептеледі.

Совет әдебиеті бұл дәуірдің алғашқы кезінде жаудың арам ойын, айуандығын әшкерелеуге, жұртқа, ел басына аса қатерлі күн туғанын, бірақ, ақыры совет халқының жеңіп шығатынын түсіндіруге, халықты Отанды қорғауға үндеп, жұмылдыруға міндетті болды; кейінгі кезеңінде жаудың бетін қайтарған, оны бет қаратпай қуып, быт-шыт қылып жеңіп құртқан совет жауынгерлерінің бейнесін, совет армиясына жәрдем, күш беріп отырған елдегі еңбек ерлерінің бейнесін жасауға тиісті болды.

Кейбір кемшіліктері бола тұрса да, жалпы алғанда, қазақ совет әдебиеті бұл міндетін аброймен орындады. Қазақ әдебиетінде Отан соғысы жайында, соған байланысты көптеген ірі, көркем шығармалар жасалды. Мысалы, «Ленинградтық өрендерім», «Жиырма бес», «Абдулла», «Қазақ ба-

тыры», «Жас түлектер», «Шығанақ», «Жанартау», Советтер Одағының батырлары Мәншүк, Әлия, Мәлік, Төлеген, Қайырғали, Сұлтан, Нүркен, Зоя туралы поэмалар мен әңгімелер.

БК(б)П Орталық Комитетінің әдебиет және көркем өнер жөнінде 1946 жылы шығарған тарихи қаулылары — бүкіл совет әдебиетін түрлі жағынан тағы да өркендете түсудің, оның саяси идеялық дәрежесін, көркемдік-шеберлік сапасын мейлінше көтерудің зор программасы. Сондықтан да ол бүкіл совет әдебиетінің, сонымен бірге, қазақ совет әдебиетінің тарихында жаңа дәуірдің басы болып табылады.

1946—1950 жылдары қазақ совет әдебиетінде әр жанрдан Отан соғысы, соғыстан кейінгі бейбіт құрылыс жөнінде көптеген ірі шығармалар туды. Партияның әдебиет жөніндегі тарихи қаулылары негізінде қазақ совет әдебиеті бұл дәуірде тақырып-идея жағынан да, көркемдік-шеберлік жағынан да зор табыстарға жетті.

Қазақ совет әдебиеті басынан кешірген осы дәуірлердің қай-қайсысында болсын екі түрлі дәстүрден, екі түрлі үлгіден үйреніп, дамыды. Ол, бір жағынан, қазақ халқының бұрынғы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінен үйреніп, өнеге алып дамыды; екінші жағынан, ұлы орыс халқының бұрынғы классик әдебиеті мен бүгінгі совет әдебиетінен үйреніп, өнеге алып дамыды.

Бірсыпыра қазақ совет ақын, жазушылары халықтың бұрынғы ауыз әдебиет нұсқаларын пьеса, либретто етті. (Мысалы, «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан», «Ер Тарғын», «Қобланды», «Қозы Көрпеш — Баян», «Біржан — Сара»); бірсыпыра ақын, жазушылар кейбір шығармаларының тақырыбын, желісін, материалын ауыз әдебиетінен алды. («Құралай сұлу», «Сұлушаш», «Еңлік — Кебек»).

Қазіргі көптеген ақын, жазушылар, әсіресе, халық ақындары мен жас ақын, жазушылар өлең, поэмаларын бұрынғы ауыз әдебиетіндегі жыр, дастандар, Абай, Махамбет, Сұлтанмахмұт өлең, поэмаларының үлгісінде жазады. Олардың сөз құрау, теңеу, салыстыру табу, қолдану үлгілерін үйренеді, пайдаланады.

Қазақтың ақын, жазушылары өз ана тілінде ұлы орыс халқының бұрынғы классик ақын, жазушыларының, қазіргі советтік ақын, жазушыларының есепсіз көп шығармаларын оқиды, аударады. Олардан тақырып-идея жағынан болсын, көркемдік-шеберлік жағынан болсын үйреніп отырады.

Орыс халқының бұрын-соңды ақын, жазушыларының ішінде, әсіресе, Максим Горький мен Владимир Маяковскийдің қазақ совет әдебиетіне әсері күшті болды. Қазақтың қазіргі бірқатар көрнекті ақын, жазушылары (Сәбит, Мұхтар, Ғабит, Тайыр) шығармаларын көбінше солардың үлгісінде, солардың стилімен жазады.

Қазақ жазушылары бүгінгі, күнделікті тақырыппен қатар, тарихи тақырыпты да қозғады. Халық тарихының белгілі кезеңдері, халық тарихында болған кемеңгер адамдар туралы тарихи романдар жазды. Тарихи тақырыпты меңгерді.

Қазақ совет әдебиеті көп жанрлы әдебиет. Ұлы Октябрь революциясынан бұрын қазақ әдебиетінде, негізінде, бір ғана жанр — көбінше өлең-жыр, поэзия жанры ғана бар еді. Қазір қазақ совет әдебиетінде романнан бастап әдебиет жанрының барлығы бар. Оның үстіне қазақ совет әдебиетінде қазір журналистика, әдебиет сыны, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, киносценарий, балалар әдебиеті бар.

Қазақ совет әдебиетінің басты жанрлары поэзиядан халық поэзиясының алыбы Жамбылдың өлеңдері, прозадан Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы ең жоғары, ең құрметті атақ — Мемлекеттік сыйлық алды.

Бүгінгі қазақ совет әдебиеті өзінің кадрлары жағынан болсын, көркемдік-шығарушылық тәсілі жағынан болсын екі салаға, екі арнаға бөлінеді. Бірінші, ауыз әдебиет арнасы, бүгінгі халық ақындары, қазақ совет фольклоры; екінші, жазба әдебиет арнасы, ақын, жазушылар. Бұл екі арна бір-бірімен селбесіп, бірінен бірі үйреніп, үлгі алып, біріне-бірі көмектесіп отырады. Халық ақындары бірте-бірте жазба әдебиет тәсіліне ауысады.

Бұлай екі арналы болуы қазақ совет әдебиетінің өзіне тән бір өзгешелігі, жақсы қасиеті. Оның бұрынғы ауызша, жазба әдебиетіміздің жақсы салт-дәстүрін бойына сіңіріп отырғанын көрсетеді.

Халық ақындары — халық поэзиясының алыбы деген атақ алған Жамбыл бастаған 30—40 кісі. Бұлар қазақ халқының бұрынғы ауызша, жазба әдебиетінің барлық қазна байлығын, өнегелі, үлгілі тәсілін, жақсы салт-дәстүрін көп жылдар бойына сақтап келді. Сонымен қазір-жаңа тақырыпты, жаңа мазмұнды шығармалар жасап отыр. Осы халық ақындарының үлгісімен қазір ел арасында жаңа ауыз әдебиеті — қазақ совет фольклоры туып, өркендеп отыр.

Қазақ совет әдебиетіндегі жазба әдебиет арнасы —

ақын, жазушылар 60—70 кісі. Бұлардың арасында Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалмақан Әбдіқадіров, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Жақан Сыздықов, Ғабиден Мұстафин, Әлжаппар Әбішев, Мариям Хакімжанова, Сапарғали Бегалин, Шахмет Хұсainов, Айтбай Хангельдин сияқты төселген, көптеген шығарма берген ақын, жазушылар бар; сондай-ақ, Қуандық Шаңғытбаев, Зияш Қалауова, Мұқан Иманжанов, Хамит Ерғалиев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов сияқты болашағы мол жас ақын, жазушылар бар. Жаңа өсіп, енді көзге түсе бастаған ақын, жазушылар тағы көп.

Қазақ совет әдебиеті бүкіл одақ көлемінде бой көрсетіп, сол арқылы бүкіл дүние жүзіне танылып отырған әдебиет. Бүгін ол — жаңа соғысты болдырмау, атом қаруына тыйым салу, жер жүзінде баянды бейбітшілік орнату, елімізде коммунистік қоғам құру жолында белсене күресіп отырған әдебиет.

Қазақ совет әдебиеті ең озат ғылым — марксизм-ленинизм дүние тануымен, социалистік реализм әдісімен қаруланған, коммунизм идеясымен рухтанған өскелең әдебиет. Ол коммунистік партияның басшылығымен ендігі жерде де табыстан табысқа жете бермек.

1950

II

ҚАЗАҚ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫН ЖЕТЕ ЗЕРТТЕЙІК

Советтер Одағы Коммунистік партиясы XX съезінің тарихи қарарлары марксизм-ленинизм дамуы тарихында жаңа дәуірдің бетін ашқан ұлы белес болды. Соның негізінде кәзір еліміздегі бүкіл қоғамдық ғылымдарды негізінен қайта құру, творчестволық жөнмен өркендету жүріп жатыр.

XX съездің тарихи маңыздарының бірі сол — жеке адамға табынушылықты әшкереледі, соның салқын салдарын жоюдың айқын жолын нұсқады, барлық салада маркстік-лениндік дәстүрді, қағидаларды қолдануды міндеттеді.

Жеке адамға табынушылық біздің қоғамдық өміріміздің, біздегі қоғамдық ғылымдардың қай саласында да болсын зиян етті, кесір келтірді. Солардың ішінде совет әдебиеті мен советтік әдебиет ғылымына да бірталай кесірін тигізді.

В. И. Ленин социалистік қоғам әдебиетінің сипатын, қызметін 1905 жылы-ақ айқын көрсеткен еді. Ол «әдебиет

елдің гүлі, күш-қуаты, келешегі болып табылатын миллиондаған, он миллиондаған еңбекші бұқараға-қызмет етеді»,— деген еді.

Жеке адамға бас июшілік совет әдебиетінің осы ардақты, ұлы міндетін атқаруына кедергі жасады. Әдебиетті қалайда жеке адамды дәріптеуге, соның көңіліндегісін табуға, соған ұнауға икемдеді.

В. И. Ленин мейлінше еркін болатын социалистік әдебиет қоғамдық өмірге, қоғамдық күреске белсеніп қатынасады; «адам баласының революцияшыл ақыл-ойын социалистік пролетариаттың тәжірибесі мен күнделікті жұмысының соңғы табыстарын көрсету арқылы байытып отырады»,— деп білген еді.

Жеке адамға табынушылық барлық әдебиеттің, соның ішінде көркем әдебиеттің де ондай мүмкіншіліктеріне жол бермеді. Әдебиетті тек болған істерді, белгілі қағидаларды тіркеп, түсіндіріп қана отыруға баулыды.

Советтік қоғам құрылысы дамуының барлық маңызды, тарихи кезеңдерінде Коммунист партиясы әдебиет жөнінде тарихи қаулылар шығарды: совет әдебиетін жат әсер, теріс бағыттан, қата, кемшіліктерден сақтандырды; совет әдебиетінің ілгері дамуына, жоғары сапаға көтерілуіне сара жол сілтеді.

Партияның Орталық Комитетінің 1920 жылғы Пролеткульт туралы нұсқауы, 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты», 1932 жылғы «Әдебиет, көркем өнер ұйымдарын қайта құру туралы» деген қаулылары, 1946—1948 жылдардағы идеологиялық мәселелер туралы қаулылары — бәрі совет әдебиетіне партияның басшылығы, қамқорлығы еді.

Жеке адамға бас июшілік арқасында Коммунист партиясының совет әдебиетін өркендетуде істеген істері, қамқорлығы, идеялық жетекшілігі тек бір адамның ғана ісі, тек бір адамның ғана көрегендігі, қамқорлығы деп түсіндірілді.

В. И. Ленин өзінің «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген еңбегінде, Лев Толстой туралы мақалаларында, М. Горькийдің «Ана» деген романы туралы айтқан сөзінде социалистік қоғам әдебиетінің негізгі принциптерін айқындап берген еді. Ленин көркем шығарманың құндылығы — оның өмір шындығын көрсетуіне, бұқараны революциялық, коммунистік рухта тәрбиелеуіне қарай бағаланады; ол әдебиеттің негізгі принципі партиялық болады,— деген еді.

Коммунист партиясы өзінің совет әдебиеті жөніндегі әлгі тарихи қаулыларында үнемі осы принциптерді жақтап, дамытып, совет жазушыларына насихаттап келді. Маңдай алды совет жазушылары: М. Горький, В. Маяковский, тағы басқалар оны көптен жүзеге асырып, шығармаларында қолданып отырды.

Марксизм-ленинизм әдебиеттің дамуын, тарихын, жеке фактыларын нақты-тарихи жағдайға тығыз байланыстырып, жан-жақты, әділ зерттеуді талап етеді. Мұның өзі әдебиетті зерттеудің нағыз, бірден-бір ғылыми қағидасы болып табылады.

Тұтас алғанда совет әдебиеті үнемі, дұрыс бағытта, сара жолда болды; үздіксіз өсіп, өркендеп отырды. Оған алдыңғы қатарлы совет жазушыларының үнемі халықпен бірге болуы, халықтың коммунизм жолындағы, Отанымыздың тәуелсіздігін қорғаудағы қаһармандық күресіне белсене араласуы септігін тигізді; Ленин идеялары, Коммунистік партияның саясаты, орыс халқы әдебиетінің жақсы дәстүрі зор әсер етті.

Совет жазушылары әрдайым өздерінің отан алдындағы ардақты міндеттерін адал орындады: совет халқының тұрмысын, ісін, ой-сезімін, тілек-арманын жырлады, әдебиетте совет адамдарының Азамат соғысы жылдарындағы қаһармандығы, соғыстан бұрынғы бесжылдықтар ішіндегі жасампаз еңбегі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі өшпес ерлігі, соғыстан кейінгі жылдардағы шаруашылықты қалпына келтіру, еселеп дамыту жөніндегі іс-әрекеті дәл, көркем бейнеленді.

Соның бәрін бүкіл совет әдебиетінің айрылмас бір бөлімі, айбынды бір жасағы болған қазақ совет әдебиетінің даму тарихынан айқын көруге болады.

Қазақ совет әдебиеті — Ұлы Октябрь социалистік революциясының бел баласы, жаңа, социалистік әдебиет; қазақ халқының жаңа салт-санасының, жаңа мәдениетінің айқын көрінісі, совет заманындағы тамаша табысы.

Қазақ совет әдебиеті туа туғаннан ең озат, ең революцияшыл идеялармен, Маркс, Ленин идеяларымен қаруланып, қазақ, орыс халықтарының және басқа туысқан совет халықтарының бұрын-соңды әдебиетінің жақсы үлгі-өнегелерінен, жақсы дәстүрлерінен үйреніп, Коммунист партиясының басшылығымен дамып келеді.

Бүкіл совет әдебиеті сияқты, қазақ совет әдебиеті де елімізде болған қиян-кескі идеологиялық тартыстарға, бур-

жуазиялық-ұлтшылдыққа, ұлттық нигилизмге қарсы күресте өсті. Оның кейде қата, кемшіліктері де болды.

Бірақ, асылында қазақ совет әдебиеті дұрыс бағытта болды. Халықпен, партиямен тығыз байланыса отырып, халықтың тамаша өмірін, ерлік істерін, ізгі ой-сезімін жырлады, партия жолын насихаттады, бұқараны коммунизм рухында тәрбиеледі.

Кәзір қазақ совет әдебиеті мейлі қай жағынан болсын кемеліне келіп, бүкіл Совет Одағына танылып, сол арқылы жер жүзіне көрініп отыр.

Тек, ашық айту керек, бірде бізде қазақ совет әдебиетінің осы зор табыстары, бай тәжірибелері, даму тарихы, көрнекті өкілдерінің творчестволары, қазақ совет әдебиетінің өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, тағы басқа көптеген проблемалық мәселелері әлі зерттелген жоқ. Бұл зор оқылық.

Рас, соңғы бір-екі жыл ішінде жазушы Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин творчестволары туралы жеке шағын очерктер шықты. Бұл қуанарлық іс. Әрбір көрнекті ақын, жазушылар туралы сондай очерктер шыға беруі керек.

Қазір Коммунист партиясының әдебиет пен көркемөнер жөніндегі саясаты, марксизм классиктерінің әдебиет пен көркемөнер жөніндегі көзқарастары, қазақ совет әдебиетінің жеке жанрлары, әр алуан проблемалық мәселелері ерекше зерттелуге, олар жөнінде мақалалар, еңбектер жазылуға тиісті.

Міне, осы айтылғандар сияқты көптеген күрделі жұмыстар негізінде қазақ совет әдебиетінің тұтас, ғылыми тарихы жасалуы керек. Бүгінгі зәру іс осы.

Кәзір бізде қазақ совет әдебиетінің тарихы орта мектептер оқулығында қысқаша сөз болып, жоғарғы дәрежелі оқу орындарында оқылып жүр. Бірақ, оларда қазақ совет әдебиетінің тарихы «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» бойынша көптеген шағын дәуірлерге бөлінеді.

Мысалы, «Қазақ совет әдебиеті азамат соғысы жылдарында»; «Қазақстанда Совет өкіметі құрылған кездегі, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарындағы әдебиет», «Қазақ совет әдебиеті социалистік реконструкция дәуірінде», «Бесжылдықтар кезіндегі қазақ совет әдебиеті» деген дәуірлерге бөлініп оқылады (Педагогикалық институттың қазақ тілі, қазақ әдебиеті факультеттеріне арналған қазақ совет әдебиеті программасын қараңыз).

Сөз жоқ, қашан да болсын әдебиет тарихы халық, қо-

ғам тарихына байланысты болады. Совет әдебиетінің тарихы совет халқының, совет қоғамының тарихына тығыз байланысты. Ол солай жазылуға да тиісті.

Бірақ, солай екен деп, әдебиет тарихын қалай болса, солай халық, қоғам тарихында болған оқиғалардың бәріне де байланыстыра беруге, ұсақ оқиғалар мен шағын кезеңдерге бөлшектей беруге болмайды.

Әдебиет тарихы халық, қоғам тарихында болған ұлы, аса маңызды, әдебиеттің дамуына зор әсер еткен оқиғаларға ғана байланысты, әдебиеттің өз фактылары мен өсу процестері негізінде дәуірлерге бөлінуге тиісті.

Бүкіл совет халқының, соның ішінде қазақ халқының да өмірінде, тарихында болған ұлы, тарихи оқиғалар, бүкіл совет әдебиетінің, соның бір жасағы болған қазақ совет әдебиетінің дамуына зор әсер еткен оқиғалар — Ұлы Октябрь социалистік революциясы, елімізді индустрияландыру, колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы және сонан кейінгі оқиғалар.

Әдебиет тарихы халық, қоғам тарихынан айнығысыз болып құрылмай, оны қайталау болмай, тек соның сүрлеуімен әдебиет фактыларына қарай құрылуы, әдебиет тарихы болуы керек. Онда әдебиеттің әрбір даму кезеңдері жөнінде жалпы шолу берілуімен бірге жеке ақын, жазушы туралы арнаулы очерктер де берілуі жөн.

Қазақ совет әдебиетінің қай дәуірі жөніндегі жалпы шолулар болсын, сондай-ақ қай ақын, жазушы жөніндегі арнаулы бөлім — очерктер болсын, яки бірыңғай мадақтау, яки бірыңғай мінеу болмай, барды дәл, әділ көрсету, бағалау, нағыз ғылыми жөнмен жазылу керек.

Қазақ совет әдебиетінің қай дәуірдегі тарихы болсын онда социалистік реализм әдісінің қолданылуы, негізгі әдіске айналуы, жаңа, жоғары сапа алуы тұрғысынан, ақын, жазушыларымыздың шеберлікке ұстаруы, жетілуі тұрғысынан, қазақ совет әдебиетінің өзіне тән қасиеттерін айқындау, дәл көрсету тұрғысынан жазылуы тиісті.

Бұл айтылған талаптар орнына келуі үшін, әрине, қазақ совет әдебиеті, әрбір ақын, жазушының шығармалары мұқият, жан-жақты, әділ зерттелуі қажет; қазақ совет әдебиеті, жеке ақын, жазушылар, жеке шығармалар туралы жазылған ірілі-уақты еңбектер түгел зерттелуі жөн.

Қазақ совет әдебиеті — мейлінше бай дүние, мейлінше құнды қазына. Оны жете зерттеп, дәл солай көрсетейік.

ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН МӘСЕЛЕЛЕРІ

I

Жаңа дүниенің, Социалистік қоғамның В. И. Ленин өзінің әйгілі «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген мақаласында бейнелегендей, тың әдебиетін, мазмұны жағынан да, түрі жағынан да халықтық, социалистік әдебиетін жасауға Совет үкіметі мен Коммунист партиясы, В. И. Ленин Октябрь революциясының алғашқы күнінен бастап-ақ кірісті. Бірақ оған бөгет жасаушы теріс, зиянды ағымдар көп болды. Солардың бірі Пролеткульт (Пролетариаттың мәдени-ағарту ұйымдары) деп аталды.

Пролеткульт Октябрь революциясынан біраз бұрын құрылған еді. Революция жылдарында кең өркен жайды. Ол пролетариаттың мәдени-ағарту орындарын партия ұйымына бағынбайтын, өз бетінше жұмыс жүргізетін мекеме, ұйым етіп құрды, тіпті оларды партия ұйымдарына қарама-қарсы қойды.

Пролеткульт халықтың бұрынғы мәдени мұраларынан безді, мәдениеттің бұқарамен, күнделікті өмірмен тығыз байланысты болуынан қашты. Социалистік мәдениетті бұрынғы мәдениет мұраларынсыз, Партия мен Совет үкіметінің басшылық көмегінсіз, күнбе-күнгі өмірге араласпай, Пролеткульт студияларында отырып-ақ жасауға болады деп сенді.

Пролеткульт басшылары социализмнің өзін теріс ұқты: социализмді машинизм деп ұқты. Осыдан олар социалистік қоғам әдебиетін жаңсақ түсінді: жұмысшы үшін поэзия дегеніміз оның өзі қызмет істеп тұрған машинасының ырғағы болып табылады деп білді; пролетариат өз тілін, өзінің таптық тілін жасайды деп көкіді.

Сөйтіп, Пролеткульт буржуазиялық идеалистік теорияларды қолданып, марксизмге қарсы күресті; футуристер, декаденттер жолына түсті; пролетариат мәдениеті деген сөзді бетке ұстап, партияның социалистік мәдениет жасауына бөгет болды.

Пролеткульттің теріс, зиянды көзқарастары мен іс, әрекеттерін коммунист партиясы, В. И. Ленин дер кезінде байқап, оларға қатты соққы берді. Ленин Пролеткульттің 1920 жылы, октябрьде болған съезі қаулысының жобасын жазып берді. Онда: «Марксизм революцияшыл пролетариаттың идеологиясы ретінде жержүзілік — тарихи мән алып отыр. Ол буржуазиялық дәуірде жасалған аса қымбатты мәдени мұраларды ешбір мансұқ еткен емес. Қайта адам баласы ақыл, ойы мен мәдениетінің екі мың жылдай уақыт ішіндегі табыстарын түгел меңгереді, қайта қарап, пайдаланады»¹ — деді.

Яғни Ленин социалистік мәдениет тек марксизм негізінде, бұрынғы мәдени мұраларды сын көзімен түгел пайдалану негізінде емін-еркін өркендей алады дегенді айтты.

Сондай-ақ, Ленин өзінің жиырмасыншы жылдардағы бірнеше сөзінде, баяндамасында Пролеткульттің көз қарастарын әшкерелей отырып, нағыз пролетариат мәдениетінің күнделікті өмірден туатынын, өмірдегі жаңалықты байқау, мәпелеп өсіру қажет екенін, пролетариат мәдениетінің түрін белгіледі. Пролетариат мәдениетін жасаудың айқын жолын нұсқады.

РК(б)П Орталық Комитетінің Пролеткульт жөніндегі 1920 жылғы, 1 декабрьдегі тарихи хаты В. И. Лениннің әлгі жобасы мен сөздерінің негізінде жазылды; партияның революция жеңгеннен кейінгі мәдениет жөніндегі тұңғыш документи еді. Онда Пролеткульт күйретілді; социалистік мәдениетті өркендету жолы көрсетілді; партияның азамат соғысы жылдарындағы, онан кейінгі дәуірдегі әдебиет туралы саясаты баяндалды.

Партия мен В. И. Лениннің Пролеткультке қарсы күресі — елімізде мәдени революция жасау күресі, көркем өнер мен көркем әдебиетті халықтық, коммунистік, партиялық жолға салу күресі болды.

Партия 1924 жылы өзінің XIII съезінде баспасөз туралы арнаулы қаулы алып, соның ішінде көбінше совет әдебиетіне көңіл бөліп, жол сілтеді. Әдебиетте түрлі әдеби

¹ В. И. Ленин, шығармалар, 31-том, 292-бет.

ағым, топ яки мектеп болсын; олар өзара жарысып, селбесіп жұмыс істейтін болсын; тек олардың бірде бірі партия атынан сөйлемейтін болсын; көркем әдебиет кітаптары партия-совет баспасөздері бетінде партия жолымен үнемі сөз болып, сыналып отырсын. Сын жазушының совет құрылысын жете түсінбеуінен болған қаталарын көрсетіп, бұрынғы буржуазиялық салтан арылуына көмек беретін болсын дегенді айтты.

Осының артынан, еліміздегі жаңа жағдайға: шаруашылықты қалпына келтіру дәуіріне байланысты, 1925 жылы, 18 июньде РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты туралы» деген тарихи қаулысы шықты. Онда Орталық комитет әдебиеттің таптық жайы, өсу жолы, бағыт-түрі туралы дәл, айқын жол сілтеді.

Жалпы бізде тап тартысы тыйылмайтыны сияқты, әдебиет майданында да тап тартысы тыйылмайды. Жалпы көркемөнердің, оның ішінде әдебиеттің таптық нәсіл-жаратылысы, саясаттағыдай тіке айтылмай, есепсіз көп, сан алуан түр арқылы айтылады. Таптық қоғамда қалыс көркемөнер болмайды, бола да алмайды.

Сын коммунистік жол, бағыттан ешқашан таймайтын болсын. Сонымен қатар, ол пролетариатқа еретін, еруі мүмкін әдебиетшілерге төзімді, сақ келіп, идеологиялық жақтан ағалық істеу керек. Сонда ғана сын нағыз тәрбиелеуші бола алады.

Әдебиетіміздің идеясы нағыз жұмысшы, шаруа бұқарасына лайық болсын; соларға түсінікті түр іздеп табатын болсын... әдебиет тек бір заводтың, бір цехтың әдебиеті болмасын, болмысты, құбылысты кең қамтып, терең ұғып көрсететін болсын, миллион шаруаны соңынан ертіп күрес жүргізіп отырған ұлы жұмысшы таптық әдебиеті болсын.

Советтер Одағының толып жатқан республикалары мен облыстарында ұлт мәдениетін өркендетуге мейлінше көңіл аудару қажет — дегенді айтты партия.

Партияның XIII съезінің қаулысына сәйкес, бұл кезде орыс әдебиетінде бірқатар әдеби ұйым, топ бар еді. Олардың ең ірісі Россия пролетариат жазушыларының ұйымы (РАПП) еді. Бұл ұйым пролетариат жазушыларының бүкіл одақтық ұйымына (ВАПП) қарайтын еді.

Осы үлгі, осы тәртіп бойынша 1925 жылы, июль айында қазақ пролетариат, шаруа жазушыларының ұйымы құрылды (орысша толығы: Казахская ассоциация пролетарских и крестьянских писателей, қысқасы: Каз АПП еді).

Ол әлігі пролетариат жазушыларының бүкіл одақтық ұйымына қарады.

Қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының басқармасы сол жылы, 16 июль күні ұйымның жобасын, соған байланысты жазушыларға жазған үндеуін жариялады.¹

«...Қазақстан еңбекші табының төңкерісші жазушыларының ұйымы құрылды... ол өзін жалпы кеңестер одағының пролетариат жазушылары ұйымының бір бұтағы санайды... Сондықтан Қазақстан еңбекші табының төңкерісші жазушылар ұйымы жалпы кеңестер одағының пролетариат жазушылары ұйымының жобасын қабылдап, қолданады», — деді.

Ал, жобада: «...Жалпы кеңестер одағының еңбекшілер жазушылар ұйымы (ВАПП) құрылды. Бұл ұйым еңбекші таптың бір бөлімі, дүниені затшылдық ережесімен ғана таниды...

Еңбекші таптың әдебиеті тап әдебиеті бола тұрып, сол еңбекші таптың құлқын, санасын, сезімін тәрбиелейді... Еңбекші тап әдебиеті өз жұмысының негізіне төңкерісшіл — маркстіл дүние тануды қолданады.

Жасайтын суреттің затын кәзіргі еңбекші таптың жасап жатқан шындығынан алады және тіршіліктің төңкерісшіл көркемдігінен алады; еңбекші таптың өткендегі тартысынан, оның күресінен алады.

Солай болған соң еңбекші таптың жалпы жаңа тұрмыс жасауына, әлеумет тіршілігіне белсеніп қатынасқан жазушы ғана еңбекші тап жазушысы болады...» — деді.

Осылай ұйым қазақтың жұмысшы, жалшыдан, кедей, орташадан шыққан, жаңа жаза бастаған ақын, жазушыларының басын қосты; солардың шығармаларын бастырды; 1927 жылы «Жыл құсы» деген альманах, 1928 жылдың басынан айлық тұрақты журнал «Жаңа әдебиет» журналын шығарды.

II

1925—1930 жылдары Қазақстан партия, совет ұйымдары социалистік құрылыс жөнінде, саясат, шаруашылық, мәдениет салаларында зор тарихи табыстарға жетті. Бірақ оларға оңайлықпен жеткен жоқ. Шиеленіскен тап тартысы үстінде, ел ішіндегі әр алуан тап жауларына қарсы, алды-

¹ «Еңбекші қазақ» № 340, 16 июль, 1925 жыл.

мен, ұлтшыл-алашордашылдарға қарсы қиян-кескі күрес арқылы жетті.

Ол тап тартысы салт-сана, идеология майданында да, оның ішінде әдебиетте де өте күшті болды. Онда бай, феодалдар, буржуазиялық элементтер, тап жаулары өздері ғана қарсылық білдіріп, жаулық жасап қоймай, сонымен бірге, кейбір жазушыларға, партия, совет қызметкерлеріне әсер етіп, сөзін соларға да сөйлетті.

Коммунист партиясы Орталық Комитетінің 1925 жылы «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты туралы» қаулысы шыққаннан кейін, қазақтың пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының құрылуына байланысты, 1925—1927 жылдарда қазақ баспасөзінің бетінде әдебиет туралы, жазушылар ұйымы туралы бірқатар ұсыныс пікірлер айтылды, ұзақ айтыс болды.

Сонда кейбір коммунист жазушылар қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымына, оның солай аталуына қарсы шықты; ол не қазақтың бұқарашыл жазушыларының ұйымы болып, не қазақ совет жазушыларының ұйымы болып қайта құрылсын; оған қазақ жазушылары тегі мен табына бөлінбей, жаппай алына берсің, кешегі ұлтшыл жазушылар да алынсын, өйткені бізде кәзір ұлтшыл жазушы жоқ; бұрынғы ұлтшыл жазушылар кәзір совет жазушысы болды деген ұсыныс пікір айтты.

Бұл жолдастар қателесті: әдебиет майданындағы жағдайды дәл аңғармады. Ол кезде еліміздегі бұрынғы интеллигенция, соның ішінде бұрынғы жазушылар түгелдей совет идеясына келіп болған жоқ еді; олар арасында әлі Совет үкіметіне қарсы, жау адамдар да бар еді.

Қазақтың кейбір ұлтшыл-алашордашыл ақын, жазушылары совет тақырыбына бірді-екілі шығарма жазса, ол мұны көз бояу, із жасыру мақсатымен істеді. Белгілі «Тоқсанның тобы» да осы мақсатпен жазылған болып шықты. Олар пролетариат, шаруа жазушыларымен одақ, бір ұйым бола алмайтын еді.

Бұл сол әдебиет айтысы үстінде-ақ ашық көрінді. Ұлтшыл алашордашыл ақын, жазушылар өздерінің мейлі көзқарасы жағынан болсын, мейлі әдеби әдісі жағынан болсын пролетариат, шаруа жазушыларымен бірлесе алмайтындарын ресми түрде айтты; өз алдарына әдеби ұйым құрды. Оны «Алқа» деп атады.

Сондай-ақ, әдебиет жөніндегі айтыс қазақтың ұлтшыл-алашордашыл ақын, жазушыларының әдебиет мәселелері

жөнінде идеалистік, буржуазияшыл декаденттік, троцкий-шілдік жолда, көзқараста екенін айқындады.

Себебі олар жазған мақалаларында, айтқан пікір, көзқарастарында троцкийшілдердің Советтер Одағында пролетариат мәдениетін жасауға болмайды. Советтер Одағы көшпелі дәуірде, капитализмнен коммунизмге көшу дәуірінде. Бұл дәуірде пролетариат мәдениет жасай алмайды. Оған қолы тимейді, үлгірмейді деген тезистеріне сүйенді.

Осыдан ұлтшыл-алашордашыл жазушылар, алдымен, қазақта пролетариат әдебиеті жоқ, ол жақын арада болмайды да деп көкіді: «...Еңбекші тап әдебиеті жақын арада тез күшейеді, тез өседі деуге толық себеп жоқ. Кеңес өкіметі орнап, ол еңбекші тапты жақтағандықтан, сүйгендіктен, келешекте еңбекші тап кенеледі деп сенгендіктен әдебиет тез күшейіп кетеді деу тым ұшқары, тым желпілдеген сөз»¹,— деді.

Осыдан, екінші, «Қазақтың кәзіргі әдебиеті сиырдың бүйрегіндей қырық құрау. Ол реализмді көтермелейді. Оған сентиментализмнен қол үзуге болмайды»²,— деп бірі айтты. «Қазақтың кәзіргі әдебиеті бұрынғы романтизм, символизм бағытымен даму керек. Реализм бағытымен дамыса, ол нағыз көркем әдебиет болмайды»³,— деп екіншісі айтты. «Әдебиет үгіттен аулақ, таза болу керек, әдебиет — әдебиет үшін болу керек... Біз өнер — өнер үшін деген жолды тұтыну керек дейміз»⁴,— деп үшіншісі қорытты.

Үшінші — ұлтшыл-алашордашыл жазушылар нағыз көркем шығарма жасау кедейден, жұмысшыдан шыққан жазушылардың қолдарынан келмейді. «...Бүгінгі, «төңкеріс туғызған» жазушыларымызда еңбекші таптың дүние танысын, жан дүниесін, тілегін, арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам әзір білінбейді». Жүзіктің көзінен өткендей көркем шығарманы ұлтшыл, оқыған жазушылар ғана жасай алады. Сондықтан оларды мүйіздемеу керек. Олар өз көзқарасын еркін айтатын болу керек деп соқты.

Қазақ пролетариат шаруа жазушыларының ұйымы

¹ Екеу — «Көркем әдебиет туралы», («Еңбекші қазақ» № 179, 8/III, 1927 жыл).

² Жыму — «Тіменнің мақаласы туралы», («Еңбекші қазақ» № 385, 30/V — 1925 жыл).

³ Кошке — «Көркем әдебиет туралы», («Еңбекші қазақ» № 267, 1/XII, 1926 жыл).

⁴ «Еңбекші қазақ» газетінің әлгі санындағы Екеудің мақаласынан.

КазАПП партияның жолына, қаулыларына сүйене отырып, ұлтшыл-алашордашыл жазушылардың із жасырушылықтарына да, идеалистік, декаденттік пікір, көзқарастарына да қарсы шығып, соққы берді; оларды күйрете жеңді.

Рас, сонымен қатар, айтыс, тартыс үстінде қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының, оның кейбір басшыларының қатесі де болды. Қатесі сол — олар, кей ретте, ұлтшыл-алашордашылдарға, олардың зиянды көзқарастарына қарсы күресті қазақ халқының бұрынғы құнды әдеби мұраларынан безуге, соларға қарсы күреске айналдырып жіберді. Басқасы былай тұрсын, тіпті Абайдан ат-тонын алып қашты. Бұл бір.

Екінші. Партияның әдебиет саласындағы бұл дәуірде көздеген негізгі нысанасы бұрынғы әралуан бағыт, көзқараста болған жазушылардың тезірек совет платформасына келулеріне жәрдемдесу, пролетариат, совет жазушыларының қатарын көбейту болушы еді.

Сондықтан да Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1928 жылғы, «Жаңа әдебиет» журналын шығару туралы қаулысында: «...Бұл журнал барлық революцияшыл және Совет өкіметіне іштартатын, бір табан жақын тұрған жазушыларды біріктірудің және оларды коммунизм рухында тәрбиелеудің құрамы болуға тиіс»¹,— деген еді.

Өлкелік партия комитеті журналды Қазақ мемлекет баспасы жанында шығарды, оның редакторларын КазАПП басшыларынан қойды. Ондағы мақсаты, журналға қазақ жазушыларын — олардың революцияшылдарын да, Совет өкіметіне іштартқан, бір табан жақын тұрғандары мен екі ойлы, жолбике болып жүргендерін де тегіс қатынастыру еді.

Бірақ журнал, оның редакторлары Өлкелік партия комитетінің қаулысын, көздеген түп мақсатын ескермеді, орындамады: өз маңына КазАПП мүшелерінен басқаларды жолатпады. Басқасын былай қойғанда, сол кезде совет идеясына келген, совет тақырыбына шығармалар жазып жүрген Сәбит Дөнентаев сияқты жазушыларды да жолатпады. Ілияс Жансүгіровті, тағы басқаларды түрткіледі.²

Жалпы алғанда, сөз жоқ, Қазақ пролетариат, шаруа жазушыларының ұйымы, партияның басшылығымен, совет

¹ «Жұлдыз» журналы № 2, 1928 жылы, 118-бет. Т. Кәкишевтің «Жаңа әдебиеттің жаршысы» деген мақаласы бойынша.

² С. Мұқановтың «Сағанақ» жинағына жазған бет ашарын, сынын қараңыз.

әдебиетінің партиялық принциптерін қорғап, соны насихаттады, іске асырды. Қазақ совет әдебиеті идеялық жақтан едәуір өсті.

III

Сөз болып отырған дәуірде қазақ совет әдебиетінде негізгі әдеби жанрлар: поэзия, проза, драматургия жанрлары өсіп, нығайды. Соған байланысты жиырманшы жылдары қазақ совет әдебиетінде әдеби сын туды. Газет-журналдарға бұрынғы әдеби мұралар туралы, әдебиет мәселелері туралы, жеке шығармалар, жинақтар, жеке ақын, жазушылар туралы үнемі мақала, сын, рецензия шығып отырды; бірсыпыра мақалалар жазылды, үш-төрт кітап шықты.

Әдеби сын қазақ совет әдебиетінде жаңа, тың жанр еді. Өйткені әдебиет, жазушы туралы қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиетінде тек төрт-бес мақала ғана болған еді. Ол Қ. Ысқақ ұлының Абай өлеңдеріне жазған сөз басы (1909 жыл), М. Сералиннің «Шаһнама» туралы (1914 жыл), С. Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» (1913 жыл), «Қазақ» газетінде (№ 39, 23 ноябрь, 1913 жыл) шыққан «Қазақтың бас ақыны», Екеудің «Абайдан соңғы ақындар» («Абай» журналы, № 5, май, 1918 жыл) деген мақалалары еді. Әдеби сын қалыптасқан жанр ретінде жоқ еді. Аз уақыт ішінде жаңа жанрдың жасалуы қазақ совет әдебиетінің зор табысы болды.

Бұл, революциядан кейін қазақ әдебиетінде бірінен соң бірі жаңа әдеби жанрлардың туып, дамуы, он шақты жыл ішінде негізгі әдеби жанрлардың түгелденуі қазақ совет әдебиетінің бүкіл совет әдебиетімен, өте-мөте, орыс әдебиетімен тығыз қарым-қатыста болуының, солардан ұтымды үйренуінің нәтижесі деп білу қажет.

Жиырманшы жылдары бүкіл совет әдебиетінде әдеби сынның, әдебиет танудың дөрекі социологиялық тәсілі: әдеби шығарманы, жазушыны бір жақты, тек саяси бағыты, ата-тегі жағынан ғана талдау, сынау, бағалау тәсілі басым болды. Оның үстіне, бұл кезде РАПП-тың бірқатар басшылары мен сыншылары бұрынғы әдеби мұралар жөнінде Пролеткульттің теріс көзқарасы ықпалында еді; бұрынғы әдеби мұраларды менсінбеуші еді.

Қазақ совет әдебиетінде жиырманшы жылдары болған әдеби сын мақалалар мен еңбектер көбінесе осы дөрекі социологизм бағытында, РАПП-тық бағытта жазылды. Оған

жазушылардың ептеп жікке бөлінуі, жер ыңғайына қарай топталуы, шығарманы, жазушыны сол тұрғыдан сынап, бағалауы сияқты жайсыз жағдайлар араласты. Әдеби сын ойлағандай идеялық дәрежеде болмады. Бұл жағдай сол мақалалар мен еңбектердің бағыты мен мазмұнынан анық байқалады. Енді соған келейік.

IV

Жиырманшы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің біразы бұрынғы әдеби мұраларды, жеке ақындарды сөз етеді, солар туралы пікірлер айтады. Ондай мақалалар мен еңбектердің көрнектілері мыналар деуге болады:

1. А. Сегізбаев — «Халық пен әдебиет» («Қызыл Қазақстан» № 2-3, 1922).

2. Қоңыр-Қазақ әдебиетінің кәзіргі дәуірі («Шолпан» № 2-3, 1922).

3. С. Мұқанов — «Қазақ әдебиеті мен Ыбырай» («Қызыл Қазақстан» № 7-9, 1924 жыл).

4. Б. Кенжебаев — «Абай өлеңдерінің 1923 жылғы басылуы туралы» («Еңбекші қазақ» № 359, 360. 14-15 август, 1925 ж).

5. Нұрпейіс — «Сұлтанмахмұттың өлгеніне бес жыл». («Еңбекші қазақ» № 44, 25 февраль, 1926 жыл).

6. Е. Алдоңғаров — «Жазушылар мен көркем әдебиет» («Еңбекші қазақ» № 269, 3 декабрь, 1926 жыл).

7. Д. Мәжит — «Сыншылар мен көркем әдебиет» («Еңбекші қазақ» № 289, 29 декабрь, 1926 жыл).

8. М. Әуезов — «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Кітап. 1928 жыл).

9. С. Мұқанов — «Әркім өзінше ойлайды» («Жаңа әдебиет» № 3, март, 1928 жыл).

10. Н. Мұстанбаев — «Абай» («Жаңа әдебиет» № 7, июль, 1928 жыл).

11. І. Қабылов — «Абайдың философиялық көзқарасы» («Еңбекші қазақ», 2 июль, 1928 жыл).

12. С. Мұқанов — «Қазақ әдебиеті» («Жаңа әдебиет» № 9-10, 1930 жыл).

Бұрынғы әдеби мұралар, ақын, жазушылар жөніндегі марксизм-ленинизм классиктерінің жолы, партияның саясаты әуелден айқын еді. В. И. Ленин 1913 жылы-ақ: капитализм дәуіріндегі әр ұлт ішінде екі ұлт бар, әр ұлт мәде-

ниетінде екі түрлі мәдениет — буржуазиялық, демократтық мәдениет бар. Біз әр ұлт мәдениетінен оның демократтық мәдениетін ғана аламыз деген еді.

Бұл қағиданы коммунист партиясы, Ленин Октябрь революциясынан кейін, Пролеткульттің бұрынғы әдеби мұралар жөніндегі қате, зиянды көзқарасына байланысты тағы ескерткен еді. Біз бұрынғы әдеби мұраларды сынап, сұрыптап аламыз. Оларды осылай пайдаланғанда ғана пролетариат мәдениетін жасай аламыз,— деп нұсқаған болатын.

Алайда, жоғарыда аталған мақалалар мен еңбектерде қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары, ақын, жазушылары жөнінде бірталай қате, кемшіліктер: әдеби мұралар жөніндегі маркстік-лениндік қағидадан, партияның сара жолынан оңға да, солға да ауытқулар, асыра сілтеулер көп ұшырайды.

Мысалы, кейбір мақалалар мен еңбектерде қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары¹ жеке ақындары тым асыра бағаланған: бір жақты мадақталған, тамашаланған; түгелдей халықтық деп бағаланған; қазақ әдебиеті ежелден бірыңғай бағытта — халықтық бағытта дамыды деп дәлелдеуге тырысқан.

Енді бірқатар мақалалар мен еңбектерде, керісінше, қазақ халқының бұрынғы әдеби мұралары, ақындары түгелдей мансұқ етілген: ескішіл, байшыл, ұлтшыл. Олардың бізге ешбір қажеті жоқ. «...Ондай зерттеген кісіге байшылдық, ұлтшылдықтың түп қазығы Абай. Абайдың молдасы Пушкин мен Лермонтов қой. Орыс әдебиетін Маркс көзімен сынап жүргендер ол екеуін орыстың жаңашыл байларының жырышылары дейді».¹

Рас, бірді-екілі мақалаларда қазақтың бұрынғы әдеби мұраларын түгел болмаса да, кейбіреуін, атап айтқанда, Абайды дұрыс түсініп, дәл бағалауға талпыну кездеседі. Мысалы, Аманғали Сегізбаев: «...Абайдан бұрынғы ақындар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстырсақ, Абайдан соңғы ақындардың сөздері тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген»² — дейді. Осы сияқты, менің мақаламда Абай халық ақыны, прогресшіл ақын деп бағаланады.

Бірақ, жоғарыда айттық, бұл кездегі әдеби сында, әде-

¹ С. Мұқанов — Әркім өзінше ойлайды. «Жаңа әдебиет» № 3, март, 1928 жыл.

² А. Сегізбаев — Халық пен әдебиет. «Қызыл Қазақстан» № 11, сентябрь, 1922 жыл.

биет тану ғылымында дәрекілік басым еді. Ол: тұтас халық жоқ. Халық бірнеше таптан, топтан құралады. Ақын сол таптар мен топтардың бірінен шығады. Өз табының, тобының жырын жырлайды. Абай көктен түскен жоқ. Қазақтың бай-феодал табынан шықты. Соның жыршысы деп дәлелдеді. Осылай қырқыншы жылдарға дейін Абай ескішіл, бай-феодал табының ақыны болып бағаланып келді.

V

Жиырманшы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің біразы әдебиет мәселелерін, сол кездегі қазақ совет әдебиетінің кейбір проблемалық, теориялық мәселелерін сөз еткен. Ондай мақалалар мен еңбектердің көрнектілері мыналар:

1. С. Мұқанов — «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» № 277, 228. 14, 15 октябрь, 1926 жыл).

2. Н. Садуақасов — «Әдебиет әңгімелері» («Еңбекші қазақ» № 37, 15 февраль, 1927 жыл).

3. Н. Мұстамбаев — «Көркем әдебиет туралы айтыс» («Қызыл Қазақстан» № 2, 1927 жыл).

4. Ш. Тоқжігітов — «Әдебиет мәселесі» («Қызыл Қазақстан» № 3-4, 1927 жыл).

5. С. Мұқанов — «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» («Қызыл Қазақстан» № 1, 1927 жыл).

6. Әмина Маметова — «Көркем әдебиет туралы» («Қызыл Қазақстан» № 5-5-7, 1927 жыл).

7. Сәкен — «Әдебиет майданында» («Жаңа әдебиет» № 1, 1928 жыл).

8. Ғ. Тоғжанов — «Әдебиет мәселелері» (1929 жыл).

9. Ғ. Мүсірепов — «Әдебиет айтысына» («Еңбекші қазақ», № 151, 4 август, 1929 жыл).

10. Б. Кенжебаев — «Әдебиет мәселелері туралы» («Еңбекші қазақ» № 160, 4 август, 1929 жыл).

11. Е. Бекенов — «Көркем әдебиет туралы» («Жаңа әдебиет» № 2, 1929 жыл).

12. Қ. Жүсіпбеков — «Әдебиет майданындағы мақсаттарымыз» («Жаңа әдебиет» № 12, 1929 жыл).

Бұл мақалалар мен еңбектер айтыс, пікір алысу ретінде жарияланған; Орталық партия комитетінің 1925 жылғы «Партияның әдебиет жөніндегі саясаты туралы» деген қаулысынан кейін, қазақ пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының құрылуына байланысты болған әдеби айтыстың

жалғасы. Осыдан бұларда көбінше қазақта пролетариат әдебиеті бар ма? Кәзір жоқ болса, ол түбінде бола ма? деген мәселе сөз болған.

Жоғарыда келтірдік, ұлтшыл жазушылар бұл сұрауларға: қазақта пролетариат әдебиеті жоқ. Ол жуықта болмайды деп жауап берген еді. Бірқатар коммунист әдебиетшілер осы пікірді қостады. Мысалы, Ғаббас Тоғжанов 1925 жылы «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» деген кітабында былай деп жазды:

«Қазақта пролетариат ақыны жоқ. Қазақтың кәзіргі тұрмысында пролетариат ақыны шыға қоймайды. Өйткені бізде пролетариат аз. Ол қазақ тұрмысына әсер беретіндей хәлге келген жоқ... Біздің ақындарымыздың көбі шаруа тұрмысын, қазақтың даласын жазатын ақын», — дейді.

Жиырманшы жылдардың ақырында Ғаббас бұл қорытындысын біраз өзгерткен. Бірақ қатесін түгел түзеген. «...Орыс арасында да, қазақ арасында да жаңа мәдениет пролетариат бағытымен өспек, пролетариат табының басшылығымен жасалмақ... Көркем әдебиетте де пролетариат әдебиеті үстем әдебиет болмақ»¹ Бірақ «Қазақта кәзірдің өзінде де, ауызға аларлықтай пролетариат әдебиеті бар дегенге біз қосыла алмаймыз. Мұны айтқандар өздерін де алдайды. Жұртты да алдайды»² — деген.

Оның үстіне, Ғаббас осы «Әдебиет мәселелері» деген кітабында бір үлкен қайшылық жіберген. Бір жерде, әлгідей, қазақта кәзір пролетариат әдебиеті жоқ деп қателессе, екінші жерде: «Бізде осы күннің өзінде де жаңа әдебиет едәуір құралып қалды. Сәбит, Бейімбет, Сәкен, Жақан, Ілияс, Асқар, Қалмақандар жаңа әдебиет ақындары... Қандай кемшіліктері бола тұрса да, бұлар жаңа заманның ақындары, төңкеріс ақындары, жаңа жұртшылыққа сүйенетін ақындар» — деп дұрыс айтқан.

Яғни Ғаббас бұл жерде, бірінші, екі түрлі сөйлеген, бір сөзі екінші сөзіне қарсы келген; екінші, пролетариат әдебиеті өзіне басқа, жаңа, революцияшыл әдебиет өзіне басқа, екеуі екі бөлек нәрсе деп ұққан, тағы қателескен.

Аталған мақалалардың көбі ұлтшыл жазушылардың теріс, жат пікір, көзқарастарына, Ғаббас сияқты коммунист сыншылардың әлгідей қате, кемшіліктеріне қарсы жазылған. Қазақ әдебиетінде пролетариат бағытында жазатын

¹ Ғ. Тоғжанов — «Әдебиет мәселелері» 29, 43-бет, 1929 жыл.

² Ғ. Тоғжанов — «Әдебиет мәселелері» 41-бет.

ақын, жазушылар болады, олар осы күннің өзінде де бар, бірталай деген. Соның әрқайсысы өзінше дәлелдеген; негізінде дұрыс дәлелдеген. Мысалы, Сәкен былай деген:

«...Біз Қазақстанда кәзірде-ақ пролетариат бағытымен жазуға бет алған және беталмақ жазушыларды ұйымдастыруға мүмкін. Кәзірде-ақ әдебиет майданында пролетариат ықпалын жүргізуге, ұйымдасып іс қылуға мүмкін дейміз.

Өзі жұмыскер емес адамдар да жұмыскер-пролетариат табының тілегіне қосылуға мүмкін. Сол таптың түпкі мақсатына жату жолында өз басының рахатын, өз басын құрбан қылуға даяр болып, белсеніп майданға шығуы мүмкін.

Мәселен, Коммунист партиясы. Коммунист партиясының ішіндегі адамдардың бәрі теп-тегіс жұмыскер ме? Жоқ. Бірақ олар сонда да жұмыскердің жырын жырлап отыр. Жұмыскер емес жазушылар, әдебиетшілер де осылай.¹

Бұл ой, пікір бір қатар мақалаларда қазақ совет әдебиетінің, әсіресе Сәкен мен Сәбиттің, Бейімбет пен Ілиястың, Асқар мен Қалмақанның, Жақан мен тағы басқалардың тақырып, идеялық, ақындық шеберлік өсулерімен дәлелденген, айқын сыпатталған.

VI

Жиырманшы жылдары шыққан әдеби сын мақалалар мен еңбектердің бірсыпырасы жеке шығармалар мен жинақтар, жеке ақын, жазушылар туралы сын, рецензия болып келеді. Бұл топ мақалалар мен еңбектердің біразы мыналар:

1. Н. Төрәқұлов — «Асау тұлпар» туралы («Темір қазақ» № 1, февраль, 1923 жыл).

2. Ы. Садуақасов — «Бейімбет өлеңдері» («Лениншіл жас» № 6, 1925 жыл).

3. Ғ. Тоғжанов — «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» (кітап. 1926 жыл).

4. М. Көшекөв — «Күндеспейтін қатын» туралы («Еңбекші қазақ» № 113, 22 май, 1927 жыл).

5. Е. Бекенов — «Шолпан өлеңдері» («Қызыл Қазақстан» № 8, 9, 1927 жыл).

6. М. Көшекөв — «Пидияшыл молдалар» туралы («Еңбекші қазақ» № 201, 2 сентябрь, 1927 жыл).

7. Ы. Садуақасов — «Бәйбіше, тоқалға» сын. («Еңбекші қазақ» № 24, 31 январь, 1926 жыл).

¹ Сәкен — Әдебиет майданында «Жаңа әдебиет» № 1, 1928 жыл, 131—136-бет.

8. Б. Байтоғаев — «Жалшы» (Қалмақан өлеңдерінің жинағы) туралы («Жаңа әдебиет» № 7, 1923 жыл).

9. О. Ә. «Тулаған толқында» туралы («Жаңа әдебиет» № 9, 1928 жыл).

10. Ә. Ақдәулетов — «Қырдың қызыл гүлдеріне» сын («Еңбекші қазақ» № 57, 11 март, 1928 жыл).

11. Н. Төреқұлов — «Тар жол тайғақ кешуге» сын («Еңбекші қазақ» № 296, июнь, 1929 жыл).

12. Б. Байтоғаев — «Тілші» туралы («Жаңа әдебиет» № 3, 1929 жыл).

13. Сот — «М. Дәулетбаев өлеңдерінің бірінші жинағы» («Жаңа әдебиет» № 8, 1929 жыл).

14. Ж. Орманбаев — «Сұлушашқа» сын («Жаңа әдебиет» № 4, 1929 жыл).

15. С. Үсенов — «Сұлушаш» туралы («Жаңа әдебиет» № 11, 1929 жыл).

Жиырманшы жылдардағы шығармалар мен жинақтар, ақындар мен жазушылар туралы әдеби сын мақалалардың үш түрлі ерекшелігі, үш түрлі кемшілігі бар. Олар мынадай:

Бірінші. Ол кездегі сындар көбінше шағын көлемді, кітап, жинақтың баспадан шыққанын, пьесаның театрда ойналғанын мәлімдеу ретінде, библиография, рецензия болып келген. Әсіресе Байтоғаев Балқай мен Көшекөв Мұстафаның түрлі жинақ, кітап, пьесаларға жазған сындары осылай болып келген.

Екінші. Ол кездегі сындар әдеби сыннан гөрі саяси мақалаға ұқсайды. Оларда шығармаға, жинаққа әдеби талдау жасалмай, әдеби сын, баға берілмей саяси-идеялық талдау жасалған, олардан саяси қате, кемшіліктер ізделген, оларға саяси кінә тағылған. Осыдан сынның арты кейде жазушы мен сыншының баспасөз бетінде ұрсып-таласуына, балағаттасуына айналған.

Үшінші. Ол кездегі сындардың әдеби, ғылыми дәрежесі төмен болған. Оларда шығарманың әсемдік асылын, көркемдік қасиетін, жазушының талантын байқау, тиісінше ашу, әділ бағалау жетпей жатады; шығарманың, жазушының жақсы жағынан жаман жағы, жетісінен кемісі әдейі баса, көбірек айтылады.

Біздің бұл қорытындыларымызды мына жағдайлар растайды.

Кәзір Төреқұлов Сәкеннің «Асау тұлпар» жинағына сын жазған. Сәкеннің ондағы біраз өлеңдерінің («Айт кү-

ні», «Жазғы түнде», «Азия», тағы басқа) саяси-идеялық қате, кемшіліктерін көрсеткен, сынаған.

Шынын айту керек, өте орынды көрсеткен, әділ сынаған. Оны Нәзірге жазған жауабында Сәкеннің өзі де мойындаған: «Мен бұл өлеңдерді Маркстің қағидасына тұптура келеді деп айтпаймын»¹ — деген.

Сонымен бірге, Нәзір сынында тым асыра сілтеген, қате жіберген. Әлде әйтеуір сынау, Сәкенді қалайда кінәлеу керек деп ойлағандықтан ба, әлде лирикалық өлеңнің мәнжайын, ерекшелігін білмегендіктен бе, Нәзір Сәкеннің бірқатар жақсы, идеясы ұстамды, түрі көрікті өлеңдерін («Маржан», «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерге», «Иван менен Мырзабек» деген өлеңдерін) сынаған.

Нәзірдің қатесін пайдаланып, Сәкен өзінің жауабында Нәзірді мазақтаған, балағаттаған. Ал, Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабы туралы жазған мақаласында Нәзір кітапты жете талдау, әділ бағалау орнына Сәкеннен өш алған: оны келеке қылған. Осылай сын аяғы өш алуға, бас арздыққа айналған.

Онан соң, жиырманшы жылдардың екінші жартысында қазақтың сол кездегі көрнекті ақын, жазушылары салт-санасы, саяси бет-бағыты жағынан болсын, ақындық шеберлігі жағынан болсын әлдеқайда өсті; олар терең мағналы, ұстамды идеялы, көркем суретті бірталай өлең, поэмалар, әңгіме, повестер, драмалық шығармалар берді; тіпті, классикалық шығармалар жасады.

Алайда, бірқатар сыншылар сол кездегі әдебиеттің, көрнекті, коммунист ақын, жазушылардың көбінше кемшіліктерін ғана көрді. Мысалы, Сәкеннің махаббат, көңіл күйі лирикасын идеалистік жолға түскендік, торыққандық деп бағалады; Ілияс, Бейімбет ел, ел деп өзеурейді, бұлар пролетариат жазушылары емес, бұқарашыл жазушы; Сәбит Мұқанов өлеңдерінің жалпы мазмұны дұрыс болғанмен әдемілігі, шеберлігі түкке тұрмайды² — деді.

Айта берсек, Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1929 жылы, декабрьде болған V пленумы: қазақтың осы күнгі әдебиетінде, жеке коммунист ақын, жазушыларында байшылдық, ұлтшылдықтың ықпал-әсері әлі бар,— деген.³

¹ Сәкен — «Асау тұлпар» туралы («Қызыл Қазақстан» № 7, 8, 1923 жыл, 42—51-бет).

² Ғ. Тоғжанов — «Әдебиет мәселелері» («Төңкерісшіл ақындарымыздың кемшіліктері» деген бөлімі).

³ «Жаңа әдебиет» № 1, 1930 жыл, 5-бет.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

I

1945 жылы, 22 июнь күні, қарт ақын Жамбыл қайтыс болғанда Қазақстан өкіметі, Қазақстан Орталық Партия Комитеті хабарлау жазды:

«Совет халық поэзиясының алыбы, қазақ халқы ғасырлық даналығының қазынасы, совет заманының жыршысы, XX ғасырдың Гомері — Жамбыл Жабаев қайтыс болды», — деді.

Бүкіл совет халық поэзиясының алыбы Жамбылдың Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жарты ғасырлық өмірі мен қызметі қазақтың барлық поэзия байлығына қанғанша суарылып, мол жеттігіп, өз тұсындағы домбырамен өлең айтатын, табанда жанынан шығарып айтатын ақындардың ең жүйріктерінің бірі болып танылу, поэзияны еңбекші халық мұқтажының құралы есебінде, қиянатқа қарсы құралы есебінде пайдалану болды.

Ой ұшқырлығы мен ділмарлықтың, білгіштік пен алғырлықтың басты сынындай болған айтыс жанрына ысылған ақын шебер, шешен айтудың үстіне заман күйін, ел мұңын, ер арманын төгіп жырлайтын жаңа үлгіге айналдырды, жаңа арнаға салды. Қазақ поэзиясының ең жақсы дәстүрін бүгінгі көп ұлтты, ең озық, ең идеялы совет әдебиетіне әкеп ұластырды.

Жүз жасаған Жамбылдың шын шарықтаған, барлық ақындық қуатын түгел жұмсап, гүлденген тұсы — Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі кез, жаздай жайнаған социализм дәуірі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы, коммунист партиясының ұлт саясаты бұрын халықпен бірге қыспақта болып, жаншылып, жапа шегіп келген Жамбылға да бостандық берді. Оның жанына да, тіліне де еркіндік әперді:

асыл сөздерінің тек қазақ халқы емес, Советтер Одағындағы барлық халыққа еркін жетуіне мүмкіндік берді.

Ақын жаңа заманның жаңа шындығын, социализмнің ұлы жеңістерін жырлады: өзгерген елді, жасарған жерді, жүздеп, мыңдап өсіп жатқан өндірісті, гүлденген колхоз, совхозды, өзінің сүйікті социалистік отанын қорғаушы совет жауынгерлерін, еңбек ерлерін, бақытты балаларды, әрі бақыт дүниесін орнатушы, әрі жеңістен жеңіске бастаушы коммунист партиясын, Совет Одағын мекендеген халықтарымыздың мызғымас достығын, совет адамдарының Отанға, партияға деген махаббатын, жауға деген қаһарын жырлады.

Соның бәрін Жамбыл тың сезім, ашық оймен сүйе де, сүйдіре де жырлады. Сөйтіп, ол өзінің айбынды, жігерлі жырымен барлық күрес майданындағы миллиондаған жеңімпаздарды ырза қылды, жаңа жеңістерге үндеді.

Партиямыздың орталық органы «Правда» газеті Жамбыл туралы бір мақаласында былай деп жазды:

«Қазақстанның даңқты ақыны Жамбылдың теңсіз лиризмге толы ұмытылмастай образдарға бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді; біздің дәуіріміздің ілгерілеген қимылын аңғарады; ақындықпен сипатталған өз өмірін, өзінің асыл ойын, қиялын көреді»¹.

Жамбыл 1846 жылы, февраль айында, қақаған суық түнде, Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауы етегінде туады. Әкесі оның атын сол тау атымен атайды — Жамбыл деп қояды. Бұл жөнде ақын «Менің өмірім» деген шығармасында былай дейді:

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей, көк найзалы жау торыған.
Байқара, Жамбыл, Ханда мен туыппын
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.

Жамбылдың ұруы Ұлы жүз ішінде үйсін, үйсін ішінде Шапырашты, Шапырашты ішінде Екей; әкесі — Жапа, оның әкесі — Ыстыбай. Ыстыбайдың төрт баласы болады. Солардың ішіндегі пысығы, намысы, өр көкірек ері Жапа екен.

XIX ғасырдың қырқыншы, елуінші жылдарында Жетісуда, Ұлы жүз елінде, бір жағынан, кер тартпа, феодалдық

¹ «Правда» 1938 жыл, 20 май.

хандықты көкसेген Кенесары қырғыз еліне шабуыл жасап, қырғыз, қазақ халқын қырқыстырды да қырғынға ұшыратты; екінші жағынан, Россия патшалығы мен Қоқан хандығы соғысты. Жамбылдың руы, туғандары осы оқиғаларды бастарынан өткізеді, көздерімен көреді; ақын жасынан осы жайларды естіп, біліп өседі.

Әуелде Жетісу, Ұлы жүз Қоқан хандығына бағынып тұрды. Қоқандықтар қазаққа неше алуан қысым, азап көрсетеді. Оған шыдамай, Ұлы жүз елі көтерілістер жасайды: отаршы, қанаушыға қарсы күреседі. Осы көтеріліс, күрестерде Жамбылдың әкесі Жапа ерлігімен көзге түседі.

Кейін елуінші жылдары, Россия патшалығы Жетісуды өзіне қосып алуға кірісті. Ол Қоқан хандығына қарсы соғысты. Жамбылдың әкесі Жапа осы Россия мен Қоқан соғысына қатынасады; Россия жағында болып, бірнеше шабуылға араласады; орыс, қазақ, қырғыз арасында елші болып жүреді.

Жамбылдың шешесі Ұлдан үйсіннен шыққан әйгілі Канадан деген қобызшының жиен қызы екен. Жамбыл жасынан домбыраға үйір, өлеңге әуес болады. Ұлдан баласының домбыра тартқанына қарап отырып: «Канадан нағашымның өнері осы балама ауысып келеді»,— дейді екен.

Әке, шешесі Жамбылды жасында молдаға беріп оқытады. Ол кездегі дін, қадим оқуының барлық молдалары сияқты, Жамбылдың молдасы әрі надан болады: балаларды дүрелей береді. Соның ішінде тілің ащы деп, Жамбылды көп дүрелейді.

Сондықтан Жамбыл молдадан оқымайды. Домбырашы, өлеңші болуды арман етеді; тойшыл, думаншыл болады. Әншімен, ертегішімен, шежірешімен, қисса оқи білетін кісімен дос болады, солардан оқиды, үйренеді; өз бойында ақындық дарыны барлығын сезеді.

Жамбыл өзінің молдадан оқымаған себебін, бойында ақындық дарыны барлығын әкесіне айтқан «Шағым» деген өлеңінде былай баяндайды:

...Шып-шып етіп молданың
Қолындағы шыбығы,
Қозғалтпайды жан-жайым,
Талай дүре соғылды...
Талай дүре соғылды...
Тілің ащы бала деп,
Қайнатты әбден сорымды...
Оқымаймын енді одан,
Домбыраны қолға алам.

Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам,—

дейді.

Жапа домбыраны, өлең-жырды, ән-күйді ұнатпайды екен. Оларды бақсылық деп біледі екен. Оған қарамай, Жамбыл домбыраны, ән-күйді, өлең-жырды өзіне өнер, айнымас серік етпек болады. Әкесінен осыған рұқсат, бата сұрайды. Ол «Әкеме» деген өлеңінде:

...Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын.
Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті... дер, әке.
Домбыра алып сөйлейін
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке,—

дейді.

Жамбылдың молдадан оқымаймын, ақын болайын, батаңды бер деген өтініштеріне Жапа «Оқуға бармасаң, барма. Бірақ ақын болмай-ақ қой. «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген атақ аз боп жүр ме? Сексен бірінші болып қайтесің»,— дейді.

Жамбыл бетінен қайтпайды. Әкесінен жасырып, өлең-жыр шығарады; ауыл арасындағы қыз-келіншектермен, тең-құрбыларымен өлең айтыса береді. Солардың қай-қайсысынан болсын озық шығып, көзге түседі.

Бір жолы Жамбылдың ауылына Ұлы жүздің сол кездегі атақты ақыны Сүйінбай келеді. Сүйінбай (1827—1895) ақындығының үстіне елге беделді, тоқтаулы адамдардың бірі болса керек. Ол осы келуінде Жапаның үйіне қонады. Осыдан былай Жамбыл үнемі Сүйінбайды сағалайды, соның соңына ереді. Өлең айтып, оған өзінің ақындығын сынатады.

Сүйінбай бір күні Жапаға: «Балаң ақын екен. Бетін қақпа» дейді. Сол күннен бастап Жамбыл ақындық жолына бір жола түседі. Сүйінбайдан үйренеді, оны өзіне ұстаз тұтады. Бұл жөнінде ақын:

Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,

Жыр келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай,—

деп, үнемі айтып жүреді.

III

Сонымен, Жамбыл — жөргегінде түсіне өлең кірген ақын — жиырма жасынан, 1866 жылдан бастап өлеңді өнер, кәсіп етеді. Үнемі ел қыдырып, ас-тойда, жиын-думанда өлең-жыр айтып, алуан жүйрік ақындармен айтысқа түсіп жүреді. Байтақ ел, еңбекші халықпен біте қайнап өседі. Оның ақын атағы елге бірте-бірте жайыла береді.

Жас ақын әуелі, төрт-бес жылдай, көбінше өз руы үшін, өз елі маңын аралап, өлең айтады. Көбірек үйрену, халық қайраткерлігіне әзірленуде болады: шаршы топты көп көріп, көп тыңдап, іштей тоқиды. Өзін өзі тай жарысында сынағандай, шағын жиындарда, тең-құрбылары арасында көрінеді. Кексе, атақты ақындармен кездескенде, көбінше, олармен дидарласып, кеңеседі; олардың жақсы үлгі-өнегелерін, білген өлең-жырларын, қисса-дастандарын үйренеді.

Сонымен бірге, еңбекші ішінең шыққан талапты ақын жүрген жерлерінде халықтың тұрмысына, хал-жайына зер сала отырады. Сонда ол халықтың бір жағы қаналушы қалың ел, бір жағы қанаушы атқа мінер, бай, датқа екенін, өз заманының қара түнек екенін, айдаһардай ысқырып, у шашқан, қанқұмар заман екенін аңғарады; еңіреп босқан елді, зарлаған жанды, сорғалаған қанды көреді.

Өмірі мен ақындық қызметінің осы алғашқы кезеңі туралы, өз руы ішінде көргені, сезгені туралы Жамбыл «Менің өмірім» деген әйгілі шығармасында:

«Жасым жиырмадан асты. Шарықтап көтерілген ақындығым, халықты қатықтай ұйытқан жалынды жырым мені жұбата алмады. Менің оқпаны кең тілегімнің қойыны бос жатқандай еді. Жастыққа жеңдіріп, тасқындап жыр айтам десем де, айта алмадым. Жырдың зар жағы басым бола берді» — дегенді айтады.

Өз елі хал-жайын аңғарған, өз руы ішіндегі ақындардан үйренген, ақындық өнері көтерілген Жамбыл енді, 1870 жылдан бастап, ұзақ жылдар бойы қазақ даласының басқа атраптарын аралайды: Қазақстанның кәзіргі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жерін, елін түгел кезіп шығады; қырғыз елінде, Өзбекстан-

ның біраз жерінде болады. Бәрінде де өлең-жыр айтып, айтысқа түсіп жүреді.

Жамбыл осы ұзақ сапар, саяхаттарында көптеген өлең-жыр, қисса-дастан үйренеді: қазақтың өзі бұрын білмейтін жыр, дастандарын, қырғыздың «Манасын», тәжіктің «Шаһнамасын», Түрікпеннің «Көрұғлы сұлтанын», Орта Азия халықтары арасына көп тараған «Тотының тоқсан тарауын», «Мың бір түн» әңгімелерін, өзінің алдында, тұсында болған ақындардың өлең-жырларын үйренеді, жаттап алады.

Сол сияқты, Жамбыл осы сапар, саяхаттарында алуан жүйрік, атақты ақындармен кездесіп, олардың кейбіреулерімен танысады, кейбіреулерімен айтысады, кейбіреулеріне жүгінеді, өзі төрелік айтады. Мысалы, ол Майкөт, Бақтыбай ақындармен танысып дидарласады; Ақкүміс, Бөлектің қызы, Сары, Құлмамбет, Сарыбас, Досмағамбет, Шашубай ақындармен айтысады; Жүніс ақынға жүгінеді; Нұрилла мен он шақты ақын айтысында өзі төрелік айтады.

Көп жер, көп ел көру, тек қазақты ғана емес, онымен аралас, көршілес отырған орыс, ұйғыр, қырғыз, өзбек халықтарын көру Жамбылдың тұрмыс, заман, халықтар жөніндегі сезген-білгенін, түйген-тоқығанын тағы да кеңейте түседі. Барлық ұлт еңбекші бұқарасының күй-жайы, мұң-зары бір екенін аңғарады, солардың бірлік ынтымағын тілейді.

Орыс, өзбек, ұйғырдың
Санадым бәрін өз елім...
Орыс, қазақ кедейі
Дос болғанын тіледім.
Ел болып көрген азапта
Айырма бар демедім,—

дейді ол.

Жамбыл көпті көріп, халықтың мұң-зарын көңіліне түйіп, бай халық қазынасына жеттігіп, алуан жүйрікпен айтыста ысылып, енді өзі де ұзақ дастан, жыр шығаратын болады. Осы ретпен ол өзінің әйгілі «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр» сияқты жыр, дастандарын шығарады. Халық үшін қызмет еткен, құрбан болған, халық сүйген адамдарды, халықтың мұң-тілегін жыр, дастан етеді; халықты қанаушыларды — бай, феодалдарды, би, болыстарды сынайды. Сөйтіп, халық жыршысы, халық қайраткері болады.

Жамбыл «Менің өмірімде»: «Кедейленген ел басы байдың көгеніне байланды. Ел билеген болыс, би үш жылда

бір сайланды. Ел қамын жеген батырлар Сібірге жер айдалды... Ел жүдеген үстіне жүдей берді. Ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұрайшы батыр, Көрұғлы батыр... жырларын айтатын болдым»,— дейді.

IV

Жамбылдың айтыстары ішінде ақынның ақыл-ойы мен ділмарлығының, білгіштігі мен шешендігінің өскенін көрсеткен, халық арасына атағын жайған құлан аяқ Құлмамбет ақынмен айтысы. Ол 1881 жылы, Іле бойында, жәрмеңке тойда болады.

Бұл жиын-тойға Жетісу өлкесінің ақындары түгел жиналады; Семей, Аякөз жағындағы Найман, Тобықты, Сыбан руларынан көптеген ақындар келеді. Үлкен айтыс болады. Он шақты ақын айтысқа түседі.

Солардың ішінде Жамбыл Албан-Суан елінің атақты ақыны, бұған дейін алдына жан салмаған, Жетісу өлкесінің, Сарыарқа мен Сырдың талай өрен жүйрік ақындарынан озып жүрген, сол үшін құлан аяқ ағып алған Құлмамбетпен айтысады. Бұлардың айтысын жиналған жұрт ерекше тамаша көріп, құмартып тыңдайды. Жамбыл Құлмамбетті жеңіп шығады. Құлмамбет айтысты бастағанда:

Болғанда жол ағадан, тон жағадан
Арлан бөрі соғады тау сағадан,—

деп, қара борандатып келіп, Албан елінің көптігі мен байлығын, байлары мен би-болыстарын айтып, мақтанады.

Жамбыл Құлмамбетке қатты тойтарыс беріп сөйлейді:

Адамдықты айт, ерлікті айт,
батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап шалықпай еліңе қайт! —

деп, өзінің халық жыршысы екенін танытады. Сонымен бірге, Жамбыл өзінің мақсатын да білдіреді.

Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам.
Басымнан сөз асырман —

дейді. Осы ретпен Жамбыл халықтың қадірлі, асыл азаматы болып, заманының зор адамдары болып шыққан саналы ерлер — Сұраншыны, Саурықты жыр етеді.

Бірақ, Құлмамбет бұған тоқтамайды, тағы да өз елінің байлығын, ру басы адамдарын дәріптейді; Сұраншы мен Саурықтың өлімін айтып, сол арқылы Жамбылды табаламақ болады;

Секеңдеген серкенің ажалы деп,
Саурық пенен Сұраншың жаудан өлген,—

дейді.

Құлмамбеттің бұл сөзін Жамбыл іліп алып, былай түнеді:

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халқы үшін шәйт болып жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген,—

дейді.

Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағаннан болмайды, жол, жүйе, дәлел таппағаннан болады. Мына айтыста Құлмамбет жол, жүйе таба алмайды. Бар болғаны байлығын, байларын айтып, мақтана береді. Жамбыл жол, жүйе, дәлелді сөз тауып кетеді. Құллан аяқ, жүйрік ақынды соған сүріндіріп жығады; халық мұңын, халық қамқоры болған ерлерді айтып, Құлмамбет дәріптеген бай-феодалдардың, би-болыстардың, қажы-молдалардың қанаушы қылықтарын әшкерелеп жеңеді.

Жамбыл мұнан кейінгі, 1895 жылғы, Сарбаспен болған айтысында екінші бір жаңа, зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш түйдек жауап айтып, Думалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы тамаша үш дастан жырлап шығады. Олардың ұзақ сарынын түйе келіп:

Көп Дулаттың баласы,
Рас сенен аз едім,
Аз да болса батыр ем,
Топты жерге барғанда
Саулап тұрған сөз едім,
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған
Көк берен болат кез едім,—

деп, елдіктің елдігі бар екенін айтады, берекелі, сапалы елдікті дәріптейді; арсыз, алтыбақан, ала ауыз көптік пен барлықтан намысты, ынтымақты аздық артық деп қорытып, жеңеді.

Яғни, Жамбыл Сарбасты жеңгенде де өзінің арманы зор, алысты көретін ақындығымен, асқақ адамгершілікпен, халықшылдық қасиетпен жеңеді. Жамбыл бұл ақынды да жүйеге, білімге жығып, жеңеді. Ақындықтың бір саласы — білімділік. Бұл жолы Жамбыл осы сапасымен де озып, алға шығады.

Осы өнер, әдісін Жамбыл 1903 жылы болған Досмағамбетпен айтысында да қолданады. Өлеңді ағыл-тегіл айтып:

Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай...
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұқын жырмен төгіп, нөсерлеткен,—

дейді.

Өзінің ел мүддесінің, елдік мұраның жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады.

Досмағамбет — молда ақын. Жамбыл оның сол молдалығын халықты қанағыштық, құлақыны жамандыққа сайып, мазақ етеді:

Молда емессің, соқырсың,
Зікір айтып, зарлаған.
Жаназ ақып өлгенге,
Підия алып жалмаған.
Шаригат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты.
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне,
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып бай өлсе,
Қырағаттап құранды
Күні-түні сарнаған,—

дейді.

Құлан аяқ Құлмамбет ақынды жеңіп, бүкіл елге даңқы жайылған соң, Жамбылды елдің бай-феодалдары, би-болыстары, патша өкіметінің шенеуніктері қолдарына алмақшы, өздерінің қол бала ақыны етпекші болады. Әрқайсысы шақырып, өздері туралы мақтау өлең айт деп, тапсырма береді.

Халықпен бірге өсіп, біте қайнаған, халықтың мұңы мен зарын, ар-намысы мен арман-үмітін жоқтаған, жыр еткен, өркөкірек, әрі сыншыл, әрі шыншыл ақын Жамбыл билеп-төстеушілерге, қанаушыларға қайрылмайды, жоламайды.

Жүрген жерінде, өлең-жырында оларды батыл мінеп, шенеп, сықақ ете жүреді.

Жамбыл «Менің бақытым» деген шығармасында ел қыдырып, өлең, жыр айтып жүргенде басынан кешкен мынандай бір оқиғаны баяндайды:

«Байлығымен, даңқойлығымен аты шыққан Кәдірбай деген бай бір рет той жасады. Байдың малын күзететін бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жыраулар мен домбырашыларды жинады. Кәдірбай оларға «Кімде кім менің итімді жоқтап өлең айтса, менің дәулетімді мақтаса, ол үлкен сыйлық алады»,— деді.

Байдың есігінде жүрген жалған жыршылар терілеріне сыймай, қожайынын мақтап, оның дәулетін, күшін, мейрімділігін дәріптеді. Мен шеткері отырып, олардың өлеңдерін әбден тыңдадым. Олар басылған кезде... Жыршыларды да, Кәрібайды да түйреп жырладым:

Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айтар ма осылай?
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ...
Итің жаман демеймін
Көпшілікті бұлдіріп,
Ұрлап алғандарыңды,
Айтсам сөзім нанымды,
Өлең оттай жалынды,
Сенен жұртқа ит жақсы
Күзеткен қотан, ауылды,—

дедім.

1913 жылы, Романов тұқымдарының таққа отырғанына 300 жыл толуына арналып, Алматыда той болады. Сол тойға болыстар, уез начальниктері ел ішінен ақын, жыршыларды жинайды. Солардың ішінде Жамбылды да еріксіз алып келеді.

Ұлықтар ақындарға патшаны мақтап өлең, жыр шығарыңдар, үгіт айтыңдар дейді. Жамбыл патшаны мақтау, үгіт айту орнына «Өстепкеде» деген жыр шығарады. Ұлықтар алдында бас шұлғып, қамыстай жапырылып, құлдық ұрған қоян жүректерді бүкіл ел көзінше қатты шенейді. Өзінің тәкаппарлығын, батылдығын көрсетеді.

1916 жылы, қазақ халқының ұлт-бостандық көтерілісі шыққанда, патша өкіметінің заң орындары елдегі бірсыпыра ақындарды, солардың ішінде Жамбылды да ұстап, біраз күн тұтқын етеді. Бұл жолы Жамбыл «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» атты өлеңдер шығарады. Онда:

Би, болысты тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай,
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай,—

деп, би, болысты сынайды, халық мұңын шертеді.

Енді ойласақ, не қалды?
Ата жұрттан кету бар,
Жолға тігіп не жанды
Тәуекелге беку бар...
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз? —

деп енді не істейміз? дегенді ел атынан айтады. Халықты белді бекем буып, жанды тігіп, күресуге үндейді.

Жамбыл «Менің бақытым» деген шығармасында өзінің революциядан бұрынғы өмірі мен ақындық қызметін мынадай сөздермен қорытады:

«Мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып, шайқасумен өттім. Сол үшін олар мені жек көрді. Ал, халық менің әрбір сөзімді сүйіп, бағалады».

Сөйтіп, Жамбыл өзінің революциядан бұрынғы көптеген өлең, жырларында, бір жағынан, өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төре, тілмашқа, болыс-биге ызалы кексінді, оларды кісі құрлы көрмейді, қатты сынайды; екінші жағынан, халықтың мұң-зарын, арман-үмітін жырлайды; ел қорғаны болатын ер туса екен, ел көзіндегі жасты тыйса екен, жаңа күн туса екен деп жырлайды. Алысты арман етеді, жарқын болашақты көксейді.

V

1917 жылы, елімізде коммунист партиясының данышпан басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңген кезде Жамбыл жетпістің ішіндегі қаусаған қарт еді. Өзін өзі енді белім бүгілді, тілім күрмелді деп білген кезі еді. Баласы Жамбылды өлең, жыр айтудан тоқтады, енді оның орнын өзім басам деп, қарт ақынның батасын, өмірлік серігі домбырасын сұраған еді.

Октябрь революциясы кәрі нардай шөгіп қалған қарт Жамбылды орнынан қайта тұрғызды, күрмелген тілін босатты, тозған домбырасын қолына қайта ұстатты. Бұл жөн-

де ақын кейін, 1938 жылы шығарған «Менің бақытым» деген өмір баяндық шығармасында мынаны айтады:

«...Өмірімнің жетпіс екінші жылында мен бақытты өмірге жеттім... Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім; таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым; менің жаным да алма ағаштай гүлдеді; көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді: өлеңдерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды; мен жасардым. Он сегіз жасар жігіттей шағыма келдім», — дейді.

Жамбыл кезінде, өз халқымен бірге, Октябрь революциясын зор қуанышпен қарсы алды. Ақын ол жөндегі өзінің ең алғашқы естіген-көргендерін, сезген-білгендерін былай баяндайды:

Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған топтай тақтан ұшты.
Жарқырап бостандықтан сәуле түсті,
Жабырқаған халықтың көңілі өсті,
Данышпан Лениннің ұлы есімі
Құлаққа сапылдады күшті-күшті,—

дейді.

Елде Совет өкіметі орнаған күннен бастап, Жамбыл партия мен үкімет ауылда жүргізген саяси, шаруашылық, мәдени науқан, шаруаларды көзімен көреді; қосшы ұйымына кіріп, кеңес сайлауларына, 1927 жылы өткен шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу, 1928 жылы жүрген феодалдар мен ірі байлардың мал-мүліктерін конфискалау жұмыстарына араласады. Бірте-бірте совет шындығына, социализм жеңістеріне қаныға береді. Қаныққан сайын халқымен бірге қуанып, сол бүкіл халықтық қуанышты асқан ақындықпен серпілте жырлайды.

Коммунист партиясы мен совет өкіметінің ұлт саясаты арқасында 1924 жылы бұрын Түркстан республикасының құрамында болып келген Орта Азия халықтары ұлт жігіне қарай бөлініп, әрқайсысы өз алдына республика болып ұйымдасты. Соның нәтижесінде бұрын Түркстан республикасына қараған қазақ облыстары (бұрынғы Жетісу, Сырдария — кәзіргі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) Қазақ АССР-на қосылды. Республика халықтың ежелгі атымен аталды. (Бұрын қырғыз деп аталып келген еді.)

1925 жылы Октябрь айында (Қазақ АССР-ы құрылған күні) Қазақ республикасының бес жылдық мерекесі өткі-

зілді. Соған байланысты Алматы қаласында жиналыс болады. Ол жиналыста Жамбыл «Қазақстан тойына» деген жыр шығарды.

Жамбыл ол жырында әлгі тарихи іс-оқиғаны әбден түсініп, дәл суреттейді; партия мен үкіметтің ұлт саясаты арқасында қырдағы, сырдағы қазақ түгел бас қосты; өз алдына үй тігіп, ірге қалап, бекінді: өзінің ежелгі атымен аталып, ел болып қайта туды. «Советтің өкіметі көп жасасын!» — деді.

1927 жылы, өкіметтің ерекше декреті бойынша, Қазақстанда егіндік, шабындық жерлерді қайта бөлу жұмысы жүргізілді. Бұрын көбінше феодалдар мен ірі байлардың қолында болып келген егіндік, шабындық жерлер кедейлер мен жалшыларға бөлініп берілді.

Сол жылы егіндік, шабындық жер бөлісі туралы Ұзынағаш селосында кедей, жалшылардың жалпы жиналысы болады. Онда Жамбыл сөз сөйлейді — «Замана ағымы» деген ұзақ жыр айтады.

Ол жырында Жамбыл, әуелі, қазақ халқының кәрі заманынан бастап Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін басынан кешкен халін ұзақ толғайды. Онан Октябрь революциясын қазақ халқы зарығып күткен еді, Октябрь революциясы болмаса, ол құрып кетер еді деп қорытынды шығарады.

Жамбыл онан соң қазақ халқының Октябрь революциясынан кейінгі халін ұзақ толғайды: бұрынғы тұрмысы мен бүгінгі тұрмысын салыстырады, бұрынғыны түнге, бүгінгіні күнге теңейді. Қазақ бұрын қараңғыда қармаланып келіп еді, енді жарық дүниеге шығып, даңғыл жолға түсті.

Осы жолды өмірлік
Ленин бізге бастаған...
Ленин туын қолға алған,
Халық қайрат қозғалған,
Жалшы, кедей — досым-ай
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін,
Серпіле түс, серпіле,—

дейді.

Осыдан, 1920—1930 жылдары партия мен өкімет елімізде колхоздастыру жұмысын жүргізгенде, Жамбыл халыққа колхоз жайын үгіттейді: ол жөнде ел қыдырып өлең-жыр айтады. Ол ауылында колхоз ұйымдастырылғанда ол колхозға бірінші болып кіреді.

1932 жылғы, 23 апрельде Советтер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің еліміздегі «Әдебиет — көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» тарихи қаулысы шықты.

Ол қаулыда: соңғы жылдары, социалистік құрылыстың табыстары негізінде әдебиет пен көркемөнер сан жағынан да, сапа жағынан да көп өсті: фабрика-заводтардан, колхоздардан жаңа көркемөнершілер шықты, совет өкіметіне, социалистік құрылысқа тілектес, соларға өздерінің өнер, шығармаларымен қызмет етіп жүрген, қызмет етуге ынталы ақын, жазушылар, көркемөнершілер көбейді.

Ал, кәзіргі әдебиет, көркемөнер ұйымдары (ВОЛПП, РАПП, РАМП) оларды ішіне ала алмай, бүгінгі негізгі саяси міндеттерді орындауға жұмылдыра алмай отыр деп көрсетілді.

Сондықтан Орталық Комитет: әдебиет, көркемөнер ұйымдары қайта құрылсын; бұрынғы әдебиет ұйымдары (ВКАПП, РАПП, РАПМ) таратылып, олардың орнына бір ыңғай совет жазушылары одағы құрылсын, оған Совет өкіметі платформасын жақтайтын және социалистік құрылысқа қатысып, ат салысуға ұмтылатын барлық ақын, жазушы алынсын деп қаулы етті.

Партияның осы тарихи қаулысын жүзеге асыру ретінде 1934 жылы июньде Қазақстан ақын, жазушыларының бірінші съезі, халық өнерпаздарының, ақын-жыршыларының, әнші-күйшілердің, домбырашы-қобызшылардың республикалық тұңғыш слеті болды. Оларға Жамбыл да қатынасты.

Слетте халық өнерпаздары өздерінің өнерлерін ортаға салды, айтысты. Онда Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай ерекше көзге түсті. Өздерінің дарынды өнерпаз, ақпәтөкпе ақын екендіктерін көрсетті. Сондықтан олар Қазақстан совет жазушылары одағына мүшедікке алынды.

1936 жылы, май айында, Москвада, қазақтың әдебиеті мен көркемөнерінің он күндігі болды. Оған ақын Жамбыл да қатынасты. Он күндік кезінде Жамбыл «Туған елім», «Халықтың сәлемі», «Калинин ақсақалға», «Клим батыр», «Ленин мавзолейінде», «Дастарқан жыры», «Орден алғанда» деген тамаша жыр, дастандар шығарды. Жамбылдың «Туған елім» дастаны «Правда» газетінде жарияланды, сол арқылы бүкіл еліміздің баспа сөздерінде шықты. Ақынның даңқы барлық әлемге жайылды.

Зор табыстары үшін қазақтың әдебиеті мен көркемөнерінің көрнекті қайраткерлері Советтер Одағының ордендарымен, медальдарымен наградталды. Солардың ішінде Жамбыл Еңбек Қызыл Туы орденін алды.

Жамбылға орден бергенде М. И. Калинин ақсақал сөз сөйлеп, онда Жамбылды, сол арқылы халық поэзиясын өте жоғары бағалады:

«Көркемөнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі — халық көркемөнері. Басқаша айтқанда, халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркемөнері, бұл күмәнсіз.

Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркемөнер халықта сақталмайды. Халық та бір, алтын іздеуші де бір. Ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, өңдеп, әлденеше ондаған жыл ұстайды... Сөз жоқ, халық та нағыз, артықша көркем және данышпан шығармалар туғызып, оларды бұрынғыдан да әрі келісті етіп өңдейді»¹ — деді.

Бұл құрметті сыйға Жамбыл былай деп жауап берді.

...Алтын орден алғаным
Терең жырдың тиегі.
Көрікті Отан алдына
Ақын жырын үйеді...
Күшті қуат мендегі —
Қымбат күннің жарығы.
Бердім саған жүректі,
Ұлы Отанның халықы...

деді.

1937 жылы, декабрьде грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Сол тойға Қазақстан делегациясын Жамбыл бастап барды.

Осы сапарында Жамбыл «Кавказға», «Ақынға», «Кавказға сәлем», «Менің бақытым», «Өмір жыры», «Чапай», «Тынық Донның ұлдарына», «Одақ», «Туысқан ел», «Жеңіс пен шаттық» деген сияқты тамаша жыр, дастандар шығарды. Кең-байтақ, гүл жайнаған социалистік Отанымызды, ондағы халықтардың достығын, бақытын келісті етіп жырлады.

Енді бүгін қарасам
Айналам бақыт кең жатыр.
Бірі мен бірі тұтасқан.

¹ «Социалистік Қазақстан», 1936 жыл, 29 май.

Қол ұстасқан ел жатыр.
Монғол, ұйғыр, дуңғандар,
Армян, Қалмақ, Грузин,
Орыс пенен Украцін
Терезесі тең жатыр,—

дейді Жамбыл бір өлеңінде.

Жамбыл Грузияға бара жатқанда оған шетелдің бір адамы кездесіп: «Жамбыл мырза, Сіз жер бетінде құрдас-тарыңыз аз қалғандығына бақыттысыз ғой?» — деп сұрайды. Ақын оған мынадай жауап қайтарады:

«Сіз қаталасасыз. Менің бақыттылығым қайта менде құрдастардың көптігінде. 172 миллион совет азаматтары — менің құрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл отаным да өзіміздің нағыз өмір сүре бастағанымыз Ұлы Октябрь революциясынан бері ғана деп білеміз...

Мен 70 жыл бойы көкsegен, халықпен бірге ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегідей алқабын таптым, бұл бақыт алқабы дегенім менің Ұлы Совет Отаным», — дейді.

1936—1937 жылдары еліміз халықтары жаңа конституцияны — халықтық конституцияны талқылады, қабылдады. Соған байланысты елімізде ССРО Жоғарғы Советтің, республикалардың Жоғарғы Советтерін сайлау жүрді. Жамбыл Қазақ ССР-ы Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Оның бірінші съезін өлеңмен ашты.

Жамбыл бұл жылдары Конституция жөнінде «Ұлы заң», «12-декабрь», «Халық туысқандығы», «Бір жылы өтті», «Шынықтырды болаттай», «Жамбылдың халық үшін қалған жасы», «Съезді ашқандағы сөз» деген сияқты өлең, жырлар шығарды. Конституцияның тарихи, жержүзілік мәнін, халықтың ол жөніндегі қуанышын, партия мен үкіметке деген алғысын тамаша жырлады.

1938 жылы май айында Жамбылдың өлең, жырмен айналысқанына, халыққа көркем сөзбен қызмет еткеніне 75 жыл толды. Оны республикамыз үлкен мереке етіп өткізді. Соған байланысты өкімет Жамбылды Ленин орденімен наградтады.

1939 жылы декабрьде халық ақындарының республикалық екінші слеті болды. Онда Жамбыл Қазақстан халық ақындарына үндеу айтты:

...Ақтарылсын асыл сөз,
Айтылмай жыр қалмасын...
Шежіре шешен ақындар,

Дауысыма дауыс қосыңдар!
Тау жаңғыртып, жер жарсын,
Сөздің шырын қаймағы,
Інжу жырлар қайдағы
Ұлы Отанға арналсын! —

деді.

Қысқасы, Жамбыл отызыншы жылдары еліміздің барлық саяси, шаруашылық, мәдени өміріне араласты. Күнделікті, күрделі, актуальды неше алуан тақырыпта көптеген терең идеялы, көркем суретті өлең, жыр, дастан шығарады, өзінің орден алғандағы айтқанындай, Отанымыз алдына өлең, жыр, дастанды үйіп қойды. Сол үшін 1941 жылы Жамбылға өте құрметті атақ — Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

VII

1941 жылы, 22 июнь күні фашистік Германия соғыспаймыз деген шартын бұзып, жерімізге үн-түн жоқ баса көктей кіріп, бізге қарсы соғыс ашты. Біздің маңдай теріміз төгілген жерімізді, біздің еңбегімізбен табылған астығымызды, мұнайымызды басып алуды мақсат етті. Советтік мемлекетімізді құлатып, патша өкіметін қайта орнатуды, ұлттық мәдениетімізді қиратып, еліміздің халықтарын құл етуді мақсат етті.

Әрине, бұған Советтер Одағының халықтары көне алмады. Олар фашистерге өздерінің жер-суын, ен байлығын олжалатып ұлттық мемлекетін, мәдениетін талқандатып, ерікті, бақытты тұрмысынан қол жазып, тәуелді құл болып отыруды қаламады. Олай отырғаннан өлген артық деп білді. Сондықтан Совет халқы неміс-фашист басқыншыларына қарсы әділетті соғыс, Ұлы Отан соғысын бастады.

Яғни, еліміз өзінің ата дұшпаны, залым жауы Герман фашизмімен қиян-кескі соғысқа кірісті, Отанымыздың басына мықты хауіп туды. Әңгіме не өлу, не өлтіру туралы, не құру, не құрыту туралы болды. Бүкіл халық социалистік Отанымызды қорғауға, жауды жоюға, бұл жолдан ештеңені аямауға жұмылды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Жамбыл 95 жаста еді. қартайып қажыған еді, оның үстіне сырқат еді. Соған қарамай, ол Отан соғысының алғашқы күндері-ақ «Ата жаумен алыстық», «Өлім мен өмір белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым!», «Кеңес жауынгерлеріне» деген сияқты бірсыпыра өлең, жыр шығарды.

Қарт ақынның бұл өлең, жырлары мейлінше жалынды, жауға деген ыза-кек, өшпенділік, қаһар, Отанға, халыққа, партия мен үкіметке деген зор махаббат, совет халқының жеңуіне зор шексіз сенім, нағыз советтік патриотизм жыры болды.

Жамбыл бүкіл совет халқымен бірге, өзін Отанды қорғауға, жаудың көзін құртуға аттандым, майдандамын деп санады. Жамбыл халыққа, Отанымыздың басына қауіпті күн туғанын түсіндіріп, оны қорғаудың, жауды талқандаудан малды да, жанды да, ештеңені де аямауға шақырды.

Өлім мен өмір белдесті,
Не керек жанды аяуың!
Бұл жолдан қалған малың мал,
Бұл жолдан қалған жаның жан,—

деді.

Фашистік Германия — ескі дүние. Социализм, Советтер Одағы — жаңа дүние. Ескі дүние мен жаңа дүние килікті. Фашизм — өлім. Социализм — өмір. Өлім мен өмір белдесті. Ажалына асыққан ескі дүниені күйретейік, өлімді жеңейік, құртайық.

Олар — фашист-сұржылан,
Уын шашқан адамға!
Денеге уын дарытпай,
Жаныштап басын жыланның
Салайық, халқым, табанға!
Ондай мерез ордасы
Қалмасын тіпті ғаламда! —

деп, жар салды Жамбыл.

1943 жылы, декабрь айында халық ақындарының республикалық айтысы болды. Айтысты Жамбыл бастап, ұзақ жыр айтты; ақындарды жеңіс жырын шырқауға, Отанды, Отанды қорғаған ерлерді жырлауға шақырды.

...Жырға лайық елің бар,
Елге лайық ерің бар.
Қыруар завод,
қалаң бар,
Гүл жайнаған далаң бар.
Сол даланы жайнатқан
Жұртқа үлгі адам бар.
Жауды қырған жөңкілтіп,
Жас арыстан пішінді,
Жауға ойран салған бар,

Батырсынды мүсінді,
Қаһарман көп жасаған
Халқымызда заман бар,—

деді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбыл, әлгі өлең, жырлары сияқты, көптеген патриоттық сезімге, қаһар, жігерге, махаббатқа толы жыр, дастандар шығарды. Жаумен қиян-кескі ұрысып, Отанымызды қорғаған, ерекше ерлік көрсеткен жеке қалаларға, жеке жауынгерлерге, әскер бөлімшелеріне, бүкіл совет армиясына арнап жыр, өлең шығарды. Мысалы, ол «Москваға», «Ленинградтық өрендерім», «Кеңес гвардеецтеріне», «Майданға хат», «Темір тұлпар мінген қыз», «Аттандыру», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Воронеж батырларына», «Қамал бұзған қаһарман», «Жау ажалы жақын» деген өлең, жыр, дастан шығарды.

Жамбыл өзінің осы жігерлі, жалынды барынша патриоттық рухта шығарған өлең, жырларымен армияны, халықты, майдан, тыл ерлерін жігерлендіріп, төзімділік, батылдыққа, ерлік, қаһармандыққа, Отан үшін, партия үшін жан қиярлыққа үгіттеп, жұмылдырып отырды.

Мысалы, Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген өлең жыры, қоршауда қалып, жаумен қиян-кескі ұрысып жатқан ленинградтықтарға үлкен әсер етіп, олардың күшіне күш қосқан.

«...Біз Жамбылдың өлеңін көзімізге жас іркіп, көкірегімізге кек толып оқыдық. Қазақстан халқы бізге туысқандық сәлем, достық пен махаббат жолдаған деп ұқтық. Бұл бізге зор жігер берді. Бейне бір запаста тұрған тұтас әскери күш келіп қосылғандай сездік. Еселенген күш, қуатпен, асқан жігермен ұрыстық»¹, — деп жазды Ленинградты қорғауда болған жазушы Вс. Вишневский.

1945 жылы, 9 май күні, Совет халқы коммунистік партиясының абзал, данышпан басшылығы арқасында фашистік Германияны тас-талқан қып жеңген күні, Жамбыл үйіне жиналған көп халыққа ұзақ жыр айтып береді. Ақын сол жеңіс, қуаныш жырын, жалынды, жігерлі жырын «Енді өлсем де арман жоқ!» — деп аяқтайды.

1945 жылы, 22 июнь күні, таңертең жалынды ақын жүрегі соғуын тоқтатты. Халық поэзиясының алыбы, социализм дәуірінің жыршысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советі-

¹ «Правда», 1944 жыл, 4 декабрь.

нің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, үш орденді Жамбыл қайтыс болды.

Ардақты алып ақынның өліміне Советтер Одағы, көп ұлтты, бір бағытты совет әдебиеті түгел қайғырды. Одақтық, автономиялық республикалардан жүздеген көңіл айту телеграммалар келді.

VIII

Жамбыл ақындығы Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, совет өкіметі тұсында мейлінше шарықтады. Оның поэзиясына жаңа идея, жаңа сөз, жаңа сыр берген социализм заманы болды.

Жамбылдың Октябрь революциясынан бергі 28 жыл ішінде шығарған өлең, жыр, дастандары жалпы көлемі жағынан өте көп қазына: ақынның революциядан бұрынғы ақындық құрған 54 жыл бойы шығарған өлең, жырларындай екі-үш есе келеді; тақырыбы жағынан көп алуан: Жамбыл жырламаған тақырып жоқ деуге болады; мазмұн жағынан терең идеялы, аса маңызды.

Жамбылдың Октябрь революциясынан кейінгі шығармаларының негізгі тақырыптары, яки оның революциядан кейінгі шығармаларында көп жырланатын мәселелері — Октябрь революциясы, көсеміміз В. И. Ленин, партия мен үкіметтің басшылары, социалистік Отанымыздың сәнді, салтанатты тұрмысы, еліміздегі халықтардың достығы, ел-отанды қорғау мәселесі.

Жамбыл көптеген өлең, жырларында Ұлы Октябрь социалистік революциясын жырлайды, дәріптейді. Ол өзінің «XX жылдық тойда» деген ұзақ жырында: октябрь тасқын басы, шын бостандық, шын өмір басталады октябрьден, қайнайды жыр көмейі октябрьмен, — дейді.

Бостандық көктен түспейді. Қоғамның өз дамуы, өз қуатынан, күрес, жеңіс, революция арқылы туды. Оны ұйымдастырған, басқарған — Коммунистік партия, оның көсемі Ленин.

Капитализмді құлату, бүкіл қанаушылар табын жою, Советтер елінің социалистік шаруашылығын, мәдениетін жасау, олардың өркендей беруін қамтамасыз ету, кең-байтақ еліміз халықтарының достығын нығайту, ел-отанды ішкі, сыртқы жаудан қорғайтын айбынды армия жасау — осының бәрі коммунистік партияның басшылығымен істелген, істелініп жатқан тарихи істер, социализм шындығы.

Жамбыл — осы саналып өткен тарихи істерді, күнделікті істерді, социализм шындығын ұшқырлық, көрегендікпен кең, терең қамтып, көркем етіп жырлаған ақын.

Сайып келгенде, Жамбыл шығармаларының негізгі тақырыбы — совет адамдарының қызықты, әсем тұрмыс-тіршілігі, жасампаздық, ерлік іс-әрекеттері, ізгі, асқақ ой-қиялдары, яғни совет адамдарының патриотизмі. Жамбыл советтік патриотизмнің жыршысы, социализм дәуірінің жыршысы.

IX

Халық поэзиясының алыбы, социализм дәуірінің жыршысы, XX ғасырдың Гомері, жүз жасаған Жамбыл поэзиясының негізгі қасиеттері, өзіне тән ерекшеліктері қандай деген мәселеге келсек, ол мынадай дейміз.

Жамбылдың ақындық күші — ол үнемі халықпен бірге жасап, біте қайнап, бірге өсіп, өмірге үнемі белсене араласып, солардан көріп, үйреніп отырады. Өмірде, халық тұрмысында болған, болып жатқан жағдайды, оқиғаны, өзгерісті, жаңаны, өмір, халық алдына көлденең тартқан, тілеген нәрсені жырлайды, өмір, халық тілегендей етіп, халық мүддесіне сай етіп жырлайды. Күнделікті өмірді бүгінгі күннің, жарқын болашақтың мүддесі тұрғысынан жырлайды. Осыдан ұлы ақын шығармалары реалистік, халықтық болып, терең идеялы болып келеді.

Жамбыл шығармаларында халықтық-тарихи мотивтер мен күнделікті жаңа мотивтер ұштасып отырады. Ақын бұрынғы мен бүгінгіні, болған мен болып жатқанды, болашақты салыстырып жырлайды. Бұрынғының жақсы өнегелі жақтарын тауып алып, бүгінгіге үлгі, өнеге етіп, бүгінгінің жақсы, өнегелі, асқақ, озат жақтары арқылы болашақты меңзеп жырлайды.

Жамбылдың осылай жырлауынан бұрынғыға қарағанда бүгінгі, бүгінгіге қарағанда болашақ әрі әуулім, заңғар, әрі ғажайып қызық болып шығады. Көзге түсімді, көңілге қонымды, әсерлі болады.

Жамбыл ақындығының ерекшелігі — ол халықтың бұрынғы-соңды болған ақындық мәдениетін, ақындық дәстүрін, рухани байлығын жете біліп, толық меңгерген. Сондағы неше алуан тәсіл, бейне, образдарды, теңеу, салыстыруларды, сурет, әшекейлерді, өлшем, шумақ, ұйқастарды сарқа пайдаланады. Оларды жаңа мағына беріп, жайна ой,

жаңа сезіммен байытып қолданады. Түрлендіріп шығарады.

Мысалы, Жамбылдың жырларында қолданылатын жорға, арғымақ, кеме, ай, күн, сұңқар, асқар тау, дария, т. б. теңеулері сияқты теңеулер қазақтың бұрынғы ауыз әдебиетінде көп ұшырайды. Бірақ, соларды Жамбыл жаңартып: жаңа мазмұн беріп, жаңаша қиыстырып, тамаша күшті етіп шығарды.

Яки, Жамбыл өзінің барлық өлең, жырларын дерлік қазақ халқының ежелгі қарапайым өлеңдерінің, жыр-толғаулары мен терме-тақпақтарының үлгісі бойынша жазады; ондағы шумақтарды, өлшемдерді, ұйқастарды түгел қолданады. Осыдан Жамбыл өлеңдерінің шумағы, өлшемі, ұйқасы әр алуан, көп түрлі; әрі терең мағыналы, әрі келісті.

Сонымен бірге, жаңашыл — новатор ақын Жамбыл кей ретте өлеңнің шумағын, ұйқасын, жаңаша, өзінше қиыстыруды да, Абай шығарған үлгілер ізімен қиыстыруды да қарастырады.

Мысалы, оның «Жаңа жыл сәлемі» (1943) деген өлеңі кей жерінде үш тармақты болып келіп, бұрынғы жырлардағы сыңар ұйқасқа да ұқсайды; көп жерінде, бір жағынан, алты тармақты болып келіп, екінші жағынан, ұзына бойына бір ұйқаспен жалғасып (Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңі сияқты), Абай үлгісіне де ұқсайды. Асылында олардың ешқайсысы емес, өзінше, жаңа. Оның басқы шумағы былай келеді:

Жастар маған гүл тартып, а
Мен жастарға жыр тартып,
Жаңа жылды тойладым, б.
Жан қызыққа құмартып, а
Өмірімді ұзартып, а
Ортасында ойнадым, б.

Жамбылдың бірсыпыра өлеңдері осылай келеді. Оның мейлі қазақ халқының ежелгі өлең, жырының үлгісімен жазған өлеңдері болсын, мейлі қазақтың ертедегі өлең, жырларының ізімен, Абай өлеңдерінің ізімен, өзінше қиыстырған өлеңдерінің ізімен болсын іші мен сырты, мазмұны мен түрі қатар түсіп, сай келіп отырады. Іші, сырты бірдей алтын болып келеді. Осыдан олар, Абай айтқандай, жүрек-ке жылы, тілге жеңіл.

Жамбылдың жаратылыстық қасиеті — ол өлең, жырды табанда, лезде шығарып айтатын ағыл-тегіл, ақпа жүйрік,

суырып салма — импровизатор ақын. Ағыл-тегіл айтқанда да мақсатын дәл айтатын, көздеген нысанасына дәл тигізетін ұшқыр ойлы, өткір тілді, ұғымы, ой жүйелі күшті ақын, нағыз көркем поэзия салтындағы ақын.

Жамбыл поэзиясының ерекшелігі — ол жігерлі, жалынды саяси, лирикалық жыр. Ақын мейлі тарихи әңгімені сөз етсін, мейлі табиғат көріністерін суреттесін, мейлі үй іші, от басы, сүйіспендік мәселесін жырласын, мейлі әлеуметтік тұрмысты, іс, оқиғаларды жырласын — бәрін де өзінің ойы, сезімі, үміті, ішкі дүниесі, сыры етіп жырлайды.

Мысалы, Жамбылдың революциядан бұрынғы өлең, жырлары ақынның өз көргені, өз тұрмысы, ойы, ұғымы, сезімі, сыры болып, сонымен бірге көпшіліктің, халықтың көргені, тұрмысы, ойы, сезімі, үміті, сыры болып келеді. Ақын оларды дәл, нақты, жарасымды етіп, сын, сықақты етіп айтады. Өмірдің қараңғы, жиренішті жағы, кежегелі, кертартпа жағы жөнінде көргенін, түйгенін сын, сықақ етіп, жақсы, жарқын жағы, ілгері үмітті жағы жөнінде сезген, түйгенін мадақ етіп шығарады.

Ал, Жамбылдың революциядан кейінгі өлең, жырлары совет халқының күнбе-күнгі әлеуметтік тұрмысы, ісі, ойқиялы жөнінде ақынның көрген-білгені, сезген-түйгені. Соны ақын өзінің тұрмысы, ішкі дүниесі етіп жырлайды. Онысы, сонымен бірге, халықтың да өмірі, ішкі дүниесі болып шығады. «Правда» газетінің сөзімен айтқанда, онан совет халқы еліміздің өмірінің ілгері басқан қимылын, өзінің жүрек соғысын, өмірін, қиялын көреді.

Х

Адам баласының ұлы данышпаны Лениннің, коммунист партиясының басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқасында қазақ халқы, капиталистік дәуірге соқпай, орта ғасырлық қалыптан социализм жолына түсті, ұлы асу асты.

Аз уақыт ішінде, советтік қоғам құрылысы жағдайында Қазақстан өзінің орта ғасырлық қалпын бүтіндей өзгертіп, саяси, шаруашылық, мәдениет жөніндегі мешеулігін жойып, гүл жайнаған Одақтық республика, индустриялы, аграрлы, мәдениетті ел болып отыр.

Халқымен бірге Жамбыл да осы ұлы асудан асты, халқы сияқты, бүтіндей жаңарды: Советтік, социалистік көзқарасты, ойшыл, коммунизм идеясын жырлаушы ақын, белсенді қайраткер болды.

Жамбыл өзінің жырларында советтік құрылыстың алып артықшылығын, сарқылмас күш-қуатын, социалистік тұрмысты, совет адамдарының әл-ауқатты, сәулетті, бақытты тұрмысын, патриоттық ісі мен сезімін, Ленин мен коммунист партиясының даналығын жырлады.

Жамбылдың жырлары совет адамдарын, совет мемлекетін, Коммунист партиясын сүйеге, жауға қатал, қаһарлы болуға, коммунизм жолында жанқиярлықпен күресуге баулиды, үндейді.

Халықпен біте қайнаған, халықты, Ленин идеясын жырлаған, коммунизм күресшісі болған ақынның жыры мәңгі жасайды.

1955

«ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ»

I

Келесі, 1962 жыл қазақ көркем прозасының жыл құсы — «Тар жол, тайғақ кешудің» мүшелі. 1922 жылдан «Қызыл Қазақстан» журналында жариялана бастаған «Тар жол» енді міне қырықты алқымдап қалыпты...

Уақыт нәрлі мен нәрсізді әрқашан екі айырады. Жаман шығармаға ұмытшақ. Жақсы шығарма оның әрқашан жадында. Бұл уақыт сынынан «Тар жол, тайғақ кешу» өтті.

Сәкен Сейфуллиннің бұл атақты шығармасы бүгінгі қазақ прозасы шыққан заңғар биіктен қарағанда пәс көрінбейді, қайта жылдар жылжыған сайын асқақтап, шырайлана түседі. Олай болатыны «Тар жол, тайғақ кешу» Октябрь таңының Қазақстан жерінде атқанын бірінші көрсеткен көркем шығарма. Даңқы мәңгі өшпейтін жылдардың мәңгі шежіресі. Кітапта большевик-революционерлердің — халық бақыты үшін нелер тар жол, тайғақ кешулерден қайыспаған күрескерлердің бейнесі жасалды. Кітап, сонымен бірге, буржуазиялық идеологияның ең пасық көрінісі — ұлтшылдыққа қарсы айыптау документі болды. Онда қазақ езілген еңбекшілері үшін бірден-бір дұрыс жол — Ленин жолы екені берік сеніммен, бұлтақсыз көрсетілді.

Қазақ совет әдебиетін дамытуда Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінің» тарихи маңызы зор екендігі жұртшылық таныған ақиқат. Өзінің бастауы мөлдір қайнардан, шын жүректен жарып шыққан партиялы, асқан принципшіл, революция туын желбірете биік көтерген шығарма екендігін қазақ әдебиеті мақтаныш тұтады.

Бірақ солай бола тұрса да, бір өкінішті нәрсе, кейбір еңбектердегі жалпылама сипаттаулар болмаса, «Тар жол» ту-

ралы арнайы монография; ғылыми терең, жан-жақты зерттелген еңбек әлі жазылмаған. Әрине, біз бұл мақаламен сол олқылықтың орнын толтыра қояйық деп отырған жоқпыз. Бұл мақаланың мақсаты — шығарманың жанрлық ерекшелігі жайында әңгіме қозғау.

«Тар жол, тайғақ кешудің» көркем әдебиеттің қай жанрына жататынын әңгімелеуге үлкен негіз бар. Себебі бұл туынды роман ба, мемуар ма, әлде тарихи еңбек пе, — соны осы шығарма жөніндегі әдеби зерттеулер тап басып, дәл айтпайды. Ал онысыз шығарманың тарихи орнын белгілеу қиын.

Сәкен творчествосын көбірек зерттегендер — академик, жазушы Сәбит Мұқанов пен филология ғылымдарының докторы, профессор Есмағамбет Ысмаилов. Олардың сын, зерттеу еңбектерінде Сәкен Сейфуллиннің революциялық қызметі мен творчествосы, оның қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қаласудағы ролі негізінен дұрыс бағаланады. Ал, «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрын анықтауға келгенде тап баспайды.

Сәбит Мұқанов «Өсу жолдарымыз» атты жинағына Сәкен творчествосына арналған бірнеше мақаласын енгізген. Ал, осы мақалаларда «Тар жолдың» қандай жанр екендігін анықтағанда екі ұдай пікір айтады.

Жинақтың 210-бетінде: «Азамат соғысының тақырыбына жазылған «Тар жол», «Жолдастар», «Қызылжар», тағы солардай күрделі романдар жаңа ауыл тақырыбына әлі жазылған жоқ», — деп оқимыз. Бұған қарағанда «Тар жол» күрделі роман; солай деп түйеміз.

Бірақ автор келесі, 211-бетте керкелең пікір айтады: «Мазмұн жағынан да, көркемдік жағынан да, Азамат соғысының тақырыбына арналған роман, повестерді («Тар жолдың» жөні бөлек, ол мемуар) орыс тілінде шыққан Фадеевтің «Тас талқанына», Шолоховтың «Тынық Донына», Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысына», Серафимовичтің «Темір тасқынына» теңеуге болмайды», — дейді.

Демек, Сәбитше «Тар жол» роман да емес, повесть те емес. Оның кейінірек жазылған «Сәкен Сейфуллин туралы» еңбегінде қайталанып айтылатындай, «түр жағынан бұл мемуарлық (естелік) шығармалардың тобына қосылады». Яғни, Сәбиттің жоғарыда келтірілген «күрделі роман» деген пікірі тізбек ішінде жаңылыс айтылып кеткенге ұқсайды. Дұрысында, Сәбит «Тар жол» мемуар деген пікірде.

Бірақ, Сәбиттің бұл пікіріне қосылмаушылар да бар. «Мен Сәбиттің құр мемуар дегеніне қосылмаймын» деп ашып айтпағанымен, Есмағамбет Ысмаилов өзінің еңбектерінде «Тар жолды» мемуарлық роман деп атайды. 1958 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркіндегі» өзінің Сәкенге арнаған мақаласында да, таяуда шыққан «Сәкен Сейфуллин» атты кітапшасында да Есмағамбет «Тар жол» роман деп бағалады.

Сонда бұл айтылғандардың қайсысы дұрыс?

Біздіңше, Сәбит Мұқановтың «Тар жолды» романға жатқызбауының, «оның жөні бөлек, ол мемуар» деп бағалауының жаны бар. Бірақ «Тар жол» мемуар деу тым жалпылама, жеткіліксіз. Сондықтан Е. Ысмаиловтың ол пікірді нақтылай түскісі келгені өте орынды. Олай дейтініміз — мемуардың бәрі бірдей көркем шығарма дәрежесіне жете бермейді.

Рас, «Тар жолда» Сәкен көбінесе өзінің басынан өткендерін, көрген-білгендерін баяндайды. Осы жағынан келгенде оның кітабында мемуарлық сипат бар екені даусыз.

Бірақ, Сәкен кітабында өзінің бүкіл өмірбаянын қамтымайды, тек бір дәуірде ғана басынан өткендерін баяндайды. Сонымен бірге, ол өзі тікелей қатынаспаған оқиғаларды да суреттейді: Қазақстанда 1916—1919 жылдары болған бірсыпыра тарихи оқиғалар туралы сөз етеді, пікір, тұжырым айтады.

Және Сәкен өзі қатынасқан оқиғаларды болсын, өзі қатыспаған оқиғаларды болсын жалаң мемуар, мақала стилінде суреттемей, көркем шығарма стилінде суреттейді, оның кітабының көп жері фактыны көрікті етіп баяндау болып келеді.

Сондықтан, біздіңше, «Тар жол, тайғақ кешу» роман да емес, мемуар да емес. Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. «Тар жол, тайғақ кешу» — көркем очерктер циклі!

Себеп — Сәкен шығармасында көркем әдебиеттің типтендіру құралдарымен қабат, публицистикалық құралдарды да пайдаланып отырған. Ал, мұның өзі тек очерк жанрына ғана тән қасиет. Очерк идеяны оқушыға көркем құралдар (образдылық, портрет, сөзді даралау, пейзаж, сюжет пен композиция) арқылы, сол сияқты, публицистикалық элементтердің (публицистикалық жинақтау, толғау, тарихи параллель, аналогия, цитата, цифр, документтер, га-

зет мақалаларынан үзінділер, партия ұйымдарының шешімдері т. т.) көмегімен жеткізеді.

Бұл айтылған элементтердің қай-қайсысы да «Тар жолда» баршылық. Және Сәкен сияқты көркем сөз зергері жазған соң, олар әрқайсысы әр жаққа тартып, қобырап жатқан жоқ. Бір-біріне кірігіп, бірінің бояуын бірі ашып, сом құйма болып тұр. Ал, кей құймалардың өзі металдардың бірінде болмайтын қасиетке тән болды ғой.

Көркем әдебиет пен публицистика элементтерін Сәкеннің шебер қиюластыратынын дәлелдеуге кітаптың кез келген бетінен мысал келтіруге болады. Мәселен, Сәкен 1918—19 жылдары «Алашорданың автономия «үкіметтері» жылқы тезегінің күліндей, ұша бастағанын, большевик солдаттың құр дәрілеп атқан мылтығының дауысынан-ақ «Алаш батырларының» тырым-тырақай қаша жөнелгенін қызық, жарасты суреттей келе, сол кезде шыққан «Сарыарқа» газетінен үзінді келтіреді. Қоқанға барып, қоқайып «министр» болғандардың масқараға ұшырағанын олардың өздерінің мақалаларынан үзінділер келтіре отырып дәлелдейді.

Осы идеяны анығырақ жеткізу, оқушының санасы мен сезіміне бірдей әсер ету мақсатымен бұл публицистикалық сипатты фактілерге «Түнде тау ішінде» деген шағын әңгімені әкеп қоса қояды. «Және бір кішкене сурет келтірейік» деп, қоқан «министрлерінің» траги-комикалық халін сықақ етеді.

Міне осылайша, кітапта публицистика мен көркем сурет қабысып, қабаттасып, алма-кезек келіп отырады. Сондықтан да Сәбит Мұқанов «Өсу жолдарымыз» жинағында: «Тар жол, тайғақ кешу» бір жағынан тарих, екінші жағынан саяси оқулық, үшінші жағынан оқушыны еріксіз өзіне тартып отыратын өте көркем шығарма» деп жазады. (178-бет.)

Есмағамбет Ысмаиловтың «Тар жолды» тарихи-публицистикалық еңбек деуінің де жөні бар. Сәкен кітабын еңбекшілер үшін жазды. Сол кездегі тап тартысын пролетариат пайдасына шешу жолындағы күреске үлес қосу мақсатын көздеді. Сол үшін де «Алашорданы» Совет өкіметінің қас дұшпаны ретінде ақырына дейін әшкерелеу, бұлжымас фактілер арқылы талқандау идеялық үлкен міндет етіп қойылды. Сонымен, бұл кітап большевиктік көркем публицистиканың тамаша үлгілерінің бірі.

«Біз публицистердің үнемі істейтін ісін істеуге тиіспіз,— деді В. И. Ленин,— қазіргі заманның тарихын жазуға тиіспіз және оны жазғанда біз өзіміздің күнделік өмірді жазуымыз, оқиға болып жатқан жердегі қозғалысқа тікелей қатысушылар мен батыр-пролетарларға шамадан келгенше көмек беретіндей етіп жазуға тырысуға тиіспіз»¹.

Публицистиканың бұл лениндік анықтамасының «Тар жолға» тікелей қатысы бар. «Тар жол, тайғақ кешу» — қазақ еңбекшілерінің Совет өкіметін орнату жолындағы күрес тарихы және «батыр пролетарларға шамадан келгенше көмек беретіндей» етіп жазылған публицистикалық шығарма. «Тар жолдан» революция ісіне жан-тәнімен берілгендік, қиыншылыққа мойымау, табандылық, ұлы орыс халқымен достық рухында, Совет өкіметінің жауларына, буржуазияшыл ұлтшылдыққа өшпенділік рухында тұтас ұрпақ тәрбиеленді, әлі де тәрбиеленуде.

Осы тұрғыдан, «Сәкен Сейфуллин» кітапшасының 61-бетінде Е. Ысмаиловтың «Тар жолды», «...революционерлердің образын суреттеген үлкен эпопея деуге де, көркем естелік (мемуарлық шығарма) деуге де, тарихи-публицистикалық еңбек деуге де болады» деген тұжырымына да қосылуға болады.

Ендеше, осы айтылған қасиеттердің бәрі бойына сыйып жатқан кітапты қандай жанрда жазылған деуге болады? Оған жауап — тілдің ұшында тұрған сөз — көркем очерк! Жоғарыда айтылғандай, көркем шығарма мен публицистиканы бір ғана жанр, атап айтқанда, очерк қана ұластыра алады. Басқа ешқандай жанрда ондай қасиет жоқ.

Бұдан қандай қорытынды тудырғалы отырмыз?

Сәбит Мұқанов «Тар жолды» Герценнің «Өткен күндер мен ойлар» атты шығармасымен салыстырады: Герцен кітабынан ХІХ ғасырдың орта тұсындағы орыс қауымының, оның алдыңғы қатардағы адамдарының жарқын бейнесін көреміз. «Тар жол, тайғақ кешудің» қазақ әдебиетіндегі тарихтық, көркемдік орны, «Өткендер мен ойлар» дәрежесінде. Айырмасы, — екі шығарманың дәуірі, соған сәйкес, идеясы ғана басқа, әйтпесе, халық мәдениетіндегі орны бірдей. Мазмұны сондай құнды «Тар жол, тайғақ кешудің» жазылуы сондай шебер, сондықтан, оқылуы аса қызғылықты, дегенді айтады. («Өсу жолдарымыз», 504-бет.)

Мұндай аналогияға біздің де қарсылығымыз жоқ. Тек

¹ В. И. Ленин, шығармалар, 8-том, 96-бет.

қоса айта кететін мәселе: «Өткен күндер мен ойлар» да очерк. Герцен оны баста жеке-жеке очерк етіп жариялап, ақыры, біріктіріп, біраз қайта қарап кітап етіп шығарған.

Тағы бір қосарымыз: «Тар жолды» дәуірі де, идеясы да үндес шығармалармен салыстыруға болады. Бұл алдымен Дж. Ридтің «Дүниені тебіrentкен он күн» есімді белгілі очерк кітабы. Ю. Фучиктің «Өлім аузындағы репортажы» да «Тар жолмен» идеялық жағынан туыстас. Екеуінде де қайыспас революционерлердің образы берілген.

Е. Ысмаилов «Тар жолды» роман деп алады да, одан романға тән белгілерді іздейді. Олардың кейбірі жетіспеген соң, кітапқа «жеңілдік» жасау, талапты азайту жағын қарастырады.

«Рас,— дейді ол,— бұл кітап жазылғаннан бері 30 жылдан аса уақыт өтті. Одан бері тарих ғылымы да, көркем әдебиетіміз де өсті. Осы өскен қоғамдық ой, әдебиеттік талап тұрғысынан қарағанда, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінен» артық, кем жерлер де көзге түсетіні даусыз. Революция жауларын әшкерелеймін деп отырып кейде жалаң фактілердің жетегінде еріп кетеді. Немесе революцияға шын мәнінде белсене араласқандығы толық мәлім емес, зерттеуден кейін бертінде анықталған кейбір адамдарды Сәкен тым асыра сипаттап жібереді». («Сәкен Сейфуллин», 64-бет).

Сыншының «Тар жолда» кейбір адамдардың еңбегі тым асыра суреттелген дегеніне дауымыз жоқ. Бірақ публицистикалық элементтерді, оның ішінде «жалаң» фактілерді көп пайдалануы артық дегеніне қосыла алмаймыз. Очеркте факт болуы тиіс. Ал, роман болса, бір сәрі. Онда публицистика атымен болмайды. Болашақ романдағы қаһармандардың сөздері тым публицистикалы боп кетпес үшін қайтпек керек деген сауалды жазушы Мұхтар Әуезов соңғы мақаласында тегін қоймаған болар.

Сәкен Сейфуллин «Тар жолды» роман планында жазса, ол, әрине, публицистиканы барынша тежер еді. Бірақ, ол «Тар жолды» жазғанда роман жазу мақсатын қойған жоқ. Ол кітаптың беташарынан-ақ айқын. Сәкен очерк жазды. Кітапқа осы жанр тұрғысынан талап қойылуы қажет.

Очерк ретінде, «Тар жол, тайғақ кешу» — көркемдік жағынан мінсіз жазылған шығарма. Солай болғандықтан Сәкен «көркем прозада поэзиядағыдай шебер болмады» («Өсу жолдарымыз», 503-бет) деу ағаттық. Пәлен уақытта

жазылған екен деп, оған көркемдік талапты азайту тіпті орынсыз.

Жанрына қарай талабы. Бұл романға жоғары, очеркке одан төменірек талап қойылады дегендік емес. Көркем әдебиетте «төмен» жанр болмайды. Егер романды очерк өлшемімен бағаласақ, оны публицистикалық зерттеуінің жоқтығы, «орынсыз беллетризация» романға артатын жүкті артуға болмайды. Ол — нағыз очерк. Очерк ретінде қазақ совет әдебиетінің інжу-маржаны.¹

II

«Дәуір талабына жүгінсек» деген мақаласында Серік Қирабаев біздің «Жанрына қарай талабы» деген мақаламызды сынапты.

«Тар жол, тайғақ кешу» әдебиетіміз тарихында өзіне тиісті бағасын алған, үлкен тарихтық мәні бар шығарма деп бағаланған еді. «Осы қалыптасқан пікірге қарсы шығу» қаншалықты орынды болатынын, мұның өзі кімге пайда, кімге зиян екенін мақала авторлары жете ойланбаған тәрізді», — дейді Қирабаев.

Қалыптасқан пікір, көзқарас жөнінде сөз қозғауға, пікір айтуға, оған тіпті қарсы шығуға болмайды дегенді бұрын-соңды естіген жоқ едік.

Сол сияқты, пікір айтқанда, өте-мөте, бір шығарманы бағалағанда, оның жанрын анықтағанда өз түйгеніңді ғылыми тұрғыдан әділ айтпай, ол кімге пайда, кімге зиян деген тұрғыдан айту керек деген де Қирабаевтың «өз қағидасы», зиянды қағида деп білеміз.

Осы «өз қағидасына» сүйеніп, Қирабаев біз «Тар жол, тайғақ кешу» роман емес, очерк десек, онан Сәкен ұтпайды; Сәкен романист деудің орнына Сәкен очеркист десек, ол Сәкеннің, шығарманың бағасын кеміту, қадірін түсіру болады, — дейді.

Естімеген елде көп. Жазушының, шығарманың дәл, әдеби, ғылыми бағасын айтса, онан жазушы ұтылады, олардың бағасы түседі, мұның өзі жазушыға, шығармаға аю достығын жасау болады дегенді де енді есітіп, біліп отырмыз.

Бір қызығы, Қирабаев «қалай дегенде де романның аты роман, очерктің аты очерк. «Сейфуллин — романист»,

¹ Мақаланың бұл бөлімі Ш. Елеуеновпен бірігіп жазылды. Б. К.

«Сейфуллин — очеркист» деген ұғымдардың тең емес екені белгілі» дей салып, соның артынан тырнақшада: «Бұл — очеркті кем бағалағандық емес», — дейді.

Серік Қирабаев мақаласында өзі айтысып отырған кісі-сін сынаудың тағы бір тайғақ, жайсыз, совет ғалымына лайықсыз тәсілін тауып қолданыпты. Ол біздің айтпаған сөздерімізді айтты деп алып, соны, өз ойынан шығарған өтіріктерді жоққа шығарып отырыпты.

Мысалы, біз мақаламызда: «Мемуардың бәрі бірдей көркем очерк болмайды», — деп, қандай мемуардың көркем очерк болатынын, қандай мемуардың көркем очерк болмайтынын дәлелдеп көрсетсек, Серік осыны: «мақала авторларының түсінігінше, мемуар көркем шығарма емес», — деп өңін айналдырады. Сөйтеді де, мұнысы дұрыс емес деп, бізді сынайды.

Әрине, өңін айналдырып алса, дұрыс болмайды, өтірікті жоққа шығару да қиын болмайды. «Ұрыға мал көп» дегендей, өңін айналдырып алса, айтпағанды айтты десе, сынауға сөз көп.

Серік Қирабаев өзінің мақаласында бастан-аяқ біздің «Тар жол, тайғақ кешу» роман да емес және ол жай мемуар да емес, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы, «Тар жол, тайғақ кешу» көркем очерктер циклі» деген қорытындымызға қарсы шығады. Ол «Тар жол, тайғақ кешу» очерк емес, роман деген қорытынды айтады.

Бірақ, Қирабаев жолдас өзінің осы ой-пікірлерін нақты, айқын фактылармен, «Тар жол, тайғақ кешудің» өз қасиеттерін баяндау арқылы дәлелдемеген, кітапқа идеялық, жанрлық талдау жасамаған; сөз болып отырған мәселеге бірде жуысып, бірде жуыспайтын жалпы сөздер мен қорытындылар арқылы дәлелдемек болған, әркімнен көп цитаталар келтірген.

Біз асылында цитатқа, әсіресе, Серік келтірген цитаталарға қарсы емеспіз. Тек айтысқанда, нақты бір мәселені талқылап, шешкенде цитатты негізгі аргумент етуге болмайды, онымен кісі мақсатына жете алмайды деп білеміз.

Серік те көп цитаттар келтіргенмен негізгі көздеген мақсатына жете алмаған: «Тар жол, тайғақ кешу» очерк емес, роман деген ойын дәлелдей алмаған.

Біз «Тар жол, тайғақ кешу» А. Герценнің «Өткендер мен ойлары», Джон Ридтің «Дүниені дүр сілкінткен он кү-

ні» сияқты көркем очерктер циклы десек, Серік «Тар жол, тайғақ кешу» очерк емес, роман деп айтам деп, «Өткендер мен ойлар» очерк емес, роман,— дейді.

Біздіңше, Серік бұл жерде таласпасқа таласады, дәлелдеуге болмайтынды дәлелдеуге тырысады, бекер әуре болады.

Серік «Өткендер мен ойлар» очерк емес, роман деп түйді де сол ойын құптайтын дайын цитат таба алмайды. Сөйтеді де, «Өткендер мен ойлардың» қай жанрға жататынын орыс әдебиетшілерінің өздері де айтқан жоқ,— дейді.

Серік цитат таба алмағандықтан ол мәңгі-бақи жанры анықталмай, тек «үздік туынды» болып қала беруге тиісті деп ойлайды.

А. Герценнің туғанына 150 жыл толғанын бүкіл жер жүзінің прогресшіл жұртшылығы жуырда ғана атап өтті. Соған арналған мақалаларды оқысаңыз, ешкім «Өткендер мен ойларды» роман деп атаған жоқ. Өйткені, оның көркем публицистикалық туынды екені орта мектеп әдебиет сабағында-ақ айтылады.

Серік Қирабаев мақаласында «Тар жол, тайғақ кешу» очерк емес, роман деген ойын растау үшін дәуірге жүгінеді, соны негізгі дәлел, өлшеуіш етіп алады: дәуір роман жанрын мүлде өзгертіп жіберді, романның алуан-алуан жаңа түрлерін туғызды дегенді айтады.

Жарайды, солай болсын-ақ. Сонда дәуір басқа әдеби жанрларға, айталық, очерк жанрына әсер етпей, тек роман жанрына ғана әсер ете ме екен? Жоқ, олай емес. Дәуір әдеби жанрлардың бәріне де, соның ішінде очерк жанрына да әсерін тигізеді.

Тікелей күнделікті өмірден туып, соған белсене араласып отырғандықтан дәуір бәрінен бұрын очеркке зор әсер етеді, оны тез өзгертеді, жаңартады, алуан түрлі етеді.

Сол үшін де біз «Тар жол, тайғақ кешуді» роман да, мемуар да емес, очерк, очерктің жаңа түрі: ұлы революциялар, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында болған күрестер дәуірі туғызған көркем очерктер циклы деп отырмыз.

«Тар жол, тайғақ кешудің» қай жанрға жататынын анықтағанда дәуірге жүгінумен бірге, көбінше шығарманың өз мазмұны мен стиліне жүгінген жөн болады. Соларға жүгінсек, «Тар жол, тайғақ кешудің» очерк екенін айқын көруге болады.

«Тар жол, тайғақ кешудегі» басты тақырыптардың бі-

рі — Совет өкіметінің қас жауы алашорданы әшкерелеу. Осы мәселені Сәкен қалай, қандай тәсілмен шешеді?

Егер «Тар жол, тайғақ кешу» роман болса, мұның өзі жеке бір образ болар еді. Мысалы, С. Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Мадияр сияқты етіліп берілер еді. Яғни, бүкіл алашорданың байшыл, ұлтшыл, контрреволюцияшыл ұсқыны соның бойына жинақталған ғой.

Шығарма роман болмай, очерк болғандықтан «Тар жол, тайғақ кешуде» алашорданың әшкереленуі мүлде басқа әдіспен шешілген. Көркем публицистикалық тәсілмен әшкереленген. Мысалы, Сәкен:

«Жуан болыстар мен «қадірлі» молдаларды, «алашорда» өзіне күш қылды, сүйеу қылды. Жиылыстарына бұларды әдейі арнап шақырды. Бұлардан ылғи бата алып отырды. «Алашорда үкіметі» сол жуан болыс пен молдалардың үкіметі болды», — деп жазады (73-бет).

Сәкеннің кітабы көбінше осылай болып келеді: автор өзінің негізгі ойларын, қорытындыларын бейнелемейді, дәлелдейді, сурет, бейне арқылы бермейді, публицистикалық сөздермен баяндайды. Кітапта тек анда-санда ғана суреттер, бейнелер мен шешен, публицистикалық сөздер ұштастып, бірінен бірі туып, екеуі араласып келіп отырады.

Мысалы, Сәкен әлгі «Алашорда үкіметі» жуан болыс пен молдалардың үкіметі деген қорытындысын, әуелі, сол кездегі газеттерден көлемді-көлемді үзінділер мен мақалалар, жер-жерлерде ұйымдасқан қазақ комитеттерінің құрамына кілең шынжыр балақ, шұбар төстер, солардың балалары сайланғаны жөнінде көптеген фактілер келтіріп, дәлелдейді; онан кейін «Алаш ханның үйінде» деген кішкентай суреттеу келтіреді. Алашорда үкіметіне ақырып-бақырып, әмірін жүргізіп отырған хазіретті көрсетеді.

Ал, бұл романның сипаты емес, көркем очерктің сипаты, романистің стилі емес, очеркистің стилі. «Тар жол, тайғақ кешу» — очерк, оның авторы Сәкен — очеркист.

Серік Қирабаев «Тар жол, тайғақ кешуді» роман демеі, очерк десек, оның құны кемиді. Сәкеннің беделі түседі деп күйіп-піседі. Онысы, әрине, бекер.

Өйткені, «Тар жол, тайғақ кешу» көркем очерк бола тұрып та әдебиетіміздің алтын топшысы болып есептеледі, советтік көркем публицистиканың алтын қорынан орын алады.

ТЕРЕҢ ТАЛАНТ

I

Бейімбет (Бимұхамбет) Жармағамбетұлы Майлин — қазақ халқының совет дәуіріндегі көрнекті, талантты ақын жазушысы. Қазіргі ең озат идеялы, мейлінше көрікті, көп жанрлы қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі және белсенді қоғам қайраткері, журналист.

Әрі ақын, әрі жазушы Бейімбет өзінің мол, әралуан жанрлы, терең мағналы, көркем суретті шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік өмірінің 1917 жылғы Февраль, Октябрь революциялары қарсаңындағы, сол революциялар жылдарындағы, онан кейінгі кездегі шындығын, советтік, социалистік қоғам шындығын жырлады; Октябрь революциясын, Совет өкіметін, солардың арқасында бостандық, теңдік алған қазақ кедейлерінің өмірін, ой-сезімін, жаңарған, колхоздасқан қазақ ауылының тұрмысын, ауылдағы қоғамдық ұйымдардың игі, ерлік істерін бейнеледі.

Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндерінен бастап қоғам, совет, партия қызметіне араласты; ұзақ жылдар облыстық, республикалық газет, журналдарда, баспа орындарында жауапты қызметтер атқарды.

Бейімбет 1894 жылы, 13 ноябрь күні қазіргі Қостанай облысында, сондағы Аят өзенінің бойында, Ақтөбе деген жерде туады. Оның ата-анасы кедей болады және дүниеден ерте қайтады. Бейімбет жасынан жетім қалып, кәрі шешесінің қолында тәрбиеленеді.

Болашақ ақын-жазушы үш-төрт жыл ауылдағы молдада оқиды. 1909 жылы болыстық жердегі мектепке келіп түседі. Сонда оқып жүріп, Бейімбет қазақша, татарша кітаптар, газет, журналдар оқиды; хат-хабар, өлең жазумен айналысады. 1911 жылдан Троицк қаласында шыға бастаған

«Айқап» журналында бірді-екілі хабары, өлеңі жарияланды.

Бейімбет 1913 жылы Троицкідегі «Уәзипа» медресесіне барып, оқуға түседі. Онда оқып жүріп, тағы да «Айқап» журналына, 1913 жылдың басынан Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетіне хабарлар, өлеңдер жазады. Оның «Штат» деген өлеңі 1913 жылы «Қазақ» газетінде шығады.

1915 жылы Бейімбет Уфа қаласына барып, сондағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Ол медреседе тек үш-төрт ай ғана оқиды. Бірақ, сол аз уақыт ішінде ол «Ғалия» шәкірттерінің «Садақ» атты қолжазба журналына редактор болады. Оған өзі өлең, әңгіме, шағын пьесалар жазады. Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» деген алғашқы повесі осы кезде жазылып, осы журналда басылады.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі халық өміріндегі ұлы, тарихи оқиға еді. Жас ақын, жазушы Бейімбет сол туралы өлеңдер, хабарлар, қысқа әңгімелер жазып, газеттерге береді. «Қазақ» оларды өңдеп, өз көзқарасына лайықтап басады.

1919 жылы Жанкелдин Әліби бастаған Қызыл әскер Қостанайды алады. Әліби Бейімбетті облыстық оқу бөлімінің қазақ жағын басқарушы етіп тағайындайды. Осы кезде жазушы Қызыл әскер қатарындағы қазақ жастарына ән, өлеңдерін, қысқа ойын-сауық кітаптарын қолдан жазып беріп жүреді.

Бейімбет 1922 жылы Орынборда шығып тұрған «Еңбекшіл қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінде, 1923 жылы Қостанайда «Ауыл» газеті басқармасында хатшы, әдеби қызметкер болып істейді. 1924 жылы Коммунист партиясы қатарына енеді.

1925 жылы, көктемде Бейімбет қайтадан «Еңбекшіл қазақ» редакциясына келіп, қызметке тұрады. Бірде әдеби қызметкер болып, бірде редактордың орынбасары болып, 1928 жылдың ақырына дейін сонда қызмет істейді.

Бейімбет Алматыда 1929—1932 жылдары Қазақстан мемлекет баспасында бас редактор, 1932—1937 жылдары «Әдебиет майданы» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты редакторы болып жұмыс атқарды.

II

Майлин Бейімбетпен біз 1925 жылдың ортасынан 1929 жылдың басына дейін Қызылордада бірге қызмет істедік,

бір коллективте тұрдық, Қызылордада, Алматыда ұзақ жылдар таныс-біліс болып, жақын дос, жолдас болып, мейлі қызмет ретінде болсын, мейлі отбасы, үй іші жағдайында болсын үнемі араласып жүрдік.

Бейімбет бойы ортадан жоғарылау, денесі толықша, түсі қара торы, бетінде сәл шешек ізі бар, шағын, тәмпиш мұрынды, астыңғы ерні қалыңдау, жайдары мінезді, жұпыны киінетін, қарапайым кісі еді.

Бәрінен бұрын Бейімбет момын, мәтел сөзбен айтқанда қой аузынан шөп алмайтын кісі еді; адамды тосырқамайтын да, алаламайтын да. Мынау үлкен, анау кіші деп тұрмай, кіммен болсын оның мінезі, әңгімесі, әзілі үйлесе кететін.

Тек Бейімбет аз сөйлейтін, көбінше ойланып, кейде ақырын ысқырып, әндетіп жүретін, кейде домбыра тартып отыратын, тіпті біреумен сөйлесіп тұрғанның өзінде де ойланып тұратын.

Жұмыс істегенде, шығарма жазғанда Бейімбет онша көп орын, жағдай, уақыт таңдамас еді. Шағын шығармаларын мейлі қай кезде болсын реті келген жерде, жағдайда, тіпті төңірегі көпшілік, абыр-дабыр болып жатса да отырып жаза беретін. Күрделі шығармаларды ол, әрине, тиісті жағдайда, көбінше үйінде, түнде жазатын. Ал, шығарма жазғанда Бейімбет үндемей, түнеріп, шұғылданып, қатты ойланып, өзін өзі ұмытып, шашын сол қолымен ширата отырып жазатын, тез, бірден таза етіп шығаратын.

Тегі Бейімбет жұмысты сарылып отырып істер еді. 30 жылы мен Быков деген жазушының «Последние дни Романовых» деген кітабын оқып шығып, қызығып:

— Қазақ тіліне аударайын, шарт жасап осыны маған бер,— деп, Қазақ Мемлекет баспасына, Бейімбетке алып бардым. Ол:

— Оқып көрейін, қызық болса, аударуға берем, төрт-бес күннен кейін кел,— деді. Төрт-бес күннен кейін барғанымда Бейімбет:

— Кітап айтқаныңдай қызық екен, қызығып кетіп, өзім аударып қойдым,— деп, күліп, қолжазбасын көрсетті. Жеті-сегіз баспа табақ кітапты қызмет істей жүріп, төрт-бес күнде аударып үлгірген.

Бейімбет жұмысты жылдам, көп істейтін, көркем шығарманы көп жазатын жемісті, таланты көп қырлы жазушы еді. Ол өлең, поэма да, повесть, роман да, фельетон, пьеса да, очерк, әңгіме де жазар еді. Және оның қаламы соның

бәріне бірдей жүйрік, жетік еді; қай-қайсысын болсын ұста қиыстырар, жоғары идеялы, көркем суретті етіп шығарар еді.

Бейімбеттің таланты, оның жиырмасыншы жылдардағы алғашқы сыншысы айтқандай, қазанда ақырын, бірқалыпты, бырқылдап қайнап жатқан құрт тәрізді еді.

Бір ерекшелігі, көп жыл бойы газетте, журналист болып істеп жүрсе де, Бейімбет мақала жазуды ұнатпайтын, оны қиын көретін. Мақала жазудан өлең, оқшау сөз, әңгіме жазуды әрі жақсы көретін, әрі оңай деп білетін. Және оларды өзі оңай, шапшаң жазатын.

Басқасы тұрсын, Бейімбет өзі редактор болып шығарып отырған газетке бас мақала жазуды бір азап көруші еді. Момындығы, қарапайымдылығы ғой, шақырып сөйлеспей, әрқайсысының қасына келіп, қызметкерлерден:

— Бас мақала жазшы! — деп өтінуші еді.

Осыдан редакцияның қабырға газетінде бір жолы фельетонист Аманғали Сегізбаевтың бір әзілі болды: онда Бейімбет бүгін түнде түс көріпті. Түсінде бір жылдық бас мақала жазылып, столдың үстінде үйіліп тұр екен, — дейді.

Бейімбет өз білгенін біреуге үйретуден, біреуге жәрдем, жақсылық етуден тартынбайтын да, жалықпайтын да. Және соларды ол білгішсініп, артықсып, кісімсіп істемей міндетті адамша кішілік, тең құрбылық қалыппен күліп-ойнап отырып істер еді.

Әлі есімде, 1926 жылы мен «Пионер бастықтарына серік» деген кітапша құрастырдым. Соған алғысөз жазып отырғанымда, Бейімбет қасыма келіп тұрып:

— Жолдас Кенжебаев, дұрыс емес. Кітапшаның алғысөзі бұлай басталмайды! — деп күлді. Мен:

— Неге? — деп, жазғанымды оқыдым: «Жолдастар! Қолдарыңдағы кітапша...» — деп бастаған екем.

— Сен жиналыста сөйлеп тұрған жоқсың. Кітабыңды қолыңа алып, оқып отырған бір адамға беттеп отырсың, сондықтан оны жолдас, яки, оқушы, қолыңыздағы кітапша... деп бастау керек, — деді Бейімбет.

Көріп жүрдік, сол жылдары Бейімбет жас ақын-жазушылардың газет басқармасына келіп түскен, өзін басқармаға іздеп келіп, оқып берген шығармаларын жалықпай, мұқият қарап, түзеп отырар еді. Өзіміздің де тырнақалды — әдеби сын мақаламызды қарап, түзеп, газет бетінде жариялаған, сөйтіп, бізді әдебиет майданына енгізген осы Бейімбет болып еді.

Сонымен бірге, Бейімбет жұрттан өзі де үйренетін; шығармаларының жұрт көрсеткен міндерін қабылдап, тез түзететін; сын айтқанға ренжімейтін, қайта алғыс айтатын.

Ұмытпасам, 1927 жылы болу керек, мен жаңа кітапшалар туралы мақала жазып, онда Бейімбеттің бір әңгіме, очерктер жинағын сынадым.

Бейімбет бұл шығармаларында көбінше ауылдың ескі, кем-кетік, нашар жағын көрсетіпті; ауылдағы жаңаны, жақсыны байқамапты,— дедім. Бейімбет осы үшін маған алғыс айтқан еді.

III

Қай халықтың қай кездегі ұлы, үлгілі ақын-жазушыларының болсын негізгі қасиеті өмірді білу, халықпен бірге болу, өмірдегі, халық өміріндегі үздіксіз өзгеру, өсуді, жаңаны, өршілді тез байқап, терең сезініп, соны дәл бейнелеп көрсету: соны майын тамызып, нақышын келтіріп, бояуын құйқылжытып жырлау, заман, халық мүддесіне сай етіп жырлау болып табылады.

Дәл осындай қасиеттер Бейімбеттің де бойында болды. Ол қазақ халқының төменгі, езілген табынан шықты, жасынан тұрмыстың ауыр азабын көп тартты. Былайғы жерде жарлы шәкірт, жай мұғалім, қатардағы коммунист, белсенді газет қызметкері, жазушы болып жүрді; Қазақстанның көп жерін аралап көрді. Үнемі халық ішінде, халықпен бірге болды; өмірді, халық өмірін жақсы білді.

Осының бәрінің үстіне Бейімбет қазақ халқының бұрын-соңды мәдениетін, өте-мөте тұрмыс салтын, ауызша, жазбаша әдебиетін жете білді; орыс, татар халықтарының үлгілі әдебиеттерімен жақсы таныс еді. Ол өмірден де, үлгілі әдебиеттерден де үйренді, үлгі алды.

Бейімбет өлең жазу жұмысымен 1909—1910 жылдардан бастап шұғылдана бастаған. Баспасөз бетінде ол 1912—1913 жылдардан көріне бастады. Сонан былай, оныншы жылдары Бейімбеттің өлеңдері мен әңгімелері сол уақытта қазақ тілінде шыққан газет, журналдарда үнемі жарияланып жүрді.

Баспасөз бетінде Бейімбет әуелі шағын өлеңмен көрінген еді. Ұзамай, 1915 жылдан әңгіме, очерк, оқшау сөзбен де көрінді. Яғни жас ақын өлеңмен қатар прозалық шығармалар да жазды. Аз уақыт ішінде өлеңі, әңгімесі, оқшауы бар, едәуір шығарма жазып тастады.

Олардың арасында «Шұғаның белгісі» тәрізді үлкен повесть те бар еді. Ал, «Шұғаның белгісі» сол кездегі көрнекті, қалыптасқан ақын-жазушыларымыз С. Торайғыров пен С. Көбеевтің «Қамар сұлу», «Қалың мал» романдарынан кем емес, қайта, кей ретте артық еді; қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман, повестер қатарына жатады.

1913—1917 жылдардағы шығармаларын Бейімбет негізінде ағартушылық-демократтық бағытта, сыншыл реализм әдісімен жазды. Сол кездегі қазақ ауылы өмірінің ескі, жағымсыз, кертартпа көріністерін сынап, мінеп, әшкереледі; жаңа жағымды, өршіл көріністерін мадақтап көрсетті; халықты жақсыға, жаңаға насихаттады.

Рас, Февраль, Октябрь революциялары, Азамат соғысы жылдарында жазған бірқатар шығармаларында Бейімбеттің заманды, көз алдында болып жатқан ұлы оқиғалар мен өзгерістерді аңғармауы, жаңсақ түсінуі болды. Ол — Февраль революциясы күні жазған «Қазаққа» деген өлеңінде:

Келді кеңдік, туды теңдік басыңа,
Қатын, еркек, кәрі менен жасыңа...
Туды теңдік баймен қатар жарлыңа,
Міне рақат, міне шаттық, той, қазақ! ¹

деп, Февраль революциясын түпкілікті бостандық деп қателікпен, буржуазияшыл-ұлтшылдар, алашордашылар ықпалына аздап ерді. Соларды құттықтап бірді-екілі шығарма жазды.

Бірақ, Бейімбет бұл қатесін тез аңғарды. Бұл жөнінде оған, біріншіден, алашордашылардың ұраны мен іс әрекеттерінің алшақтығы, олар қуаттаған Уақытша үкімет пен Колчак үкіметінің жолсыздықтары, еңбекші халыққа көрсеткен азабы, екіншіден, Октябрь революциясы, Совет өкіметінің орнауы, олардың халыққа шын бостандық, теңдік беруі көмек етті.

Октябрь революциясы жеңіп, елде Совет өкіметі орнаған кезде Бейімбетте олар жөнінде осы қалай болады деп шүбәлану, толқу деген болған жоқ. Жазушы оларды ізінше қабылдады: Октябрь революциясы, Совет өкіметі идеясын қалтқысыз жырлады.

Бейімбет 1931 жылы жазған «Мен қалай жаздым?» деген мақаласында: «...Февраль өзгерісі кездесті, көрген-білгеніміз аз болды, жағдайды түсінбедік. Шынын айту керек,

¹ Б. Майлин. Таңдамалы шығармалары, 1958 ж. 34-бет.

адастық қой... Маған ой тудырған Октябрь төңкерісі болды. Адамдарымды сездім. Сонан бастап мен өз табымның жолына бұрылдым. Ұзамай қаламымның бағыты өзгерді»,— дегенді айтады.

Октябрь революциясынан былайғы 1917—1918 жылдары жазған «Қырда», «Әкесінен хат», «Садақбай», «Съезд», «Сайлау», «Қарынға» деген өлеңдерін, 1919—1920 жылдардағы шығармаларын Бейімбет демократтық-революциялық бағытта жазды.

Бұл шығармаларында автор ұлтшылдықты сынады; өзінің, қазақ еңбекшілерінің алашордашылардан жерігенін, Октябрь революциясы, Совет өкіметі жағына шыққанын көрсетеді; революцияны, қазақ халқының революциялар тұсындағы жай-күйін, іс-әрекетін, ой-сезімін жырлайды.

Осылай, оныншы жылдары Бейімбет тақырыбы, ақыл-ойы, саяси бағыты жағынан да, жазушылық, ақындық өнері, шеберлігі жағынан үнемі бірте-бірте ілгерілеп отырды, тез өсіп жетілді.

IV

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Бейімбеттің саяси көзін ашты, ой-өрісін кеңейтті, тұрмысты ұғыну, сезінуін тереңдетті. Жазушының таланты, жаңбыр суына, шілде шуағына қанігіп, көгерген, гүлденген қыр тәрізді құлпырды, әбден шарықтады.

Жиырмасыншы жылдар Қазақстанда Совет өкіметін нығайту, қазақтың малшы, жалшылары мен кедейлеріне саяси, шаруашылық жақтан бостандық, теңдік эпелеру, оларды ел басқару, шаруашылықты қалпына келтіру істеріне қатынастыру дәуірі болды.

Осыған сай, бұл дәуірде қазақ ақын-жазушылары, солардың көрнектілерінің бірі Бейімбет өз шығармаларында Октябрь революциясын, Совет өкіметін, Ленинді, партия мен өкіметтің елде жүргізген шараларын, ауылда өркендей бастаған жаңа тұрмысты жырлады. Олардың негізгі кейіпкерлері бұғаудан босап, жаңа тұрмыс жасап жатқан халық, қазақ кедейі болды. Мысалы, Бейімбет «Кедейге» (1922 жылы) деген өлеңінде:

Сенің зарың — зарлайтыным өмірге,
Сенің арың — арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін,
Белді бугам ауырға да жеңілге.

Сен жыласаң — көзден жасым тамшылар,
Сен қуансаң — қайғы, шерім ашылар... (75-бет).

деп сөрт етті.

Бейімбет қазақ кедейінің өкілі, өзінің лирикалық кейіпкері етіп Мырқымбай деген біреуді алды. «Бер, Мырқымбай, қолыңды!» деп, сонымен қол ұстасты. Қазақ ауылында жүргізілген қоғамдық істерді, болған оқиғалар мен жаңалықтарды, қазақ кедейінің ой-сезімін, көңіл күйін, ізгі тілегін, мінез-құлқын, өсуін Мырқымбай арқылы бейнеледі. Мырқымбай арқылы жиырмасыншы жылдардағы қазақ кедейінің тамаша бейнесін жасады.

Бейімбет — алғыр ойлы, ұшқыр қиялды, өте сезімтал жазушы. Ол, бір жағынан, партия мен үкіметтің күнделікті маңызды ұрандарын іліп ала қояды; екінші жағынан, өмірде, қазақ кедейінің өмірінде, салт-санасында болған жаңалықты тез сезіп, дәл түйеді. Соларды ілезде қорытып, көркем шығарма етеді: өлең, әңгіме, очерк, пьеса, роман жазады.

Мысалы, Коммунист партиясы 1924 жылы «Ауылға бет бұрайық» деп ұран шақырғанда, Бейімбет:

Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз,
Ауыл — дене, біз — қозғалтар жанымыз...

(111-бет) деп жырлады.

Ал, кейін, партияның осы ұраны тиісті нәтиже беріп, ауылда ұлы өзгерістер болған кезде, Бейімбет:

Жаңғыртты қазір жырды ауыл,
Жаңа өмірге кірді ауыл...
Істеліп жатыр ұлы істер...
Жаңарта бер жырды, ауыл... (165-бет)

деп күй шертті.

Ауыл мен деревнядағы кедей, орта шаруалар көпшілігі колхозға бет алған кезде, Бейімбет:

...Бәрін айт та бірін айт,
Коллективтің жырын айт!

деп ұран шақырды.

Яғни, Бейімбет күнделікті аса актуалды, әрі күрделі тақырыптарды сөз етті. Оларды дәуір, заманға лайық, халық, партия тілегіндей терең мағналы, өткір тілді, көркем суретті етіп баяндады.

Қазақ совет әдебиеті дамуының екінші кезеңі — отызыншы жылдар; бұл елде өнеркәсіпті өркендету, шаруаларды колхозға ұйымдастыру, жаңа Конституцияны қабылдау, соны жүзеге асыру дәуірі болды.

Бұл жылдары қазақ ақын-жазушылары, солардың алдыңғы қатарында Бейімбет өз шығармаларында Қазақстанның саясат, шаруашылық, мәдениет жағынан гүлденіп, ортағасырлық қалыптан социализмге беттеп, алып қадаммен алға басып бара жатқанын көрсетті. Олар қай тақырыпты жазса да ауыл, колхоздағы, қала, өндірістегі жаңа қарым-қатынастарды, өмірге, еңбекке, қоғамдық мүлікке жаңаша көзқарастарды, табандылықты, ерлікті, тапқырлықты мадақтады, жаңа адамның, совет адамының бейнесін жасады.

Бейімбет бұл дәуірге шағын өлең, жырлар, фельетондар жазумен қатар, колхоз, совхоз, өндіріс, мектеп, оқу-ағарту орындары туралы, советтер мен партия, комсомол ұйымдары туралы көптеген очерк, әңгіме, повесть, роман, пьеса жазды. Олардан Бейімбеттің «Раушан коммунист», «Азамат Азаматыч», «Көк теректің бауырында», «Он бес үй», «Әміржанның әңгімесі», «Қызыл жалау» деген повестері мен романдарын, «Ауыл мектебі», «Майдан», «Біздің жігіттер», «Талтаңбайдың тәртібі» деген пьесаларын айрықша атап көрсету қажет. Жазушының бұл шығармалары сол кездегі әдебиетіміздің зор табысы болды; қазақ совет әдебиеті тарихында көрнекті орын алады.

Отызыншы жылдары Бейімбет поэзия жанрынан проза, драматургия жанрына ауысыңқырады. Шағын, лирикалық өлең, жырлардан әңгіме, повестарды, романдар мен пьесаларды көбірек жазды.

Өйткені, еліміздің мейлінше гүлденіп, күрделенген өмірі, жабыла социализм құрып жатқан еңбек ерлерін — қазақтың жұмысшылары мен колхозшыларын, оқығандары мен советтік қызметкерлерін көрсету соны талап етті. Күрделі тақырып күрделі шығарма жазуды керек етті.

Оның үстіне, бұл кезде жазушы өзінің саяси білімі жағынан да, өмір тәжірибесі жағынан да, таланты жағынан да әбден жетіліп, кемеліне келген еді. Құлашты кең сермеп, шыңға өрлей бастаған еді.

V

Бейімбет — эралуан жанра жазғаны сияқты, эралуан тақырыпта да жазған жазушы. Өз тұсындағы қазақ өмірінің Бейімбет қозғап, сөз етпеген, жазбаған мәселесі жоқ десе болады. Ол ірі, уақ деп талғамай, заман, халық мүддесі, партия, үкімет саясаты қажет еткен мәселелерді жаза берген.

Советтер Одағының, соның ішінде Қазақстанның жері қандай кең-байтақ болса, өмірі қандай күрделі, көп жақты болса, Бейімбет шығармаларының тақырыбы да сондай кең-байтақ, алуан түрлі, күрделі.

Бейімбеттің тақырыпты таңдау, баяндау жөніндегі бір ерекшелігі, сайып келгенде, ол тұрмыс салтты, әдет-ғұрыпты суреттегіш жазушы. Бейімбет қазақ халқының тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын егжей-тегжейіне шейін жете біліп, дәл суреттейді.

Жазушы, көбінше, шығармаларының желісі мен оқиғасын от басы, үй іші әңгімесіне, біреудің мінезіне құрады. Мысалы, оның шығармалары «Талақ», «Неке қияр», «От басында», «Қара шелек», «Сары ала тон» деген сияқты болып келеді. Күрделі, саяси мәселелерді соның төңірегінде айтады. Халықтың өміріндегі, салт-санасындағы өзгерісті сол арқылы көрсетеді.

В. Г. Белинский айтады: «Қай халықтың болсын екі түрлі философиясы болады. Оның бірі ғылымдық, кітаптық, салтанаттық, мерекелік философиясы да, екіншісі — от басы күнделікті тұрмыстық философиясы» — дейді.

Бейімбет қазақ халқының осы екі түрлі философиясына да әбден қанық, өте-мөте от басылық, үй ішілік, күнделікті тұрмыстық философиясына жетік. Шығармаларында соны айнытпастан көрікті, қызықты етіп келтіреді. Ол шығарманың оқиғасын табуға, желісін құруға шебер, оларды барынша шиеленістіріп, нанымды етіп қиыстырады.

Бейімбет қазақ халқының тұрмыс салтын, ғұрып-әдетін, мінез-қылығын бастан-аяқ мадақтап, тамашалап жырламайды, олардың кейбіреулерін мінеп, шенеп, әжуа, сықақ етіп те жазады. Бейімбет — қазақ совет әдебиетінде фельетон, күлдіргі пьеса («Көзілдірік», «Шаншар молда», тағы басқалары) жанрының негізін салушылардың бірі, тамаша сатирик.

Бейімбет адамның кескіні мен бейнесін келтіруге, өмір картиналарын жасауға, табиғат көріністерін суреттеуге ұста. Оның шығармалары қазақтың ұнамды, ұнамсыз неше алуан бейнелері мен типтеріне, қазақ даласының пейзаждары мен қазақ өмірінің картиналарына толы деуге болады.

Бейімбет өлеңдерінің басым көпшілігі — саяси, әлеуметтік лирика. Ақын оларды мейлінше жалынды, қарапайым, жүрекке жылы, тілге жеңіл етіп жазады; көбінше екі адамның жай сөйлесуі, диалог етіп келтіреді. Мысалы:

- Қарағым, қарағым!
- Немене?
- Жолыңа қарадым.
- О неге?
- Сағындым, сарғайдым!..
- Кімді?
- Сен үшін зарлаймын!..
- Ой, жынды!..— деген сияқты, яки:
- Ассалаумаликүм, Жәке!
- Е, аман ба, Ділдеке?
- Елден жүрмісің?
- Не қып шықтың ерте!
- Жұмыс бар еді,
- Уақыт тар еді,
- Үйде қонақ
- Керей Исалар еді!..—

деген сияқты қиыстырады.

Ақын өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі — олар:

«Әйт шу, ала атым.
Сүйенер қанатым!..»
«Бәрін айт та бірін айт,
Коллективтің жырын айт!..»
«Мырқымбай, Мырқымбай, Мырқымбай!
Бай-бай-бай-бай!
Жүрмейсің жай!

деген тәрізді қарапайым сөздермен жеңіл басталып, оқушының ойына, аузына оңай, өзі түсіп, өзі айтылып, жатталып тұрады.

Міне, мұның қай-қайсысы болсын Бейімбеттің өзі тапқан жаңалығы, қазақ өлеңінің құрылысына қосқан үлесі, Бейімбет ақындығының өзіне тән қасиеттері.

Жазушылықтың үш элементі бар; ол — талант, білім, тәжірибе, тіл десек, Бейімбет — таланты бар, талантына сай білімі мен тәжірибесі бар, таланты мен білім, тәжірибесіне сай тілі, сөз байлығы бар жазушы. Ол сөзді поэзияда да, проза, драматургияда да орнын тауып, қисынын келтіріп, құлпыртып қолданады.

Жалпы Бейімбеттің таланты, шығарымпаздық шама-шарқы тереңнен ақырын, бірқалыпты бұрқылдап қайнап шығып жатқан, ешқашан тартылмайтын, көп көзді, төбесі күн сәулелі көк аспан, төңірегі көк орай шалғын, көк бұйра ағаш, олар бетінен айнадағыдай көрініп тұрған үлкен мөлдір бұлақ тәрізді.

АҚЫН ІЛИЯС

I

Ілияс Жансүгіров қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясы, советтік құрылыс туғызған ірі таланты, аса көрнекті ақын, жазушысы, бүгінгі жоғары идеялы, көп жанрлы, көркем суретті қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың, соны нығайтып, өркендетушілердің бірі, журналист, әлеумет қайраткері.

Ілияс өлеңді 1914—1915 жылдары, өз ауылында мұғалім болып жүрген кезінде жаза бастаған. Оның өлеңдері баспасөз бетінде 1917 жылдан көрінді. 1917—1920 жылдары «Сарыарқа» (Семей), «Кедей еркі» (Алматы), «Жаңа өріс» (Ташкент) газеттерінде біраз өлеңдері жарияланды.

Оныншы жылдары жазған өлеңдерін Ілияс «Балдырған», «Қызыл жалау» деген ат қойып, екі дәптерге жинаған екен. Олары кейін табылып, соңғы жылдары ғана жарық көре бастады.

Дәптерінің аттарынан да аңғарылып тұр: Ілияс бірінші дәптеріне өзінің алғашқы, тырнақалды, 1914—1916 жылдары жас балдырған ақын кезінде жазған өлеңдерін жинаған да, екінші дәптеріне 1917—1920 жылдары революция туралы жазған өлеңдерін енгізген.

Ауыл арасында, халық бұқарасы ішінде солармен мидай араласып жүрген мұғалім, жас ақын өзі күнбе-күн көріп-біліп жүрген жағдайлар мен көріністерді, өзінің көңілін аударған, көкейін тескен оқиға-мәселелерді, қазақ ауылының, еңбекші халықтың тұрмыс-салтын, хал-жайын, мұң-мұқтажын, тілек-арманын өлең-жыр етеді. Ілиястың алғашқы өлеңдерінің көбі «Қалпымыз», «Аяныш», «Қайғылы тілек», «Соқыр баланың арманы», «Мұңды құс», «Арман», «Оқу»,

«Игілік», «Замандасқа», «Қарындасыма», «Түрлі кісіге», «Өзіме» деген сияқты болып келеді.

Ақын көбінесе кем-тарды, жаншылып жапа шеккендерді көреді; өмірді мұңдылардың көзімен көреді; көрген-білгендерін, сезген-түйгендерін солардың, еңбекші халықтың мүддесі тұрғысынан баяндайды.

Ілияста қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы да бір-екі өлең бар. Солардың бірінде ол:

Мезгіл бар ма құтылар,
Шынжырлаулы тағдырдан?

дейді. Бостандықты арман етеді.

Сондықтан Ілияс, қазақтың сол кездегі көп ақын-жазушылары сияқты, Февраль революциясын мейлінше қуанып, құлаш жайып қарсы алды. Бірақ ол ұлтшылдық сарынға ерген жоқ. Октябрь революциясының маңызын бірден дұрыс аңғарды.

«Қызыл жалау» деген дәптеріндегі өлеңдерінде Ілияс Октябрь революциясын қызыл жалау бейнесінде алып:

...Неше жүз толғатып,
Жердің жүзін қозғалтып,
Туған қызыл жалаусың,
Қара жүрек қабанды,
Қуған қызыл жалаусың!

дейді.

Ақын Октябрь революциясы, Совет өкіметі арқасында бостандық, теңдік алған өзінің, халықтың қуанышын, арынның, мақсатын аңғартады:

Алқынамын, басылмайды арыным,
Тау селіндей екпін, қайрат, сарыным.
Жарлы, жалшы-жақыбайларды жарылқау,
Жандағы дерт, жүректегі жалыным.
Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан.
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі,
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған,—

дейді.

Ілияс еңбекші халықты Октябрь революциясын, Совет өкіметін қорғауға, нығайту, көркейтуге үндейді «Еңбекшілерге». «Ортақшыл партияға» (1920) деген өлеңінде ол Коммунист партиясына халықты өмірдің даңғыл жолына тура баста деп тілек айтады.

Ілиястың оныншы жылдардағы өлеңдерін оқып отырғаныңызда мынадай екі жағдайды анық байқайсыз:

Бірінші, оқушыға мәлім, Ілияс шығармаларының бір негізгі тақырыбы, ақынның сүйіп, біліп тамаша етіп жырлаған тақырыбы — ән-күй, жалпы көркемөнер мәселесі болушы еді. Бұл Ілиястың бергі жерде тапқан тақырыбы емес, әуелден таңдаған, сүйген тақырыбы екенін көресіз. Оның «Бұл-бұлға» (1915), «Әншіге» (1916) деген өлеңдері осыны сипаттайды.

Екінші, алғашқы адымында-ақ Ілиястың өресі биік, өрісі кең ақын екенін, дәл, жарасты сезуі, түюі, келеді ой-пікірі бар, соларға сай тілі бар, бояу, әшекей таба білетін суретші екенін байқайсыз, оның өлеңдері көбінше ақыл-ойлы, бейне-пернелі болып келеді.

Ілияс өзіндік таланты, ақындық стилі бар аса күшті ақын.

Ұлы сыншы В. Г. Белинский ақындық таланттың шамашарқы болатынын, әрбір ақынның таланты әртүрлі болатынын айта келіп:

«...Үшінші бір ақынның таланты, шабыты Ниагар ұшан суы тәрізді тулап, толқындап, сарқырап, көбік шашып, атқылап тұрады...» — дейді.

Біздіңше Ілиястың таланты, шабыты, ақындығы осы сипатты. «Күй», «Күйші», «Дала», «Құлагер» сияқты поэмаларды тек осындай ақын ғана бере алушы еді.

Ілияс негізгі әдеби жанрлардың бәріне де қалам тартты: өлеңдер, поэмалармен қатар роман, пьесалар, фельетондар, әдеби сындар, публицистикалық еңбектер жазды. Солардың қай-қайсысын болсын ол өзінің әлгідей талантты дәрежесінде жазатын. Ілиястың шығармалары терең мағыналы, асқақ сарынды, от-жалынды, өткір тілді, көркем суретті келетін еді.

II

Ілиясты мен алғашқы рет 1928 жылы, жазды күні, Қызылордада көрдім. Сол жылы ол Москвадағы Бүкілодақтық журналистік институтты бітіріп, «Еңбекші қазақ» газеті редакциясына қызметке келді. Мен сол газет редакциясында партия тұрмысы бөлімінің бастығы болып істеуші едім.

Ілиясты мен одан бұрын, жиырманшы жылдардың басынан, сырттан, өзіммен бірге оқитын алматылық жігіттердің айтуынан, Ілиястың газет, журналдарда жарияланған шығармаларынан білуші едім.

Ілиястың өлең, әңгіме, оқшау сөздері, әуелгі кезде Ташкентте шығатын «Ақжол» газеті мен «Жас қайрат» журна-

лында, Алматыда шығатын «Тілші» газетінде жиі жарияланып тұрушы еді; кейін, Қызылордада шығатын «Лениншіл жас», «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдары мен «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланып жүрді. 1927 жылы Қызылордада «Сағанақ» деген атпен Ілиястың алғашқы өлеңдер жинағы шықты.

Ол уақытта мен қазақ ақын-жазушыларының қай-қайсысының болсын газет, журналдарда жарияланған, көзіме түскен шығармаларын бірін жібермей оқитын едім. Олардан кейбір ықшам өлеңдерді дәптерге көшіріп алатын, жаттап алып, айтып жүретін едім.

Ілиястың ол кезде газет, журналдарда шыққан әңгіме, өлеңдерінен менің есімде көбірек сақталғандары, маған үлкен әсер еткендері «Бөкен мерген» әңгімесі мен «Жалпы жасқа», «Жастар», «Жетісу суреттері», «Россия жері», «Үштасқан үштілік» еді. Оның бұл шығармалары маған Ілиястың күшті ақын, жазушы екенін де әбден аңғартқан еді.

Оқып жүргенде біз, жастар Ілиястың:

Әйел, еркек, жалпы жас!
Көтеріл бәрің, көзіңді аш!
Жаңбырлы жазғы жапырақтай
Көркей, көгер, гүлің шаш!

деп басталатын «Жалпы жасқа» деген өлеңін жиналыстар мен сауық кештерде ұран, декламация етіп айтушы едік.

Сондай-ақ біз Ілиястың «Жастар» деген өлеңін әнге қосып айтушы едік. Өйткені ол «Лениншіл жас» журналында «бұл өлеңнің ерекше баяу әні бар» деп басылған еді. Сол әнімен айтар едік. Өлеңнің бірінші шумағы:

Жастар,
Заманның қызыл гүліміз,
Жастар,
Наданның сәуле күніміз.
Тегістік тұрмысқа;
Жастар,
Ортақшыл өркен, жаңа тап,
Жастар,
Лениншіл өркен жаңа топ,
Тұрмысқа ол нұсқа.
Лениншіл жас,
Атта алға бас,
Кел, аралас еңбекке:
Еңбек етіс,
Елге жеміс бермекке! —

деп келетін еді...

Ілиясты редакцияда маған газеттің сол кездегі редакторы Ғаббас Тоғжанов өзінің кабинетінде таныстырды.

— Ілияс Жансүгіров редакцияның жаңа, әдеби қызметкері, таныс бол,— деді.

Танысып, хал-жай, жөн-жосық сұрасып отырдық. Менің Ілиясты сыртынан білгенім сияқты, ол да мені сыртымнан білетін болып шықты.

— Мақалаларыңды оқығанда кексе адам шығар деп ойлаушы едім. Бала жігіт екенсің ғой! — деп, Ілияс маған қуанған тәрізді әзіл айтты.

Ілияс ол жолы Қызылордаға бір өзі келіп, қонақ үйіне түскен екен. Бәріміз отырып оған уақытша тұруға пәтер үй іздестірдік. Ақырында, Ілияс қонақ үйінде жата тұратын, тамақты біздің үйден ішіп жүретін болды.

Осылай, Ілияс екеуміз бір жерде қызмет істеу үстіне, ертелі-кеш жұмысқа бірге барып, одан бірге қайтатын болдық, үнемі бірге жүріп, бірге тұрдық...

Ілияс ұзын бойлы, ірі, шойыртпақ денелі еді; алып денелі, палуан мүсінді десе де болар еді. Редакция конторасының сол кездегі бастығы бір орыс жолдастың белгілі бір палуан суретін көріп отырып:

— Мынадай киім кигізсе, Ілияс дәл осындай болар еді,— дегені әлі есімде.

Ілиястың дене мүсініне бет әлпеті сай еді: ол биік, кең маңдайлы, қою қара қасты, жар қабақты, шүңірек қара көзді, үлкен қыр мұрынды, жазық бетті, сүйір иекті, қараторы еді. Осы сиықтарымен, шоқша қара мұртымен ол кавказдықтарға біраз ұқсар еді.

Жүргенде Ілияс, бірдеңеге құлақ салып келе жатқан тәрізді, басын оң жағына әнтек қисайтып, жайбарақат, сәл салқам жүретін. Жүрісі дене мүсіні мен бет әлпетіне жарасып тұратын.

Ілияс аз сөйлейтін. Бірақ қу тілді болатын: сөйлегенде сөзді тауып, ақылды, дәлелді, жүйелі, жатық, өткір, көп ретте күлкілі етіп сөйлейтін. Күлдіргі, мысқыл, әжуа әңгімелерді әрі көп білетін, әрі келісті етіп айтатын.

Ол қандай қызық, күлдіргі әңгіме айтып, жұрт қарқылдап күліп жатса да, өзі күлмейтін. Тек үстіңгі ернінің бір бұрышын ерекше бір бүлк еткізіп қойып, отыра беретін. Ілияс тегі ауыр мінезді, сабыр иесі адам еді: жүріс-тұрысы байсалды болатын, салмақты, ұстамды сөйлейтін.

Ілиястың дене құрылысы мен бет әлпетіне сай келмейтін бір жері — үні, даусы болатын. Өзі ұзын бойлы, алып де-

нелі, жазық бетті, үлкен қыр мұрынды бола тұрып, оның үні, даусы жіңішке болатын. Қатты, қызуланып сөйлегенде оның үні кейде шіңкілдеңкіреп шығатын еді.

Бірақ Ілияс әнші еді. Ол ән салғанда оның даусына ерекше бір қасиет пайда болатын: ол әрі сылдырлы, әрі созылымды, өте таза, сонысымен құлаққа жағымды болып шығатын, жазғы қоңыр желдей есетін, қоңыраудай, таудан аққан тас бұлақтың суындай сылдырайтын.

Ілияс жора-жолдастар бас қосып отырған жерде, қонақта ән салуды жақсы көретін; жұрт өтінсе, іркілмей ән сала беретін; қазақтың көптеген тамаша, інжу-маржан әндерін әдемі айтатын. Әсіресе Әсеттің әнін, «Сұршақыз», «Қаракөз», «Құлагер», «Жайдарман», «Екі жирен» әндерін әрі көп, әрі келісті шырқайтын. Жұрттың құлақ құршын мейлінше қандыратын.

Әлі есімде, Әсеттің әнін кейде Ілияс өзі жазған «Әнші» деген өлеңінің сөзімен айтар еді. Оның кей шумағы былай келеді:

Ән салсаң өзімдей сал аңыратып,
Жайлаңтып, қоңырлатып, жамыратып.
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,
Қондырып, қоңыр қаздай мамырлатып...
Жүгіртіп, жүрдектетіп, жорғалатып,
Аңқытып, аңқылдатып, ағындатып,
Қаусырып, қағып-түйіп, төгіп әнді,
Қайырып, қалтылдатып, қалтыратып...

Редакцияға келісімен Ілияс газетте іле-шала бірнеше фельетон жариялады; ұлы жазушы М. Горькийдің «Мен қалай үйрендім», «Жас жазушыларға» деген мақалаларын қазақ тіліне аударып, бастырды. Бұлар газеттің өңін бір қилы ашып жіберді.

Бізде бұрын фельетонды көбінше Бейімбет Майлин, Аманғали Сегізбаев, Қадыр Тайшықов жазушы еді. Олар да фельетонды келісті, қызықты етіп жазар еді. Ал, Ілиястың фельетондары Бейімбет, Аманғали, Қадыр фельетондарынан біраз өзгеше, күштірек, қызықтырақ болып шықты.

Дәл айтқанда Ілияс фельетонның жаңа бір түрін шығарды. Ол фельетонды тіке, бірден бастамай, орағытып, алыстан эпиграфпен бастады. Яғни әуелі фельетон еткелі отырған фактысының мәнін ашатын бір қызық жайды, әңгімені, анекдотты айтып алар еді. Оны көбінше Қожанасыр әңгімелерінен, халықтың күлдіргі ертеке, аңыздарынан келтірер еді.

Сонда Ілиястың бір фельетоны салыстыру, меңзеу тәсілімен келтірілген қос фельетон болып шығар еді. Бұл көлемі жағынан ұзақ, шұбалаңқы көрінгенмен, мазмұны, көркі жағынан өрнекті, қызықты болар еді, оқушыға үлкен әсер етер еді.

Ол кезде хат білген, бірдеңе жазам деп талаптанған қазақтың оқшау сөз, фельетон жазумен әуестенбейтіні кем еді. Ал, фельетон жазбақ болғандардың Бейімбет пен Ілиясқа, Аманғали мен Қадырға еліктемейтіні, солардан үйренгісі келмейтіні кем еді.

Газетте қызмет істеп, қабар, мақала, сын-библиография сияқты нәрселерді жазып, бастырып жүргендіктен фельетон жазуға мен де құмар едім. Фельетон жазудың тәсілін өзіммен бірге істеп, күн сайын араласып жүрген әлгі фельетонистердің әрқайсысынан сұрастырар, бірдеңе жазып, оларға көрсетіп жүрер едім...

Осылай жазғандарымды көрсеткенімде Ілияс маған бір жолы:

— Материалың фельетонға лайық емес, мақала етіп жаз,— деп кеңес берді. Екінші жолы:

— Фактыны, кейіпкерді күлкі етем деп отырып, өзіңді күлкі етіп алыпсың,— деп, күліп, фельетонымды түзеп берді.

Ал, енді бір жолы Ілияс менің тақырыбым мен материалымды қолқалап сұрап алып, өзі жазды, өз фельетоны етіп шығарды. Оның мән-жайы былай болды.

1928 жылы, қысты күні республикада Советтер сайлауы өткізілетін болды; газет сол сайлауға дайындық жұмысы болыстық жерлерде қалай жүріп жатқанын кең көрсетуді мақсат етті. Бірнеше болысқа қызметкерлер шығарды.

Мен Қызылорданың оңтүстігіндегі, Сырдарияның аржағындағы шеткері бір болысқа шықтым. Онда бір-екі жеті жүріп, сайлау жөнінде газетке бір беттік материал жинап қайттым.

Сол мен барған болыстың бір ауылында сайлау нұсқауы бұрмаланған екен: ауылдық комиссия, ауылдың белсенділері бұрынғы байлар мен болыстардың, билер мен қожа-молдалардың сайлау правосын — құқын жою орнына кейде бірді-екілі өте кедей, момын, бишара адамдардың сайлау құқын жояды.

Оның, адамның сайлау құқын жою дегеннің мәнін құқы жойылған кісі де, ауыл адамдары да түсінбейді. Бірақ та пәленше «құқ» болды, пәленше «құқ» деген лақап болып

кетеді; тіпті оны адәмның атына айналдырады: Қаратай деудің орнына «Құқ» дейді.

Осы фактыны мен фельетон етіп жазбақ болдым. Ілиясқа айтып бердім.

— Қалай жазғаным жөн? — деп онан ақыл сұрадым.

Ілияс фактыға өте қызықты.

— Мұны сен маған бер, мен жазайың, — деп өтінді. Жалынып сұрады. Мен бердім. Ілияс оны «Құқ» деген ат қойып жазды. Өте қызық болып шықты. Кейін Ілияс өз фельетондарының жинағының атын осылай «Құқ» деп қойды. Ілияс асқан фельетонист еді.

Ал, ол фельетоны ішінде Ілияс материалды менен алғанын, менің сол кезде фельетон жазуға құмарлығымды байқатады.

«...Қаратайдың ауылында кедейлер жиналысы болды. Бұл жиналысқа ауыл совет, ауыл ұя, сайлау туралы үгітші, газеттің адамы — бәрі де келді».

«...Бейсембай жолдастың еріккенде жазып тастайтын дәкей романындай кітап болатын список жазылып қалды», — дейді...

III

1929 жылы, январьда мен Павлодарға кеттім. Онда округтік партия комитетінің тілі «Кеңес туы» газетін шығарып тұрдым. 1930 жылы сентябрьде өлкелік партия комитетінің қаулысы бойынша мен Алматыға, қайтадан «Еңбекші қазақ» («Социалистік Қазақстан») редакциясына қызметке келдім. Ілияспен тағы да бірге істедік, араласып жүрдік.

Бұл кезде республика Қазақстанның онжылдық тойын өткізуге қызу дайындалып жатыр еді. Редакцияда онжылдық жөніндегі материалдар мен басқарған бөлім арқылы өтуге тиісті болды.

Қазақстанның онжылдық тойына байланысты Ілияс өзінің әйгілі «Дала» поэмасын жазды. Жазғанда ол, әуелі, редакцияға поэмасының бас жағын алып келді. Оны біз: редактор Ғаббас Тоғжанов, оның орынбасары Рақым Сүгіров, бөлім бастығы, мен — бәріміз бас қосып отырып оқытып көрдік. Жоспарын тыңдадық.

Әңгіме маңызды мәселеден — ақын және халық деген мәселеден, ерекше екпін, асқақ леппен, өте тартымды басталған. Ақын өзі, өзінің халқы, халқының тарихы, кешегісі

мен бүгінгісі, болашағы туралы баяндаған. Лирикалық-эпикалық сарында жазылған.

Жүрегім, жырым
Сенікі,
Кеңесті далам,
Кең далам.
Тудым, өстім,
Есейдім,
Ен далам — анам,
Мен балақ...
Бұрынғы өткен
Күніңді
Берейін жырлап
Елге анам.
Көргеніңді бүгінгі
Жаз, жаз, қалам,
Тер, қалам...

деп толғайды ақын.

Поэманы біз бірауыздан өте ұнаттық. Кесек, тамаша шығарма; ақынның, қазақ совет әдебиетінің үлкен табысы деп таптық. Газетте түгел жариялаймыз деп келістік. Ендігі жерде Ілияс жазғанын жазғанша маған әкеліп беріп отырды да, баспаханаға мен оқып жіберіп отыратын болдым.

Осы «Дала» поэмасының жалғасын жазып әкеліп жүргенде байқадым: Ілияс өлеңді шапшаң, ағыл-тегіл, боратып жазатын, оның өлеңдері:

Жорғала тіл, жорғала!
Ашылсаңшы қабағым.
Жасарғанда сар дала!
Жарылсаңшы жүрегім,
Жаңарғанда қыр, елім,
Жайнағанда айнала!
Қазақстан дейтін ел,
Октябрьден бір бала!

дегені сияқты, шүмектен құйылғандай болып келетін.

Бірақ, соның өзінде де ол өлеңді жүзіктің көзінен өткендей, келісті етіп, терең мағыналы, көркем кестелі, әсем сөзді барынша пафосты етіп шығаратын. Ол жалынды ақын болатын.

1965

ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

(Социалистік реализм әдісінің негізгі сипаттары)

I

Көп ұлтты совет әдебиеті дүние жүзіндегі ең озат, ең терең идеялы, көркем кестелі әдебиет. Ол коммунизм құрылысы жөніндегі бүкілхалықтық игі істердің бөлінбес бір саласы.

Совет әдебиеті марксизм-ленинизм идеясы негізінде, Коммунист партиясының данышпандық басшылығы арқасында үнемі өсіп, ірі, тарихи табыстарға жетіп отырды, солай жете бермек.

Әр кезде әдебиет пен көркемөнерде идеясыздықты, бейсаясаттықты, эстеттікті, буржуазияшыл-ұлтшылдықты және космополитизмді түрлі жолмен, түрлі бағытта насихаттаушылар болды. Партияның үнемі көңіл бөлуі, сара басшылығы арқасында олар дер кезінде әшкереленіп, талқандалып отырды.

Саяси, идеялық күресте, коммунизм жолындағы күресте өсіп, нығайған совет әдебиеті оқушыны социалистік Отанды, Коммунист партиясын мейлінше сүю рухында тәрбиелейді; ескі, қанаушы қоғамның адам санасындағы қалдықтарын әшкерелейді; совет халқының коммунизмге қарай жеңіспен ілгері басуын бейнелеп көрсетеді.

В. И. Ленин өзінің әйгілі «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» деген, әдебиет жөніндегі маркстік ғылымға аса маңызды үлес болып қосылған мақаласында жазған еді: «О... қоғамда өмір сүріп отырып, ол қоғамнан ерікті болуға болмайды. Буржуазиялық жазушының, суретшінің, актрисаның бостандығы дегеніміз ақшалы қалтаға, сатқындыққа, тамағын асырауға бүркемеленген (немесе екі жүзділікпен бүркемеленген) тәуелділік деген сөз.

Сондықтан біз, социалистер, таптық емес әдебиет пен искусствоны (мұның өзі тапсыз социалистік қоғамда ғана мүмкін болады) алу үшін емес, қайта екі жүзді — бостандық әдебиетке, ал іс жүзінде буржуазиямен байланысты әдебиетке шын ерікті, пролетариатпен ашық байланысты әдебиетті қарама-қарсы қою үшін әлгі екі жүзділікті әшке-релейміз, жалған буржуазиялықты сыпырып тастаймыз» деген еді.¹

Данышпан Ленин айтқан сол нағыз еркін әдебиетті, ашықтан-ашық коммунизм идеясын насихаттайтын әдебиетті совет жазушылары, партияда бар, партияда жоқ большевиктер жасауда.

II

Советтік қоғам құрылысы дамуының барлық маңызды, тарихи кезеңдерінде Коммунист партиясы әдебиет мәселелері жөнінде тарихи қаулылар алды; әдебиетімізді хате, кемшіліктердең сақтандырды; оны ілгері дамыту, жоғары сатыға көтеру шараларын белгілеп отырды.

Мысалы, азамат соғысы аяқталып, еліміз бейбіт құрылысқа кіріскен кезде большевиктер партиясы, оның көсемдері социалистік мәдениет құру жолын нұсқады. 1920 жылы В. И. Лениннің нұсқауы бойынша РК(б)П Орталық Комитетінің пролеткульт туралы қаулысы, хаты жарияланды.

Ол документтер пролеткультшілерге қатты соққы болды. Пролеткульттің нағыз пролетариат мәдениетімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, пролетариат мәдениеті тыңнан жасалмай, адам баласы өзінің даму тарихында жасаған мұралардың жақсыларын тегіс пайдалану арқылы жасалатынын партия ашып айтты.

1925 жылы РКП(б) Орталық Комитеті «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты» деген қаулы шығарды. Бұл қаулы әдебиеттегі маңдай алды күштерді ынтымақтастырды; зиянды топ, бағыттарға соққы берді.

Қаулы пролетариат жазушыларының өсуіне керекті барлық жағдай жасалсын, сонымен бірге, интеллигенциядан шыққан, өз шығармасымен совет халқына қызмет істегісі келген жазушыларға ерекше көңіл бөлінсін деді.

Сондай-ақ, қаулы совет әдебиетінің көркемдік-шеберлігін күшейтуді талап етті. Жазушыларды бұрынғы классик

¹ В. И. Ленин, шығармалары, 10-том, қазақшасы, 33—34-беттер.

жазушылардан үйренуге шақырды, түрлі формалистік, жалған жаңашылдық хауіптерден сақтандырды,

Яғни бұл қаулы совет әдебиетінің таяу жылдардағы өсу жолын, міндеттерін мейлінше айқын нұсқады.

Отызыншы жылдары социалистік шабуыл майданы кеңейді. Елімізді индустриаландыру, колхоздастырудың ұлы, тарихи жоспарлары жүзеге асырыла бастады. Бұл жағдайлар совет әдебиетінің алдына жаңа зор міндеттер қойды.

Міне, бұл кезде БК(б)П Орталық Комитеті идеологиялық мәселелер жөнінде кеңестер өткізіп, қаулылар шығарды; партия баспа сөзі әдебиет туралы көптеген мақалалар жариялады; сөйтіп, Коммунист партиясы совет жазушыларына келелі кеңестер беріп, айқын жол сілтеді.

Бұл кеңес, нұсқаулардың көздеген мақсаты — елімізде болып жатқан есепсіз көп, алып жаңа құрылыстарға, жұмысшылар мен шаруалардың, социализм құрушылардың белсенді, жасампаз істеріне жазушылардың назарын аудару болды. Совет жазушылары кең-байтақ еліміздегі көптеген, алып құрылыстардан, жаңалықтардан әсер алып, жаңа тұрмыстың мән-жайын терең білді. Содан осы жылдары-ақ социалистік жасампаздықты дәл, айқын суреттейтін көркем шығармалар жасалды.

Совет әдебиетінің мұнан былайғы жерде тағы өсіп, өркендеуіне оның сол кездегі қолайсыз, бөлшектеніп ұйымдасқандығы кесір болды. РАПП вульгаризаторлары жазушылардың бөлшек-бөлшек болып ұйымдасуын жақтады; пролеткультшілер әдебиет мұраларын жоққа шығарды; партияда жоқ совет жазушыларын адастырды: оларды коммунист жазушыларға қасақана қарсы қойды; жікшілдікті күшейтті.

1932 жылы апрельде БК(б)П Орталық Комитеті «Әдебиет — көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» тарихи қаулы алды. Ол қаулы бойынша РАПП, тағы басқа әдебиеттік ұйымдар, топтар жойылды; бірыңғай совет жазушылары одағы құрылды; оған совет платформасындағы жазушылар тегіс енді.

Бұл қаулының маңызы орасан зор болды. Ол жазушылар мен көркемөнершілер алдына партия, халық қойған, өмірдің өзі қойған міндеттерді асқан жігермен, мейлінше жасампаздықпен шешуге қажетті жағдай жасады.

1934 жылы август айында совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезі болды. Ол партиямыздың идеоло-

гия майданының бір күрделі саласында — әдебиет майданында тамаша, зор жеңіске жеткенін көрсетті.

Марксизм-ленинизм идеясының жеңісін, Коммунист партиясының совет әдебиетіне, совет әдебиетшілеріне тигізген тамаша әсерін съезден кейін жасалған көптеген көркем шығармалар айқын сипаттады.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтай салысымен совет халқы бейбіт еңбекке жұмылды; халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарын жүзеге асыруға кірісті; социализмнен бірте-бірте коммунизмге қарай бет алды.

Міне, осы аса маңызды тарихи кезеңде БК(б)П Орталық Комитеті идеологиялық мәселелер туралы тарихи қаулылар алды: «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы, «Үлкен өмір» кинофильмі туралы, театр туралы, музыка туралы қаулылар қабылдады.

Бұл тарихи мәні зор документтер маркстік-лениндік эстетика қазнасына қосылған тамаша үлес, совет әдебиеті мен совет көркемөнерінің мұнан ары өркендеуіне программа болды. Социалистік реализм әдебиеті мен көркемөнерінің шапшаң, нәтижелі өркендеуіне даңғыл жол ашты.

III

Совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезі совет әдебиеті мен совет көркемөнерінің әдісін социалистік реализм деп анықтады. Социалистік реализм әдісінің теориялық негіздері мен тәжірибелік мәндері совет жазушылары одағының сол бірінші съезі қабылдаған уставында былай белгіленді:

«Социалистік реализм — совет көркем әдебиеті мен әдебиеттік сынының негізгі әдісі. Ол жазушылардан болмысты дәл, тарихи нақты, революциялық даму қалпында алып суреттеуді талап етеді. Сонымен бірге, болмысты дәл, тарихи нақты алып, көркем етіп көрсету еңбекшілерді идеялық жақтан қайта тәрбиелеу, социализм рухында тәрбиелеу міндетімен сәйкестірілуге тиісті».

Бұл формулада социалистік реализмнің негізгі үш сипаты баса көрсетілген: бірінші, болмыс дәл, тарихи нақты суреттеледі; екінші, болмыс революциялық даму қалпында көрсетіледі; үшінші, болмысты дәл, тарихи нақты, көркем етіп көрсету еңбекшілерді идеялық жағынан қайта тәрбиелеу, социализм рухында тәрбиелеу міндетімен сәйкестірілді

делінген. Бұл үш міндет өзара бір тұтас және олар бір тұтас алынған күнде ғана социалистік реализм әдісінің сипаттарын толық бере алады.

Социалистік реализмнің осы көрсетілген үш сипаты оның әрі бұрынғы үлгілі әдебиет мұраларымен, солардың жақсы дәстүрлерімен тығыз байланыстылығын, әрі совет әдебиетінің мейлінше новаторлық сипатын айқындайды.

Сонымен, болмысты, өмірді дәл, тарихи-нақты көрсету — социалистік реализмнің негізгі талап-тілектерінің бірі. Өйткені Коммунист партиясы шын поэзия асқақ, айқай сөздерде емес, зәулім алып тарихи бейнелерде емес, нағыз, шын өмірде деп біледі. Осыдан ол әрдайым совет жазушыларын өмірмен тығыз байланысты болуға, өмірді зерттеп, жете білуге, өздерінің шығармаларында өмір шындығын дәл көрсетуге, еңбекші халықтың оптимистігін көрсетуге шақырады.

Осымен бірге, коммунист партиясы қашанда болсын өмірді бояп, бұрмалап көрсеткен шығармаға мейлінше қарсы. Партияның идеологиялық мәселелер туралы тарихи қаулылары, партия баспасөзінің әр кездегі мақалалары советтік өмірді бұрмалап көрсеткен, халқымыздың тарихын бұрмалаған шығармаларды қатты сынады.

Ал, социалистік реализмнің екінші бір негізгі шарты өмірді революциялық даму қалпында көрсету болады. Біздің заманымызда өмірді революциялық даму қалпында көрсетпесе, дәл, тарихи, нақты көрсету мүмкін емес. Басқаша айтқанда, өмірдің марксизм классиктері ашқан даму заңын білмей тұрып өмірді дәл, тарихи-нақты, революциялық даму қалпында көрсету мүмкін емес.

Өмір ешқашан бір қалыпта тұрмайды. Онда үнемі күрес болып тұрады: ескі мен жаңа арасында, өліп, өшіп бара жатқан мен өніп, өсіп келе жатқан арасында күрес болып тұрады. Өліп, өшіп бара жатқан өзінің өмір сүруі үшін күреседі. Жаңа, жаңа туып келе жатқан күш өзінің күн көру правосы үшін күреседі. Жаңа күшті. Оның ілгері басқан адымын тоқтату мүмкін емес. Ескі, бүгін қаншама күшті болса да, сөзсіз күйрейді.

Болмыс, шындық аса күрделі, көп алуан. Осы көп алуан болмыстан дағдылыны, жағдайға жарасымдыны, дағдылы бейне, мінез жасауға керекті материалды тауып ала білу, жалпы дамудағы дағдылы, ілгерішіл ағымды айыра білу керек. Бұл әрі қиын, әрі ізгі міндет. Марксизм жазушыға осы міндетті орындауда мықты құрал болады.

Біздің заманымыздың кейіпкерлері коммунизм орнатушы совет адамдары. Біздің озат жұмысшымыз, колхозшымыз, интеллигенциямыз совет құрылысы тудырған жаңа адамдар, еңбек ерлері, өндіріс, ғылым жаңашылдары. Олар оқып үйренбей, ілгері ұмтылмай тұра алмайды. Олар үлкен қоғамдық жұмыс жүргізеді, қызықты, көп алуан өмірде жасайды. Олардың мәдени тілегі мейлінше өскен, ішкі дүниесі, көзқарасы кең.

Біздің еңбек ерлеріміз, өндіріс жаңашылдарымыз өздерінің бүгінгі іс-әрекетімен, мінез-құлығымен, ой-ниетімен ертеңгі күнді, болашақты меңзейтін, болашақты ойлайтын, өз мақсатын білетін адамдар. Совет халқы өзінің не мақсатпен ілгері ұмтылатынын білмесе, ілгері өрлей алмайды, алға баса алмайды.

Міне, сондықтан өмірді дәл, нақты, революциялық даму қалпында көрсетем деген совет жазушысы ондағы ескі мен жаңаның, кешегі мен бүгінгінің, бүгінгі мен ертеңгінің күресін, өзгешелігін, өсуін көрсетуге тиіс: өз кейіпкерін бір қалыпта, тапжылмай тұрып қалған күйінде көрсетпей, өсу үстінде көрсетуге, оның өсу жолын көрсетуге, қоғамдық жұмысын, үй тұрмысын, ішкі дүниесін — ой-қиялын көрсетуге тиіс.

Совет оқушысы өмір шындығын, совет адамдарының тұрмысын, ісін, ой-арманын дәл, терең, көркем көрсеткен шығарманы ғана қош көріп қарсы алады, жаратып оқиды. Өйткені олар шындықты сүйеді.

Совет жазушылары шын, жоғары идеялы көркем шығармалар жасап, болмысты революциялық даму қалпында көрсетіп, совет қоғамының саяси-моральдық бірлігін, жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның достық қарым-қатынастарын, халықтар достығын, советтік патриотизмді барған сайын күшейте беруге көп көмек көрсетеді. Еңбекшілерді идеялық жағынан қайта тәрбиелеу, социализм рухында тәрбиелеу әрбір совет жазушысының, көркемөнершісінің ардақты міндеті.

Социализмнен бірте-бірте коммунизмге көшу дәуірінде еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жою жолындағы күрестің мәні зор. Осыдан бұл дәуірде әдебиет пен көркемөнердің тәрбиелік маңызы орасан күшейді.

Күрделі, көрнекті, жаңа көркемөнер, әдебиет шығармаларын бағалағанда Коммунистік партиясын, В. И. Ленин, алдымен, олардың тәрбиелік мәніне көңіл аударады: қай

шығарманың тәрбиелік мәні күшті болса, сол шығарманы жоғары бағалайды, құнды деп табады.

Жұртқа мәлім, В. И. Ленин өз кезінде М. Горькийдің «Ана» романын дер кезінде шыққан кітап, онан жұмысшылар көп тәрбие алады деп, өте жоғары бағалады. Сондай-ақ, Ленин В. Маяковскийдің «Прозаседавшиеся» деген өлеңін, А. Серафимовичтің азамат соғысы жылдарында майдан, тыл өмірінен жазған көркем очерктерін жоғары бағалады.

Совет жазушысы жаңа адамның, коммунистік қоғам адамының жанын тәрбиелей білуге, қалыптастыра білуге тиісті. Совет жазушыларының белсенді, жауапты ролі партияның әдебиетті, театрды, киноны, музыканы өркендету мәселелері туралы Отан соғысынан кейін қабылдаған тарихи қаулыларында да ерекше атап көрсетілген.

Халық совет жазушыларынан совет адамдарының социалистік мемлекет өмір сүрген ширек ғасыр ішінде жиган ұшан-теңіз тәжірибесін, бүгінгі тұрмысын қорытып, көркем етіп көрсетуді талап етеді. Бізде соңғы уақытқа дейін: совет әдебиеті үшін ең қажеті — шығарманың идеялық бағытының дұрыс болуы, ал шығарманың көркем болуы қажет емес — деген вульгаризаторлық теория, тартыссыздық теориясы орын алып келді.

Мұндай ұғым шығарманың идеялық дәрежесін де, көркемдік дәрежесін де төмендетуге, сөйтіп, оның тәрбиелік мәнін түсіруге апарып соғады. Егер жазушы көмескі, солғын бейнелер жасаса, егер шығарманың композициясы айқын, қисынды болмаса, тілі шұбалыңқы, орашалақ болса, ондай шығарма идеясы қаншама жақсы болса да толық, піскен шығарма болмайды.

Партия совет жазушыларына қатты ескертті: кімде-кім өз жұмысына жауапсыз, немқұрайды қараса, ол озат совет көркемөнершісі, әдебиетшісі қатарынан шеттеп, шығып қалады, — деді.

IV

Жаңа мен ескінің, өсіп келе жатқан мен өшіп бара жатқанның арасындағы күрес біздің өміріміздің барлық саласында болып отырады. Ол әдебиетте де түрлі ағымдар, түрлі адамдар арасында болатын күрестер арқылы айқын көрініп отырады.

Жиырманшы жылдары совет әдебиетінде әр алуан ағым бар еді, тіпті совет бағытына жат ағымдар да бар еді. Олар-

дың арасында қиян-кескі күрес бар еді. Сонда РАПП шылар пролетариат бағытынан басқа бағыттағы әдебиетшілерге әкімшілік шаралар қолдануды талап етті.

Партия әдебиеттегі түрлі ағымдар жөнінде әкімшілік шаралар қолдануға да, партия ішіндегі «оң», «сол» ағым дегенді әдебиетте қолдануға болмайтынын айтты. Совет әдебиетінің сонан бергі жердегі өсіп-өркендеуі партияның осы көрсеткен данышпан жолының өте дұрыс болғанын дәлелдеді, іс жүзінде сипаттады.

Қарама-қарсылықтар арасындағы, ескі мен жаңа арасындағы күрес заңы антогонистік таптарға бөлінген қоғамдағыдан социалистік қоғамда басқа түрде көрінеді. Социалистік қоғамда қайшылықтардың ашылу, жойылу түрі, әдісі сын, өзара сын, айтыс, жарыс болып табылады. Сондықтан біздің партия үнемі творчестволық сын, өзара сынды, айтысты, жарысты қуаттайды.

Біздің партия әрдайым еңбекшілердің қалың көпшілігі ішінен ғылым мен мәдениеттің түрлі саласында өз қабілетін көрсете алатын нағыз жаңа таланттарды тауып ала білу керек деп үйретеді. Бұл әдебиетке де жатады. Партия біздің құрылыс қазынамызға өз үлесін қосуға барынша тырысатын қабілетті жас адамдарды, белгісіз, қарапайым авторларды батыл көтеруді нұсқайды.

Партияның осы данышпандық нұсқауы арқасында совет әдебиеті үнемі жаңа, жас күшпен толықтырылып отырды; жастардан дарынды әдебиетшілер шықты. Кексе топ өкілдері мен дарынды жастар күш қосып, әдебиетімізді ілгері дамытып отыр.

Сондай-ақ, Коммунистік партияның тарихи қаулы-қарар, нұсқауларында әдебиет сыны, әдебиет тану ғылымы туралы да біздің сыншыларымызға, әдебиетшілерімізге программа болатын есепсіз көп, данышпан ой-пікірлер, нұсқау-қағидалар бар.

Мысалы, оларға партия жеке шығарманы қалай бағалауды үйретеді: шығарманың құны оның болмашы, ұсақ жеке қатарларына қарай анықталмай, жалпы бағытына, негізгі идеясына қарай анықталып, бағалануға тиіс дегенді айтады.

Егер жазушы өзінің көркем шығармасында күнделікті өмірдің бір паршасын алып, жұртшылық алдына тартса, онда біздің жұмысымыздағы кемшіліктер көрсетілсе, және егер жазушы жаңаның, прогресшілдің ескіні, күні өтіп бара жатқанды сөзсіз жеңетініне әбден сенсе, совет оқушысы ондай шығарманы алғыс айтып қарсы алады.

Керісінше, егер жазушы өмірдің совет адамдары санасындағы капитализм қалдығы туғызған бір паршасын алып көрсетіп, біздің елдің шын, дәл өмірі осы дейтін болса, совет оқушысы ондай шығармадан сырт айналады. Өйткені ол мұның жалған екенін өліп бара жатқан ескінің жұлығы екенін, оның коммунизм жеңуі жолындағы күрес талқысында талқандалатынын біледі.

Біздің партия жазушы шығармасының жалпы бағытын, негізгі идеясын анықтап, оны соған қарай бағалаумен қатар ешқашан жазушы шығармасының жеке, ұсақ қателерін жайып-шу, жаба тоқы демейді. Керісінше, оларды теріп көрсет, ашып айт, сына дейді. Әрдайым әдебиет пен көркем-өнерде большевиктік сын, өзара сынның қажеттігін, маңызын баса айтады.

Совет жазушылары, совет әдебиетшілері Коммунист партиясының көрегендік нұсқауларына сүйене отырып, әдебиет теориясы жөніндегі әр алуан реакцияшылдық ағымдарға қарсы аяусыз күрес жүргізе отырып, Социалистік Отанымыздың тамаша тұрмысын, алып ісін дәл, нақты, ілгері даму қалпында көрсететін терең идеялы, көркем суретті күрделі шығармалар жасауға, совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеуге тиіс. Халық, партия олардан осыны талап етеді.

ІРІ ТҰЛҒА

Мұхтар Әуезов өте дарынды, талантты, әрі аса білімді, әрі ірі прозаик, драматург жазушы, әрі үлкен ғалым — филология ғылымдарының докторы, профессор; алуан қырлы, зор қабілетті, белсенді әлеумет қайраткері.

Бүгінгі гүлденген социалистік Қазақстан мәдени өміріне жазушы, профессор Мұхтар Әуезов қатынасып, еңбек сіңірмеген, ол күн сайын араласып, қызмет көрсетіп отырмайтын салалары жоқ. Аға, басшы жазушы ретінде қазақ совет әдебиетін жасасуда, өркендетуде сіңірген тарихи еңбектері үстіне, ол театр, кино өнеріне қатынасып, үлес қосқан, күн сайын араласып отырды; ол оқу, ағарту, ғылым жұмыстарына қатынасып, еңбек сіңірген, күн сайын араласып, игі іс көрсетіп отырды.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы, 28 сентябрь күні, қазіргі Семей облысының Абай ауданында туған. Оның атасы Әуез Құнанбаймен, әкесі Омархан Абаймен ауылдас, дос, ағайын болған. Абай өлгенде Мұхтар жеті жаста. Абайды ол көзімен көрген.

Болашақ жазушы бес-алты жасында өз әкесінен оқып, хат таниды. Осыдан былай ол өз аулындағы бастауыш мектепте әрі қазақша, әрі орысша оқиды. Данышпан Абайдың шығармаларын оқып жаттап үйренеді. Абай шығармалары арқылы зерек, алғыр Мұхтар қазақ халқының бұрынғы әдебиетін, Шығыстың ертедегі үлгілі әдебиетін біледі; орыс халқының ұлы ақын-жазушылары А. Пушкин мен М. Лермонтовты, И. Крылов пен Н. Гогольді, Е. Щедрин мен Л. Толстойды таниды.

1908 жылы Мұхтар Семей қаласына барып, орта дәрежелі орыс мектебіне түсіп оқиды. Оны 1915 жылы жақсы бітіріп шығып, сол жылы Семейдегі оқытушылар семина-

риясына оқуға түседі. Семинарияны Мұхтар 1917 жылы бітіріп шығады. Орыс әдебиетін жете біледі.

Сонымен, Мұхтар Әуезовтың дүние тануы, көзқарасы, көңіл-көзі, жазушылық таланты қазақтың бұрын-соңды әдебиетінің, шығыс әдебиетінің, орыс халқы классик әдебиетінің әсер-ықпалымен оянып, қалыптасады.

Мұхтар Әуезов орта дәрежелі мектепте, оқытушылар семинариясында оқып жүргенде-ақ өлең, әңгіме жазумен әуестенеді. Мысалы, «Боран» деген әңгіме жазады. Онда даланың жыңды боранын суреттейді. Бірақ Мұхтардың ол кезде жазған шәкірттік, үйрену-машықтанушылық шығармалары баспада шықпайды.

Жазушы Мұхтар Әуезовтың ең алғаш баспасөз бетінде, әдебиет майданында көрінуі 1917 жыл. Сол жылы ол, әр кезде өңделіп, осы күнге дейін театрда қойылып жүрген атақты «Еңлік — Кебек» пьесасын жазады. Оны Семейдегі қазақ жастарының драмалық үйірмесі қалада қояды, ауылға алып барып ойнайды.

1918—1919 жылдары Мұхтар «Бәйбіше — тоқал», «Халық қамқоры» деген пьесалар жазады. Жас автордың бұл пьесалары да әр жерде қойылып, ойналып, баспасөз бетінде хабарланып, сөз болып жүреді.

Жиырманшы жылдардың басынан Мұхтар Әуезов қоғам жұмысына белсеніп араласады. Семейде, Орынборда басшы совет жұмыстарында болады. 1923—1924 жылдары «Шолпан» (Ташкентте), «Таң» (Семейде) журналдарын шығарып тұрады.

Мұхтар Әуезов 1924—1928 жылдары Ленинград Университетінің филология-материальная культура факультетінде оқиды. Оны бітірген соң 1928—1930 жылдары Ташкентте, Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқиды. Оның теориялық курстарын бітіреді. Шығыс филологиясына маманданады.

Жазушылық сапарының осы, алғашқы кезінде Мұхтар Әуезов көптеген көркем әңгімелер жазды. Жазушының ол әңгімелері кейін «Ескілік көлеңкесінде» деген атпен жинақ болып шықты. «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш», «Қилы заман» деген повестер, «Қаракөз» деген пьеса, бірді-екілі ғылыми еңбек жазды.

Мұхтар бұл шығармаларында қазақ аулының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы өмірін көрсетеді. Оны көп әңгімелерінде ежелгі демократтық-ағартушылық бағытта, сыншыл-реализм әдісімен суреттейді.

Яғни жазушы, бір жағынан, ауылдағы өлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті көрсетеді: әлі жеткен адам, жуан ата, үстем тап әлсіз адамға, панасыз жанға, аз атаға, еңбекші тапқа әлім-жеттік, басымшылық, зорлық істейді, онда ескілік, қараңғылық үстем дейді. Екінші жағынан, ауылдағы сол қалың қара түнекке ене бастаған жарық сәулені көрсетеді: ауылда оқыған, жаңаша жүріп-тұрып, жаңаша ойлайтын, ескілікке қарсы арпалысатын жастар бар. Болашақ ауыл осы дегенді айтады.

Осымен қатар, Мұхтардың бұл дәуірдегі бірді-екілі шығармаларында жазушының сол тұстағы саяси-идеялық жаңсақ бағытта болуының да әсері бар: жазушы кейде демократтық-ағартушылық бағыттан, сыншыл-реализм әдісінен жаңылып қалып та отырды.

Елімізде социализмнің жеңуі, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің әдебиет-көркемөнер ұйымдарын қайта құру жөніндегі 1932 жылғы тарихи қаулысы әсерімен Мұхтар Әуезов отызыншы жылдардың басынан жаңа тақырыпқа көшті: колхозды қазақ аулының тұрмысын, қазақ еңбекшілерінің социалистік сәнді өмірін, қаһармандық іс-әрекетін, ізгі ой-сезімін, мақсатын жаза бастады.

Атап айтқанда отызыншы жылдары Мұхтар «Білекке білек», «Іздер», «Бүркітші», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Хасеннің құбылыстары» деген әңгімелер, тағы басқа әңгіме, очерктер, «Түнгі сарын», «Ақ қайың» (Ә. Тәжібаевпен бірге), «Тартыс», «Шекарада», «Тас түлек», «Алма бағында» деген пьесалар, «Райхан» деген киносценарий жазды.

Жазушы бұл шығармаларында қазақ еңбекшілерінің азамат соғысына қатынасын көрсетеді; ұлтшылдарды, тап жауларын әшкерелейді; совет адамдарының табиғат күшімен, зиянкестермен арпалыстарын баяндайды; партия, совет орындарының, жұмысшылар мен шаруалардың, колхоз, совхоз құрылыстарын, өнеркәсіпті, мал шаруашылығын, жаңа мәдениетті өркендету жолындағы іс-әрекеттерін суреттейді. Еңбек адамдарының, жаңа қаһармандардың айқын бейнелерін жасайды.

Даралап алғанда Мұхтардың әлгі аталған шығармаларының кейбіреуінде аздап схематизмнің ізі бар. Ал, жалпы алғанда, олар өз кездерінде үлкен жазушының ескілік көлеңкесінен шуаққа шыққанын, жаңа, кең өріске түскенін,

жаңа тақырыпты социалистік реализм әдісін нәтижелі меңгере бастағанын айқын сипаттады.

1937 жылы Мұхтар Әуезов қазақ халқының ұлы ақыны, демократ-ағартушысы Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы туралы роман жазуға кірісті. Ол романын «Абай» деп атады. Жазушы «Абай» романының бірінші кітабын 1942 жылы, екінші кітабын 1947 жылы жариялады. Бұл романы үшін Мұхтар 1948 жылы Бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық алды.

Абай тақырыбын кеңейте, тереңдете түсіп, Мұхтар Әуезов кейін, «Абай» романының жалғасы ретінде, «Абай жолы» деген роман жазды. Оның бірінші кітабы 1951 жылы, екінші кітабы 1955 жылы шықты.

М. Әуезовтың бұл романдары Абай туралы ғана роман болмай, халық туралы да роман болып шықты. Жазушы оларда кемеңгер ақынның, қазақ халқының жартығасырлық өмірін қамтиды; солардың тұрмысын, ісін, күресін, арманын айқын, шебер бейнелейді.

Талантты жазушы совет әдебиетінің творчестволық әдісі социалистік реализмді тарихи тақырыпқа мейлінше жете біліп, аса шеберлікпен қолданған: мейлі ақынның өмірі мен ісінің болсын, мейлі халықтың тұрмысы мен күресінің болсын ілгерішіл, өршіл жағын дәл тауып, соны ескі мен жаңаның күресі ретінде, ескінің жеңіліп, жаңаның жеңіп, жетілуі ретінде, тарихи нақты, көңілге қонымды, көркем етіп көрсеткен.

Мұхтар Әуезовтың «Абай», «Абай жолы» романдары тек қазақ совет әдебиетіндегі тарихи прозаның ғана емес, бүкіл совет әдебиетіндегі тарихи көркем прозаның ең көркемдерінің, ең көрнектілерінің бірі болды. Олар қазақ совет әдебиетін бүкіл одаққа, сол арқылы жер жүзіне танытты.

Абай тақырыбына Мұхтар романдардан басқа «Абай» (Л. Соболевпен бірге) деген пьеса, «Абай жыры» деген киносценарий, «Абай» деген либретто жазды. Олары да кезінде қойылып, жасалып көрсетіліп, жұртшылықтан жақсы баға алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында М. Әуезов «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә. Әбішевпен бірге), «Қарақыпшақ Қобланды» деген пьесалар, «Төлеген Тоқтаров» деген либретто, «Асыл нәсілдер» деген повесть, көптеген ұсақ әңгіме, очерктер жазды.

Бұл шығармаларында автор қазақ еңбекшілерінің май-

дандағы, елдегі жанқиярлық, қаһармандық істерін суреттейді; майдан, тыл ерлерінің бейнелерін жасайды. Халықты патриоттық істерге, жауды жеңуге жұмылдырады.

Сондай-ақ, М. Әуезов Отан соғысынан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру, еселеп өркендету дәуірінде де, «Абай», «Абай жолы» романдарын жазумен қатар, бірсыпыра әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды. Оның бұл жылдары жазған шығармаларынан «Түркстан осылай туды», «Индияға саяхат» деген шығармаларын ерекше атап көрсетуге болады.

Яғни Мұхтар Әуезов әр кезде де Отанымыздың өміріне белсене араласып, күрделі, көкейтесті мәселелерді іліп алып, сол туралы түрлі жөнмен: не мақала, очерк, әңгімемен, не повесть, либретто, пьесамен үн қосып, пікір айтып отырды.

Мұхтар зор талантты, оқығаны, тоқығаны: тұрмыс тәжірибесі көп, әдебиеттің теориясына да, техникасына да, жазушының негізгі құралы болған тілге де әбден жетік, бай жазушы. Осыдан да оның шығармалары мейлінше көркем болып келеді. Ол әдебиеттің өзі жазатын жанрының қай-қайсысына болсын барынша шебер.

М. Әуезов көркем шығармалар аудару жұмысымен де айналысады. Ол орыс тілінен қазақ тіліне И. Тургеневтің «Дворян ұясы» деген повесін, Н. Гогольдің «Ревизор», В. Шекспирдің «Отелло», «Асауға тұсау», К. Треневтің «Любовь Яровая», А. Афиногеновтың «Қорқыныш», А. Кронның «Флот офицері» деген пьесаларын аударған. Мұхтар шебер аударушы.

Қырқыншы, елуінші жылдары Мұхтар ғылыми жұмыспен де тиісінше шұғылданды, бірсыпыра көлемді, құнды ғылыми еңбектер берді. Мысалы, «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», қырғыз халқының батырлық жыры «Манас», «Абай және орыс классиктері», «Қазақ ертекері» деген еңбектер жазды. Қазақ әдебиеті тарихының бірінші томы, қазақ совет әдебиеті туралы очерктер деген еңбек М. Әуезовтың басқаруымен жасалды.

Драматург жазушы, педагог, ғалым Мұхтар Әуезов 1932 жылдан бері әр кезде Қазақтың мемлекеттік драма театрында, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде, Қазақ ССР Ғылым академиясында көрнекті қызметтер атқарып келеді.

Мұхтар Әуезов кезінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі,

Қазақ университетінің профессоры, Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің бастығы, Қазақстан совет жазушылары одағы басқармасының президиум мүшесі болды.

Жазушы, профессор М. Әуезовтың еңбегін партия мен үкімет жоғары бағалады. Ұзақ жылдар бойы істеген жемісті жазушылық, ғылыми, педагогтік қызметі үшін оны ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1945 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1956 жылы Қызыл Жұлдыз орденімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бірнеше рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамоталарымен наградтады.

1957

«АБАЙ»

I

«Абай» романының тақырыбы — қазақ халқының да-нышпан ақыны, ақыл-ой кемеңгері Абайдың өмірі. Роман-ның мына бірінші кітабында Абайдың жас шағы, ер жетіп, жігіт болған кезі — «өмірдің бірталай қат-қабатынан, шы-тырманьнан, бел-белесінен өтіп, бір шақта өрге басып, енді қияға қарай өрлеп келе жатқан» кезі — суреттеледі.

Қазақ халқының, қазақ әдебиетінің тарихында Абай-дың заманы қосқыртас, шытырман заман деп аталады. Оның мәнісі — Абай тұсында, ХІХ ғасырдың екінші жар-тысында царизм, бір жағынан, қазақ даласын тегіс меңге-ріп алып, нағыз отар ел күйіне түсірді. Екінші жағынан, қа-зақ халқының өз алдына ерікті елдігін сақтау жолындағы, ұлт бостандығы жолындағы күрес-көтерілістерін басып-жаншып, қырып-жойды, халықты есінен тандыру, бостан-дық дегенді халықтың есінен мүлдем шығару саясатын қа-тал жүргізді; халық басына қаралы күн, зарлы заман ор-нады.

Мұның үстіне, елдің өз ішінде бектік-феодалдық қанау-да барған сайын күшейе берді. «Ел ағалары», лай судан балық аулаған қулар ел ішінде жер дауын, жесір дауын, мал дауын, ру таласын қоздырып, бірді-бірге тасқабақдай соқтықтырып, халықты жегідей жеді. Басына ноқта, аяғы-на кісен түскен халықты талаушы, аларман көбейді, жүз қараға екі жүз аларман болды. Халық өз малын өзіміздікі дей алмайтын болды; халықтың қайғы-қасіреті артты: күн-діз күлкісі, түнде ұйқысы бұзылды.

Міне, «Абай» романында Абайдың осы заманы, Абай заманының түйінді мәселесі өте айқын, шебер көрсетілген.

Халықтың өкілі, көз-құлағы, тілі Сабырбай ақын өз халқының күй-жайы, мұң-зары жөніндегі көргені мен есті-

генін сыр етіп айтады. Ән шығарады. Мұның әні де өзгеше күңіреніп, шер, мұң болып шығып, қайырмасы: «Елім! Елім!... Елім-ау!» — деп аяқталады.

Әрине, Сабырбайлар халықтың шерін, мұңын, қайғы-зарын тек айтып, көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, олар халықтың халін жеңілдету үшін не істеу керек? Қара күнді қалай арылту керек? Халықты қалай қарай, неге қарай бастау керек? — деп сұраулар қойып, соларға жауап амал да қарастырды.

«...Абайға Сабырбай жаңағы бір кезде:

— Ендеше өзің не дейсің? Елге мұнан былай немен ел бол дейсің? Сынадың, мінедің ғой! Ал енді, шығар жолың бар ма? Соныңды атап көрші! — деген.

Абай осыған орай:

— Елге өнер-білім керек. Оқу-тәрбие керек. Ендігі заман кең жайылыс, ұзақ өріске сеніп, қалың ұйқыны қуат біліп жататын заман емес. Өзге өнерлі елден оқып, үлгі алудың заманы», — деген.

Бұл нағыз тарихи шындық.

II

Данышпан В. Белинский айтады: «Қай халықтың болсын екі түрлі философиясы болады, оның бірі ғылымдық, кітаптық, салтанаттық, мерекелік философия да, екіншісі — отбасының үй-ішілік, күнделікті тұрмыстық философия. Бұл философиялар бір-біріне едәуір жуық, қарбалас болады. Кімде-кім қоғамды, қоғамның өмірін суреттемек болса, ол осы екі философиямен де таныс болу керек, өте-мөте екіншісін зерттеп білу керек... Авторларының осы күнделікті тұрмыс философиясын әбден білулері арқасында «Евгений Онегин» мен «Горе от ума» оригинальдық шығарма, нағыз орыс шығармасы болды», — дейді. (Шығармалар жинағы, XII том, 85-б.).

Белинскийдің осы асыл сөзін Мұхтар жөнінде де, оның мына «Абай» романы жөнінде де айтуға болады. Мұхтар қазақ халқының бұрынды-соңды қоғамдық, саяси-әлеуметтік тұрмысын, тарихын болсын, үй-іші, отбасы тіршілігін, салт-дәстүрін, ой-санасын, мінез-құлқын болсын жақсы біледі.

Мұхтардың әуелден көп жазатын, сүйсініп жазатын, жақсы жазатын тақырыбы — қазақ халқының тарихындағы жеке-жеке терең мағналы оқиғалар мен қазақтың тұр-

мыс-тіршілігі, әдет-салты болатын еді. Ал, «Абай» романының тақырыбы жазушының осы екі түрлі тақырыбын да қамтушы еді, ол қазақ халқының әрі тарихы, әрі тұрмыс-салты еді, сондықтан да ол, «Абай» романының тақырыбы, асылында жазушының әлгі екі түрлі тақырыбының ұлғайып, тереңдей түйісуі бодуға тиісті еді.

Бұл шынында да осылай болып шыққан. Мұхтар «Абай» романында, жоғарыда айтқандай, қазақ тарихының бір дәуірін, Абай дәуірін өте айқын, өте дәл көрсетумен қатар қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, ой-санасын — бәрін әрі толық, әрі шебер көрсеткен. Яғни, Белинскийдің сөзімен айтсақ, қазақ халқының ғылымдық, кітаптық, салтанаттық, мерекелік философиясын да, отбасылық, үй-ішілік, күнделікті тұрмыстық философиясын да әрі толық, әрі дұрыс көрсеткен.

Осы жағынан «Абай» романы — қазақ тұрмысының үлкен бір айнасы, қазақ халқының халықтық қасиетін, сынсыпатын, сапасын, елдігін көрсететін, қазақ оқушыларының патриоттық халқын сүйушілік сезімін күшейтетін, қазақты жете білмейтін жұрт оқушыларына: қазақ халқы осындай халық екен деп айтқызатын роман, патриоттық роман деуге болады.

III

«Абай» романының романдық, көркемдік жағы да мақтауға тұрарлық.

Романның композициясы өрмектей тоқылып, шеңбердей иіліп келген. Оқиғалар негізінде екі адам төңірегінде — бас геройлары Құнанбай мен Абайдың төңірегінде тепе-тең дамып отырады, барған сайын ұласа, үдей, өрши түседі. Сөйтіп, шиеленісе-шиеленісе келіп, шыңына жетіп, ескілік пен жаңалықтың өкілі — әкесі мен баласы айқасып, ескіні жаңа, әкені бала жеңіп аяқталады.

Романның тілі жатық, әрі көркем. Ондағы геройлардың әрқайсысының өзіне тән, өз дәрежесіне лайық сөз байлығы, сөйлеу тәсілі бар: кәрі шежіре Зере, одан қалды феодал Құнанбай, Құнанбайдың қолшоқпары Майбасар, ақын Дулат, жас романтик Абай бәрі өз тілімен сөйлейді.

Романның бас геройы Абайдың тілі ол өмірдің қат-қабатына сіңе түскен сайын өзгеріп, дамып, шалықтап өсіп отырады. Ең ақыры, тентек Оспанның сөз байлығы бала-

лық еркеліктен өмірдің обыр өкілдерін мысқылдайтын нәзік, зілді сықаққа ұштасады.

Романның суреттеу тәсілдері жөнінде де осыны айтуға болады. Мұхтар өзінің шығармасында пейзажды негізгі оқиғаның бетін неғұрлым аша түсу үшін, айтайын деп отырған ойын оқушыларына анық түсіндіру үшін қолданады. Қаһарлы, қатал Құнанбайды суреттеуді боранды, үскірікті Шыңғыс тауын суреттеумен қатар келтіреді. Немесе Абай мен Тоғжанды сөйлестіріп қойып, соның ізінше аспандағы селдір бұлтқа бір сүңгіп, бір шығып жүрген айды суреттейді, екі жастың махаббат сөздерін біріне бірі жүрексініп айта алмай тұрған кезін түсіндіреді. Мұның үстіне романда эстетикалық эмоция мен психологиялық анализдер өте көп.

Міне, осылардың арқасында романның образдары айқын, кесек болып шыққан.

IV

«Абай» — тарихи роман. Тарихи роман жанры өте қиын жанр. Қиындығы сол — онда жазушы, тарихи оқиғаларды, тарихи адамдарды, тарихи дәуірді, тарихи шындықты дәл, дұрыс көрсету керек, сонымен қатар, ол мұның бәрін де суретпен, әшекей-кестемен, перне-образбен бермесе көркем шығарма болмай, жай тарих болмақ.

Мұның үстіне тарихи роман жанры жалпы совет әдебиетінде, әсіресе, қазақ әдебиетінде жаңа жанр: тарихи романдар жазу жалпы совет әдебиетінде М. Горькийдің инициативасы бойынша мұнан он шақты жыл бұрын қолға алынған еді, бізде енді-енді ғана қолға алынып жүр. «Абай» романы соның бастапқысы деуге болады.

Ал, орыс тілінде қазір он-он бестей тарихи роман бар. Олардың ең бастылары: А. Толстойдың «Бірінші Петр» деген, Ю. Тыняновтың «Уәзір Мұхтардың өлімі», «Пушкин» деген, В. Янның «Шыңғыс хан» деген, П. Павленконың «Шәмил» деген, А. Антоновскаяның «Ұлы көсем» деген романдары.

Мұхтар «Абай» романын жазғанда, бір жағынан, тарихи роман жанрының әлгі қиыншылықтарын еске алып, көп ізденіп, әбден ойланып жазған да, екінші жағынан, орыс тіліндегі әлгі аталған тарихи романдардың артық-кемін жете зерттеп, солардан үлгі, сабақ ала отырып жазған. Осының арқасында «Абай» әлгі аталған романдардың бірқатарынан жақсы болып шыққан.

Онан соң «Абай» романын орыс тіліндегі тарихи романдармен салыстырғанда мына жағдайды ескеруім керек: орыс тіліндегі тарихи романдардың қай-қайсысының болсын тақырыбы, бас геройы туралы материалдар әрі есепсіз көп, әрі қолға ұстатқандай айқын.

Ал, «Абай» романының тақырыбы, бас геройы Абай жөнінде бірді-екілі оны көзімен көрген кісілердің айтқандары мен Абайдың өз шығармаларынан басқа материал жоқ. Абайдың өмірі де, шығармалары да, дәуірі де әлі жете зерттелмеген еді.

Мұхтар «Абай» романын жазғанда осы аз материалдарды, осы тың, соны жатқан мәселелерді талдап зерттеп, өз бетімен батыл талқылап жазған. Онысы әрі тарихи, ғылыми дұрыс, дәл, көркем болып шыққан.

Мұхтар кексе жазушы, көптен бері жазып келе жатқан жазушы: ол көптеген әңгіме, повесть, он бес шақты пьеса, бірталай ғылыми мақала жазды. Бірақ, асылында Мұхтардың ол шығармаларымен салыстырғанда «Абай» романы биік шың, жазушының өрге шығып, қияға қарай өрлеп келе жатқанын көрсететін шығарма.

«Абай» романы — қазақ совет әдебиетінің үлкен бір табысы.

«АБАЙ ЖОЛЫ»

Мұхтар Әуезовтың «Абай» (I-II кітап), «Абай жолы» (I-II кітап) романдары қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған ұлы ақыны, әлеумет қайраткері Абай Құнанбайұлының өмірі, қоғамдық қызметі, ақындығы, шығармалары туралы; түптей келгенде қазақ халқы туралы, солардың жарты ғасырлық өмірін қамтиды. Тарихи роман.

Тарихи роман әртүрлі болады. Қимыл, іс-әрекет, үлкен қозғалыс басшысы адамдар туралы роман («Петр Первый», «Емельян Пугачев», «Шыңғыс хан»). Ақыл-ой, творчестволық еңбек адамдары туралы роман («Пушкин», «Грибоедов», «Байрон»). «Абай», «Абай жолы» соңғы романдар қатарына жатады.

Ақын-жазушылар туралы романдардың өзі екі түрлі болып келеді. Бірі көбінше кейіпкердің өмірбаяны — биографиясы болып келеді де, екіншісі көбінше халықтың өмірі, тағдыры болып келеді. «Абай», «Абай жолы» осылардың кейінгісіне қосылады.

Яғни «Абай», «Абай жолы» тек Абайдың өмірбаяны, қоғамдық қызметі, творчествосы туралы ғана емес, сонымен бірге, көбінше қазақ халқының әлеуметтік өмірі, тағдыры, өткені мен күткені, тілек-арманы туралы роман.

Абай туралы романдардың басқа тарихи романдардан тағы бір өзгешелігі — Абай туралы жазба дерек, материал, күнделік, мемуар, естелік жоқ. Жазушы Абайдың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін, өмірбаянын, үй тұрмысын, жасаған ортасын — бәрін әркімнен сұрап, естіп-біліп, ақын шығармаларына сүйеніп, көбінше өзі жорамалдап түйген; оны заман жайына, сол замандағы халықтың қоғамдық тұрмысына, салт-санасына, тілек-арманына үйлестіріп түйген. Осылай тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырған.

Абай заманы қазақ халқының Россияға қосылған кезі; сонан қазақ арасында ежелгі ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыптар ыдыраған, ұлы орыс халқының екі мәдениеті де енген кез; Россияда, сонымен бірге қазақ даласында капиталистік қарым-қатынас өрістеген, ал, капитализм империализмге ұласа бастаған кез. Романдарда осы жағдайлар, заман бейнесі толық та айқын көрінеді.

Мұхтар совет жазушыларының творчестволық әдісі — социалистік реализмді тарихи тақырыпқа барынша шебер қолданған. Мейлі Абайдың өмірі мен қызметінің, ой-пікірі мен көзқарасының болсын, мейлі халық өмірі мен заман жайының болсын ең түйінді, ең маңызды мәселелерін іріктеп алып, соларды ескі мен жаңаның, кертартпалық пен ілгерішілдіктің қиян-кескі күресі етіп, ескінің, кертартпалықтың жеңіліп, жаңаның жеңіп, жетілуі етіп суреттеген; әрі тарихи нақты, көңілге қонымды, әрі әсем суретті, көрікті етіп көрсеткен.

«Абай», «Абай жолы» автордың көптеген жылғы күрделі еңбегінің жемісі, творчестволық шарықтауы, шыңға шығуы. Бұл романдар қазақ совет әдебиетінің тарихи табысы, асқар биігі, оны бүкіл одақ көлеміне шығарған, сол арқылы жер жүзіне танытқан тамаша, үлкен шығарма: қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш эпопея.

«Абай» романының бірінші кітабы — Абайдың жас жігіт шағы, азамат ретінде қалыптасуы.

Романның композициясы шеңбердей иіліп, дөңгеленіп келеді. Баста жас бала Абай қалада, медреседе оқып, аулына келе жатады. Ақырында сол Абай жас жігіт болып, елдегі неше түрлі қат-қабатты көріп, шытырманды кешіп, қайтадан қалаға келе жатады.

Әуелде жас баланың кіршіксіз, романтикалы лепірген көңіліне лайық жаз. Кейінгіде шытырман аралап, бел-белестен өтіп жабырқаған жас жігіт көңіліне лайық күз.

Абайдың осы айналған шеңбері, басынан кешіргені роман бөлімдерінің аттарынан айқын көрінеді. Олар «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» болып келеді. Негізгі кейіпкер үнемі жолда, өрлеу, өсу жолында.

Романның екінші бас кейіпкері Құнанбай. Оның тұла бойы: мінез-қылығы, іс-әрекеті, ой-ниеті — бәрі зорлық, зұлымдық, хайуандық, ескілік, ол феодализмнің бел баласы, негізгі тұлғасы.

Абай ауылда әкесінің әлсізге, азға істеген басымшылығын, кедей-жатаққа көрсеткен азабын, Қодар оқиғасын, әйел теңсіздігін, ру таласын — бәрін көріп, түйіп жүреді. Оларға әуелі іштей, көз жасымен налыса, наразы болса, кейін ашық қарсы шығады.

Осылай романда әкесі мен баласы — Құнанбай мен Абай бірде іштей, бірде сырттай, бірде астыртын, бірде әшкере егеседі. Ақырында шешімді сөзге келеді; екеуі айрылысады. Абай атаның ұлы емес, адамның ұлы болып шығады.

Яғни осы қиян-кескі күрестерде күшті, қаһарлы әке — Құнанбай бірте-бірте әлсіреп, кері кетіп, өшіп отырады да, жас бала — Абай бірте-бірте ер жетіп, жігіт болып, жанжақты өсіп отырады.

Романда бәрі шын да нанымды, жарасты да көрікті суреттелген.

«Абай» романының екінші кітабы — Абайдың адам, азамат ретінде өсіп жетілген шағы, ақын ретінде қалыптасуы, ақын, қоғам қайраткері ретінде басынан өткізгендері, іс-әрекеттері.

Алғашқы тарауда («Тайғақта») кітап оқып, ізденіп отыр. Құнанбай Мекеге жүргелі жатыр. Оған Дәркембай Дәрменді ертіп келеді.

Хақ сапарына жүріп бара жатқан Құнанбайдың мойнында қарыз-күнәсі, қолында Дәрменнің әкесі Қодардың қаны бар екенін ескертеді. Оған Абай жауап қайтарады: Құнанбайдың жауыз қылықтары үшін өзінің халыққа, Дәрменге қарыздар екенін аңғартады.

Автор осы әңгімелерге байланысты Абайдың дін, қожа, молда жөніндегі өлеңдерінің мәні, оларды туғызған жағдайды, өмір шындығын, ақынның творчестволық психологиясын ашады.

Екінші тарауда («Әнде») жазушы Абайдың басында болған жайды, тағы да ақындық психологиясын береді. Ақынның ән, күйге, жастыққа, достық, махаббат көзқарастарын бейнелейді.

Үшінші тарауда («Еңісте») Абай кедей, жатақтар мен байлар арасындағы іс, әңгімелерге араласады; кедей, жақты, халықты жақтайды. Автор Абайдың халық туралы өлеңдерінің тууын, мәнін аңғартады.

Енді бір тарауда автор романның бірінші кітабындағы жайға — Абай мен Құнанбай арасына қайта оралады. Құнанбай Мекеден қайтқан; бұрынғыша үстемдік етпек: Әмір

мен Үмітайды жазаламақ болады. Абай оған жол бермейді: дәуірің өтті, тек жат дегендей мінез білдіреді.

«Аңда» деген тарау әрі Абайдың қыс мезгілдері, аңшылық туралы өлеңдерінің туу жағдайы, мәні, әрі бірінші кітапта суреттелген Абай мен Тоғжан махаббаты.

«Асуда» Абай өзі мейлінше сүйген орыс мәдениетіне ойысады. Ол Михайловпен дос. Сонан жол үйренеді, Төтенше съезге барады. Онда Салиханың дауын шешеді. Өзінің саяси жолын — манифесін жариялайды.

Ақырғы тарауда («Шыңда») Абай «Евгений Онегинді» қазақ тіліне аударып, әнге салып, жұртқа таратады.

Бірінші кітап сияқты, бұл кітаптың да композициясы өрмектей тоқылып, шеңбердей иіліп келеді. Алғашқы тарауда кітап оқып, ізденіп отырған Абай ақырғы тарауда орыс әдебиетіне, орыс ойына жетті, шыңға шықты.

«Абай жолы» (бірінші кітап) Абай туралы романдарының үшінші, төртінші кітаптарын Мұхтар «Абай жолы» деп атады. Бұл кітаптарда ақын өмірінің соңғы кездері суреттеледі.

«Абай жолы» деген ат екі түрлі мағнаны аңғартады. Ақын, қоғам қайраткері Абайдың: өмірлік жолы: көргендері, басынан өткендері, идеялық жолы: нұсқаған бағыты, айтқан ақыл-өсиеті, жасаған қағидасы. Қай мағнасында болғанда да орынды, Абай туралы романға лайық.

Кітаптың тараулары: «Абай аға», «Кек жолында», «Қара шығын», «Өкініште», «Қақтығыста», «Қоршауда» деп аталады. Негізгі тартыс кедей, жатақтар — Дәркембай, Базаралы, тағы басқалар мен байлар — Тәкежан, Әзімбай, Оразбай, тағы басқалар арасында болады. Бұлар қиян-кескі егеседі, жауласады, қақтығысады.

Осы қиян-кескі күрестерде, ұрыс-қақтығыстарда, асылында халықтың элеуметтік тіршілігінде, бүкіл халықтық істерде Абай қалтқысыз кедей, жатақтар ішінде, халық жағында жүреді. Соларға аға, ақылшы болады, басшылық етеді, жол сілтейді.

Абай қауым ағасы, қайраткер, философ, дана. Тарих бет алысын, заман жайын, халық тағдырын сол ретте түйеді; ескіні, дінді, исламды сынап, мінейді, эшкерелейді. Өз халқы көшін жаңаға жетелейді.

Автор бұрынғы кітаптарында қазақ халқы мен орыс халқының достығын Абай, Михайлов сияқты оқыған ұлдардың достығы арқылы көрсететін еді. Бұл кітабында қа-

зақ шаруалары мен орыс шаруаларын ұшырастырады, солардың достығын суреттейді.

Романның құрылысы мейлінше қисынды; оқиғасы шытырман да күрделі. Сонда да адам бейнелері айқын, әсіресе Дәрмен, Әбіш сияқты жаңа адамдар бейнесі, Мәлике, Қаражан, Әйгерім сияқты әйелдер бейнесі айқын да келісті.

«Абай жолы» (екінші кітабы). Абай туралы романдардың бұрынғы кітаптарының оқиғалары далада, Абай аулында болушы еді. Мына кітабының оқиғалары біресе ауылда, біресе қалада, Семейде болады. Автор ел, халық өмірін кең қамтиды.

Романның тараулары «Түн-түнекте», «Құз-қияда», «Қапада», «Шайқаста», «Жұтта», «Эпилог» деп аталады. Ұзын желісі, негізгі оқиғасы, өзек әңгімесі: ауылдағы шаруа жайы, ру, тап тартыстары, жер, жесір даулары, қаладағы жұмысшылар, оқушы жастар жайы, тап күресі, революция лебі, діншілдер әрекеті, қала өмірі, Абай мен оның баласы Мағауияның өлімі.

Екінші сөзбен айтқанда ауыл, қала өміріндегі саяси-әлеуметтік оқиғалар мен мәселелерге Абайдың, Абай шәкірттерінің, Мағауия мен Дәрменнің қатысы, көзқарастары баяндалады. Абайдың жаңа қауым ағасы, ел көшін жаңаға бастаушы қайраткер ретіндегі бейнесі жасалады.

«Абай», «Абай жолы» романдарының көркемдік қасиеттері:

Романдарда өмір, тарих, оқиға дәл, тарихи нақты, революциялық даму қалпында көрсетіледі; тұтасып, шиеленісіп жатқан тартыс: эке мен бала, бәйбіше мен тоқал, ру мен ру, тап пен тап тартысы, ескі мен жаңа, кертартпалық пен өршілдік тартысы. Бәрі де күрделі, мағналы, көңілге қонымды, жарасты.

Мұхтар Әуезов жазушылық өнерінің кейбір саласына ғана, айтайық, шығарманың композициясын құруға, немесе кісі бейнесін жасауға ғана шебер емес, бәріне бірдей шебер. Шығарманың терең идеялы, көркем суретті болуына қажет шарт, өнердің бәріне шебер. Оның таланты әрі терең, әрі кең.

ЗАМАНДАСТАРЫМЫЗ ТУРАЛЫ РОМАН

Мұхтар Әуезовтың көзі тірісінде өз қолымен баспаға апара алмай, жазу столының тартпасына тастап кеткен романы жарыққа шықты. Ол «Өскен өркен». Романның атының өзі-ақ заманымыздың үнін естіртіп тұрғанын аңғарамыз.

Қазіргі кездегі романисттердің бір ерекшелігі сол — олар роман аттарын уақыт өлшемімен атауға машықтанушылық. Мәселен, одақ көлемінде жақсы баға алған «Время летних отпусков», «Время больших ожиданий», «Время таяния снегов», «Пора надежд и свершений», «Люди, годы, жизни», «Сын века», «Годы в шинелях», «За бегущим днем», «Писатель и время», «Поэты и современность» және «Наш современник в жизни и литературе» сияқты роман мен сын кітаптарын атауға болады.

Ал, мұндай құбылыс жазушылардың айқайлатып ат қоюға әуестігінен немесе өзгелерден ерекше боламын деп әдеби мода құғандығынан туған нәрсе емес. Бұл заманның жылдамдығына орай көркем шығарманың да қадамын кең тастауға тырысудан туған заңды құбылыс. Сондықтан қазіргі кездегі советтік қоғамның көкейтесті мәселелерінен көркем әдебиеттің қозықөш кейін қалып сөйлеуін совет жазушылары ар көре бастады.

Олай болса Мұхтар Әуезов романын «Өскен өркен» деп атауының табиғи сипаты бар екен. Рас, барлық мәселе романның атына қарай шешілмейді, алдымен заты керек қой. Автор романына үлкен ат қойғанына лайық, оның ішкі мазмұны мен идеясына да байсалды салмақ тастаған.

«Өскен өркен» жазушының көргендерін тізе беруден туған дүние емес. Онда қазіргі қоғамдағы ең басты мәселелерді айтушылық, түйінді ой шешушілік, заманымыздың

болашағын бағдарлаушылық басым. Романда махаббаттан бастап мемлекеттік саяси сипаты бар жайларға шейінгі аралықтың бәрі жазушының қарақты көзінен тыс қалмаған. Жазушы осындай үлкен кеңістікті алдым деп, тек көпіршіген көбікті қалқумен де қалмаған. Соларды шағын романның аясында әдемі айтып жеткізген.

Романның бағасы баспатабақпен өлшенбейді. Аз да болса тартымды болсын. Геройдың өміріне қатысы жоқ күнделікті көп қайталанатын жүріс-тұрысты (есіктен қалай кірді, галошын қалай шешті, қалай шәй ішті, т. т.) рет-ретімен есептеп айта беру шарт емес сияқты. Осы әдіс Мұханның мына романында бел ала бастаған.

Автор Карповтың, Айсұлудың, Сағиттың өмірбаян, анкетасын толық тізбектеп толтырып жатпайды. Айтпай қалуға қақысы жоқ керекті деген детальдарды сипаттайды. Мұнда психологиялық талдау да, логикалық силлогизм де, бір арнамен ағып сағасына жетіп тоқтайтын оқиғалық сурет те араласып келеді. Сондықтан «Өскен өркен» романында публицистика, очерк, памфлет жанрларының кейбір элементтері қатысып отырады.

Автор Қазақстанның түстік аудандарының өмір шындығына сүйене отырып, облыс өмірінің ең күрделі, шешуші салаларын сөз қылады. Романдағы кейіпкерлер мемлекеттік мәселелерді талқылауға қатысады, қой бағады, күріш егеді, т. т. Сөйтіп, алпысыншы жылдарда өмір сүрген адамдардың жақсы-жамандығы таразыға түседі.

Жазушы айналадағы өмірге сын көзімен қарайды: бір беткей өмірдің бет-аузын опалап, далап жақпайды, немесе бетіне күйе жағып қарайтпайды, өмірді айдын суға түскен сурет деп қарамайды. Яғни автор қараған көз қызықсын деп бірыңғай қызыл-жасылды қуалап кетпейді немесе көлеңке күйкі көріністі сипаттап бірыңғай қиястыққа да бармайды. Өмірдің тізгінін тең тартып ұстайды. Қай ретте болсын адамзаттың әрекеті теріс әдеттерді жағаға қағып, оның тынысын тарылта бастаған идеал басым жатады.

Романда басты кейіпкерлер санаулы ғана. Олар Н. П. Карпов, Айсұлу, Сағит. Бұларға қосымша бірнеше шаруашылық, мәдениет басшылары аталады. Бірақ олар оқиғаның ағымында қозғаушы күш болып саналмайды. Көп болып істелетін істердің үстінде, фонында көрінеді. Сонда да олар жандайшап ролінде ғана қалып қойып, қан-сөлі жоқ силуэт сияқты елестемейді. Бір-екі көрінген жерде-ақ олардың табиғатын айқын танып қалуға болады. Бұған қара-

ғанда автор шығармада аты аталған адамның бәрін бастан-аяқ бар қырымен көрсетуді шарт етіп қоймаған сияқты.

Романдағы басты қаһарманның бірі — Н. П. Карпов. «Партия оны беймәлім сырлары мол, бейтаныс республикаға жұмысқа жіберді». Қазақстанға келген бетте қасына мәдениетті қауымның өкілдері Жандос пен Әсияны ала отырып, астананың іші-сыртын аралайды. Аралап бара жатып, қаланың көз тойттар әдемілігі қай жерде — соған тамсана, тамашалай, сонан соң қарама-қарсы кем-кетігі қай жерде — соны сын көзімен әділ атап отырады. Олар бір кез филармония залындағы концертке қатысады. Карпов бұл арада қазақ халқының рухани күшіне іштей илана отырып, оны Европа мәдениетінің деңгейімен салыстырады.

Концерттен шыққан соң өз көңіліне сыймаған жайларды атап-атап, орнықты пікір қозғайды. Карпов тың көз. Оған артық-кемнің тез көрілуі табиғи нәрсе. Бірақ Карпов барлығына қазылық айтуға ғана келдім деп ұқпайды. Ара-тұра Қазақстанда туып-өскен Жандос пен Әсияның да көзқарастарына құлақ сала отырады.

Карпов Орталық Комитеттің ұйғаруымен Оңтүстік облысқа бірінші секретарь болып тағайындалады. Барған бетте креслоға жайғасып отыра салмайды. Қым-қуыт шаруашылық істеріне етене араласып кетеді. Ол облыстың шаруашылық сипатын толық тану үшін қағазға жазылған цифрлардан бастап, ел басқарып отырған адамдардың қабілет-қажырына дейін зерттеп шығады.

Автор бұл күндері Карпов қандай деректермен танысты деген жайды айтқанда бірнеше есеп-сандарды да бухгалтериялық жүйемен атап өтеді. Сөйтіп, романда очерктік критерияны да пайдаланады. Жазушы мұндай жерде цифрды сағыздай созып, статистикаға ұрынбайды. Бір абзацтың көлемінде айтады да, кілт адамның психологиясына бет бұрып кетеді.

Карпов көрінер көзге тез шалына қоятын жалаң адам емес. Бірде ұстамды, байыпты болып көрінсе, бірде әрі ер, әрі саяси қайраткер, әрі іште жатқан адамгершілік қуаты мол қарапайым халықтың бірі болып көрінеді. Әсіресе, оның зор азаматтық бейнесі алыс жайылымның ауыртпалығы мен қыс жұты қатар орнаған шақта жарқырай түседі.

Аталған маңызды саланың қымбат жақтарымен қатар, жетіспеген кемшілік-олқылықтарын картадан көргендей аңғарып отырады. Тек қана аңғарып қоймайды, сол қиыншылық қылтасынан қалай құтылудың жөн-жобасын үйретіп

отырады. Ол назар аудармайтын мәселе жоқ: жұмысшы, шаруа адамдарының тұрмыс тіршілігі, қазақ қыздарының моральдық правосы және зиялы адамдардың арасында ара-тұра кездесіп қалатын ескіліктің салт-санасы сияқты толып жатқан жайларды жіті қадағалап отырады. Қадағалап қана қоймайды, соның туу себептері мен жою жолдарын нұсқай да біледі.

Мәселен, Карпов құмға барғанда жас босанып, жөргектің буымен баласын жылытып отырған әйел халі, тіршілік салтын сағатпен санамай, он күн боранда киім шешпей, табиғат күшімен қарыса күрескен шопандардың жай-күйі де Карповқа қатты ой салады. Мұндай құбылыс жылдан жылға қайталана беретін табиғи қиыншылық қой деп қарап, еті үйренгендерге ашынады. Ол өз шенін, өз портфелін сақтап қалуға бола өтірік ақпар беруші, көзбояушыларды атап айтып, партиялық адалдық үшін күреседі.

Карпов қолындағы билікті пайдаланып, көрінген адамды бас-көзге сабап, қамшы үйіруге бармайды. Бәрін баппен, сабырлы салмақпен шешеді. Ол қой өлмесін дей тұрып, алдымен адам қамын ойлайды. Мырзабай даласындағы оқиғадан үлкен ой түйеді. Жансыз, қыбырсыз, қу медиен далада қой жусағанда бірге жусап, қой өргенде бірге өрген қойшылардың ауыр халін жеңілдету үшін не істеу керек деген сұраққа партияның, ғылымның ойын ұштастыра айтады.

Карповтың үлкен ойшылдығы обкомның маслихатында толық ашылады. Түстік облыста баянды байлық жасау үшін үш түрлі шарт қояды: бірінші — су құдықтарын көбейту керек. Екінші — қой сүрлеуінің орнына даңғыл жол салу керек; үшінші — малға қора, адамға үй-жай орнату керек, — дейді. Осыларды орындамай ешуақытта да мал шығынсыз, адам қорлықсыз болады деп ойламайды ол. Қысқасы, төрт жыл бұрын, он жыл бұрын болып келген қара-дүрсін тіршілікті қайталамас үшін осы шараларды жүзеге асыру ғана адамды табиғаттың стихиясынан құтқармақ.

Бұл арада автор шаруашылықтың сырын, кілтін айта отырып, Карповтай көш басшысы бола біл деп отыр.

Жазушы партия қызметкері мен шопандардың батырлығын, отаншылдығын айтамын деп, бірыңғай шаруашылық сахнасын суреттеудің әуеніне төңкерілмейді. Оның ыстық-суығын қызық қып суреттеумен бірге автор семьялық тіршілікті де араластырып отырады. Бұл ретте де автор жеке

бастың тағдырын қоғамдық, әлеуметтік сипаты бар дәрежеге көтереді. Соның ішінде XIX ғасырда өмір кешкен Алуа мен XX ғасырда өмір сүруші Айсұлу жайын келтіреді.

Қос сұлу сымбат жағынан бір-біріне қандай ұқсаса, қорлық көрген жерде қорғансыздықтан құтылуы екі басқа. Автор Алуа жайын романға араластыра отырып, оңтүстікте бір кезде мұсылманшылықтың терең тамыр алғандығын еске түсіреді. Бұл әңгіме Бабата мешітіне байланысты туады. Алуа атты көрікті келіншектің кәрі байға қарсылық жасаймын деп, қазірет, қалпелердің кәріне қалай кезіккенін көрсетеді. Шарифат, ескілік қағидасы күнәсіз келіншекті көрге көмеді.

М. Әуезов осы трагедияны жан түршігерлікпен суреттеген. Алуа өлімін сипаттағанда автор оны «Абай» романындағы Қодардың қазасынан да қандырақ қып көрсеткен. Алуа қорғансыздықтың күнінен өлді. Бұған ара тұрған ешкім жоқ.

Ал, XX ғасырда Айсұлуды алып қашпақ болған Сағит сияқты сұм содырды еліктірген не? Бұл ескіліктің шырмауы. Қазақтың ескі әдеті бойынша қыздың сүйюі, сүймеуі шарт емес деп қараушы Сағит түн жамылып төсекте жатқан Айсұлудың көрпесін ашады. Сағит қыз көрпесін ашумен бірге, күні өткен пасық салттың шашпауын да желпиді. Бірақ бұған жол жоқ.

Ескі ауылдың феодалдық-патриархалдық дерт мінезі Сағитта қалай қалыптасты? Әлбетте социалистік қоғамда Сағит сияқты әйелдің азаттығына қарсы әрекет етуші дімкес адамдардың арқа тірер әлеуметтік ортасы жоқ. Бірақ сорға қарай Сағит сияқтылар аз да болса бар ғой. Автор Сағиттың мінезі арқылы соларды сынайды.

Сағит ескіліктің салт-санасын өз семьясынан үйренеді. Тұтынушылар одағының бастығы Әбілмәжін (ағасы) мен айлаалы тілдің адамы Әсел (жеңгесі) алаңғасар Сағиттың қолына құрық беріп отырады. Бұларды Айсұлудың қызықтырар бір жері бар — ол үйіндегі қызыл-жасыл дүние-мүліктің көп екендігі. Ал, Сағиттың Айсұлуға қызығуы — оның сұлулығы.

Сағиттың оспадар осалдығын пайдаланып, туыстары топ болып Айсұлудың соңына шам алып түседі. Сүйенер әкесі, не ағасы жоқ жалғыз жетімді қақпанға түсірмекке не деп тістерін басады. Содан тоң-торыс теріс бұтақ боп өскен Сағит дәрежі дене, қайрат күшіне ерік беріп, Айсұлуға пышақ жұмсайды. Бұл қылығы тергеу орнына түскенде, ағасы

бар беделін салып, Айсұлу арызын сылап-сипап, майға орап, аяқсыз тастайды.

Сағит қылмыстың тұзағынан оңай құтылған соң, екінші рет ұр мінезге барып, Айсұлудың інісі Арманды машинамен басып өлтіреді. Бұл арада тағы да айла-шарғы жүреді. Сағиттың ағасы пара беріп, арын салып, Арман өлімін елеусіз қып тастайды. Соның салдарынан сот Бекбаев, прокурор Саматов сияқты саяси соқыр адамдар да қолын қанға бірге батырған боп шыға келеді.

Шынымен-ақ момын, бейнет баққан Айсұлу, оның анасы ақиқат таппағаны ма деп тұрғанда, бұл іске обком да құлақдар болады. Сонымен бірге, бұған Әсия сияқты әйел қайраткерлер де араласады. Ақыры, аудандағы басшылардың болымсыздан болмыстың суретін жасаған жамау-жасқауларының күлі көкке ұшады. Партия органы Айсұлудың правосын қорғай отырып, соған қосымша бұл өңірдегі қазақ қыздарының кейбіреуінің оқуды тастап, күйеуге ерте шығу салтын да сарапқа салады.

Жазушы егер Айсұлу осы жағдайға ХІХ ғасырда душар болса, Алуаның жолын құшар еді деген қорытынды аңғартады. Ол осындай антитезалық эпизодтарды айта отырып, қазақ қыздарының өткені мен бүгінгісінің элеуметтік сипатын ашады. Бұл автордың тапқырлығы болып табылады.

М. Әуезовтың «Өскен өркен» романында саяси қайраткерлер, оқымысты қауымның өкілдері, шаруа адамдары араласып келеді; олардың демалыс үйінде, дастарқан басында, жол бойында, қызмет бабында отырған кездерін арнайы суреттеуге де автор біраз назар аударған. Бұндайға көп орын бермесе де, айтпақ ойын қыстыра кету үшін әдейі тоқтайды.

Мәселен, демалыс үйін айтқанда кейбір мәдениетіміз деуші дүмшелердің салттарын сынап өтсе, енді бірде, дастарқан үстінде «бесбармақ» туралы оны қаралап, айыптап айтушылардың теріс көзқарасын қағытып өтеді, тағы бірде кітап бетін қарамай, конторлық чиновникке айналған карташыларды қатты келемеж қылады. Сондайларға қарамақарсы Европа мәдениеті мен этикасына қалыптасып қалған қазақ зиялыларының сөйлеу мәнеріне, ілтифатына да назар аударады. Мұндайда күнделік тұрмыста көп айтуға әдеттенген оптимистікпен қатар, сараң сыншылдық та қосөрім қатар тұрады.

Мұхаң романында сандаған адамның атын атайды. Әсіресе, көптеген адамның бас қосқан жері — құмдағы қыс.

Мұнда бұқара мен мемлекет қайраткерлері бас қоса отырып, қайрат көрсетеді. Қарабастағы ақ боран, аязды үскірік адамның ақылын, малдың берекесін рәсуға ұшырата бастағанда, екі топ бірге отырып ақылмен, берекемен есептеп іс етеді. Сол бір сын сағатта кімнің кім екені атой беріп қалады. Мәселен, мойымас Медет, жігерлі Жарасов, жат есепті Жақанов, қалтаң-құлтаң Қасымовтарды атап айтуға болады. Бұлар романда бірер рет сахнаға шықса да, қандай адамдар екені айдан анық сезіледі.

М. Әуезовтың «Өскен өркен» романы ашылған бетте жазушының объектіге алған кейіпкерлері Жандос, Әсия, Ілиястар қызу оқиғаның сферасына еркін араласа алмай қалған. «Өскен өркенді» төрт роман қып шығарамын деген болу керек, Мұхаң оларды кейінгі кітаптарының еншісіне тастаған сияқты. Дегенмен, аты аталған үш адамның ішінде Жандос пен Әсияның образы едәуір шыққан. Жандос — қатал сыншы, әрі көргіш, айтқыш, сезгіш, сергек ақылдың иесі. Ал, Әсияға жаратылысындағы жайдарылыққа қоса өмірдің дағдысын біліп көруден туған сыпайылық, турашылдық тән.

Романының композициясы шым-шытырық емес. Айқын да жүйелі. Бір эпизодты айтып, бір ойды түйдім-ау деген жерде, автор кілт басқа оқиғаға ауысып, параллель алып кетеді. Ол эпизодтар темір жолдың рельсіндей, ұшы-қиыры жоқ жарыса бермейді, барып-барып бір-бірімен ұштасып, өріліп жатады.

Кейбіреулер роман аяқталмады дегенге «Өскен өркен» үздік-үздік дүние шығар деп те жүр. М. Әуезовтың «Өскен өркен» атты бірінші кітабы көп томды романның алғашқы қарылғашы болса да, ой қорытындылауға тұрарлық өзіндік бітім, бірлігі бар. Рас, романның екінші тарауындағы бірінші бөлімді автор жазбай ашық тастап кеткен. Бірақ бұған қарап «Өскен өркен» эскиз күйінде қалса керек деп топшылауға болмайды. Бұл романның идеялық мазмұнына әсерін тигізбеген.

Шығармада ширақ сюжет те, драмалық қақтығыстар да бар. Оның бәрі де автордың негізгі нысанасы мен идеалына дөп тиіп жатады. Мұнда майда лиризм, асқақ пафос, шынайы шындық қосөрім қатар көрінеді.

Мұхаңның құдіреті — оның тілінде ғой. Бұл романда шендік (риторика), қарапайымдылық та, сыпайылық та сезіледі. Сөздің өңі сөйлеу жанрына қарай қырық құбылып отырады: саяси сөздері салқын, салмақты, ал, сот сөздері

кең көлемде, құбылмалы, қысқа, ал, адамдардың өзара әңгімелері өткір, әрі астарлы келеді.

Осы еңбегінде жазушы біралуан сөйлеу құрылысын көбірек қолданған — ол логикалық силлогизм. Соған бір ғана мысал алалық. «...Обжкомның бюросы өтіп жатқан кез. Әлім сөйлеп тұр: «Нил Петрович, осындай ашық тұрған есепке қоса еске алатын және менің ойымша еске алмауға болмайтын бір жай бар. Ол Ұзақ ауданының ауыр жаманшылығының бір ауырлығы бар»,— дейді де Әлім әрі қарай дәлелдеуге түседі. Содан соң сөйлеуші айтып-айтып келіп, ақырында синтездеумен түйеді: «...Міне, бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар, енді бір жақсылықтың тағы бір жаманшылығы бар дегенде мен осы жайларды еске аламын»,— дейді.

Сөйтіп автор риторикалық искусствоның бірнеше элементтерін де кәдеге жаратып отырған. Сонымен бірге, жазушы ілме, қақпа сөздерді жиі қолданады. Соған бір мысал. Карпов Орталық Комитеттің бірінші хатшысына былай дейді: «...жұтағандықтан, қаза көргендіктен тиісті болатын право бойынша біраз кеңірек уақыт беруіңізді сұраймын».

Басшы қызметкер оған былай деп жауап қайырады: «Әдетте бізде табысы көп кісі көп сөзге праволы болмаушы еді. Табысымыз жоқ, шығынымыз көп, сондықтан көп сөзге правомыз көп дегенді сізден көрдім, Нил Петрович»,— дейді.

Әрі әзіл, әрі астарлы, әрі ұтымды сөз екені айдан анық. Біріншіден, автордың бұлай сөйлетуі өзінің мәдениетін танытса, екіншіден, өскен қауымның рухани дүниесін де осы арқылы сездіріп тұр. Атап айтсақ, осы бір әдіс болашақ әдебиетіміздің өріс табар соны соқпақтарының бірі болса керек.

М. Әуезовтың «Өскен өркен» романының жақсы қасиеттерін атай отырып, сонымен бірге көңілге қона қоймайтын кемшіліктен де ада емес екенін ескерте кету артық болмас дейміз. Мәселен, автор Ілияс пен Айсұлудың арасындағы махаббаттың мотивін сырт сұлулықтан іздейді. Ілияс Айсұлуды демалыс үйінде көрген жерде-ақ, оның көркіне құштарлана қалады.

Ол да табиғи заңдылықтың бір элементі шығар, бірақ жастардың бір трагедиясы да осында емес пе? Сұлу көрсе, қолды-аяққа тұрмай тыпыршып қалушылардың біразы баянды семья бола алмаушылыққа да ұрынып жүрген жоқ

па? Жастар бірін-бірі таңдағанда сырт сымбат бірінші критерий болмаса керек. Алдымен адамгершілік парасат, азаматтық ақыл-ой аралық қатынасқа көпір қойса керек. Айсұлу әдемі де, ақылды да шығар. Бірақ Ілиястың ол туралы толық хабары да жоқ. Сөйте тұрса да Ілияс та әйтеуір «Сұлуды сүйемкке пайғамбар сүндеті» деген сияқты инстинкт ғана бар.

Екінші, Карпов, Жандос, Әсия үшеуі филармонияның залында отырып, қазақ көркемөнері туралы ұзақ сонар сөздерді айтып, көргендерінің бәріне сипаттама береді. Олар шыға сөйлесті десе бір сәрі. Мұхаң шығармасында өмірлік норманы қатаң сақтаушы еді ғой, мұнысы қалай дегізетін жері. Сонымен бірге, автор үш кейіпкерінің аузымен қазақ көркемөнері туралы әділ таразы пікір айтқыза отырып, ара-тұра тым қатал қорытындыларға да барып қалады.

Шындыққа келіңкіремейтін тағы бір жері — Медет деген қойшы күн-түндеп қоймен ығып кетіп, айдалада жападан жалғыз шалдыға жүріп Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлым» әнін айтып жүрген даусынан табылды деуі. Сонымен қоса басы артық «рет санымен» суреттеу де кездесіп қалады. Әсіресе Айгене туралы айтқанда. Мұнда басшылардың келіп-кетуін бас-басына тізіп айтады. Бұл жері артық сияқты.

Жоғарыдағы там-тұмдаған сынды айтудағы мақсатымыз — Мұхаңның төл шығармасы болса да, қазір халық мүлкіне айналып кетті ғой. Сондықтан келешек оқушылар кешіріммен қарап оқитын жерлері осылар ғой демекпіз. Егер біз атаған сынды романның жақсы жақтарына шағып жіберсе, онда олар теңізге тастаған тамшыдай ғана.

Қорыта айтқанда Мұхтар Әуезовтың бесігінің үстінде «Абай» романдары қалай жарқырап жанып тұрса, «Өскен өркен» де солай жарқырап жанып тұрмақ.¹

1963

¹ Бұл мақала газетте С. Садырбаев екеуіміздің атымыздан жарияланды. Б. К.

ЖАЛЫНДЫ САЯСИ ЛИРИКА

I

Сәбит Мұқанов қоғам жұмысына, әдебиет майданына Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерінен бастап араласты. Сонан бері қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендету ісіне белсене қатынасып келеді. Оның аты республика жұртшылығына, бүкіл Совет Одағына, халықтық демократия елдерінің біразына мәлім.

Сәбит қазақ совет әдебиетімен бірге туып, бірге өсіп келеді: ол ірілі-уақты жүздеген өлең, ондаған поэма жазып, қазақ совет әдебиетінің поэзия саласын дамытуда көп еңбек сіңірді; он шақты роман, повесть, көптеген әңгіме, очерк жазып, қазақ совет әдебиетінің проза жанрын өркендетуде елеулі еңбек етті; ол драма жанрына да араласып, бірнеше пьеса жазды: әдебиет сыны мен қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде де бірқатар еңбек етті.

Яғни, Мұқанов — әрі қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, әрі қазақ совет әдебиетінің әр жанрда жазып жүрген көрнекті қайраткері. Оның жазушылық сапарының кезеңдері қазақ совет әдебиеті тарихының даму кезеңдерімен дәл келіп отырады.

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жанында Сәбит Мұқановтың таңдамалы өлеңдер жинағын басып шығарды.

Сәбит Мұқанов әдебиет майданына ұлы революциялар, сұрапыл күрес-соғыстар дәуірінде келді. Алғашқы адымынан бастап жетім-жесірлер, жаншылып, жапа көргендер мүддесін, Октябрь революциясы идеясын жырлады.

Ақынның 1917—1920 жылдары жазған өлеңдерінің таңдаулылары: «Көңілім», «Неге тудым? (Бір жетім баланың

аузынан)», «Жалшының зары», «Шығар күнді», «Албасты», «Малипаға», «Бостандық», «Жазғы таң» деп аталады.

Бұл өлеңдерінде Сәбит өзінің, қазақ кедей-жалшыларының революциялар мен азамат соғысы жылдарындағы тұрмыс жайын, мұң-мұқтажын, көңіл-күйін, ізгі тілегін суреттейді. Езіліп, жапа шеккен кедей-жалшы, жетім-жесір өзінің туғанына өкінеді; ерікті, бақытты өмірді аңсайды, оны түсінде көреді. Ұзамай ол түсі өңіне айналады, бостандық болады, қуанады. Ақын өзінің, жалшының қуанышын жыр етеді, революцияны дәріптейді.

Ақын, сонымен бірге жалшы бірте-бірте бостандықтың — революцияның мән-жайын, оған қалай жеткенін, өздерінің ондағы ролін, ендігі міндеттерін аңғара бастайды.

Бостандыққа белді буып берілдік...
Енді еркінбіз, күн біздікі күлеміз...
Ал, кедейлер, деп жүрмеңдер бос қалдық
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі,
Өзің ие, міне саған бостандық! —

дейді.

Қазақ совет әдебиеті дамуының, Сәбит жазушылық сапарының екінші кезеңі — елде жаңа орнаған совет өкіметін нығайту, соғыстар, революциялар кезінде күйреген шаруашылықты қалпына келтіру, мәдениетті өркендету дәуірі еді.

Осыдан қазақ совет әдебиетінің, Сәбит өлеңдерінің бұл дәуірдегі негізгі тақырыптары — Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Ленин, Совет өкіметі, Коммунист партиясы, Қызыл Армия, қазақтың бостандық, теңдік алған кедейлері мен әйелдері, ауылдағы жаңа тұрмыс болды.

Мұны Сәбиттің 1920—1930 жылдар арасында жазған өлеңдерінің тақырыптары айқын сипаттайды. Жинаққа ақынның осы кезде жазған 57 өлеңі енгізілген. Олардың аса көрнектілері «Ленин жолдасқа», «Қызыл арқа», «Пионер», «Әжем», «Менің тойым», «Шоқпыттың шаруасы», «Сүт заводы», «Мәңгілік ұлы халықтың», «Құтты болсын мейрамың», «Егістік», «Мәдени майдан» деп аталады.

Сәбиттің бұл жылдардағы ойы мен сөзінің өзегі Октябрь революциясы, Ленин, Совет өкіметі, Коммунист партиясы; осылардың қазақ еңбекшілерін ғасырлық құлдықтан азат еткені, саяси, шаруашылық теңдікке жеткізгені, ауылда жүргізілген науқандар, сүт заводы, серіктік, мектеп, қызыл бұрыш, пионер ұйымы сияқты жаңалықтар. Ол осыларды үгіт, насихат етіп айтады.

...Ленин
— Ол ер, адал ұл, ол кемеңгер...
Октябрь!
— Ол тарихтың ұлы беті...
Октябрь!
— Жаңа дүние есігі ол...
Октябрь!
— Жер жүзінің шырағы ол...
Октябрь!
— Коммунизм босағасы!
Ленин коммунизмнің қос ағасы! —

деп қорытады ақын.

1930—1941 жылдар арасы елімізде социалистік қоғам құру дәуірі болды. Бұл кезде Сәбит бесжылдықтар тұсында Қазақстанда өндірістің, колхоздың, совхоздың, халық мәдениетінің өркендеуін, Советтік Конституцияны, халықтар достығын, советтік патриотизмді жыр етті. Жұртқа солардың саяси, тарихи маңызын түсіндірді.

Сәбиттің бұл дәуірдегі өлеңдерінің әрі ең көрнектілері, әрі ең тамашалары «Майға сәлем», «Конвеер», «Қарағанды», «Күннен күшті большевик», «Ол туралы ән мен күй», «Колхозды ауыл осындай», «Гүл бақшадай Отаным», «Сөз советтік армия», тағы басқалар. Осы өлеңдерінде ақын социалистік қоғамның, совет адамдары тұрмысы мен ісінің ерекшеліктерін жете, келісті баяндайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сәбит Мұқанов «Поэзия маршалы», «Біздің күш», «Майданға хат», «Ленин қаласына», «Жеңімпаз Қызыл Армия» деген сияқты көптеген өлеңдер жазды. Ол өлеңдерінде ақын совет адамдарының тылдағы, майдандағы ерліктерін, социалистік Отанымызға, Коммунистік партияға шексіз берілгендігін, жауды жеңу жолындағы жанқиярлығын жырлады. Совет адамдарының ерекше қасиеттерін суреттеп, тамаша бейнесін жасады.

Сәбит Мұқановтың Отан соғысынан бергі жердегі өлеңдерінің негізгі тақырыптары: Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге қарай бет алып бара жатқан совет халқының шөл дала, жапан түздерге су шығару, ағаштар егу, тың және тыңайған жерлерді итеру жөніндегі қажырлы еңбегі, сәнді тұрмысы, жаңа соғыс өртін тұтатпақшы болғандарға қарсы күресі.

Қысқасы, Сәбит Мұқанов өз заманымен қатар аттап, еліміздің өміріне белсене араласып, оның әр кездегі күнделікті, көкейтесті, түйінді мәселелерін жыр етіп келе жатқан ақын. Оның өлеңдері еліміздің көркем сөзбен жазылған шежіресі тәрізді.

Сонымен бірге, Сәбит өзінің жазушылық сапарының барлық кезеңінде үнемі ілгерілеп, өсіп отырған, жылдан жылға тақырыбы көбейіп, күрделеніп, ой-пікірі тереңдеп, жетіле түсіп, қаламы төселіп, шеберлігі ұстарып отырған.

II

А. Фадеев бір сөзінде: «Біздегі шығармалардың, ақындар өлеңдерінің тақырыбы бір сияқты. Бәрі совет шындығы, советтік патриотизм болып келеді. Егер әр шығарманың көркемдік жағы, әр ақын өлеңінің өзіне ғана тән ерекшеліктері, әр ақынның өзіндік қана қасиеттері ашылмаса, онда біздегі барлық ақын бір кісідей болып шығады. Әр шығарманың көркемдік ерекшеліктері, әр ақынның тек өзіндік қана қасиеттері ашылсын»,— деген еді.

Мәселенің осы жағына, Сәбит Мұқанов өлеңдерінің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, оның өзіндік қасиеттеріне келсек, олардың кейбіреулері мынадай деуге болады.

Сәбит Мұқанов — құлашы үлкен, қармауы мол, тынысы кең ақын: өлеңдерінің тақырыбы көп алуан, күрделі, маңызды. Қазақ халқының Октябрь революциясынан бергі қоғамдық өмірінің Сәбит назары түспеген, Сәбит сөз қылмаған жайы, жырламаған маңызды, көкейтесті мәселесі жоқ.

Сәбит Мұқанов — сыршыл, лирик ақын, оның өлеңдері түгелдей дерлік саяси лирика: күнделікті, маңызды, саяси тақырыптарға жазылған, кейбірі үгіт, насихат, кейбірі үндеу, ұран, кейбірі байсалды кеңес, байыпты түйю, кейбірі сын, әшкерелеу болып келетін жалынды саяси лирика.

С. Мұқановтың лирикасы совет оқушысын өзінің социалистік Отанын, Коммунистік партиясын сүйуге, еңбекке, ерлікке, тапқырлыққа, қырағылыққа тәрбиелейді; Отанды өркендету, жаудан қорғау, коммунизм орнату жолында жанқиярлықпен күресуге үндейді.

Саяси лириканың бір ерекшелігі — онда барды баяндау, табысты жырлау, жақсыны мадақтаумен бірге кем-кектікті, мінді көрсету, сынау, сықақ, әжуа, әзіл болады. Жарасымды, өткір әзіл, әжуа, сықақ, сын әшкерелеу, тіпті саяси лириканың жаны десе де болады. Мұндай лирика ескіні, мешеуді, жатты, жауды өлтіре сықақ етеді. Жақсыны, жаңаны, өршілді дәріптейді; солар арқылы болашақ қасиеттерін бейнелейді.

Бұл қасиет Мұқановтың лирикасында да бар. Жинақтағы «Ит үреді, керуен көшеді», «Пұшық мұрын қайнаға», «Ағай мен жеңгей», «Бүгін қатын биледі», «Пай-пай-пай, шіркін келуін!», «Трумәннің түсі мен өңі» деген сияқты бірсыпыра өлеңдер досқа әзіл, өзара сын болып, жауға әжуа, сықақ, әшкерелеу болып келеді.

С. Мұқанов өз өлеңдерінің бұл ерекшелігі жөнінде былай дейді:

Мен солай сөйлеп кеттім қалам ала,
Қаламым тікен болды, тілім ара,
Деп дұшпан ойбайлады сол уақытта:
«Мынаның өлеңінің түрін қара!»

Мен сұға бердім тілді одан да әрі,
Жауымның ойбайлауға келмеді әлі,
Кешікпей үні өшті,

Достарыма —
Шырындай өлеңімнің болды дәмі.

Бұл жағынан Мұқанов жолдастың өлеңдері совет жастарын ескіден, жертартпадан, мешеуден жирендіреді, жауға кектендіреді. Яғни, С. Мұқановтың лирикасы, халық поэзиясының алыбы Жамбыл айтқандай, жауға оқ, досқа жыр.

Лирикалық өлеңді тартымды, қызықты ететін бір нәрсе — оның сюжетті, әңгімелі, мықты композициялы, бас-аяғы жинақты болып келуі.

С. Мұқановтың өлеңдерінде мұндай қасиеттер де бар. Оның қай өлеңі болсын, белгілібір композицияға құрылады; көп өлеңдері сюжетті болып келеді. Жинақтағы «Сүт заводы», «Шоқпыттың шаруасы», «Жемісті ағаш», «Колхозды ауыл осындай», «Гүл бақшадай Отаным», «Домбыраның сәлемі», тағы-тағылар қызық сюжетті, әңгімелі өлеңдер.

Мысалы, ақын «Гүл бақшадай Отаным» деген өлеңін сюжетті аңызды етіп келтіреді: Советтер Одағының саяси, мәдени тұрмысын, күш-қуатын, болашағын қызықты аңыз етіп айтады, аз сөзбен көп әңгіме баяндайды. Осыдан оның өлеңдерін халық қызығып оқиды.

Сәбит Мұқанов өлеңдерінің сырты, көркі, тілі, өлең құрылысы (өлшемі мен ұйқасы) барынша қарапайым: кейде ырғақты қара сөз тәрізді десе де болады. Ақынның өзі, мен өлеңдерімді жабайы, жұрт түсінер деген тілмен жазам, дегенді айтады.

Бірақ, оның өлеңдері мәнді, лепті, екпінді болып келеді.

Осыдан олар өлең болып оқылады, барлық оқушының көңіліне қонады, сезімін тебіренгеді.

Сондай-ақ, Мұқанов жолдас өз өлеңдерінде күнбе-күнгі өмірде, іс-әрекет, әңгіме-кеңес үстінде көп айтылатын, қалың бұқараның өмір, тіршілігінде көп ұшырайтын, солар айтатын сөздерді, атауларды әрі көп, әрі орынды қолданады.

Мысалы, С. Мұқановтың «Колхозды ауыл осындай» деген ұзақ өлеңін алсақ, онда ақын колхоз өмірінде көп ұшырайтын, колхозшылар тұрмыста, жұмыста көп айтатын сөздерді жиі қолданады. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген зәру, өмірде көп қолданылатын техникалық атауларды да ол кірістіріп отырады.

Осыдан ақынның өлеңдерінің тілі, атаулары, сөз байламы тақырыптарына, ақындық лирикалық кейіпкерлеріне сай келіп, сондықтан да көрікті болып тұрады.

Мұқанов жолдас өлеңнің көркі, өлшем, ұйқасы жөнінде көп ізденуші, жаңалық қарастырушы ақындардың бірі. Ол өз халқы мен орыс халқының бұрын-соңды үлгілі поэзиясындағы қолайлы, жақсы, жаңа деген жәйттер мен тәсілдерді өз поэзиясына енгізуге, сол арқылы қазақтың ақындық мәдениетін байытуға тырысады. Бұл жөнінде Сәбиттің кейбір игі табысы бар.

С. Мұқанов көп ретте өлеңінің ырғағын әдейі өзгертеді: қазақтың ежелгі буын, шумағы санаулы, шырқамалы, әнді өлеңін еркін ырғақты, диалогты, әңгіме-кеңесті өлең етіп келтіреді. Мысалы:

— Сен оған айт: — бір емес тобымыз де,
— Әкеп тұрған бұл астық қорымыз де,
— Бейбіт күнде нанымыз, соғыс болса —
Бір бидай жауларға бір оғымыз де («Колхозды
ауыл осындай»).

Сәбиттің мұнысы жаңалық, орынды, қажетті жаңалық: өлеңді өмірге жуықтату, қарапайым ету, өмірді айнытпай беру; бұл тәсілді өлең жазушы дәл өмірді көзімен нақты көріп отырып, колхоз, өндіріс өмірінің ортасында жүрген адамдардың әңгіме-кеңестерін, сөйлескен сөздерін естіп келіп жазған тәрізді болып шығады. Оның лирикасынан өмір лебі есіп тұрады.

Ақын көп ретте қазақтың бұрынғы 11 буынды, 7—8 буынды өлеңдерінің әр тармағын бунақ ретімен бөлшектеп, бірнеше тармақ етіп жазады. Мысалы:

Тоқтат,
 Дүние,
 Дабырды!
 Не керек
 Күңкіл
 Ескі оймен,
 Тыңдайық жаңа дабылды,
 Жолдас
 Маяковскийден. («Поэзия маршалы»)

Бұл жаңа өлшем, жаңа ұйқас емес, кезек ұйқаспен келген 7—8 буынды бір шумақ жыр. Негізі былай:

Тоқтат, дүние, дабырды,
 Не керек күңкіл, ескі оймен,
 Тыңдайық жаңа дабылды
 Жолдас Маяковскийден.

Бірақ, ол Сәбиттің қиыстыру, шумақтауында бұзылып, ерсі, өрескел болып тұрған жоқ, қайта жарасып, өлеңді ашып, өткір, күшті етіп тұр. Сондықтан ақынның бұл тәжірибесін де жаңалық деп білу керек.

Онан соң, қазақ халқының ертедегі өлеңінің тармақ ұйқасы бір, екі, үш, төрт буынды болып келетін. Сәбит осыны да өзгертпекші болады. Ол кейде өлеңнің тармақ ұйқасын бес, алты буынды етіп келтіреді. Мысалы:

Малшының аты Кенбай — сөз ұясы,
 Басы бір жалғанның кең дүниясы.
 Ертегі, өлең, жырдың, шежіренің
 Миы бай, көркем, сұлу антологиясы.

Осында Сәбит «сөз ұясы», «дүниясы», «антологиясы» деген сөздерді ұйқастырып отыр, алдыңғы екі сөз төрт-төрт буынды, кейінгі сөз алты буынды.

Егер осы ұйқастардың бәрі де алты буынды болып келсе, ол Сәбиттің жаңалығы, зор табысы болар еді. Олай болмай, алдыңғы екі тармақ ұйқасының буыны кем қалып, кейінгі тармақ ұйқасының буыны артып кетіп, содан шумақтың ұйқасы аса жарасты болмай тұр.

Асылында бұл — батыл бастама, тамаша тәжірибе. Ақын оны дәл, барлық жол ұйқасында бес буынды яки алты буынды етіп келтіріп, әбден меңгеріп алу, қазақ өлеңіне сіңістіру керек.

Бізде Сәбит Мұқановтың поэзиясы туралы сөз болды десе: Сәбит Маяковскийден үйренді, әсер алды; Сәбит — Маяковский деп өршелене тұрушылық бар.

Рас, Маяковский — совет заманының өте талантты новатор, ұлы ақыны; совет әдебиетінің негізгі әдісі болған социалистік реализмнің негізін салушылардың бірі. Онан совет ақындарының қай-қайсысы болсын үйренді, үйрене де бермек. Солардың ішінде Сәбит те үйренді, үйренбек.

Бірақ, Маяковскийден үйрену, әсер алу — дәл Маяковский болу емес. В. Г. Белинский ұлы ақын, жазушының басқа ақын-жазушыларға әсер етуін күннің жерге әсер етуімен теңейді: күннен әсер — нұр, күш алған соң жер күн болып кетпейді, өзінің күшін, қасиетін, өзіндік қасиетін көрсетеді дегенді айтады.

Сондықтан біз Сәбиттің, тағы басқа көрнекті ақындарымыздың Маяковскиден үйренгенін, әсер алғанын айтқанда, оны айнығысыз Маяковский дей салмай, өзіндік қасиетін ашуымыз; егер өзіндік қасиеті болса, ол Маяковский өлеңдерінің қасиетіне теңдес болса, өзінше Маяковский деуіміз жөн.

III

Таңдамалы өлеңдері жинағына Сәбит Мұқанов пролог ретінде өзінің әйгілі «Сырласу» деген көлемді өлеңін, эпиграмм ретінде «Коммунистік партия» деген ұзақ өлеңін берген. Оларда ақын өзінің халыққа, отанға, партияға, Ленинге шексіз берілгенін, өзінің адамдық, ақындық сертін, асқақ ой-қиялын әрі айқын, әрі шебер айтқан:

Қайталап айтам: бойда барлық күшім,
Қолымнан келетін барлық ісім
Сен үшін жұмсалады,
Саған сәлем,

Ленин үшін, Коммунистік партия үшін — дейді ақын «Сырласуда».

Қазақ совет әдебиетінің негізін қаласушылардың бірі, кексе ақынымыз Сәбит өлеңдері — қазақ совет поэзиясының мол қазынасы, жалынды саяси лирика. Оның жинақ боп басылып шығуы — орынды болған, қуанарлық іс.

ЖАЗУШЫ САБЫР

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жазушы Сабыр Шәрипов шығармаларының екі томдық жинағын басып шығарды. Оның бірінші томы «Повестері», екінші томы «Әңгімелері» деп аталған. Жинақта жазушының өмірі, қоғамдық қызметі, шығармалары туралы толық түсінік берілген.

Сабыр Шәрипов (1882—1942) ата тегі, туысы жағынан татар. Бірақ ол 15 жасында Қазақстанға келеді, үнемі қазақ арасында жүреді; қазақ болып кеткен. Шығармаларын қазақ тілінде жазған.

Болашақ жазушы ата, анасынан жастай жетім қалады. Әр жерде жалшы, жұмысшы болып жүреді; бір рет түрмеге де түседі, оқушы болады, оқытушы, қызметші, болыстың хатшысы болып істейді. Осылай жүріп, Сабыр 1903 жылдан астыртын революциялық жұмысқа араласады.

Сабыр 1929 жылы жазған өмірбаянында: «1905 жылдан 1910 жылға дейін мен біршама жасырын жұмыстар істедім. Әсіресе, 1905—1906 жылдары насихаттау ісін қолға алып, прокламациялар мен үндеулер тараттым. Бірақ 1910 жылдан 1915 жылға дейін бұл жұмысымыз тоқтап қалды. Революциялық сыңай 1915 жылдан бастап қайтадан күшейе бастады. Бірақ көпке дейін мен революционерлермен қалай кездесудің, охармен байланыс жасаудың орайын таба алмадым. Осы мақсатпен 1915 жылдың жазында Москва, Қазан, Пермь, Тюмень, Омбы қалаларында болып, ешбір революционерлерді кездестіре алмадым. Тек 1916 жылдың аяғында ғана РСДРП-ның Көкшетаудағы мүшесі Демецкий жолдаспен байланыс жасадым»¹ — дейді.

¹ Т. Кәкішевтің жинақтағы «Сабыр Шәрипов» деген мақаласынан.

1917 жылғы февральдағы буржуазиялық-демократиялық революциядан бастап Сабыр революциялық жұмысқа ашық, белсеніп қатынасады. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жолында күреседі. 1918 жылы, март айында Коммунист партиясына кіреді.

1919 жылдан өмірінің ақырына дейін Сабыр әр жерде түрлі, аса жауапты партия, совет, шаруашылық қызметтерінде, ғылыми-зерттеу жұмысында болады. Осы уақыт ішінде Сабыр Совет Одағының Ирандағы экономикалық өкілдігінде бірнеше жыл қызмет істейді.

* * *

Сабыр Шәрипов әдебиет майданында 1923 жылдан бастап көрінді. Сол жылы «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше санында Сабырдың «Алтыбасар» деген ұзақ әңгіме-очеркі шықты (ол 1926 жылы жеке кітап боп басылды). «Алтыбасар» мағынасы жағынан да, көлемі, көркемдігі жағынан да сол кездегі қазақ совет әдебиетіндегі едәуір көрнекті шығармалардың бірі болып саналады.

«Алтыбасар» қазақ тұрмысынан жазылған әңгімелердің ішінде шебер жазылған кітап. Қазақ тұрмысынан, қазақ, крестьян тіршілігінен нұсқа, үлгі, мысал боларлық кітап. Тілі таза, түсінікті. Сөз қалаулары әдемі. Суреттері айқын, толық. Бояулары ашық...»¹

Жиырмансыншы жылдары «Жаңа әдебиет» журналында Сабырдың тағы бірнеше әңгімесі: «Заң забыры», «Сүлік», «Ерден батыр», «Қала шыққанда» деген әңгімелері жарияланды. Отызыншы жылдары Сабыр «Рузи Иран», «Ләйле», «Бекболат» деген әңгіме, очерк, повесть жазып, әрқайсысын бөлек кітап етіп бастырды.

Сабыр көркем шығармалармен қатар саяси, шаруашылық мәселелер жөнінде де мақала, еңбек жазатын. Оның Бағаналы елі, мұнай кәсібі, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы әрі көлемді, әрі маңызды бірқатар еңбектері бар.

Жазушының көркем шығармалары тақырыбы жағынан үлкен екі топқа бөлінеді: бірі, Сабырдың қазақ өмірінен алынып жазылған шығармалары. Олар «Алтыбасар», «Заң забыры», «Сүлік», «Ерден батыр», «Қала шыққанда», «Бек-

¹ Сәкеннің «Алтыбасарға» 1926 жылы жазған беташарынан. Жинақ, 365-бет.

болат», тағы басқалар. Екіншісі, жазушының Иран елі тұрмысынан алынып жазылған шығармалары. Олар «Рузи Иран» (Иран күні), «Ләйле».

Сабырдың «Рузи Иран», «Ләйле» деген шығармалары оның Иран елінде болып, көзімен көріп жазған очерк, повестері. Жазушының Иран өмірі туралы көрген-білгендері мен естігендерінің қорытындысы. Автор оны жол әңгімесі, жазу дәптері тәрізді етіп қиыстырған. Алайда, ол жанынан ештеңе қоспаған; тек бар тұрмысты, болған оқиғаны суреттеген.

Сабыр капиталистік елдегі барды, дәл өмірді, өзінің көрген-білгендерін совет жазушысы ретінде, совет адамының көзімен көріп, совет адамының көзқарасы, салт-санасы тұрғысынан суреттейді. Көп ретте капиталистік тұрмыс пен социалистік тұрмысты салыстырады, капитализмді әшкерелейді. Революцияшыл ерлерді көрсетеді.

Қазақ өмірінен алып жазған әңгіме, очерк, повестерінде Сабыр қазақтың Октябрь революциясынан бұрынғы ауылын, соның шаруашылық тіршілігін, тұрмыс-салтын, ғұрып-әдетін суреттейді; Қазақстанда болған революциялық қозғалысты, ұлт-азаттық көтерілісін, азамат соғысын көрсетеді. Көбінше сыншыл реалистік, реалистік-романтикалық әдіспен бейнелейді; жарасты, көркем етіп келтіреді.

Жазушының бұл шығармалары тақырыбы, мазмұны жағынан бірімен бірі тұтасып жатады: бір әңгімесі екінші әңгімесінің жалғасы, соны толықтырушы болып келеді. «Бекболат» соның бәрінің жиыны, түйіні есепті. Осыдан да автор бұл повесті атының астына: «Соңғы отыз жылдағы қазақ елінде» — деп жазған. Енді соны талдайық.

* * *

Қазақтың Октябрь революциясынан бұрынғы ауылы бірдей қанаудың — отаршыл-капиталистік, бек-феодалдық қанаудың, теңсіздіктің ұясы болды. Россия патшалығы қазақ даласын әскери жаулап алуды XIX ғасырдың орта кезінде аяқтатты, содан кейін ол қазақ даласын қанай беру саясатын жүргізді.

Мұны патша үкіметі көбінше жерден, жер мәселесінен бастады. Қазақ халқын тау-тасқа, құм-құба жонға, шөл далаға айдап салды. Ол жерлерді де 1824 жылы шыққан уақытша ережеде қазыналық жер, қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берілді деп жариялады. Ал, ең жақсы,

ең шұрайлы жерлерді, шығын шығармай пайдалануға, егін егуге жарайтын жерлерді түгелімен тартып алып, помещиктерге, чиновниктерге, казак-орыстарға, переселендерге үлесгірді.

Мұның үстіне патша үкіметінің әлгі «мейірімі түсіп», қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берген жерлері қазақтың Дүрімбай сияқты шынжыр балақ, шұбар төс байларының, би, болыстарының қолында, меншігінде болды. Бекболат сияқты кедейлер, жарлы-жақыбайлар жерден нейбет болды. Тілім жерге зар болды.

Переселендер мен казак-орыстар, помещиктер ең жақсы, ең шұрайлы жерлерді алып, поселкелер салып, егін егіп, ұсақ өндіріс кәсіп орнатып кәні болды. Өндірген заттарын, азық-түліктерін сатып, жерлерін, жерлерінің отын-суын, күшін жалға беріп, үштен бір, төрттен бір ортаққа беріп, қазақ еңбекшілерін қанап, байлыққа белшелерінен батты. Мұны қазақтың байлары мен феодалдары да істеді.

Жер енді капиталға, малға, дәулетке, байлыққа айналды, ол қалың малға жүретін болды. Бүркітбай мен Бекболат сияқты құдалар арасында: «Малының керегі жоқ, жерінің біразын киітке кигізсе болады»,— деген сөз жүретін болды.

Жалпы қазақ халқы, әсіресе, қазақтың кедейлері ертеде жерге көп мән бермесе, оны байлық, мүлік деп білмесе, енді жердің кәдірін, мәнін, пайдасын біле бастады. Әрқайсысы жер алуға, бұрын иеленіп қалған жерлерін қолдарынан шығармасқа тырысты. Бірақ кеш қалды, бос жатқан, артық жатқан жер болмады. Сондықтан ұлтарақтай жер үшін, жер ғана емес, жердің оты, суы, күші үшін қиян-кескі ұрыс-төбелес, дау-жанжал болатын болды. Жер төбелесі, бір жағынан, казактар мен қазақ халқы, переселендер арасында болса, екінші жағынан, қазақ халқының өз арасында, қазақтың Дүрімбай сияқты байлары мен Бекболат сияқты кедейлері арасында болды. Бұл таласта үкімет, чиновниктер, болыстар қазақты переселендер мен казактарға, Бекболаттарды Дүрімбайларға жығып беріп отырды, олардың үндеріне құлақ аспады.

Қазақ даласын отарлау басталысымен-ақ онда сәудегерлер, алып сатарлар, делдал-жәлдептер көбейді. Олар елге сица, шай-қант, ине-жіп, айна-тарақ, сауыт-сайман сатты да, елден тері-терсек, жүн-жұрқа сияқты заттар сатып алды. Бірақ, олар өз нәрселерін екі-үш есе қымбат, бағасына

сатып, елдің заттарын өздері екі-үш есе арзан алатын еді. Сөйтіп, пайдаға белшесінен батушы еді.

Бұл кезде қазақ халқының өзі өндіретін, өзі жасайтын заттардың, мысалы айталық: қазақ ұсталары жасайтын бұйымдардың — сауыт-саба, табақ-аяқ, ер-тоқым сияқты нәрселердің кәдірлері кетті, кенттің, қаланың өндірген, жасаған заттарының кәдірі артты. Қазақтың кедей, орта шаруаларының хал-жайлары тағы ауырлады.

Онан соң, қазақ арасында салық есепсіз көбейді: түгін салығы, жан, мал, шөп, су салығы салынды. Сонымен бірге, «жалпы патшалық Россияда, әсіресе, шет-шалғай отар өлкелерде пара системасы орасан кең өріс алды. Жемқор чиновниктер езілген еңбекші халықты түгін қоймай тонады, жеді. Орта Азияда, орыс патшалығының отарлауы нәтижесінде, жергілікті халықтарға салынған салықтар 3—4 есе, кей жерлерде 15 есе артты».¹

Қазақтың кедей-жарлы жақбайлары азып-тозып, құруға бет алды.

Мұның үстіне қазақ халқы, қазақ еңбекшілері пұрсат, право дегеннен нейбет еді. Ешкімге, еш жерге мұңын шағып, сөзін тыңдата алмайтын еді. Үнемі көргені зорлық-зомбылық, теңсіздік, кемшілік, мұқау еді, оны үкімет адам, халық қатары көрмейтін еді.

Қысқасы, шаруашылық жағынан болсын, мәдениет жағынан болсын, саяси жағынан болсын езу, қанау әбден шектен асты. Осыдан Рахымжан сияқты социал-демократтар шықты, осыдан Бекболаттар шықты, осыдан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі шықты. Бұлар қазақ халқының, қазақ еңбекшілерінің ұлт бостандығы жолындағы әрекеттері, қозғалыстары еді. Осыдан қазақ еңбекшілері, олардың өкілдері, Бекболаттар большевиктерді сөзсіз қуаттады, сөзсіз совет өкіметі үшін күресті.

Міне, Сабырдың қазақ тұрмысынан алып жазған шығармаларының, әсіресе, «Бекболат» деген повестінің негізгі идеялық мазмұны осы.

* * *

Сабырдың «Бекболаттағы» басқа геройларының бірі — Дүрімбай. Дүрімбай қазақтың шынжыр балақ, шұбар төс байының өкілі.

¹ «Азамат соғысының тарихы», 64-бет.

Дүрімбай мыңды айдаған, өте ірі бай. Оның үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, келе-келе түйесі бар, оның есепсіз көп жері бар. Кеңгір өзенінің бір жақ бойы Дүрімбай мен Бүркітбайдікі. «Бұл екеуіне қараған жердің күншығыс жақ шекарасы сәскелік жерден барып, Қарабаламен түйіседі де, Төлгөл жағы онан да ары: өзеннің екі қабырғасынан ары қарай шыққан өрісі күндік жерге шейін кете береді» (Жинақ, 26-бет).

Дүрімбай тек жай ғана бай емес, сонымен қатар, ол басына бақ қонған бай. Оның «арғы атасы екі болыс Сарғалдақтың ішінде бөлек шыққан Дулыға би» (27-бет). Дүрімбайдың өзі болыспен бақ талас, иін тірес. Талай сайлауда, талай дауда болысты отыртып кетеді.

Дүрімбайдың беделі, ықпалы күшті, сөзі өткір. Ол тек өз төңірегіндегі бай, орташаларды ғана айтқанына жүргізіп, айдауына көндіріп қоймай, сонымен қатар болысты да, биді де, уез, тағы басқа начальниктерді де айтқанына көндіріп, айдауына жүргізеді. Оның төңіректегі орыстың ірі, атақты кулактарымен де байланысы, қарым-қатынасы бар. Ел ішінде оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс.

Дүрімбай барып тұрған алаяқ, залым, даукес. Елде болған дау, жанжалдың бұл араласпайтыны, бұл қолынан өткізбейтіні болмайды. Басқа мәселе былай тұрсын, тек жер мәселесі жөнінде ғана бұл ел жылына төрт рет төбелеседі, төрт рет дуанға шабады, төрт рет сонда дидарласады. Дүрімбай осылардың қоздырушысы болады, басы-қасында жүреді.

Дүрімбай өзінің тап мүддесін әбден біледі, ол өзінің болашағын күні бұрын болжайды. Ол, Бүркітбайдың Бекболатпен құда болып, кнітке жер бергенін болашақты ойлап, болашақты ескеріп жақтырмайды: «...Келешекте қандай боларын қайдан білдің?.. Үй салып, жерге табанын тіреп алған соң, егін салмас па ол, балық ауламас па ол, ұсталығы тағы бар. Қозыбайдың өңшең кедейін қасына жинап алып... Сені мен мені жерден қуып шықпай ма? Осыны неге ойламадың?» дейді (Жинақ, 28-бет).

Осыны ойлап, келешекті ескертіп, Дүрімбай Бекболатты жерден қағу, бездіру, ақыры оның көзін жою әрекетіне кіріседі. Ол, Бүркітбай мен Бекболатты құда етпеске тырысады. Осы мақсатпен ол өзінің есерсоқ бір-екі жігіттеріне Бекболаттың қарындасы Айшаны алып қашқызады. Бірақ бұл ойлағанындай болып шықпайды.

Ол, екінші, Бекболатқа көшіп келе жатқан Қозыбайдың он шақты үй кедейінің көліктерін ұрлатып, қудырып алады. Сөйтіп, оларды айдалада жаяу-жалпы, аш-жалаңаш қаңғыртып өлтірмек болады. Тек бұл мақсатына да жете алмайды.

Ол, үшінші, бастығы өзінің баласы Мұқан етіп, Бекболаттың ауыдына оншақты жігіт аттандырады, оларға Бекболаттың ауылының барлық малын айдап келуді тапсырады. Осы жорықта, осы шабыста Бекболаттың бір жақыны өледі, бірсыпыра адам жаралы болады, Мұқандар Бекболаттың қырық үй кедейінің барлық малын айдап кетеді.

Дүрімбай осы малын даулап, болысқа дидарласуға барған Бекболатты кінәлі адам етіп, Дүрімбайдың жерін заңсыз, жолсыз иемденіп, пайдаланып отырған адам етіп шығарады, шауып алған малын беру түгіл, өзіне мал төлетуге шейін барады. Бекболат: «Ингенімді іздеймін деп, мінгенімнен айрылдым деген осы болды ма?» деп жағасын ұстайды.

Ол, ақыры, Бекболатты, оның туысқаны Кәрібайды жер аудартады, Сібірге айдатады. Дүрімбай Бекболатты бір емес, екі айдатады: ол 1913 жылы айдаудан қайтып келіп, Чернов деген кулактікіне тоқтаған жерінен, Дүрімбай Черновқа Бекболатты жоғалт, көзін жоғалт деп, тағы айдатады.

Қысқасы, әлгі айтқан Дүрімбай шынжыр балақ, шұбар төс, алаяқ, залым бай. Осы Дүрімбай 1918—1919 жылы өзгереді, өзгергені сол, жұмсайды, жасиды, бұрын, тап тартысы әлі қызбаған кезде залым болған, кедейге азуын әбден батырған, көрмеген қорлығын көрсеткен қаһарлы, қатаң Дүрімбай, тап тартысы әбден қызған, шиеленіскен кезде момын, жуас болады. Бұрынғы залымдықты, қастықты ұмытады, қояды. Бекболаттың туысқандарына, қырық үй кедейлеріне мейірімі түседі, оларды аяп, маңдайларынан сипайды, сөйтіп, ол өзі баяғыда Бекболатпен бірге жер аудартқан Кәрібайдың баласы Бәкірді өзінің жорыққа аттандыратын елу жігітіне бастық етіп жібереді.

Әрине, автордың мұнысы дұрыс емес, болмысқа сай емес. Себебі байдың аты бай, бұл кедейге, әсіресе, өзі баяғыдан бері қырсоңына түсіп, қудалап жүрген кедейге, қашанда болсын байлығын істейді, оған тап көзімен, тап жауы көзімен қарайды. «Буржуа жұмысшы табының мүддесіне келгенде қашан да болсын буржуа болып қалмақ, буржуалығын істемек» (К. Маркс). Бұл жөнде М. Горький мынаны айтады: «Жұмысшы, жазушы жұмысшы табы мен буржуазия арасындағы қайшылықтың ешбір икемге, тіпті келі-

сімге келмейтіндігін, оны не толық жеңудің я жеңілудің ғана шешетінін айқын түсіну керек»,— дейді.

Осы жағынан қарағанда Сабыр Дүрімбайды түрлі жағынан әбден жетілген, толық, тиянақты образ етіп шығара алмаған деуге болады.

* * *

Сабырдың бас геройы Бекболат та осылайлау болып шыққан. Бекболат қазақтың кедейінің өкілі. Бекболат барып тұрған қара қасқа кедей. Оның жері де, малы да жоқ. Тек қолының өнері бар, ұста, ол үлкен жолдың үстіне дүкен құрып, ары өткен, бері өткен саудагерлердің, қыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға көшкен байлардың арба-шаналарын, сауыт-саймандарын түзетіп күн көреді. Оның тегі кедей, ұсақ ұру. Мұның үстіне ол келімсек: мұнда ол өз елінен қашып келген.

Бірақ Бекболат көңілі ашық, ойы сергек, ер кедей, ол сонау бай-болыс, тағы-тағылардың зорлық-зомбылығы бұлттай тұтасқан заманда, өзі сияқты жалғыздың үні шықпайтын заманда сұлуға ғашық болады, өзіне тең жар іздейді. Біреудің есепсіз көп мал беріп, алайын деп отырған қалыңдығын, жесірін алып қашады, жанындай жаратқан Меруертке осылай қосылады.

Бекболат ешкімге тәуелді, жалынышты болмай, өзімен өзі болуды, еркін жүруді ұнатады, оны бай, ауқатты бір жам ағайындары қоңсы болуға шақырады: бірге бол, қолқабыс ет, сусын-шалапты бөлісіп іш дейді. Бекболат оған баспайды, кісіге жалынышты болып, біреудің отын-суын тасып, сауыт-сабасын жамап, айран-шалап ішіп, тәуелді болып жүруді қаламайды, аш болайын, тоқ болайын, өзіммен өзім болайын, өз күнімді өзім көрейін дейді.

Бекболат үлкен жолдың үстінде, тоғыз жолдың торабында тұрады, ол темірші ұста. Бекболатқа соқпайтын, Бекболатқа ісі түспейтін, онымен сөйлесіп, пікір алыспайтын жан жоқ, оған ары өткен, бері өткен орыс, ноғай саудагерлері соғады, тек соғып кетпей, қонақ болып жатады, оған қазақтың әрі-бері көшкенде, жолаушы жүргенде бай, би-болыстары да соғады. Бекболат осылардың бәрімен де сөйлеседі. Ол тұрмысты, жұрттың пейіл-құлқын түсінеді, біледі.

Мұның үстіне Бекболат Дүрімбаймен дауласты, болысқа барып дидарласты. Ақмешіт қаласына барып, арыз берді. Осының бәрі Бекболаттың көзін ашты, ол оң-солын, дос-

дұшпанын әбден таныды, өзінің тап тілегін, тап мүддесін аңғарды.

Ақыры, Бекболат жер ауып, Котлас қаласына барды. Онда сәті түсіп, социал-демократ Дүйсембаев Рахымжанға кез болады. Рахымжан Бекболатты оқытты, сондағы жұмысшылардың жасырын ұйымына тартты, қатынастырды, талай жасырын жиналыстарда болып жүрді. «Осы ұйымдар Бекболатқа анық школа болды» (74-б.) Қысқасы Бекболат түрлі жағынан жетілді, нағыз революционер болды, революция жолына мықтап түсті.

Сол Бекболат 1913 жылы Котлас қаласынан босап, еліне қайтып бара жатып, жолда Атбасар келіп, онда баяғы өзінің қас дұшпаны Дүрімбайдың досы Чернов деген кулактың үйіне тоқтайды, тек тоқтамай, екі ай бойы соның үйінде жатады. Жатқанда Атбасардағы қазақтың көп жатақтарының бірі сияқты жатады. Черновтың отын-суын тасып, сауыт-сабасын, соқа-сайманын, арба-шанасын жамап жатады. Жай жалшы болады да қояды. Бұл кезде Бекболаттың бойынан социал-демократтық, революционерлік сипаттар былай тұрсын, баяғы қара танымаған кезіндегі ерлік; еркіншілік сипаттары да табылмайды, бәрі де жойылған, Бекболат бүтіндей өзгерген болады.

Рас, Бекболат өзінің көпті көргендігін, ысылған революционерлігін, бойындағы барлық өнерін 1918—1919 жылдары, азамат соғысы кезінде көрсетеді: ол бұл кезде алуан-алуан айла шебер әдіс ойлап шығарып, ақтардың, алашорданың әскерін күл-талқан қылады. Бұл кезде ол әбден кемеліне келіп жетіледі. Дегенмен, автордың Бекболатты мына жерде, Черновтың үйінде тым төмендетіп жіберуі, жай жатақтар қатары етіп көрсетуі орынсыз, үлкен кемшілік.

Осылардың бәрі Сабырдың бас геройларын, Дүрімбай мен Бекболатты бастан-аяқ бір ізбен толық, тиянақты етіп жетілдіре алмағанын көрсетеді.

* * *

Сабырдың бас геройларының тағы бірі — Мұқан. Мұқан Дүрімбайдың баласы. Автор оны осы Дүрімбайдан туғандығы жағынан болсын, өзінің мінез-құлқы, ала-аяқ зальғмдығы жағынан болсын Дүрімбайдың жаңа жағдайдағы, азамат соғысы кезіндегі жалғасы етіп суреттейді. Бірақ Мұқан Дүрімбайдан қай жағынан болсын, асып түсіп жатыр. Қазақ, «атадан бала батпан кем туады» дейді. Бұл мақал Мұ-

қанға жатпайды, Мұқан әкесі Дүрімбайдан батпан кем емес, қайта батпан артық.

Мұқан ала сапыраң кезеңде атқа мінеді. Орталық Қазақстанды бастан аяқ кезеді. Кәсібі ел шабу, ел талау, барымта алу, ұрлық, дау-жанжал болады. Осы арқылы ол, бір жағынан, малға өз қорасын толтырса, екінші жағынан, қазақтың байлары мен феодалдарының жырын жырлаған Алашорданың әскерін, Колчак сияқты ақтар әскерін көлікпен, азық-түлікпен жабдықтайды. Алашордаға, ақтарға жәрдем етеді.

Мұқанның атқа мінгендегі мақсаты — әуелі, Алашорданың, ақтардың сенімді, көрнекті адамының бірі болып алу, мансапқа жету, сонан соң, он алтыншы жылы бай, болыстардың, Алашорданың айтқанына көніп, айдауына жүрмеген, көтеріліс жасап, бай, болыстарды шапқан, өлтірген қазақ еңбекшілерінен кек, өш алу, қазақтың еңбекшілерін баяғыша басып-жаншып езе беру болады. Ол Дүрімбайға айтады:

«— Көке, шыдай тұр. Осы сапар ең болмағанда жүз жылқы айдап әкеп беремін. Өткен он алтыншы жылы бізді шапқан залымдардан кек алудың реті енді келді. Алашорданың сенімді бір адамы болып алайыншы әуелі...» — дейді (90-бет).

Бұл айтылғандардан Мұқанның бойында бұрынғы Дүрімбайдың, қазақтың шынжыр балақ, шұбар төс байларының сипатымен қатар қазақтың буржуазияшыл, алашордашыл оқығандарының сипаты да бар екені көрінеді. Мұқанның Дүрімбайдан аса түсіп жатқан жағы да осы. Бұл әңгіменің бір жағы.

Екінші — он алтыншы жылдың көтерілісін біз тек Мұқанның аузынан ғана есітеміз. Ол он алтыншы жылы бізді шапқан залымдардан кек алатын рет енді келді дейді. Он алтыншы жылғы көтеріліс қандай көтеріліс, не қылған көтеріліс, Мұқандарды шапқан «залымдар» кімдер, олар Мұқандарды не үшін шапты, ол немен аяқталды? Бұл әңгімеде айтылмайды, жоқ.

Басқа сөзбен айтқанда Сабыр әңгімесінің екінші атын «Соңғы, отыз жылдағы қазақ елінде» деп қойса да, онда қазақ даласында, сол отыз жыл ішінде болған өте ірі саяси оқиғаны, 1916 жыл көтерілісін, қазақ еңбекшілерінің бостандық жолындағы қозғалысын ұмыт қалдырған, айтбай кеткен.

Дұрысы Сабыр Бекболатты Котлас қаласынан алғашқы

қайтқанда Атбасардан, Черновтың үйінен қайта айдатпай, еліңе, ауылына жіберу керек еді, оны елде 1916 жыл көтерілісіне қатынастыру, тек қана қатынастыру емес, оған ауылда сол көтерілісті бастату керек еді. Оны, Бекболатты екінші рет кейін, 1916 жыл көтерілісі жеңілген соң, сол 1916 жыл көтерілісіне байланысты айдату керек еді.

Осылай істегенде, бір жағынан, әңгімеде 1916 жыл көтерілісі қамтылған, көрсетілген болар еді, екінші жағынан, Бекболаттың образы жетілген, толық, заңды образ болып шыққан болар еді, үшінші жағынан, бұл шындыққа, болмысқа сай, дәл болған болар еді.

Не пайда, бұлай істелмеген. Сондықтан әңгіме де, оның бас геройы Бекболат та олқы жатыр.

Сабырдың повесіндегі көрнекті геройларының бірі Бүркітбай мен оның баласы Зікірия. Бұларды автор қазақтың орта шаруасы етіп суреттеген, солар арқылы қазақтың орта шаруаларын көрсетпек болған. Мұнысы өте орынды.

Бүркітбай әуелде бай болған, оның Дүрімбаймен дәулеті де, дәрежесі де тең болған. Ол тек соңғы уақытта ғана малының басы біраз азайып, орта шаруа қатарына түскен, оның барлық жылқысы тек екі үйір шамалы ғана. Осы сияқты оның жері де Дүрімбайдың жеріне қарағанда әлдеқайда аз. Ол Дүрімбайдай кісі жалдамайды, бірнеше малай ұстамайды, өз шаруасын өзі істейді. Оның дау-жанжалмен, кісіге нық көрсетумен жұмысы жоқ. Ол момын шаруа, нағыз орта шаруа.

Осы орта шаруа Бүркітбай мен Зікірия әңгімеге ең басында қатынасады, тек қатынасып қана қоймай, әңгіменің дамуына, оқиғаның шиеленісу, ұласуына себеп болады. Бекболат пен Дүрімбайдың арасындағы дау-жанжал, ұрыс-төбелес осы Бүркітбайдың Бекболатпен құда болып, Бекболаттың қарындасы Айшаны Бүркітбайдың баласы Зікірияның алуынан басталады.

Мұнан кейін Бүркітбай мен Зікірия сол күйінше қалып қояды, әңгімеге қатынаспайды, еш жерде көрініп, өздерінің ой-пікірлерін білдірмейді. Бүркітбайдың ауылдасы Дүрімбай мен құдасы Бекболат қиян-кесті ұрысып-төбелесіп, бірін-бірі шауып, болысқа барып, дауласып, дидарласып жатады. Бүркітбай мұның бірде-біріне қатыспайды, не мына-нікі дұрыс, не ананыкі дұрыс деп тіс жармайды.

Аулында Дүрімбай мен Бекболаттың дауы, айтысы бо-

латында Бүркітбай ауырып, Зікірия соны Атбасарға дәрігерге алып кеткен болады. Осы айтыста болыс Бүркітбайды өтірікші етіп шығарады: «Дүрімбайдың ата-мекені Қызылжыңғыл деген жерді сыртынан өтірік ие болып Бүркітбай деген кісі Бекболатқа киіт қылып кигізген...» деп тоқтам қылады. Бүркітбай бұған да ләм-мем демейді.

Ақыры, Дүрімбай Бекболатты жер аудартады. Бұған Бүркітбайдың не ренжігені, не қуанғаны көрінбейді. Кейін елде революция заманы басталады: патша тақтан түсіп, буржуазия үкіметі орнап, алашорда шығып, ақтар желіп, азамат соғысы болып, совет өкіметі орнап жатады. Бүркітбай мен Зікірия бұл кезде де көрінбейді.

Рас, Бүркітбайдың Дүрімбай мен Бекболат арасындағы жанжалға қатынаспауының, олар дауласып жатқанда ауырып, дәрігерге кетіп қалуының біраз жөні бар. Ол кезде елде тап тартысы әбден шиеленіспеген, әбден қызбаған еді, Бүркітбай Дүрімбайдың ықпалында еді, көбінесе соның айтқанынан шыға алмайтын еді. Сондықтан ол бұғып қалған еді дейік. Ал, Бүркітбайдың революция заманында, ел екі жақ болып, сап түзеп, майданда соғысып жатқан кезде көрінбей қалуының жөні жоқ. Өйткені ол бұл кезде бұғып қалған жоқ. Жұрт қатары ол да майданға шықты, майданға шыққанда Бекболаттармен бірге шықты. Кімде-кім Бүркітбайлар бұл кезде бұғып қалды десе, не олар Дүрімбайлар жағында болды десе, ол қатты қателеседі.

Сондықтан Бүркітбай мен Зікірияның әңгімеге бастан аяқ қатынаспауы, тиісті жерінде қатынаспауы қате. Бұл тек әңгіменің мазмұны жағынан ғана қате емес, сонымен бірге әңгіменің сарыны, желісі жағынан да, әңгіменің даму, аяқтау заңы жағынан да қате. Өйткені әңгімеге басында ананы да, мынаны да енгізіп, артынан оларды ұмытып кетуге болмайды. Әңгімеге қатынастырылған әрбір адам, әңгімеде суреттелген әрбір нәрсе, әңгімеде айтылатын әрбір сөз нендей де болсын бір оймен, бір мақсатпен ендірілу, айтылу керек, олардың ешқайсысы аяқсыз, мәнсіз, неге енгізілгені, неге суреттелгені, неге айтылғаны белгісіз қалмау керек. Чехов айтады: «Сахнада мылтық ілулі тұрса, ойында атыс болуға тиіс», — дейді.

* * *

Осы жағынан қарағанда повестінің тағы бір кемшілігі бар. Ол мынау:

Котлас қаласына барып, Рахымжаннан оқып, социал-де-

мократтардың ұйымына, жұмысшылардың жасырын жиылыстарына қатынасып, көзі, көңілі ашылған соң Бекболаттың екі түрлі ойы, екі түрлі арманы болды.

Бірінші — елге барып, ондағы бұрынғы өзі сияқты заман жайын, тұрмыс сырын түсінбей, аңғармай жүрген еңбекшілерге өз білгенін түсіндіру, соларды бірлестіру, езушілерге қарсы бастау еді. Бұл жөнде Бекболат:

«...Елге бір қайтып барсам, енді не істерімді білер едім». «...Әй елге бір барып алсам, әйеліне, бала-шағасына, өз басына ие бола алмай жүрген, теңдігі жоқ кедейлерге ақыл үйретер едім ау», — дейді (83-бет).

Екінші — жанындай жаратқан, ажал айырмаса, адам баласы айыра алмас дескен жары Меруертті көру еді. Меруерт тірі жүрме, тірі болса Бекболатты тосып жүр ме? Әлде бір қуды тауып алды ма? «Дүниеде тірі жүрсем, сенен басқа адамды қасыма жуытпаспын деген уәдесі бар еді. Меруерт әлі күнге дейін мені тосып отыр ғой» (88-бет), — деп ойлайды Бекболат.

Сөйткен Бекболат 1918—1919 жылдары, азамат соғысы кезінде өледі. Әңгіме осымен, Бекболаттың өлімімен аяқталады. Бекболат армандарының бірде-біріне жете алмайды. Оның армандары әншейін айтыла салған сөз болып қалады.

Расында, Бекболат жер ауып кеткен соң Меруерттің не күйде жүргенін тек Бекболаттың ғана емес, сонымен бірге оқушының да білгісі келеді. Себебі Меруерт, автордың суреттеуіне қарағанда, анау-мынау әйел емес, әрі сұлу, әрі өжет, жігерлі әйел. Ол сонау қара заманда ата-бабаның, шарифаттың, би-болыстың үкімі жүріп тұрған заманда қарақасқа, жалғыз бас кедеймен қашып кетті, ата-анасының бұйрығын, шарифаттың жолын бұзды, қалың мал берген байды жер соқтырды. Сөйтіп, сүйгеніне қосылды.

Бұл, қазақ әйелінің теңіне, сүйгеніне емін-еркін қосылуы, ол заманда қазақ әйелдерінің бәрінің бірдей қолдарынан келе бермейтін еді, тек ілуде біреулерінің ғана, Меруерт сияқты аса жігерлі, аса өжеттерінің ғана қолдарынан келетін еді. Мұндайлар ол заманда, данышпан сыншы Добролюбовтың сөзімен айтқанда, қараңғы түнекке түскен жарық сәуле еді, үлкен жаңалық еді.

Өйткені қазақтың ол заманда өзіне тең іздеген, өзінің сүйгеніне қосылуға талпынған мейлі қызы, мейлі ұлы болсын сөзсіз ата-ана ризалығы, шарифат заңы, ғұрып-әдет салты сияқты алуан-алуан тосқауылға, торға ұшыраушы еді.

Солардың тездеріне, талқыларына душар болушы еді, сөйтіп; дегендеріне жету былай тұрсын, алуан-алуан бәлеге басы шатылып, бақытсыз болатын еді.

Меруерт бұлардан аман-есен құтылды. Сүйгеніне қосылып, бақытты болды. Сонымен ол басқаларға із салды, жол көрсетті, үлгі болды. Сондықтан оқушы әңгімені оқып отырғанда, Меруерт енді не істеді екен, не күйде жүр екен деп, оның жайын білуге құмартып отырады. Бірақ, автор мұны ескермеген. Меруерттің кейінгі өмірін, не болғанын айтпаған, көрсетпеген.

Осы айтылғандардың бәрі «Бекболат» повесінің аяқталмай қалғандығын көрсетеді. Сабырдың повесі тақырыбы, тақырыбының мазмұны терең, қызық. Оның көп жерлерін көрсетуі, суреттеуі шебер, көркем. Тек кейбір геройлары әбден, түрлі жағынан тиянақты етіліп жетілдірілмеген, кейбір геройлары дамытылмай, созылмай тек төбесін көрсетіп қана қалып қойған, кейбір мәнді, негізгі мәселелер ескерілмей қалған.

* * *

Сабыр Шәрипов белгілі революционер, ірі партия, совет қызметкері, көрнекті жазушы — прозаик. Оның әңгіме, очерк, повестері құнды көркем туынды, мол байлық. Қазақ совет әдебиетінің алтын қазыналарына жатады. Көркем әдебиет баспасының оларды басып шығаруы зор игі іс болған.

1960

ҒАЛИДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

I

Ғали Орманов әдебиет майданына отызыншы жылдардың басынан бері араласып келеді. Оның өзі жазған, әркімнен аударған көптеген өлең, жырлары, көркем очерк, әңгімелері, романдары бар. Ғали лирикалық өлең мен шағын көркем очерк, әңгімеге қаламы әбден төселген ақын; қазақтың кәзіргі көрнекті ақындарының бірі.

1957 жылы, август айында Ғали ақын елу жасқа толды. Оны жұртшылығымыз кең атап өтті. Сол мереке үстінде Қазақстан Совет Жазушылары Одағының басқармасы Ғалиға жалынды құттықтау жазды.

Ғали елу жылдық даңқты мүшеліне үнемі іздену, өсумен, творчестволық зор табыстармен келді; қазақ совет поэзиясының қазынасынан лайықты орын алды. Ғали тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін шығармаларымен қазақ совет әдебиетінің дамуына өз үлесін қосты.

Халқымыз Ғалидың ақындық өнерімен қатар орыс және шығыс классикасынан шеберлікпен аударған еңбектерін де жоғары бағалайды,— дегенді айтты онда.

Ғали Орманов 1907 жылы, осы күнгі Талдықорған облысының Қапал ауданындағы «Қызыл Жұлдыз» колхозы мекендеп отырған «Ешкі өлмес» тауында туған. Ғалидың әкесі Орман момын, кедей шаруа болады. Ғали он жасында әке, шешесі өліп, жетім қалады. Сонан былай ол туысқандарының қолында тәрбиеленеді.

Осы жетім күндерінде Ғали ауылдағы қисса-дастан оқитын хат білетін адамдардан, жыршылардан өлең-жыр, қисса-дастан үйренеді. Мысалы, ол «Біржан сал мен ақын Сараның айтысы», «Шәкір — Шәкірат», «Кемпірбай мен Шөже», «Бақтыбай мен Мәйке бала», «Марқабала бауырсақ»,

«Алпамыс», «Мұңлық — Зарлық» сияқты жырлар мен айтыс өлеңдерді үйреніп алып, ауыл арасында айтып жүреді.

Жетісуда Совет үкіметі орнап, азамат соғысы аяқталған соң Ғали балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол әуелі, 1920 жылы, Талдықорғандағы, кейін Алматының Абай атындағы балалар үйінде болады.

Балалар үйі жинаған балаларын тек асырап, тәрбиелеп қана қоймай, сонымен қатар оқытады. Ғали хат таниды. Кітап, газет, журнал оқиды.

Әріптері, цифры
Алдандырып мені ертті,
Әке, шешем сықылды
Әдгімелер үйретті,—

дейді ақын «Кітап» деген өлеңінде. Қисса орнына талапты жас енді кітаптан, газет, журналдан өлеңдер жаттайды.

Ғали 1922-1929 жылдары Алматыдағы Қазақтың Халық ағарту институтында оқиды. Институтта оқып жүргенде Ғали комсомолға кіреді. Қазақ, орыс әдебиеттерін оқиды. Қазақтың, орыстың бұрын-соңды ақындарынан өнеге үйренеді.

1925 жылдан бастап Ғали оқушылардың қабырға газетіне, 1927-1928 жылдардан бастап Жетісудың губерналық газеті «Тілшіге» өлеңдер жазады. Осы жылдары «Тілші» газетінде оның «Ешкі өлмес», «Қора», «Оқушыларға», «Диқанбай» сияқты бірнеше өлеңі басылады.

Жиырманшы жылдардың ішінде Ғали, әлгі аталғандардан басқа, «Мойын серік», «Конфиска», «Жаңа қоныс», «Қос басында» деген сияқты тағы бірсыпыра өлең жазады. Бұл дәуірдегі өлеңдерінде ақын 1927-1928 жылдары ауылда жүргізілген егіндік, шабындық жерлерді қайта бөлісуді, ірі байлар мен феодалдардың мал-мүліктерін конфискалауды, осыларға байланысты ауылдағы тап тартысын, партия, совет жұмысын, кедей, орта шаруалардың мойын серік, колхоз болып ұйымдаса бастауын суреттейді.

Институтты бітіріп, Ғали 1929-1930 жылдары Іле ауданында қызмет істейді: аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болады. Бұл кезде Ғали өлкелік газет, журналдарға да — «Еңбекші қазақ» газеті мен «Жаңа әдебиет», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» журналдарына да өлеңдер жазады. Сол жылдары Ғалидың «Темір жол», «Астана» деген өлеңдері «Еңбекші қазақ» газетінде, «Оқушы қыздарға» деген өлеңі

«Әйел теңдігі» журналында, «Асқар Алатау» деген өлеңі «Жаңа мектеп» журналында басылады.

1930 жылы, май айында бірінші бесжылдықтың тұңғышы Түркстан-Сібір темір жолы салынып бітті. Бұл бүкіл Совет елінің, әсіресе қазақ халқының үлкен тарихи табысы, аса қуанышты мерекесі болды. Осы тарихи табысқа, ұлы мерекеге арнап, Ғали «Шеңбер» деген ұзақ өлең жазды. Ол өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде басылды.

Ғали ақын ретінде әдебиет майданында осы кезден бастап көрінді деп есептеледі.

1930-1939 жылдары Ғали «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында әдеби қызметкер болып, бөлім бастығы болып қызмет істеді. Бұл жылдары Ғали Коммунист партиясының қатарына кіреді; жазушылық жұмысына белсеніп қатнасады: ұсақ өлеңдер мен қатар поэмалар, әңгімелер, очерктер де жазады. Жазғандары кітап болып шығып, өзі жұртшылыққа танылады.

1934 жылы Ғалидың екі кітабы басылып шығады: «Шеңбер» деген атпен алғашқы, 1927-1933 жылдар арасында жазған өлеңдерінің жинағы, «Шәуілдір» деген поэмасы басылады. 1935 жылы Ғалидың үш кітабы басылады: «Көтерме» деген атпен 1932-1933 жылдар арасында жазған әңгімелері мен очерктерінің жинағы, «Олжабек» деген әңгімесі, «Алынған қамал» деген поэмасы шығады. 1936 жылы «Абысын сыры» деген өлеңдер жинағы, 1937 жылы Г. Мопассаннан аударған қысқа әңгімелерінің жинағы басылады.

Отызыншы жылдардағы өлең, жырлары мен очерк, әңгімелерінде Ғали Қазақстанның бесжылдықтар тұсындағы саяси, шаруашылық, мәдени табыстарын баяндайды; колхоз, совхоз, өндіріс жұмысын, олардағы шаруалар мен жұмысшылардың тұрмысын, ой-сезімін суреттейді. Осыларды ол көп ретте Қазақстанның, қазақтың шаруалары мен жұмысшыларының бұрынғы күйімен салыстыра көрсетеді: Қазақстанның Ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында көркейгенін, дамудың капиталистік дәуіріне соқпай, социализмге бет алғанын айқын бейнелейді.

...Арымас атым — отарба!
Заулатам орғып, шабамын;
Қаулатып отын жағамын.
Екпінде енді бас алға.
Желдіртем, жедел барамын,
Бетімді түзеп алғамын
Социалистік сапарға! —

дсйді («Шеңбер»).

Ғали 1939-1945 жылдары халық поэзиясының алыбы Жамбыл ақынның әдеби хатшысы болып қызмет істейді. 1943-1944 жылдары жазушылар, артистер бригадасымен соғыс майданына барып қайтады. Ғалидың Ұлы Отан соғысы кезінде, 1946-1948 жылдары жазған шығармалары ақынның «Халық қаһарман» (1941 жыл), «Емен» (1944 жыл), «Бөбек жүрегі» (1949) деген өлеңдері мен поэмаларының жинақтарында басылды.

Ғали 1946-1948 жылдары «Социалистік Қазақстан» редакциясында бөлім бастығы болып, 1948-1950 жылдары «Әдебиет және искусство» журналының редакторы болып істеді. Кәзір ол «Ара» журналы редакциялық коллегиясының мүшесі. 1950 жылы Ғалидың таңдамалы өлеңдерінің жинағы шықты.

Ғалидың қырқыншы жылдардағы шығармалары көбінесе Ұлы Отан соғысы жөнінде болып келеді. Ақын соғыс, Отан, майдан, тыл туралы, елдегі еңбек ерлерінің, майдандағы совет жауынгерлерінің қаһармандығы, жауды жеңу жолындағы ерлік ісі, ықыласы, ой-сезімі туралы көптеген тамаша өлең, дастан, очерк, әңгіме жазды.

Бұл дәуірде Ғали советтік отаншылдықты бар даусымен жырлады. «Отан», «Емен», «Орамал», «Гүл», «Қарағай», «Ер арманы», «Қаһарман», «Отан алдында» деген сияқты бірсыпыра өлеңдерінде емен кескінді мықты, зәулім, әсем Советтер Одағының бейнесін, совет адамдарының Отанға деген махаббатын шебер суреттеді.

Отаным, еркелегем өзге кімге?
Өзіңмен нені болсын көргем бірге
Қалайша қабырғама батпас менің,
Басыңа қатер бұлаты төнген күнде?

Көзімде кешегі бір кескінің тұр:
Толықсып түрлі мәуе, енген гүлге.
Ұялап толып тұрған секілді еді
Махаббат, бақыт, қызық, жер көгінде.

Басым бос, көңілім қош, жаным жарқын,
Бал жұтып жүргем соның серуенінде.
Жауыз жау шырын бұзып сол өмірдің,
Жалындап кекке толды-ау кеудем мүлде!

Жарасар адам аты Отаныммен,
Өмір не одан қалып, көрген күн не?!
Көз түрткі көрінгенге Отансыз жан,
Кеткені қайғы-шердің шеңгелінде.

Құл етсе азат басын, асау жанын,
Адамның тірлігі не, өлгені не?

Кеуденді қысса сығып осы намыс,
Қалайша ұмтылмассың сен жеңуге.—

дейді ақын «Отан» деген өлеңінде.

Әлгі «аталған өлеңдерінде Ғали Отан соғысының қаһарлы, ұлы оқиғалары, қаптаған от-жалындары арасынан солдаттың, халықтың ең бағалы, ең қасиетті сезімдерін көре білген, ашық-айқын етіп айтып бере білген»,— дейді Л. Соболев қазақ ақындарының орыс тілінде шыққан жинағы туралы жазған бір мақаласында.

Ғали өз жазғандарының үстіне орыс халқының, советтік шығыс халықтарының бұрынғы, бүгінгі үлгілі ақын, жазушыларының шығармаларынан көп нәрселер аударды. Мысалы, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Маяковскийдің, Низамидің, Новаидың, Махтұмқұлының, Тұрсынзаданың, тағы басқалардың өлеңдерін, Л. Н. Толстойдың «Анна Каренина» деген, М. Бубенновтың «Ақ қайың» деген үлкен романдарын аударды.

1957 жылы, елу жылдық мүшеліне байланысты Ғалидың «Сәт сапары» деген өлеңдер жинағы шықты. Оған ақынның әр кезде жазған 231 өлеңі, әркімнен аударған 15 шақты өлеңі енді. Автор жинақтағы өз өлеңдерін жыл ретімен төрт топқа бөлген: 1927—1929, 1930—1939, 1940—1949, 1950—1957 деп топтаған.

Ғали Ұлы Отан соғысынан бергі дәуірде Коммунист партиясы Орталық Комитетінің әдебиет және көркемөнер жөніндегі тарихи қаулыларымен қаруланып, еліміздің, совет адамдарының сәнді өмірі, коммунистік қоғам орнату жолындағы игі істері, ізгі ой-сезімі туралы толып жатқан терең идеялы, көркем кестелі өлеңдер жазды.

Дәлдеп айтқанда, Ғали бұл кезде жазған өлеңдерінің бірсыпырасында («Текелі», «Аталмаған тау», «Мыс қала», «Үлбе», «Хан тауының құлауы») Қазақстандағы жаңа салынған, салынып жатқан алып өндіріс орындарын, темір жол құрылыстарын, олардағы еңбек ерлерін көрсетеді; бірсыпырасында («Бетпақ дала дастаны», «Егін толқын», «Жерұйық», «Жоңғар жұлдызы», тағы басқалар) совет адамдарының жапан дүз, шөл далаларға, тың, тыңайған жерлерге шабуыл жасап, оларға су шығарып, ел қоныстандырып, егін салып, орман отырғызып жатқанын, социалистік егін-жайдан мол өнімдер алып, ел байлығын молайтып жатқанын, еңбек ерлерін суреттейді; бірсыпырасында («Доллар тағдыры», «Асқанға тосқан», «Май жыры», тағы басқалар) адал ниетті адам баласының, совет халқының

жаңа империалистік соғысқа, атом соғысына қарсы қимылын, күресін баяндайды.

Қазақ совет әдебиетін өркендету жөнінде сіңірген күрделі еңбектері үшін ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Ғалиды екі рет (1945 жылы, 1956 жылы) Қызыл Жұлдыз орденімен наградтады.

Сөйтіп, Ғали ақын еліміздің қоғамдық өміріне әрдәйім араласып, сонан көрген-білгенін, түйген-сезгенін өзінің шама-шарқынша өлең, жыр әңгіме, очерк етіп жазып отырды. Бүкіл Совет Одағында, оның ішінде өзіміздің Қазақстанда Коммунист партиясының, Совет үкіметінің басшылығымен жүргізілген елді колхоздастыру, өнеркәсіптендіру, мәдениеттендіру, жаудан қорғау, Отан соғысынан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру, коммунизм шыңына қарай өрлеу сияқты тарихи істердің бәрі де Ғали шығармаларынан тиісінше орын алған.

II

Ғали Орманов әдебиет майданына араласқалы бері екі түрлі әдеби жанрда жазып келеді. Яғни ол әрі өлең, жыр, әрі көркем очерк, әңгіме жазады. Олардың үстіне Ғали әркімнен өлең, жыр, прозалық шығармалар аударады. Яғни Ғали ақын, жазушы, аудармашы.

Ғалидың алғашқы, тырнақ алды әңгіме, очерктері «Аңғал аңшы», «Олжабек» және «Көтерме» деген жинағында шыққан шағын он-он бес әңгіме, очеркі. Бұл Ғалидың 1930-1936 жылдар арасында жазған әңгіме, очерктері.

Онан бері Ғали тағы бірталай әңгіме, очерк жазды. Ол Жамбылдың әдеби хатшысы болып істеген кезінде, Ұлы Отан соғысы жылдарында, әсіресе Отан соғысынан кейінгі жылдары көптеген әңгіме, очерк жазды. Олардың көрнектілері «Алатау сынды Ақсақал» (Жамбыл жайында), «Қаратаудың қамбары», «Алыстағы ауылда», «Бөбек тілегі», «Аталмаған тау», «Алатау қыраны», «Колхоз өмірінің дастаны», «Өлмес өмір, өшпес даңқ» тағы басқалар. Бірақ Ғалидың бұл әңгіме, очерктері бөлек кітап, жинақ болып басылып шыққан жоқ.

Сондықтан біз бұл еңбегімізде Ғалидың әңгіме, очерктерін зерттемейміз. Сондай-ақ, мұнда оның аударған өлең, жырлары мен әңгіме, романдарын да тексеріп отырмаймыз. Ғалидың тек өз өлеңдері, ақындығы туралы ғана айтып өтеміз.

Ал, Ғалидың өлең, жыр шығармалары екі түрлі болып

келеді: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастан, лирикалық өлеңдері әлдеқайда басым, тіпті көп.

Ғалидың өлең, жырлары ішінде «поэма», «дастан» деп басылып жүрген шығармалары: «Шәуілдір» (1934), «Алынған қамал» (1935), «Халық — қаһарман» (1941), «Ана әңгімесі» (1942), «Бөбек жүрегінде» (1944). Екінші сөзбен айтқанда Ғали поэма-дастанды аз жазады.

Мұның себебі Ғали ақын поэма жазуға ұста емес: поэманың оқиғасын, сюжетін, композициясын ойлап табуға, қиыстырып келтіруге олақ. Оның поэмалары көбінше фактысы, оқиғасы, құрылысы жағынан біріне-бірі ұқсас, бәрі бір сияқты болып келеді; очерк, бұрынғы қисса стилінде болады: поэма болмай, көрген-болғанды баяндаған ұзақ өлең болып шығады.

Мысалы, Ғалидың «Шәуілдір» поэмасын алсақ, ол шын мағнасында поэма емес, очерк өлең яки өлеңмен жазылған очерк. Онда автор өзінің Шәуілдір ауданына командировкаға барғанын, сол ауданда көрген-білгенін жыр еткен және онысын бытыратып, ұзынды-қысқалы 32 тақырыпқа бөліп жазған.

Дұрысында «Шәуілдір» үш бөлімді ұзақ жыр. Бірінші бөлімі — ақынның Шәуілдірге сапары; екінші бөлімі — Шәуілдірдің сол кездегі хал-жайы, көрінісі; үшінші бөлімі — Шәуілдірдің әлгі күйге қалай жеткені, тарихы деуге болады.

Яғни өскен, өзгерген жаңа ауылды көруге, барып, оған көмек беруге ақын командировка алады; Шәуілдірге сапар тартады. Жолда, поездда келе жатып көргенін, түйгенін баяндайды.

Шәуілдірге ақынды аудан, колхоз басшылары жылы жүзбен қарсы алады. Қыдыртып, жаңа құрылған аудан, колхоз тұрмысымен таныстырады: оған қаланы, қаланың мәдениет орындарын, колхоздың өнер дүкенін, базарын, егін-жайын, жаңа арық, тоғанын, мал фермасын — бәрін көрсетеді. Бұларды ақын былай қорытады:

Міне Отырар — Шәуілдір
Иесіз, елсіз жапан қыр
Құлазыған кешегі.
Күні жауа күркірей,
Көгі өсе дүркірей
Гүлін төгіп шешегі,
Мынау дала қалың ну,
Анау еңбек — егін, су
Жердің иген емшегі.

Жамырасқан кенеле,
Ісі өзгеге өнеге
Жаңа жұртым осы еді,—

дейді.

Түс кезінде ақын, аудан, колхоз басшылары отырып дем алады, әңгіме дүкен құрады. Шәуілдір бұл күйге қалай жетті деген сұрау туады. Ол сұрауға сақал, мұрты боз қыраудай қалың бұшбақ шал өлеңмен ұзақ жауап айтады: Шәуілдірдің тарихын баяндайды. Ақын оны бір-екі сөзбен қорытады. Поэма осымен аяқталады.

«Халық — қаһарман» поэмасын Ғали «Ұзақ поэманың бірінші бөлімі» деп жариялаған еді. Кейінгі бөлімдері әлі шыққан жоқ. Тегі жазылмаған болуға тиісті. Жазылуы да екі талай деуге болады. Мына бөлімінің материалы, құрылысы соны айқын аңғартады. Сондықтан мұны поэманың бөлімі емес, өзінше, тұтас поэма деп қарау қажет.

Поэманың тақырыбы, идеясы әрі тамаша, әрі өте күрделі. Ел-отанды түрлі жаудан қорғаушы, өсіріп-өркендетуші халық: тарихты жасаушы, ілгері апарушы халық; халық — қаһарман. Міне ақынның айтайын деген ойы, поэманың негізгі идеясы осы.

Бірақ осы тамаша, күрделі тақырыпты ақын жаңылыс бастаған: шашау әңгімеден, материалы, оқиғасы өзіне бейтаныс мәселеден бастаған. Гитлер басқарған фашистік Германия басып алып, езіп-жаншып отырған, қарсы соғысып, қырғынға ұшыратып отырған бірнеше халықтың (италия, чех, орыс халықтарының) алдыңғы қатарлы, ар-намысты, отаншыл ұлдарының Карпат тауы ішіне жиналуын, партизан отрядын құрып, Гитлер әскерімен соғысуын суреттеген. Поэма солардың фашистерді жеңуімен аяқталған:

Поэманың басталуы қандай жаңылыс болса, аяқталуы да сондай жаңылыс. Сонан оны оқып шыққанда оқушы фашистерді жеңген, көптеген халықты оның құлдығынан құтқарған партизандар ғана екен деген жаңылсақ қортындыға келеді.

Автор поэмасын сюжетті етіп жазбақшы болған. Бірақ онысы сюжет емес, әншейін, белгілі бір схема болып шыққан. Дәл айтқанда мынадай жоспарда жазылған: 1) Дунай, Карпат маңындағы елдерді фашистердің басып алуы; 2) Партизандар отрядының құрылуы; 3) Партизандардың фашистерді жеңуі. Нақты деталь шиеленіскен оқиға жоқ.

Ақын әңгімені ұластыру, жалғастыруда ауыз әдебиетіндегі — бұрынғы ертегі мен қиссадағы тәсілді көп қолданады. Мысалы,

Келейін геройыма бағанағы...
Айтайын Шапик жайын енді оқушым...
Келейін геройыма енді оралып...
Соны айтып жүруге ол ыңғайланды,
Дидары сондай қатты лайланды...
Шығылап олар солай жүре тұрсын.
Шапиктен сөз бастайын осындайда...

деп келеді.

Сондай-ақ, автор кейіпкерлердің көзқарастарын, оймақсаттарын, іс-әрекеттерін, ауыз әдебиетіндегіше, олардың өздеріне сөйлетеді, көптеген ұзақ монологтар береді. Поэма — ауыз әдебиеті стилінде жазылған.

Ғалидың 1949 жылы шыққан «Бөбек жүрегі» деген жинағында басылған «Ана әңгімесі», «Бөбек жүрегі» деген поэмаларының материалдары да Ұлы Отан соғысы: екеуі де балалар жайынан соларға арналып жазылған; поэмадан гөрі ұзақ өлеңге ұқсайды. Содан да Ғали «Бөбек жүрегін» сәл қысқартып, түзеп, соңғы, «Сәт сапары» жинағына өлең деп енгізген.

Алғашқы поэма ана мен баланың әңгімелесуі, диалогы болып келеді. Әкесі майданда жүрген жас бала анасынан ағам қайда, майдан не, фашист кім деген сияқты жайларды сұрайды. Ана соған жауап ретінде фашистердің қан құмар құбыжық екенін, баса-көктеп келіп, бейбіт елді, гүл жайнаған қалалар мен селоларды, балалар бақшаларын қиратып, өртегенін, жас, кәрі, ана, бала демей жазықсыз жандарды қырып, жойғанын, совет адамдарыңның, баланың өз әкесінің сол фашистерге қарсы соғысып жүргенін, Москва түбінде жаудың бетін қайтарғанын, енді көп ұзамай оны құртып келетінін бөбегіне ертек етіп айтады. Поэма былай аяқталады:

— Құрыса олар...— дейді бөбек,
— Балаларға тимей ме ешкім?..
— Тимейді ешкім, құртып келсе,
Құбыжықты ағаң әбден..
— Құртып келсін оны ендеше...

Екінші поэманың сюжеті мынадай:

Совет Армиясының бір бөлімі Тарнополь қаласын жаудан азат етеді. Жергілікті халық оны қуанышпен қарсы алады. Әскерлерге әркім тұз-дәм әкеледі. Сонда бір қыз келіп, генералға тұз-дәм орнына Лениннің суретін сыйлайды:

— Өзге түк жоқ... шын, генерал!
Бәрін неміс кеткен тонап...

Ленин атам суретін ал!
Сақтағаным жалғыз сол-ақ,—

дейді.

Ленин суретін ол қаланы фашистер басып алғанда ішкі төс қалтасына жасырып қалып, ұзақ уақыт сонда сақтап, қиын жағдайда өзіне қуат етіп жүрген екен.

Ертеректе жазылғанына қарамай, Ғали поэмаларының ішінде бірсыдырғы тәуірі, шын мағнасында поэма деп атауға әбден тұратыны «Алынған қамал» деуге болады. Тәуірлігі сол — оның тақырыбы, идеясы күрделі, құрылысы қиынды, тілі, сөзі көрікті.

«Алынған қамал», «Челюскин» кемесінің Солтүстік мұз мұхитына жорығы, мұз буып, күйреуі, онда болған адамдардың жалаң мұз үстінде — ажал қамалында қалуы, оларды біздің елдің аман құтқарып алуы туралы. Бұл өз кезінде дүние жүзін күңіrentкен ұлы оқиға болған.

«Челюскин» жорығын жазғандағы ақынның негізгі ойы — Совет мемлекетінің күш-қуатын, совет адамдарының ерлігін, совет техникасының өскенін баяндау, оларға теңіз, мұз, суық, боран, асқар тау, алыс жол, аспан әлемі сияқты мылқау, долы күш, қиын тосқауыл бұйым емес, олар соның бәрін жеңе біледі деу еді.

Ақын материалды, тақырыпты жете біліп, әбден меңгерген. Олардың оқиғалық жәйттерін, сыртқы көріністерін ғана суреттемей, саяси-элеуметтік мәнін ашуға тырысқан. Өзінің түп мақсатын, айтпақ ойын жеріне жеткізіп, көркем етіп айтқан.

Поэмада Солтүстік мұз мұхитының, қаһарлы қыстың, дүлей жел, жынды боранның жарасты сурет, пейзаждары беріледі: Совет ұшқыштарының ерлік іс-қимылдары, батыр келбеттері келісті бейнеленеді, бірді-екілі кісі портреттері жасалады.

Жар қабақ, қаба сақал, ұзын бойлы,
Сабырлы, салқын жүзді, терең ойлы:
Мүлгіген мұз қияны бұзып-жарып
Ер Шмидт тербеткендей теңіз ойды,—

деп келтіреді ақын экспедицияның бастығы О. Ю. Шмидтың портретін.

1935 жылы, «Челюскин» жорығы жөнінде поэмаларға бәйге жарияланғанда, «Алынған қамал» әлгі қасиеттері үшін де үшінші бәйге алған болатын.

Сонымен, Ғалидың бес-алты поэмасы бар. Олар күнделікті, көбінше күрделі тақырыптарға жазылған. Ғали поэ-

маларының тілі жатық, өткір, сөз кестесі, өлең құрылысы келісті. Тек ақын поэманың сюжетін, композициясын келтіруге біраз олақ, әлі жетіле алмай келеді.

III

Ғали Ормановтың бірінші, «Шеңбер» (1934) жинағында басылған өлеңдері тақырыптары мен мазмұндары жағынан болсын, құрылыстары мен кестесі жағынан болсын нағыз шәкірттік, үйренушілік талап, алғашқы машықтану еді; ақынның бала шағын көрсететін еді.

Ақын тілі жаңа шығып келе жатқан жас бала тәрізді. Айтайын деген ойын, мүддесін әлі жеткізіп, дәл, айқын етіп айта алмайды. Көп сөзбен, шұбалаңқы етіп, күңгірт айтады. Мысалы, бір өлеңде ақын Россияда Совет үкіметі орнады; ол Советтік Социалистік Республикалар Одағы болып бірлесті деген ойды: «СССР Ресейге қонды келіп» деп айтады.

Яки ақын патша заманындағы қазақ арасындағы таптық, әлеуметтік жағдайды, әрбір тап өкілінің, әрбір мансап иесінің мінез-қылығын айтпақ болғанда былай дейді:

Бай — балпақ, батыр — арсаң, молда шапшаң,
Болыс — бөрі, ойез өктем, төре тарпаң,
Тілмаш тік, ұлық о жар, сәудегер сақ,
Қу қунақ, би білермен, жарлы жалтан¹

Ғалидың бұл өлеңдерінде келісті сурет, жарасымды пейзаж, көңілге қонымды, дәл айтылған қалыпты жағдай тіпті аз кездеседі. Бірді-екілі пейзаж, сурет болса, олар тым жалпы, тым көп сөзді. Мысалы, ақын бір өлеңде Алатауды былай суреттейді:

Ақ кебенек-оранып,
Тас арқалап, қомданып,
Бұлт бүркеніп, жел сүйген,
Қойыны күз, көзі мұз².

Яки ақын жазғы даланы суреттеген өлеңнің бір жерінде былай дейді:

Арқан тартып тырнасы,
Қарық-қарық күліп қарғасы,
Керуендей шұбалған,
Күні жауып, күркіреп,
Көгі өсе дүркіреп,
Бәйшешегі бұралған³.

¹ «Шеңбер, 45-6.

² «Шеңбер», 67-6.

³ Сонда, 37-6.

Ақынның қолданатын жеке сөздері, теңеуі, салыстырулары оғаш, өрескел, дөрекі; бейнелеуі жарасымсыз, көңілге қонымсыз. Мысалы, «Азынап зауыттар тұр түтін құсып», «Осқырып отарба жүр заулап ағып», «Топырақ асап, шым шайнап», «Жер желіндейт, жырғалат», «Тұрмыстың кірмек екен кілтін ашып» деген сияқты болып келеді.

Ғали өлеңдері бұл кезде көбінше жалаң сөз, үгіт, үндеу, ұран, ақыл болып келеді. Ол бір өлеңде кедей, орта шаруаларға беттеп:

Байдан іргенді алыстат,
Айыр енді жігінді,—

дейді¹.

Енді бір өлеңінде:

— Ал, Ридыр,
— Ал, Ащысай,
— Қарағанды
— Қарт Қарсақпай
— Ембі, Балқаш
Қимылдандар,
Енді ерекше.
Толсын жоспар
Әлденеше
Топқа мандат алыңдар²,—

дейді.

Өлеңнің құрылысы жағынан ақын, тұсауын жаңа кескен, аяғын енді ғана апыл-тапыл басып, жығылып, сүрініп жүрген жас бала тәрізді. Өлеңінің буыны, ұйқасы бірде келіп, бірде келмей қалып жатады.

Керемет қырғын майдан боп Ресей,
Түтеген төңкерістен жер тітірей,
Құйылған долы-дүлей оқ бұршақтай,
Жалтылдап зеңбіректен күн күркірей...
Қаһарман қаулап өрген ел қызыл ер,
Қайраған ерді ерекше Ұлы Октябрь.
Қаймықпай қарсы шапқан қалың қолға
Қаулаған бойда болат қайрат, жігер³.

Бұл үзіндіден ақынның жол соңындағы бірді-екілі дыбысы бір сияқты болса, ұйқас болады деп ұққаны байқалады. Оның бұл кездегі өлеңдерінің ұйқасы көбінше осылай болып келеді.

Бір жақсы жері, Ғали осы жас шәкірттік, үйренушілік дәуірді тез өтті, тез ержетті. Оның екінші, «Абысын сыры» деген жинағында басылған өлеңдері, «Шәуілдір»,

¹ Сонда, 14-б.

² «Шеңбер», 74-б.

³ Сонда, 105-б.

«Алынған қамал» деген поэмалары бір қос өскен, ержеткен ақынның шығармасы болып, ақынның өзіндік, ақындық өзгешелігін сыпаттайтын еңбек болып шықты.

IV

Ғали Ормановтың қай кездегі өлеңдерінің болсын негізгі тақырыбы, мазмұны өзіміздің әр кездегі күнделікті тұрмыс-тіршілігіміз, совет болмысы, совет елінің, совет адамдарының бесжылдықтар тұсында, Ұлы Отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі жылдарда істеген қаһармандық істері, коммунизм жолындағы жанқиярлық күрестері, ізгі ойлары.

Ақын елдің қоғамдық өміріне, күнделікті тіршілігіне үнемі араласып, болған тарихи іс, оқиғаларды іліп алып, жазып отырған; көптеген күрделі, актуалды, әр алуан тақырыптарды сөз еткен. Оның жинағынан шынайы өмір лебі еседі; Отанымыздың тамаша өмірі, басынан өткен әлгі тарихи дәуірлері айқын көрінеді.

Ғалидың тақырып алудағы, өлеңдеріне ат қоюдағы бір ерекшелігі — ол ірі, бірден көзге түсетін тақырыптарға, айқайлап тұратын аттарға жүгірмейді: ұсақ, елеусіз, жанама тақырыптарды алады, өлеңдеріне, көбінше, хат, сәлем, сый, орамал, емен, қора, көйлек, кірпіш, темір ат, қарағай, сәуле, сыр, қырман, бұлақ деген сияқты аттар қояды.

Әңгіме тақырыптың ірі-уақтығында ғана емес, ақынның талантында, ойды, сөзді тауып, түйіп, көріктеп айта білуінде. Талантты, күшті ақын тақырыпты, сюжетті елеусіз, түймедей нәрседен тауып, терең ой, нәзік сезімді, келісті суретті сол арқылы-ақ айта біледі. Түйедей тақырыпты сөз етіп, тұрлаулы түк айтпау күшеншектік, түймедей нәрсені сөз етіп, түйдек ой айту күштілік.

Ғали, осы айтқандай, күшті, талантты ақын. Ол ұсақ, елеусіз тақырыптарды мейлінше мағналы етіп шығарады. Оның ірілі-уақты ой, пікір, сезім айтылмайтын өлеңі болмайды. Яғни ақын болмашы тақырып арқылы-ақ терең ой, тың пікір айтады; нәзік, әсем сезім білдіреді; жарасымды, әдемі бейне, пейзаж, сурет жасайды.

Өйткені Ғали тақырыпты, оқиғаны, материалды жалпы сөз етпейді: олардың сырт көрінісін, күнделік жайын, ұзын-ырғасын түсіндірмейді. Ақын сөз еткен затының, оқиғасының ішкі сырын, философиялық мәнін, негізгі пафосын тауып, ашып, соны суреттейді.

Мысалы, Ғалидың «Сенің күшің», «Жер жыры», «Басталғанын байқадым», «Жан қаһары», «Биыл көктем», «Күткен күн» деген өлеңдерін алсақ, осылардың кейбірі Ұлы Октябрь социалистік революциясы туралы, кейбірі кедей, орта шаруалардың колхоз болып ұйымдасуы жөнінде, енді бір-екеуі Ұлы Отан соғысы, жеңіс күні жайында.

Бірақ ақын өлеңдерінде солардың аттарын атамайды, оқиғалық жәйттерін, сыртқы көріністерін баяндамайды, әлеуметтік мәнін, ішкі сырын, негізгі пафосын баяндайды. Және оны саяси сөз, атаулармен баяндамай, көркем сөздермен бейнелейді, кестелеп келтіреді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының мәнін, оның қазақ еңбекшілеріне еткен әсерін, берген жемісін, Қазақстанды мейлі қай жөннен болсын өркендетіп, гүл жайнатқанын былай аңғартады:

Жарықай созған қолынды
Жасымнан-ақ айқын түсіндім:
Жабағы жұлма тонымды
Түлетіп бір сен түсірдің.
Тағдырдың таңған азабын
Тастадың алып үстімнен
Өзіңнен тауып жаз алдын,
Жасара қаулап өстім мен.
Құйылды күннің сәулесі
Кеудеме сенің күшіңнен.
Көтеріп ылағи мені осы,
Құлпырам күнде ішімнен¹.

Ғали лирик ақын. Тақырыпты, оқиғаны, материалды ол өзі сыртта тұрып, көлденең кісі болып баяндамайды. Өзі тақырыппен, оқиғамен, материалмен қосылып кетіп, біте қайнайды. Сөйтіп, оларды өзінің ішкі елегінен, көңіл көзінен өткізеді: өзінің ішкі дүниесі, түйуі, сыры, сезімі етіп жырлайды.

Яки ақын өзінің көрген-білгенін, түйген-сезгенін біреудің хаты, сәлемі, сыйы, кеңесі, біреудің қуанышы, ойы, арманы, анты, түйуі етіп бейнелейді. Яғни кісінің ішкі дүниесі, жүрек сыры, мұңы, ізгі ойы, нәзік сезімі етіп баяндайды.

Ғали өлеңдері ішінде лириканың әр түрі бар: онда махаббат, табиғат лирикасы да, көңіл күйі, саяси лирика да бар. Көбірегі махаббат, табиғат лирикасы мен саяси лирика. Лирикасының бұлай әралуан болып келуі — ақын талантының көп қырлылығын байқатады.

¹ «Сенің күшің», «Сәт сапары» деген жинақ, 59-бет, 1957 жыл, Алматы.

Ғалидың махаббат лирикасының көрнектілері: «Кім білсін», «Ол бір толқын жыр еді», «Сенің сөзің», «Қалқа», «Оңаша», «Тіл қатуға дәт қылмай», «Тілек», «Көз алдымда сақтаймын», «Ананың ашуы», «Ғашықтық күні», «Орамал», тағы басқалар. Ғали бұл өлеңдерінде сүйіскен жастардың, отасқан жарлардың, ана мен баланың ләззәтін, нәзік, әсем сезімдерін, қиял, армандарын, жарасты, сұлу келбеттерін бейнелейді. Бәрін орынды, көрікті етіп келтіреді.

Тіл қатуға дәт қылмай,
Тынып іштен сүйгемін.
Ынты-зарым айта алмай,
Көрсем мәз боп жүргемін...
Бір өзіңде тұрғандай,
Бар тынысы дүниенің,
Соны медеу қылғандай,
Ешкімге бас имедім.

(«Тіл қатуға дәт қылмай»).

Ғашықтық күні шерменде,
Сыйғызбас оңай сені үйге.
Ойнақтап жүрек кеудеңде,
Салады шіркін не күйге?

(«Ғашықтық күні...»)

Бойшаң, мүсін қарағайлар қоршаған
Көк алқапта кездесіп ем мен саған;
Сол бір сұлу қарағайша өзінде,
Бұлақтары мөлдіреп тұр көзінде.
Күн мен жердің күш пен нұры көркіңде,
Кеттім балқып, мен де сенің еркінде...

(«Көз алдымда сақтаймын (жігіт сөзінен»).

Осы шумақтар мен тармақтардан адамның махаббат сыр, сезімдерін, ғашық болған, сүйіскен жастардың кейіп-бейнелерін Ғалидың келісті суреттей білетіні айқын аңғарылса керек.

Ғалидың табиғат лирикасының бірсыпырасы «Көк ішігі төгілген», «Жазғытұры», «Жаз шырайы», «Асы», «Гүл алаң», «Биіктегі бір ойлар», «Нышан», «Жер көркі», «Қырау қабақ кәрі қыс», «Толқын», «Тың толқын», «Шыңдағы шұғыла» деп аталады. Табиғат лирикасында Ғали тау-орманды, өзен-бұлақты, егін-жайды, қысқы, жазғы дала, тау, орман көріністерін, табиғат құбылыстарын суреттейді.

Ғали таулы, орманды, егін-жайлы жерде туып, өскен, жасынан солармен әбден таныс, біте қайнаған. Осыдан ол тау, орман, егінді алқап суретін жақсы салады. Яғни туған өлке табиғатын тамаша кестелейді.

Орман, тоғай, тау, өзен, егін, дала көріністерін, табиғат құбылыстарын Ғали жалаң өзін ғана суреттемей, үнемі адам өміріне байланыстырып, адамның қалып-райына, мінез-қылығына, сыр-сымбатына, іс-әрекетіне теңеп, шендестіріп суреттейді. Ол шендестірулері көңілге қонымды, көркем болады. Мысалы:

Шаншыла біткен зеңгір күз,
Қарасаң басың айналар:
Тереңде өзен дамылсыз
Дөңбекшіп жатқан айдаһар.

Бұлттан тіке тартқандай.
Қырау қабақ, ақ түтек

Қыс келеді бұрқырап:
Өрнекті сырмақ түріндей,

Өріктің көрдім мақтасын.
Көк ішігі төгілген
Көркің жақсы, қарағай:
Құяды қилы бұлақтар:
Төсіне жібек жапқандай
Төгіле сұлу тұр жақпар.
Қарағай, қайың шымылдық
Құрыпты сол бір құздарға
(«Ұяда»)

Жерді көміп ақ үлпек,
Қымтавады бар тарап
(«Қырау қабақ...»)

Түрлентіп кілем түріндей
Тоқыған қалай тақтасын
(«Өріктің өрмегі»)

Қар ішінде көрінген
Омбылаған баладай
(«Көк ішігі...»).

Қарап тұрсаң суретін кейбір шақ,
Құбылады қызыл таққан қызға ұқсап.
Жігіт күткен жар бейнелі вазалар,
Мүйістерде гүл көтерген бір құшақ,
(«Гүл-алаң»)

Міне, Ғалидың тау-тас, орман-тоғай, өзен-бұлақ, егінді дала көріністерін, табиғат құбылыстарын суреттеулері осылай келеді.

Ғали өлеңдерінің басым жағы саяси лирика. Арнай, дербес саяси лирикасы үстіне, ол махаббат, табиғат, көңіл күйі жөніндегі өлеңдерінің өзін саяси арқау, саяси өң беріп жазады, саяси әңгімемен түйіндейді.

Ғалидың саяси лирикасының аса көрнектілері: «Ленин мавзолейінде», «Мәңгі бірге тағдыры», «Жоқ толғауы», «Кремльде», «Дәулеттің көзі», «Сенің күшің», «Достық торабы», «Қош келдіңіз», «Сөнбес сәуле», «Жоңғар жұлдызы», «Хан тауының құлауы», «Мыс қала», «Асқанға тосқан», «Тың толғау», тағы басқа өлеңдері.

Саяси лирикасында Ғали Ұлы Отанымыздың бүгінгі социалистік шындығын, ертеңгі коммунистік болашағын, еліміз халықтарының айнымас достығын, совет адамдарының, партияның қаһармандық істерін, көсеміміз В. И. Лениннің данышпан идеясын, ұлы, жарқын бейнесін жырлайды. Мысалы, ақын В. И. Лениннің даналығын, бейнесін, халықтың оған деген махаббатын былай баяндайды:

Дамылдап жатырсыз ба, Ленин баба,
Жаһанның жүрегіндей ұлы дана?
Сағынған жазымыздың сәулесіндей,
Қарап тұр дидарыңа біздің дала.
Кімдер жоқ біз секілді келген мұнда,
Сіз үшін бір тоғылып шер мен мұңға?
Жалғанның жазын берген, данышпаным,
Жылысың жалғыз күннен миллион-мыңға!
Бар торап мавзолейге жатыр құйып,
Бар халық өтіп жатыр басын иіп.
Өзіңнің көкірегіңдей Москваға
Кеудесі кең әлемнің жатыр сыйып...»
(«Ленин мавзолейінде»)

Ғалидың саяси лирикасы аса мағналы, терең ойлы, асқақ сарынды болып келеді. Оның бірталайын философиялық лирика десе де болады.

Саяси лирика бола тұрса да, Ғали лирикаларында айқай, екпін, леп аз болады. Оның лирикасы көбінше ақын оқушысымен жай кеңесіп, ақырын сөйлесіп, сыбырлап сырласып отырған тәрізді. Онда оғаш дыбыс, қатты үн кем болады; нәзік сезім, жүрек күйі басым жатады. Ақын оқушыға: сабырлы отыр, құлағыңмен тыңда, көңіліңмен тыңда, жүрегіңе терең бойла: көңіл көзіңмен ұқ, сезіммен таны деп отырғандай болады.

Лирик ақын әртүрлі болады. Бір ақын үнді келеді: дыбысқа, үнге күш салып, оқушының құлақ құршын қандырады. Енді бір ақын ақырын үнді келеді. Жай сөйлеп, ақырын

ғана көңіл күйін шертеді, оқушының сезімін тербейді. Ғали осындай ақын.

V

Ғали өлеңдерінде тау-тас, орман-ағаш, өзен, бұлақ көп суреттеледі, көп шендестіріледі; оның бірсыпыра өлеңдерінің аты «Емен», «Қарағай», «Гүл», «Бұлақ» деген сияқты болып келеді. Осыдан бірді-екілі ретте Ғалиға ол ежелгі символист, романтик; соларша ойын тұспалдап, бұлдыр етіп айтады деп орынсыз сын тағулар болды.

Орынсыздығы сол ежелгі символистер дүниені идеалистік-дуалистік жөнмен түсінеді. Яғни екі дүние бар. Оның бірі — бұ дүние, екіншісі — о дүние. Бұл дүние жалған, сұм, тар, азапты. Шын дүние, ерікті, бақытты дүние — о дүние. Адам бұ дүние үшін емес, о дүние үшін жасайды. Бұ дүниенің сұмдығына, азабына төзіп, о дүниені телміріп күтеді. Әдебиет, жазушы бұ дүниені емес, о дүниені көрсетуге тиісті; адамға бұ дүниені емес, о дүниені танытуға тиісті деп біледі.

Соған сай, символистер бұ дүниені тұралап тұрған, сіресіп қатып қалған қалпында, өлік бейнесінде суреттейді; көбінесе о дүниені дәріптейді. Дерексізді, тіпті жоқты, ешқашан болмасты, қысыр хиялды аңсайды. Еменді, бәйтеректі, гүлді, тағы басқа теңеу-балауларды алғанда о дүниенің, жоқтың, болмастың, қысыр хиялдың белгі-нысанасы, елесі, бейнесі етіп алады. Жансыз етіп, мелшиіп қалған, солған, сарғайған, құраған күйінде суреттейді. Оларға ерекше, о дүниелік, діни-мистикалық мән береді.

Совет жазушысы дүние-жаратылысты, қоғамдық тұрмысты материалистік жөнмен, маркстік-лениндік тарихи, диалектикалық материализм жөнімен түсінеді. Олар үнемі қозғалып, құбылып, өсіп, өзгеріп, жаңарып тұрады. Дүние, өмір, қоғам өмірі сол нақты, тарихи дәл, өсу, жаңару қалпында көрсетілуге тиіс деп қарайды.

Басқаша айтқанда совет жазушысы тек бүгінгі өмірді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге болашақты да көрсетеді: бүгінгі мен ертеңгіні қатар көрсетеді. Ол болашақты бүгінгі өмірдегі өршіл, ілгерішіл, жаңашыл ағым, бағыт арқылы, солардың жаңа, болашақты меңзейтін, болашақтың сипаты болатын ойлары, істері, мінездері арқылы көрсетеді.

Әрине, жазушы бүгінгі өмірдегі жаңаны, болашаққа бой

ұрушылықты жалаң көрсетпей, көріктеп көрсетеді. Оның күшін, қайсарлығын, асқақтығын, әсемдігін мықты, зәулім, сымбатты, қырағы, алғыр затқа, айтайық, еменге, бәйтерекке, гүлге, қыранға, тағы басқаларға балап, меңзеп, шендестіріп көрсетеді. Шарықтатып, бүгінгі болмыстан жоғары етіп, зор болашақты аңсаушы, сол жолда күресуші етіп көрсетеді. Бұл символизм емес, романтика.

Мысалы, Ғалидың «Қарағай» деген өлеңі былай болып келеді:

Қабаққа біткен қарағай,
Қарасам көкке тірелген.
Қалай тұр, десем, құламай?
Тамырын терең жіберген.
Сапырса бұлтты жел-дауыл,
Ойнаса көкте нажағай,
Қабағын шытып оған бір,
Қайыспас зәулім қарағай.
Сұрапыл дауыл басылар.
Әзелден аян әр кімге.
Мөлдіреп аспан ашылар,
Қарағай көктер мәңгіге¹

Осы өлеңде Ғали қарағайды, символистерше, солған, сарғайған, қураған, мелшиіп қатып қалған күйінде, ешбір өмір, тірлік белгісі жоқ етіп суреттеп отыр ма? Жоқ. Совет ақынынша өмір, тірлік бейнесінде суреттеп, терең тамырлы, жел-дауыл, нажағайға қайыспайтын қайратты, зәулім биік, аса сымбатты, ол мәңгі көгереді,— деп отыр. Бұл символизм емес, жай символ — орынды меңзеу, шендестіру болады.

Осы өлеңде тұспалдап айтылған бұлдыр, түсініксіз ой-пікір бар ма? Жоқ. Бәрі айқын. Ақын қарағайды Советтер Одағына меңзеп, балап, сол арқылы Советтер Одағы мықты, күшті, зәулім, әсем, мәңгі жасайды: кәзір оған соқтығатын сойқанды күш болса, келешекте оның бәрі бітеді, ол жазғы аспан тәрізді мөлдіреп ашылады, жарқырайды, әсем болады деп отыр. Бұл символизм емес, нағыз шындық символы, барып тұрған революцияшыл романтика.

Мұндай шындық символы, романтика, орынды меңзеу, шендестіру совет әдебиетінде болады, болуға тиісті; оның қажетті бір қасиеті: Оны ежелгі символизммен де, ежелгі романтизммен де шатастыру хата.

Максим Горький жазады: «Біздің көркемөнеріміз асқақ болу, болмыстан жоғары болу керек. Ол адамды ша-

¹ «Емен», 3-бет.

рықтату, болмыстан жоғары алып шығу керек; бірақ онан бөліп әкетпеу керек. Бұл романтизм ғой? Ие, романтизм... Бірақ бұл романтизмді Шиллердің, Гюгоның және символисттердің романтизмімен шатастырмау керек», — дейді.¹

VI

Ғалидың лирикалық өлеңдері шағын, жинақы, композициясы жағынан өте қисынды келеді. Ақын өлеңнің анатомиясын біледі. Яғни ол өлеңді заңды бастап, заңды аяқтайды; арасына артық шумақ, бөтен сөз кірістірмейді; бәрін ұқыпты келтіреді.

Көп ретте Ғали өлеңдерінің композициясы таза, антитеза, синтеза болып келеді. Яғни ақын, әуелі, жағдайды, тақырыптың жай-күйін аңғартады; сонан кейін, негізгі ойын, көзқарасын баяндайды: ақырында, түйін жасайды. Яки бір ойды екінші ойға қарама-қарсы қойып, екі суретті, екі жайды теңестіре келіп, сонан қортынды жасайды.

Мысалы, Ғалидың «Жоңғар жұлдызы» деген белгілі өлеңін алайық. Өлең барлығы 11 шумақ. Соның алдыңғы үш шумағында ақын көк ала таудың басында ғажайып бір шал көрдім. Ол нажағай, бұлт қасында көп жүрген, ұзақ жыл колхоз малын бағып, еңбегі жанып, жүзі бақытқа, нұрға толы адам, — дейді. Бұл бір жағдай, ақынның бір түйдек ойы.

Өлеңнің осыдан кейінгі алты шумағында әлгі шалдың өз серігімен әңгіме-кеңесін, ойын-әзілін суреттейді, ой-пікірін, ішкі дүниесін ашады. Бұл екінші жағдай, автордың екінші түйдек ойы.

Өлеңнің ақырғы екі шумағында ақын әлгі екі жағдайды, екі ойды жинақтап, үшінші ой, қортынды айтады: биікте жүзі нұр жайнап, күліп-ойнап, малға қарап тұрған, батып бара жатқан күн шапағы бастарын шарпыған екі шал Жоңғар жұлдызы — дейді.

Яки Ғалидың «Күйік» деген өлеңін алайық. Ол бес шумақ. Соның бірінші шумағында ақын қаза болған бөбегінің ұйықтап жатқан бала тәрізді жатқанын, өзінің соған үңіліп, көз жасын мөлт-мөлт төгіп отырғанын айтады. Бұл бір жай, бір ой.

Өлеңнің ендігі үш шумағында әке бөбегінің тірі күніндегі қылықтарын есіне түсіреді: қалай еткенде тірілтуге болар

¹ «Әдебиет туралы», 18-бет, 1940 жылғы басылуы.

еді деп қиялданады; көзім қиып қалай жерлеймін деп налиды, күйінеді. Бұл екінші жай, екінші ой.

Ақырғы бір шумақта ақын алдыңғы екі жайды, екі ойды қорытады. Бөбектің қазасы, күйігі әкенің шашын ағартады.

Шашырар әлі-ақ самайға
Күмістер қаулай жылтырап...

дейді.

Ғали көп сөзді емес. Қай жайды айтқанда да ол сөзді қысқа қайырып, кілт тоқтатып, аз сөзбен түйіп тастап отырады. Оқушы өзінше дамытып, кеңейтіп, тереңдетіп ұғарлық бай мазмұн, көп сыр, астар қалдырады.

Ғали қазақ тілін өте жақсы біледі, сөзге бай. Ойлаған ойын, түйген, сезген қалпын, суретін дәл, өткір етіп айтады. Шығарманы көрікті ететін келісті, өткір сөздерді, неше алуан теңеу, балауларды тауып, орын-орынымен, тілдің, әдебиеттің заңымен қисынды, шебер қолданады.

Мысалы, Ғали мына шумақтар мен тармақтардағы кейбір сөздерді өзі тауып, тыңнан қолданған да, кейбір сөздерді өзінше жаңа мән беріп қолданған деуге болады. Және бәрін де орынды, жарасты келтірген.

Жайымен ішсе, жақсылап,
Жаранға ақыл таптырған («Білесіңдер өздерің»);
Білдіріп тұр жайыңды
Мәлде шекпен үстіңде («Белгі»);
Қонысы шалғай, ел шашын («Қысылып қалдым»);
Тәлетсізге сол бұйрық («Тэй-тэй»);
Қажымас бұл бір жас халық («Бетпе-бет»);
Кейбіреулер тапшаңда
Күбірлейді сөйлесіп («Блиндаждағы әңгіме»);
Араққа ләйліп, сандалып («Қаһарман»);
Әлдекімдер сүрі жан («Бөбек жүрегі»);
Жалтаң жатқан жапанның
Жылда күні осы еді («Әкеледі жерге өмір»);
Еңілік жаққан адамдай
Екі беті албырап («Түсінікті сияқты»);

Осы сияқты Ғали өлеңдерінде жай, жалаң теңеулердің әлденеше түрлерін қолданады. Оларының көбі әрі жаңа, тың, әрі көңілге қонымды болып келеді. Мысалы, Ғалидың біраз өлеңдерінде мынадай жай, жалаң теңеулер кездеседі:

Жақпарға салған өрнектей,
Бұрала жатыр ирек жол («Қиын жол»);
Көрінген алыс жиектен
Көркің бір әсем таңмен тең («Кім білсін»)

Көңіліме күндей нұрлы жақты шырақ («Сенім»)
Жаздың шығы көзгелдек
Шашағынан тұр тамып («Жаз шырайы»)
Аспанның алыстағы алтын көзі —
Сүйемін жұлдызыңды жымыңдаған («Туған жер»)
Терең көлше толқыды,
Отырыспай түп-тұйық («Басталғанын байқадым»)
Таңда тауды бөктерлеп,
Түтін туы көкке өрлеп («Шеңбер»)
Жарындай сонша сүйдірген.
Не деген қызық бұл дүние («Бетпақдала дастаны»)
Шүйкедей, момын қарт анам,
Жылтылдап шашың күмістей («Ана алдында»)
Жер түбіті сықылды
Қауыз ашқан ақ мақта («Ақ торқа»)
Әжімді қалың адырлар
Көрініп маған бір жұмбақ,
Жасыра жатты сай, қырлар,
Жіңішке жіптей жолды ұрлап («Үңілсек енді...»)
Қызықты кітап секілді
Ашамыз жаңа жыл бетін («Жыл дастан»)
Бір үміт «оқу» деген алға бастап,
Алдымда сәулеге ұқсап жүр ойқастап («Сол бір таңда»).

Бейне алдында дастарқан
Астық толы аралың («Ешкі өлмес»)
Егінге ен даланы салдың бөлеп,
Көкпеңбек бір дария бар төңірек («Тың толғау»).

Дұрысын айту керек, Ғалидың осылай өзі тауып, жаңа, жарасты деп қолданған бірді-екілі сөздері мен теңеулері соншалықты орынды, жарасымды емес. Мысалы, мына шу-мақтар мен тармақтардағы асты сызылған сөздер мен теңеулерді біз орынсыз, жарасымсыз; содан да олар өленнің көркін біраз бұзып тұр деп білеміз:

Артына түскен ажалдай («Ағайын арпалысы»)
Қуылған қасқыр сықылды («Бетпе-бет»)
Қала едің шағын Алматы,
Үрлерше біткен бір бүйір («Байғазы»)
Ақымақ ішсе, қамшылап,
Тау мен тасқа шаптырған («Білесіңдер өздерің»)
Албырайды алмалар («Жаз шырайы»)
Жанымды жайып Бетпаққа («Бетпақдала дастаны»)
Қыздар қолы жыпылдап («Ақ торқа»).

Мұндағы алдыңғы екі теңеу тұйық, күңгірт, түсініксіз. Өйткені ажалдың қандай-қандай болатыны: артына түскен ажалдың, басқа ажалдың қандай болатыны, қуылған қасқырдың қандай болатыны еш жерде баяндалмаған. Қалаға

үркерше біткен деу жараспайды, көңілге қонбайды. «Шаптырған» деген сөздің екі түрлі мағнасы бар. Оның бірі сөкеттеу. Мына жерде ол екі мағнасында да ұғынылып тұр. «Албырайды» тек сөз үні қуылып айтылған, мәнді, көрікті емес. Мал жайылады, көрпе жайылады. Жан мал да, көрпе де емес. Сондықтан «жанымды жайып» деу тіпті орынсыз. «Қыздар қолы жылпылдап» дегеннен «Қыздар қолы лыпылдап» деген жарасты болушы еді.

Ғали өлеңдерінің айрықша бір қасиеті — оларда өмір, табиғат, тұрмыс, солардың әралуан дағдылы, жарасымды, сәнді жағдайлары, көріністері нақты күйінде көрсетіледі. Түрлі меңзеу-шендестіру, салыстыру арқылы адамның қалпы, райы, мінезі, жан жүйесі, портреті дәл беріледі.

Ақын өмірдің, табиғаттың, тұрмыстың, кісінің жәй, қарапайым адам байқамайтын, сезбейтін ұсақ, болмашы, нәзік, бірақ көңілге қона қоятын, сезімді қозғап, адамға әсемдік әсер беретін әрі мәнді, әрі сәнді жағдайларын, көріністерін көп байқайды, шебер бейнелейді.

Яғни Ғали өлеңдерінде тамаша күрделі теңеулер, портреттер, бейне, образдар, сурет, картиналар көп ұшырайды. Біразын теріп айтсақ, олар мынадай:

Мысалы, Ғали бір өлеңінде кісі портретін былай келтіреді:

Кең маңдайлы, толқын шашы,
Ойға толы көз жаңары.
Жылы, жарқын бар тұлғасы
Аяп кеткен сол баланы («Бөбек жүрегі»).

Қапшағайдағы биік жартасты ақын кісіге шендестіріп бейнелейді:

Қартқа оны ұқсатушы ем мен бұрын
Әлдекімге салған үнсіз көз қырын.
Ақырында әжім басып дидарын
Қарай-қарай таумсқан құр көз нұрын («Қапшағай»).

Егінді даланың, ондағы комбайнның көрінісі:

Комбайн қоңсып жүр маңда,
Теңізде жүзген кемедей.
Құйылған астық қырманға
Көрінед алатын төбедей («Ырыс»).

Қырманда, қырман айдап жүрген адамды ақын сағатқа шендестіреді:

Құрсаулы қорған қырман шеп,
Осыған өзiм теңгерем;
Ортасы сағат сықылды,
Айналып тыным көрмеген,
Сабаншы сағат цифры
Мезгiлдi бейне меңзеген
(«Қырманда»)

Бiр өлеңiнде Ғали адам өмiрiнiң кезеңдерiн жыл мезгiлдерiне келiстi теңестiрiп суреттейдi:

Көктемде гүл жайнап,
Жердiң жүзi құлпырар.
Мәулерде құс сайрап,
Жан өмiрге ынтығар.
Шiлде тамыз айында
Өмiр дәнiн толтырар.
Бәрi орнында, бабында
Дүние шат боп бiр тұрар.
Күз қоңылтақ жел үрiп,
Шөп, жапырақ бүрсiер.
Қыс қарасы көрiнiп,
Ойға уайым түсiрер
Құтың қашқан секiлдi,
Қыс етектi қымтатар.
Бәлкi бүркеп бетiндi,
Бiр жолата ұйқатар...

Ғали «Гүл» деген өлеңiнде жойқын ұрыс болып өткен жерге — ертеңге шыққан қызыл гүлдi бiресе сол жерге төгiлген қанға теңейдi, бiресе жеңiлмес белгiсi ретiнде сол жерге тiгiлген қызыл туға теңейдi. Сөйтiп, оқушының ой-сезiмiн тербейтiн келiстi бейне жасайды.

Сондай-ақ, Ғали бiрнеше өлеңiнде («Ауыл сыртында», «Ауыл үйлер», «Қоңы мен қожайын», «Ағайыңның арпалысы») бұрынғы ауылдың суретiн салады; «Шеңбер», «Жер жұлдызы», «Үлбе», «Мыс қала» сияқты өлеңдерiнде жұмысшы бейнесiн жасайды; бiрсыпыра өлеңдерiнде («Басталғанын байқаймын», «Жаңбырда», «Егiн толқын», «Нышан», «Жоңғар жұлдызы», «Бiрыс каналы») колхоздың, колхозшылардың, егiн даласындағы еңбек адамдарының келбетiн кестелейдi; Отан соғысы, майдан туралы өлеңдерiнде совет жауынгерлерiнiң ерлiк бейнесiн, бiр қатар өлеңiнде ана, Отан-ана тұлғасын кескiндейдi; бәрiн де келiстi, көңiлге қонымды етiп суреттейдi.

Сонымен, Ғали өлеңдерiнiң композициясы қисынды, өрнегi келiстi. Абай сөзiмен айтқанда, өткiрдiң жүзi, кестенiң бiзi сала алмастай өрнектi, әшекейлi келедi.

Ғали өлеңнің ұйқасын, өлшемін келтіруге де ұста. Оның өлеңдерінің буынында селкеулік (артып кету, кем қалу) ұйқасында оғаштық болмайды, бәрі жатық келеді: белгілі ырғақ, музыкалық белгілі үндестік күшті болады.

Ғали көп өлеңдерін 7,8 буынды, шалыс ұйқасты, бірсыпыра өлеңдерін 11 буынды, ақсақ 7, 8, 11 буынды егіз ұйқасты етіп келтіреді. Бүгінгі ақындардан егіз ұйқасты әрі көп, әрі келісті қолданатын Ғали деуге болады. Ол Абай өлеңдерінің шумақ, ұйқас үлгілерін де көп қолданады.

Ақындық техникасын, шеберлікті Ғали классик ақындардан көп үйренген. Оқып отырғанда Ғалидың талай өлеңдерінен Абайдың, Пушкиннің, Лермонтовтың үлгісі, әсері айқын сезіліп отырады. Ғали солардың өлең үлгілерін, сөз қолдану, өлеңді көріктеу тәсілдерін — бәрін жақсы біледі, шебер пайдаланады.

Ғали «Қырау қабак кәрі қыс» деген өлеңін А. Пушкиннің қазақ тіліне өзі аударған «Қысқы кеш» деген өлеңінен, «Үлбе» деген өлеңін М. Лермонтовтың Абай аударған «Теректің сыйы» деген өлеңінен мейлі құрылысы жағынан болсын, мейлі сөз кестесі жағынан болсын айнытпай жазған. Онысы көп ретте жақсы да болып шыққан.

Ғалидың көп өлеңдері, түрі жағынан, Абай өлеңдерінен айырып алғысыз. Мысалы, оның «Жар сыры» деген өлеңі Абайдың «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» деген өлеңдерінен айнықсыз. Былай:

...Хатыңа сан қарап,
Ала алмай көзімді.
Оқысам көңілім шат,
Көргендей өзіңді...
Сабырлы нұр жүзің
Көңілімді шалқытып,
Қырмызы мінезің
Бойымды балқытып...
Сыйғызып хатыңа
Жазыпсың толтырып,
Жетіпсің антыңа,
Оқыдым толқынып..
Ол мінез менде жоқ
Мен оны білмедім.
Дүрмегім бір еңбек
Трактор мінгенім.

Міне, сол үшін де Қазақстан Совет Жазушылары Одағының басқармасы Ғалиға жолдаған, әлгі, құттықтауында:

Қазақ поэзиясының шыңы ұлы Абайдан шеберлікті талмай үйреніп келе жатқан ақындарымыздың бірі — Ғали дегенді айтты.

Тұтас алғанда Ғ. Орманов өлеңдерінің жақсы сипаттары, айрықша қасиеттері осылар. Ал, жеке-жеке алғанда, сөз жоқ, Ғалидың солғын шыққан, кем-кетікті өлеңдері де жоқ емес. Олар Ғалидың «Сәт сапары» жинағында шыққан өлеңдерінен: «Үлбі», «Қасымға хат», «Бетпақдала дастаны», «Толқын», «Жиырма бес», «Кебенек кебі», «Жүрек», «Египет» деуге болады. Бұлардың кейбіреуі жалпы, жалаң сөзді; кейбіреуінде ақын ойын, тақырыптың мән-жайын жеріне жеткізіп, сарқып, айқын етіп айтпайды.

Осы сияқты, Ғалидың кейбір өлеңдерінде («Ырыс каналы», «Биыл көктем», тағы басқалар) қайталаулар бар. Ақын кейде ойын бір өлең ішінде бір-екі рет қайталайды, кейде басқа өлеңдерінде айтқан ойын, қолданған теңеу-салыстыруларын қайталайды.

Онан соң, Ғали өлеңдерінде өзінің ақындығын көп айтады: «өлеңім, жырым деген сияқты сөздерді кірістіре береді, 1950-1957 жылдар арасында жазған 84 өлеңінен 26 өлеңінде әлгі сөздерді кірістіріп, өзінің ақын екенін ескерткен.

Сөз жоқ, қай ақынның болсын өлеңдерінде өзі туралы, өлеңі, жыры туралы, өзінің ақындығы туралы айтуы керек. Оған ешкім қарсы емес. Бірақ ол тым көп айтылса, және

...Көрдіңіз бе, кім біледі,
Кеудемдегі өлеңді.
Тұнып тұрған көптен бері
Ол бір терең көл еді...
...Жырға толы жанымызға...

деген сияқты болып келсе, ол өзін-өзі мақтау болады. Тек осыны ескерту қажет.

VIII

Сонымен, Ғали Орманов, партия талап еткендей, еліміздің қоғамдық өміріне үнемі араласып, халықпен тығыз байланысып, күнделікті, актуалды, маңызды тақырыптарды жазып келеді; белсенді қызметкер, көрнекті ақын.

Ғали шығармаларының тақырыбы, мазмұны совет болмысы — совет елінің, совет адамдарының, бесжылдықтар тұсындағы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, соғыстан ке-

Үлкен дәуірдегі тұрмысы, ісі, коммунизм жолындағы күресі. Ғалидың өлең, жырлары, очерк, әңгімелері совет болмысын — социалистік қоғам ерлерінің ісін, дағдылы қалпын, мінезін, өміріміздегі үнемі болып, өркендеп отырған жаңалықты дәл, айқын көрсетеді. Яғни социалистік реализм әдісімен жазылған көркем шығарма.

Совет адамдарының бұрын-соңды тұрмысы, ісі, күресі туралы жазылған, жазылатын көркем шығарма «мемлекетке жастарды дұрыс тәрбиелеу жұмысында көмектесуге, оның болашақ буынды сергек етіп, өз жұмысына сенімді, қиыншылықтан қорықпайтын етіп, қандай қиыншылықты болсын жеңіп шығуға дайын етіп тәрбиелеу жөніндегі талаптарына жауап беруге» тиісті.¹

Ғалидың шығармалары партиямыз бен мемлекетіміздің көркем әдебиетке қойып отырған осы талаптарына толық жауап берерлік, социалистік, коммунистік қоғам құрушы бүгінгі көпшілікті де, болашақ ұрпақты да коммунизм рухында тәрбиелеуге әбден жарайтын шығарма.

Ғали өлеңдері терең мағналы, асқақ сарынды, көркем суретті, акынның өз сөзімен айтқанда, «шаршаған бойды сергітетін, ұйықтаған ойды оятатын, көңілді көкке кергітетін қуатты өлең-жыр.

Ғали ендігі жерде мейлі поэзиядан болсын, мейлі прозадан болсын күрделі шығармалар беруге міндетті. Ол тек лирикалық қысқа өлеңдермен, ұсақ очерк, әңгімелерімен ғана отырмай, сюжетті, ұзақ поэмалар, үлкен әңгіме, повесть, романдар жазуға тиісті. Ғалиға қойылатын талап осы.

1957.

¹ КПСС Орталық Комитетінің 1946 жылы, 14 августығы қаулысынан.

СОВЕТ АДАМДАРЫ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

(Мұқан Иманжановтың (М. Тауұлының) «Жастық» деген әңгімелер жинағы туралы).

Мұқан Иманжанов (М. Тауұлы) — жас жазушы. Ол газет, журналдар бетінде осы қырқыншы жылдардың басынан көріне бастады. «Жастық» — Мұқанның алғашқы тырнақалды әңгімелерінің жинағы, тұңғыш еңбегі.

Жинаққа Мұқанның 1940-1947 жылдар арасында жазған, ірілі-уақты, 12 әңгімесі, әңгіме-очеркі енген. Олардың бәрі де бүгінгі тақырыпқа жазылған: совет адамдарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі, соғыстан кейінгі бейбіт, ұлы құрылыс дәуіріндегі ерлік істері, қаһармандық күрестері, ыза-кектері, достықтары, махаббаттары, ой-қиялдары туралы, совет адамдары туралы.

Мұқан жылдан жылға өсіп келе жатқан, талантты жазушы. Әңгімелерінің мейлі тақырыбы, пікірі, идеясы жағынан болсын, мейлі құрылысы, желісі, көркемдігі жағынан болсын Мұқан үнемі ілгерілеп, бірден бірге жетіліп отырған. Осы алты-жеті жылдың ішінде-ақ көп өскен. Мұқанның 1940-1942 жылдар арасында жазған әңгімелері («Гүл», «Шал», «Ақша», «Бала қаны», «Даладағы от») мен 1945-1947 жылдар арасында жазған әңгімелерінің («Ақмоншақ», «Адам туралы аңыз», «Ене мен келін», «Сүйген жар» тағы басқа әңгімелерінің) айырмасы үлкен, тіпті жер мен көктей.

Алғашқы жылдарда жазған біраз әңгімелерінің тақырыптарын Мұқан түрлі кинофильмдерден, орыс тілінде шыққан түрлі кітаптардан алған, дайын, көп сөз болған тақырыптарды алып жазған. Және бәрін де белгілі, дайын, жұрт көп қолданған желі, сюжет, схема бойынша жазған.

Мысалы, Мұқанның «Шал» деген әңгімесінің желісі,

сюжеті былай: бір селоны немістер басып алады. Немістердің солдаттары мен офицерлері селодағы бір шалды ұстап алды: оны шошқа тауып бер деп қысады. Шал жарайды, шошқа тауып берейін, маған еріңдер дейді. Немістер шалға ереді. Шал оларды партизандар жатқан селоға бастап барады. Партизандар немістерді қырып-жояды. Автор әңгімені: «орыс шалы немістерді, міне, осылайша сыйлаған еді» деп аяқтайды.

Мұқанның «Ақша» деген әңгімесінің сюжеті былай: соғыс кезі. Тылдағы бір қала, үлкен завод. Заводтың бас инженері Сәтов. Сәтовтың Сейтжан деген баласы мектептен қайтып келе жатады. Оның алдында кетіп бара жатқан бір кісінің қалтасынан бір буда ақша түсіп қалады. Сейтжан оны тауып алып, иесіне береді. Ол Сейтжанды жақсы көріп қалады. Осыдан былай ол адам Сейтжанмен жиі кездесіп, Сейтжанның мамасымен танысып, олардың үйіне келіп жүреді.

Бір күні Сәтов әйелімен қонаққа кетеді, үйде Сейтжан жалғыз қалады. Әлгі танысы келіп, Сейтжанның папасын күтіп отырады. Кітап алып оқимын деп, оның кабинетіне кіреді. Шкафын ақтармақ болады. Сейтжан қарсы болады. Сол кезде біреу есікті қағады. Сейтжан есікті ашуға кетеді. Келген кісі әлгі танысының жолдасы болып шығады. Сейтжан есікті ашуға кеткен арада бұрынғы кісі Сәтовтың чертеждарын суретке түсіріп алады. Соңғы келген кісі бұрынғы келген кісіні шақыра келген екен. Екеуі кетпек болады. Есіктен шыға бергенде оларды мемлекет қауіпсіздігі мекемесінің адамдары ұстайды. Оларды есік ашуға барған арада Сейтжан телефонмен хабарлаған болады.

Алғашқы жылдарда жазған бірді-екілі әңгімелерінің тақырыбын, сюжетін Мұқан өзі ойлап тапқан, қазақ тұрмысынан алған. Бірақ ол әңгімелері дәл, шын, көңілге қонымды болып шықпаған.

Мысалы, «Даладағы от» деген әңгімеде Кәкен деген жас бала түнде жылқы қарап жүріп қасқырға кез болады. Соны Мұқан былай суреттейді:

«Солтүстік жақтағы жырадан қасқыр ұлыды... Жортып келе жатқан екі қасқырды аңғарды. Ай қараңғы болса да, түнге көзі үйренген ол жыртқыштардың тұлғасын анық көрді... Қасқырмен екі арадағы өзектен тасырлаған дүрсін шықты. Жылқының осқырған дыбысы естілді. Қорыққан бала қуанып, дыбыс шыққан жаққа жүгірді. Қасқырдан үріккен екі ат өзектен шыға келеді де, баланы көріп, шүр-

қырап қоя берді. Аттар балаға жетпей-ақ, екі қасқырға келіп килікті...

Көздері шоқтай жайнап, екі қасқыр қос торыға арандарын ашты. Олар баланы елеген де жоқ. Жануар екі ат жауына айбат шегіп, баланы арқа тұтты...

Қос қасқыр екі атқа төніп келеді де, тап берді. Шошыған аттар артқы аяқтарын бір рет сілтеп қалады да, пәрменінше ырғып түсті. Қасқырлар аттың екі жағынан шығып қамалап, омырауынан ауыз салмақ болды. Мұны көріп жаны түршіккен жануарлар шыңғырып жіберді. Байырғы аттарының даусын естіп Кәкеннің төбе құйқасы шымырлады» дейді.

Осы рас па? Үріккен жылқының со бетімен қашып, шауып кетпей, жас баланы арқа тұтып келуі, жан сауғалап соған тығылуы мүмкін бе? Қасқырлардың қасында тұрған балаға тап бермей, үркіп, қашып жүрген жылқыларды қуалауы, қамалауы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес, бәрі жалған.

Қасқыр жылқыға ұлып жортып келіп, үркітіп шаппайды. Ақырын елеусіз келіп, жәй жүрген ит сияқты болып келіп шабады. Қасқыр жылқыға артынан келіп шаппайды, артынан келіп шапса, теуіп, мерт қылатынын біледі, алдынан келіп шабады. Онда да омырауына жабыспайды, байқаусыз оттап тұрғанда құлақтан, құлақ шекеден басады.

Жылқыға қасқыр шапқан кезде Кәкен ойға келеді: «Қос торының біріне ебін тауып мінсем бе екен? Бірақ одан не шығады? Айнала қамаған қасқырдан қашып құтыла алам ба? Тіпті құтылған күннің өзінде екінші ат қасқырлардың талауында қалмай ма?» дейді.

Бірінші, қасқырдан үркіп, қашып жүрген аттардың ұстатуы мінгізуі мүмкін бе? Әрине мүмкін емес. Бұл да жалған. Екінші, егер аттардың бірі ұстатса, бір атты мініп, бір атты қуалап, қасқырдан қашып құтылуға бола ма? Бізше, болады.

Автор олай істемеген, істемейді. Өйткені ол Кәкенді қасқырдан қашып құтылмады, жүректілік көрсетіп, амал қолданып құтылды: от жағып, қасқырды қорқытып құтылды демек, ер, батыр демек. Бірақ онысы көңілге қонымсыз, қара дүрсін болып шыққан.

Сонымен, 1940-1942 жылдары Мұқан тіпті жас. Жас бала тәрізді. Әлі өмірді білмейді, өз ой-пікірі жоқ, тақырыпты, сюжетті кітаптан, кинофильмнен алып жазады, схемамен, қара дүрсінмен жазады.

Ал, 1945-1947 жылдары Мұқан көп ержеткен, оқығаны да, тоқығаны да бар кексе адам, өмірді біледі, жазу тәсілін біледі. Ол тақырыптарды, сюжеттерді өзі ойлап табады, тұрмыстан, еліміздің, еліміз адамдарының күнделікті тұрмыс-тіршіліктерінен алып жазады; социалистік реализм әдісімен жазады.

Мұқан тұрмысты бірыңғай, не кілең жақсы, келісті, сәнді, көрікті жағын, не кілең жаман, келіссіз, көріксіз, сәтсіз жағын алып суреттемейді, екі жағын қатар алып суреттейді. Тұрмыстың ой-қырын, күнгей-теріскейін, ауыр-жеңіл, көрікті-көріксіз жағын бірдей, теңбе-тең көрсетеді.

Осы сияқты, жазушы совет адамдарын сөз қылғанда оларды бір жақты алып, не жалаң жеке басы, үй-іші тұрмысын, не жалаң қоғам, әлеумет тұрмысын ғана алып сөз қылмайды, оның екі бірдей тұрмысын тұтас, бір-біріне тығыз байланысты алып сөз қылады, тұтас көрсетеді.

Жинақтағы «Ақмоншақ», «Ене мен келіні», «Сүйген жар» деген әңгімелерде колхоздың, фабриканьң, больницаның, оларда қызмет істеп жүрген адамдардың — жылқышы Ақмоншақтың, комсомол бастығы мұғалім Шәймерденнің, жұмысшы ананың, дәрігер Шәріптің, солдат партизан Жомарттың — жеке басы, үй-іші тұрмыстары, қоғам-әлеуметтік тұрмыстары тұтас көрсетілген. Қай-қайсысының болсын әр алуан тұрмысы, ісі, қай-қайсысының болсын тұрмысының, ісінің кем-кетігі, табыс-жетісі бәрі әңгіме заңына сиярлық, әңгіме көлемі көтерерлік дәрежеде көрсетілген. Солардың бәрі де жақсы мен жаманның, өскелең мен кертартпаның, жаңа мен ескінің күресі ретінде, жақсының жаманды, өскелеңнің кертартпаны, жаңаның ескіні жеңуі ретінде көрсетілген.

Бұл жағдайларды жазушы көбінше жеке адамдардың өсуі, өзгеруі арқылы жеке адамдардың жаман қылық істерін, қате, теріс көзқарастарын өздерінің түсінуі, мінеп, шенеп, өзгеруі, түзелуі арқылы аңғартады. Әлгі әңгімелерде Төрекелдінің, Ананың, Жомарттың, Алтынайдың осы өзгеруін орынды, дәл суреттеп береді.

Мысалы, Төрекелді («Ақмоншақта») соғысқа барып қайтады. Соғыста міндеттерін жақсы атқарып, көзге түсіп, мақтау алып жүреді. Елге қайтқанда ол көкірегіне нан пісіп қайтады: соғыс дозағынан қайттым, өмірдің ащы-тұщысын көрдім. Отанды қорғаушы ермің. Мен бәрін білем деп ойлайды. Ешкімді өзіне тең көрмейді, ешкімнің сөзін, ақы-

лын тыңдамайды, тұқым газарту сияқты қара жұмысты менсінбейді, істемейді.

Төрекелдінің бұл қылықтарын комсомолдар жиналыста сөз қылады. Оны қатты сынайды. Оны жұрт қатары, өзінің көңіл қосып жүрген қызы, Ақмоншақ та сынайды. Жиналыс Төрекелдіге сөгіс береді.

Өзінің жездесі, колхоз бастығы Ыбырай Төрекелдімен оңаша отырып сөйлеседі. Оның әлгі жаман мінездерін, комсомолдарды бала деп түсінетін, колхоз жұмысын қара жұмыс деп менсінбейтін теріс көзқарасын бетіне айтады, жанына батыра айтады. Оны кейін, жылқышы Ақмоншақ ауырып қалғанда, жылқы бағуға жібереді.

Төрекелді жылқы бағып жүріп ойланады, толғанады, өзінің теріс мінезін, жаңылыс көзқарасын, қатесін аңғарады, есіне түсіріп мінейді, өзін өзі шенейді. Ақырында, соның бәрінен қайтады, түзеледі.

Ана («Ене мен келін»), Алтынай, Жомарттар да («Сүйген жар») өздерінің теріс қылықтарын, қате көзқарастарын тұрмыс талқысы, жора-жолдастарының кеңесі арқылы түсініп, мінеп өзгереді, өсіп бүтіндей жаңа адам болады.

Міне, осыдан Мұқанның әңгімелерінде адамды ойландыру, өзі мен өзін сөйлестіру, қабырғасымен кеңестіру көп ұшырайды. Бұл кейде хат, күнделік дәптер болып келеді. Осылар арқылы жазушы адамның сырттай тұрмысын, ісін көрсетумен қатар ішкі дүниесін де көрсетіп отырады. Адамның әрбір қылығының, ісінің сырттай суретін берумен бірге, іштей себебін дәлелмен беріп отырады.

Мұқан бір қатар әңгімелерінде совет адамдарының адамдық сыпатын, сапасын, отанға, досқа деген күшті, жалынды махаббатын, мейрімділігін, жауға, қас дұшпанға деген мейрімсіз өштігін, қаһарлы қаталдығын суреттейді; совет адамдарына тән жаратылыстық, ой-саналық күш-қуатын суреттейді.

Осыдан совет адамдары, Абай айтқандай, «досқа жаз, қасқа қыс», осыдан совет адамдары қандай қиындыққа болсын төзімді, қандай ауыр іске болсын қайратты, неден болсын, мейлі өлімнен болсын, қорықпайды, бәрін де жеңуге тырысады, жеңеді.

Немістердің қолына түскен аталы-балалы екі партизан («Адам туралы аңызда») жау неше түрлі етіп азаптаса да төзеді, қажымайды, мұңаймайды. Ақырында жау шалдың баласын өлтіреді, екі көзін ойып алады. Сонда да ол сыр ашпайды, Отанын сатпайды.

Мұрат («Жыртық дәптерде») немістердің қолына түседі. Жау оны үш күн бойы азаптайды: дүре соғады, етіне темір қыздырып басады, жарасына тұз бүркеді, тәнін инемен шабақтайды, тістерін қағып алады. Ақырында дарға асып өлтіретін болады. Солай өлгелі отырып Мұрат хаткүнделік жазады. Жау мен өзін салыстырады. Жау аласа, мен биік. Жау әлсіз, мен күшті, жау қорқақ, мен батыр. Жау жеңіледі, мен жеңемін. Мен оны өлімімен-ақ жеңемін,— дейді. Өзінің жауға деген ыза-кегін, Отанға, досқа деген махаббатын жырдай ағызады.

«Қош бол, достым!», «Дос қайғысы» деген, жас жазушы, жауынгер — Баубек Бұлқышевтің өліміне арнаған әңгімелерінде Мұқан совет адамының ойын, арманын, оның майданда жүргендегі, өлер алдындағы ойын, арманын суреттейді.

Ол адам болып дүниеге келіп, адам болып дүниеден кету керек. Ұрпаққа іс, сөз, даңқ қалдыру керек. Осылай істей алған адам адам, ол Ердің өлімінде де өмір бар дер еді. Абайдың өлеңін айтар еді.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен
Көрге кірсең үлгілі, жақсы атақпен,
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенге боласың тең.—

дер еді.

Ол дүниеден адамша қайтты, заман біздікі, болашақ біздікі деді. Сол үшін қызмет етіп, сол үшін күресті, күресте өлді дейді. Ер өлімі, оның жарын, жақындарын, жолдастарын, достарын жасытпайды. Қайта ыза-кегін, жігер-қуатын, үстеп, оларды іске, күреске, ер арманын орындауға құлшындырады деп баяндайды жазушы.

Қорытып айтсақ, Мұқан бұл жинақтағы әңгімелерінде: совет адамдары нағыз, шын мағанасында адам. «Адам деген ардақты ат», совет адамдарына ғана лайықты деген пікірді айтады.

Мұқанның 1945-1947 жылдар арасында жазған әңгімелерінің кемшіліктері де бар. Рас, олар ұсақ, ұсақ болса да көрсетіп кету керек болады. Жақсының тағы да жақсырақ болуын тілеу табиғи заң.

Мұқан әйелді, ананы сыйлау, ардақтау дегенді қате түсінді. Ол мейлі кім болса, ол болсын, мейлі қай кезде, қандай жағдайда болсын ешкім анаға тіл, қол тигізбеуге тиіс, мейлі кім болса, ол болсын мейлі қай кезде, қандай жағдайда болсын ананы сыйлауға, ананың айтқанын әркім тың-

дауға тиіс деп түсіндірді. Осыдан болу керек, Мұқан «Адам туралы аңыз» деген әңгімесінде немістердің қолына түскен совет әйелінің аузына оны немістер азаптап жатқанда: «— Мен анамын, ұрма мені!..» деген сөз салып үгіт айтқызды. Мұнысы тіпті жараспай тұрады.

Мұқанның «Ене мен келін» деген әңгімесіндегі ананы фабрикадағы барлық жұрт, барлық ұйым жақсы көреді, мақтайды, ардақтайды, оған қамқорлық істеп, жағдай жасайды. Бірақ жазушы Ананың кім болып істейтінін, қоғамға қандай қызмет көрсеткенін, не үшін ардақтайтынын, не үшін мақтайтынын көрсетпейді, айтпайды. Өзінің ана жөніндегі әлгі түсінігі бойынша тек ана болғаны үшін жақсы көреді, ардақты демек болады.

Болмыста бұлай, әйел атаулының ана деп, тек әйел, тек ана болғаны үшін ғана жақсы көру, мақтау, ардақтау болмайды. Болмыста әркім, ол мейлі ана болсын, мейлі әке болсын, қызметімен, қоғамға істеген пайдалы, үлгілі ісімен, еңбегімен бағаланады, соған қарай мақталады, ардақталады.

Мұқан «ана» деген сөзді жалпы әйел атаулыға да, жеке әйелдің аты ретінде де қолданады. Оның бірқатар әңгімелеріндегі кейіпкер әйелдерінің о баста ата-анасы қойған Жәмила, Салиха деген сияқты аттары жоқ. Бәрі де «Ана» деп аталады.

Болмыста олай, аты жоқ адам, ана, әке деген есімді адам болмайды. Әрбір балаға ол мейлі ұл бала, мейлі қыз бала болсын, туған соң ата-анасы ат қояды. Жұрт, жазушы оларды осы аттарымен атайды. Ал, жалпы әйел атаулыны жинақтап алғанда ана деп айтуға болады, солай айтылады. Ал жеке әйелді атымен атайды. Осылай саралап, дәлдеп атағанда әрі ұғымды болады, әрі жарасып тұрады.

Кейбір әңгімелерінде Мұқан кейіпкерлерінің жас шамасын ашып айтпайды, әсіресе жастардан алған кейіпкерлерінің жасын ашып, дәл айтпайды: «бала», «жас бала», «жас» деп жалпылап, бүркеншектеп отырады.

Мұқанның «бала», «жас бала», «жас» деген кейіпкері іске келгенде ересек баланың, бала жігіттің ісін істеп, сөзін сөйлейді. Екінші бір ретте бала жігіт, майданға барып қайтқан ересек комсомол жас баланың ісін істеп, сөзін сөйлейді.

Екеуінің ісі де жалған, жарамсыз болып тұрады. Асылында баланың да баласы, жастың да жасы бар. 1—5 жасар бала, 5—10 жасар бала, 10—15 жасар бала, 15—20 жасар бала бар. Бұлардың әрқайсысының қылығы, ес-ақылы, іс-әрекеті әр түрлі. 1—5 жасар баланың қылығы, ес-ақылы,

іс-әрекеті бір басқа да, 15—20 жасар баланың қылығы, ес-ақылы, іс-әрекеті өзіне басқа. Біріне лайық, жарасқан қылық, ес-ақылы, іс-әрекеті екіншісіне лайық болмайды, жараспайды. Әңгіме рас, жарасымды, көңілге қонымды болу үшін жазушы кейіпкерінің жасын дәл көрсету керек, соған сай оған қызмет беру керек еді.

Мұқанның сөздерінде, сөйлем құрауларында бірді-екілі кемшіліктер ұшырайды. Ол көбінше кедір-бұдыр, екі ұшты сөздер, екі ұшты, күңгірт мағаналы сөйлемдер түрінде болып отырады.

Комсомол ұйымының жиналысы болады. Онда көктем егісіне дайындық жұмысына комсомолдардың қатысы туралы мәселе қаралды. Осы мәселе жөніндегі баяндамашы сөзін былай бастайды:

«— Қылышын сүйретіп қыс келеді. Егіс жұмысы аяқталды. Кәзіргі негізгі жұмыстың бәрі — тұқым тазалау болып отыр» дейді.

Осындағы егіс қай егіс, егінді себу ме? Егінді орып-жинау ма? Екі ұшты түсініксіз.

Жазушы жалпылап сөйлеуден, шамалап пішуден, екі ұшты етіп айтудан аулақ болу керек. Дәл, нақты, айқын, түсінікті етіп айту, сөйлеу, жазу керек. Сол үшін И. С. Тургенев суреттейтін, сөз ететін нәрсенің ұсақ егжей-тегжейлерін дәл, нақты, айқын етіп көрсетудің өзі зор талант дегенді айтады.

Сөз түйіні, Мұқан жас жазушы. Бірақ үнемі ілгері басып, бірден-бірге жетіліп, тез өсіп келе жатқан жазушы. Әлден-ақ өзіндік пікірі, қиялы бар, өзіндік тілі, стилі бар, болашағы мол жазушы.

ТАТЫМДЫ СӨЗДЕР

I

«ЖОЛДАСТАР»

Қазақтың академиялық драма театры жақыннан бері жазушы Әлжаппар Әбішевтің «Жолдастар» деген пьесасын қоя бастады.

«Жолдастардың» тақырыбы жаңа: біздің бүгінгі, социалистік тұрмысымыз, біздің бүгінгі адамдарымыз, солардың ісі, қарым-қатынасы, тұрмысы, ізгі ой-пікірі.

«Жолдастардың» негізгі геройлары да жаңа өмірдің адамдары — жаңа қоғамның құрылысшылары — күнделікті тұрмыста бір-бірімен таласады, айтысады, ұрсысады; бірақ асылында бәрі дос, жолдас, бәрі ынтымақты, бәрінің көздегені социалистік отанды өркендету, нығайту болады.

Оқушыға мәлім, бізде бүгінгі тақырыпта жазылған біздің бүгінгі сәнді, қуанышты тұрмысымызды, оның еңбек ерлерін көрсететін пьесалар, тағы басқа шығармалар жоқтың қасы. Осы жағынан қарағанда Әбішевтің бүгінгі өмірімізді көрсетуге талаптануы құттықтарлық іс.

Мұның үстіне «Жолдастардың» адамға әсер етіп, есте қаларлық тәуір жерлері де бар. Атап айтқанда ол Ақпан мен Айболдың үй-ішінде болатын оқиғалар, Жақияның Айболды емдеуі.

Алғашқы кезде ағалы-інілі Ақпан мен Айбол екеуі екі сапта: Ақпан жаңаны сезе алмаған, кертартпа адам, ал Айбол совет инженері, совет патриоты. Екеуі тіреседі, егеседі. Ақпан партиядан шығарылып, завод директорлығынан алынады. Ақпан осыған қатты қайғырады, налиды, кейіді. Айбол да қайғырып, налиды: ол, бір жағынан, туысқанының жаман атаққа ие болып, партиядан шыққанына қайғырса, екінші жағынан, заводтың қамы үшін қайғырады.

Жығылған үстіне жұдырық болады, Ақпан мен Айбол екеуіне ортақ қайғы туады: Айболдың әйелі, заводтың жақсы, кен тапқан ардақты инженері Раушан суқараңғы болып, екі көзінен айрылады, осыған ол қатты мұңаяды. Раушанға Ақпан мен Айболдың да, завод жұмысшыларының да жаны ашиды, бәрі қосыла қайғырады.

Бұл шын, нанымды, әсерлі оқиғалар көрушіні жетелеп отырады.

Жақияның Айболды емдеудегі толықсуы әрі терең мәнді, әрі күшті бір оқиға. Жанындай жақсы көрген әйелі Латифамен айрылысуына себепші болған, қас дұшпаным деп білген адамы Айбол уысына түсіп, әл үстінде жатқанда дәрігер Жақия үлкен ойға қалады; оны өлтірсем бе екен, тірілтсем бе екен дейді. Жақияның жүрегінде «махаббат пен ғадауат майдандасады», адамгершілік пен жауыздық алысады. Жақияның бойын біресе ғадауат, жауыздық билеп, біресе махаббат, адамгершілік билеп, оны әр-сәр етеді.

Бұған көруші күшті әсерленіп, не болар екен деп, қыпылдап, бір ысынып, бір суынып отырады. Бірақ айта кету керек, осындай әсерлі, күшті, ауыр кезеңді Жақия болып ойнаған артист С. Телғараев жеңіл, әсерсіз етіп ойнады.

Жалпы алғанда «Жолдастардың» осындай құнды, тәрбиелік маңызы күшті жерлері бар.

Осымен қатар «Жолдастардың» елеулі-елеулі кемшіліктері де бар. Жұртшылығымыз оларды атап көрсетіп, автордың ендігі жерде пьесаны түзеуіне жәрдем етуге тиісті.

«Жолдастар» көп желілі пьеса. Ондағы бірінші желі — инженер Айбол, оның әйелі инженер Раушан мен дәрігер Жақия, оның әйелі инженер Латифа арасындағы әңгімелер. Латифа мен Айбол жасынан бірге өскен дос. Кейін Латифаның көңілі дәрігер Жақияға ауады, соған күйеуге шығады, ал Айбол Раушанға үйленеді.

Институтты бітіріп іске шыққанда бұлар бәрі бір заводта істейді, бірлесіп кен іздейді, завод салады. Осы іс үстінде жеке сөздеріне, жеке қылықтарына қарап, Раушан мен Жақияның ойына Айбол мен Латифа баяғы бала күндегілерін істеп жүр, бізден жасырынып көңіл табысып жүр деген күдік келеді. Осыдан бұлардың арасында араздық туады: Жақия мен Латифа айрылысады, Айбол мен Раушан ренжіседі. Жақия мен Айбол, Раушан мен Латифа өшігеді.

Бірақ ақырында мұның бәрі түсінбеушіліктің салдары болып шығады, бұлар — Айбол, Раушан, Жақия, Латифа —

бір-біріне қас емес, шын дос, сенімді жолдас болып шығады.

«Жолдастардағы» екінші желі — Айбол, Латифа, Ақпан арасындағы әңгімелер. Табылған кенді пайдалану, завод салу жөнінде Ненашев деген инженер мен завод директоры Ақпан бір пікірде болады да, Айбол, Латифа, Раушан екінші пікірде болады. Осы екі пікір таласқа, талқыға түседі, екі жақ әбден айтысады. Осының үстінде Нечаевтың халық жауы екені айқындалады, партия жиылысы Латифаның ұсынысы, Айболдың қуаттауы бойынша Ақпанды партиядан шығарады, орнынан алады.

Ақырында осының бәрі бірін-бірі түсінбеу, бірін-бірі аңғармай, ағат кету нәтижесі болып шығады.

«Жолдастардағы» үшінші желі — Тасқара, Жанат, Тасболат арасындағы оқиға. Жанат Тасқараға күйеуге тиеді, бірақ бойына бала бітпейді, сонан кейін Тасқара оны елдің ескі әдетінше емдетеді: үшкіртеді, әулиеге түнетеді. Бірақ онысынан ешнәрсе шықпайды. Тасқара бала деп аңсаса, Жанар жасынан ғашық болған колхоздың сері жігіті Тасболатты аңсайды, соған қосылуды арман етеді. Ақырында ол осы арманына жетеді. Тасболатқа қосылады.

Әрине Тасқара бұған ашынады, намыстанады. Тасболат пен Жанатқа өшігеді. Бірақ ол: мен бұл өшімді Тасболат пен Жанатты қолдап жүрген инженер Айболдан аламын. Тасболатпен, Жанатпен дос, жолдас боламын дейді. Солай істейді де.

Бұл жерде, ең алдымен, айтатын нәрсе — автордың барлық оқиғаны түсінбеушілік негізіне құрып, сонан туғызуы, сөйтіп, дұшпан да, жау да жоқ — бәрі дос, бәрі жолдас деп түйюі көңілге қонымсыз, нанымсыз, тым жеңіл, әсерсіз болып шыққан. Шынына келгенде мұнда ұғыныспайтын, қиын, түйінді ешнәрсе жоқ, бәрі айқын, бәрі түсінікті. Автор әншейін оқиға туғызу үшін осылай ойдан құрай салған.

Онан соң, автор «Жолдастарды» көп желілі етіп жаза-мын деген. Бірақ дегеніндей етіп шығара алмаған. Өйткені, бір жағынан «Жолдастардың» желілері бір-бірімен әбден қиюласпаған, әсіресе оның үшінші желісі тіпті оғаш, тіпті қиыспай тұрады, екінші жағынан, «Жолдастардың» желілері, жеке оқиғалары жеріне жеткізіле, әбден өрістетілмеген, селкеу, қам қалған, бір жақты жалаң болып шыққан.

Мысалы, Тасқара үшінші пердеде шығып, әйелінен айрылып қалуының, Жанаттың бойына онымен тұрғанда бала бітпей, Тасболатқа тиген соң бала бітуінің өзі үшін үлкен намыс, тіпті өлім екенін айтып, Тасболат пен Жанаттан өш

алам: дос болып жүріп, араларына от салам деп, қолындағы балғасын кезеп әбден кіжінеді, қаһарланады.

Көруші Тасқараның бұл кіжінуінен көп оқиға күтеді, ендігі жердегі оқиғаның бәрі осыдан туады деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде олай болмайды: Тасқара өзінің өшін екінші біреуден алады: инженер Айболды жаралайды. Бұл, бір жағынан, көңілге қонымсыз, нанымсыз, әлсіз болып шығады да, екінші жағынан, бұл оқиға осымен аяқталады: Тасқараның қылығын не жаман, не жақсы деген адам болмайды, әңгіме екінші желіге ауысып кетеді.

Сондай-ақ, пьесада өндірістік процесс, бас геройлардың іс үстіндегі, өндіріс процесіндегі қалпы тіпті аз көрсетіледі. Заводтың бір пұшпағы, қолына блокнот алып, заводты айналып жүрген Айбол, жараланған Айболды емдеп тұрған Жақия ғана көрсетіледі, басқа ешбір өндірістік процесс, ешбір геройдың ісі, іс үстіндегі қалпы көрсетілмейді. Тек біреу кен ашты, біреу завод салды, тағы біреу стахановшы болды деп сөзде ғана айтылады. Нақты өндірістік тұрмыс, геройлардың ісі, өсуі көрсетілмеген. Бұлардың барлығын тек қара сөздермен тындырған.

Ал енді «Жолдастардағы» кісі образдарына келсек, автордың ойынша пьесадағы басты образдар Айбол (инженер), Ақпан (завод директоры), Харламов (обком секретары), Жақия (дәрігер) образдары болу керек. Осы образдардың ішінде біздіңше Айбол мен Жақияның образы бір қос тәуір шыққан. Оның себебі — аз болса да бұлар іс үстінде көрсетілген, бұлардың ісі мен жеке тұрмысы қатар көрсетілген, басқа сөзбен айтқанда бұлар түрлі жағынан, алуан-алуан кезеңде көрсетілген.

Ал, Харламов пен Ақпанның, сол сияқты, пьесадағы былайғы кісілердің образдары образ болып шықпаған. Әсіресе Харламовтың образы тіпті нашар болып шыққан, ол партия басшысының, обком секретарының образы болып шықпай, жұртты жарастырушы, аяушы, хабаршы кісі болып шыққан.

Мұның себебі, бір жағынан, барлық оқиғаның түсінбеушілікке негізделіп құрылып, көңілге қонымсыз, нанымсыз болып шығуы, екінші жағынан, геройлардың өндірістік өмірлері мен жеке тұрмыстарының қатар, нық байланысты көрсетілмеуі, геройлардың түрлі кездегі қалпының суреттелмеуі деуге болады.

«Жолдастардың» басты кемшіліктері міне осылар. Автор оларды ендігі жерде жойып, пьесасын түзеймін деген-

де, біздіңше, әңгіменің бәрін завод төңірегіне жинау, оқиғаның бәрін соның, сондағы еңбек ерлерінің күнделікті тұрмысынан туғызу керек, оқиғаны әлігідей түсінбеушілік негізінде құрмай, нақты, шын, тұрмыста, өндірісте болатын фактылар негізінде құру керек, еңбек ерлерінің жеке тұрмыстары мен істерін, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі күрестерін шын, нанымды етіп көрсету керек.

Сонда ғана «Жолдастар» жаңа адамның, еңбек адамының кейбір сүйкімді образдарын едәуір дәрежеде бере алатын пьеса болып шықпақ.

1941

II

«САРЖАН»

«Саржан» жазушы Әбішев Әлжаппардың жақында шыққан ұзақ әңгімесі. Әңгіме соғыс жайында, қазақтың Саржан деген полковнигінің Ұлы Отан соғысындағы ерлігі жайында.

Әңгіме соғыс, майдан жағдайын, неміс-фашист басқыншыларының айуандығын, совет адамдарының отанға берілгендігін, қаһармандығын, бір сөзбен айтқанда, соғыс заманының жайын көзге айқын елестетеді, соғыс заманы жөнінде кейінгілерге айқын куә бола алады.

Мұның үстіне әңгіменің сюжет құрылысы, оқиғасы қызық: әңгіме айтылып келе жатқанда оның кей жерлері селкеу, жұмбақ болып қалып отырады да ақырында шешіледі; бір оқиғаның түйіні екінші оқиғадан барып шешіледі; бір оқиға болған ретімен келмей, шалыс келіп отырады.

Мысалы, «Саржанның» мазмұны, оқиғасы, сюжеті былай болып келген. 1942 жылы жазушы майданға барып, сондағы әйгілі 8-гвардияда болып, қайтып келе жатады. Қасында екі серігі болады: бірі Григорий — жазушының жолбасшысы, екіншісі Гүлжанан — штабқа кетіп бара жатады. Көктем, жер еріп жатыр. Жол ауыр: машина, көлік жүре алмайды. Үшеуі жаяу келе жатады. Жол өнбейді. Межелі жерге жете алмай, жолаушылар далаға түнейді.

«Тоқтаған жеріміз қалың орманның ортасындағы дөңгелек алаң. Алаңды қақ жарып терең өзек жатыр. Сол өзектің екі жағында бұрын екі үлкен деревня болған екен. Кәзір бірінің орнына екі үйдің мұржасы ғана тұр, екіншісінің орнында ол да жоқ. Онан басқа көзге түсетін нәрсе жаудың

қираған танктері мен зеңбіректерінің қалдықтары». Алыстан зеңбіректің үні естіліп тұрады.

Ұзақ, ауыр жолды қысқартатын да, жеңілдететін де әңгіме. Манадан бері көп әңгіме айтылады. Бәрі де өлім мен өмір жайында, өлім мен өмірдің алысы жайында, өлімді жеңген адамдар жайында болады. Ақырында Гүлжаһан бір әңгіме айтады: бүгін майданның арғы сыртынан, партизандар жағынан келе жатқан бір самолет оққа ұшыпты. Самолетпен бірге құлаған бір кісі аман қалыпты дейді. Бірақ оның кім екенін, қалай аман қалғанын ешкім білмейді.

Жолаушылар от басында дастарқан жайып, дәм жеп, әңгіме айтып отырады. Дәл осы сәтте сылаң жүрісті бір адам жетіп келіп, бұлардың әңгімесін бөліп жібереді. Сұрастыра келгенде бұл Саржан Мұратов болып шығады.

Бір орайда Саржанның сумкасынан күнделік дәптері көрінеді, онда көп әңгіме бары байқалады. Жолаушылар қолқалап, Саржанға бір-екі әңгіме айтқызады. Әңгімеден алғашқы соғыс басталған күні Саржанның Шығыс Пруссия шекарасында болып, қаптаған қарақшыларға қарсы бір көпірді қорғағаны, шегінгенде оған ертең қайта оралам деген сеніммен шегінгені, ақырында партизандарға қосылғаны, әлгі оққа ұшқан самолетпен бірге құлаған, бірақ өлмей қалсан Саржан екені аңғарылады.

Саржан әңгімесін айтып болады да, отқа ағаш әкеліп салам деп, анадай тұрған орманға кетеді. Ол орманға кірген кезде сонда мина жарылады. Жолаушылар жүгіріп барғанда бітеу жара болып өліп жатқан Саржанды көреді. Осы кезде Саржанды іздеп жүрген біреулер келіп қалып, оны алып кетеді. Жолаушылар, сонымен бірге оқушы, бір жағынан, Саржанның әңгімесін тегіс тыңдай алмай, екінші жағынан, оның өлі-тірісін біле алмай арманда қалады.

Екі жыл өткен соң жазушы майдандағы Базар деген жолдасынан хат алады. Ол өз бөлімінің Шығыс Пруссия жеріне енердегі ерлігін суреттейді, осы кезде өзінің командирімен бір ұшырасқандағы әңгімесін айтады. Базардың хатынан Саржанның тірі екені, Базардың командирі болып жүргені, алғашқы соғыс басталған күні өзі қорғаған көпірді басып, жау жеріне еніп бара жатқаны аңғарылады.

Жазушы Базардың хатын оқып отырғанда үйіне біреу кіріп келеді. Ол майданнан келген баяғы Гүлжаһан болып шығады. Гүлжаһан жазушыға Саржанның сәлемін, баяғы күнделік дәптерін, тағы көптеген материалдарын алып келеді. Осымен әңгіме аяқталады.

Әңгіме оқушыны тартып отырады, оқиғалары қызық. Бірақ жазушы қызық оқиғаларды қуалап кете бермеген. Тек келісті-келісті қызық оқиғаларды ғана алып, оларды шебер қиыстырып құраған. Әңгіме жинақты.

Әңгімеде оның бас кейіпкері Саржаның бейнесі жасалған. Ол көзге ірі сүйекті, тік мінезді, асау жүректі, терең ойлы, өткір сөзді, адамгершілікті командир болып, қарамағындағы жауынгерлердің әрі командирі, әрі әкесі тәрізді қамқоршысы болып елестейді.

«Саржанның» бір міні, кемшілігі тілінде. Әлжаппар тілге — сөзге, сөз құрауға әрі олақ, әрі салақ сияқты. Әлжаппар кей жерде тілі жетіп тұрған, ұста етіп айтуға болатын пікірді не олақ айтады, не орысшалап айтады. Кей жерде сурет, кесте жасауға, оқиғаны суреттеуге тілі жетпей жатады. Суреті, кестесі жарасымсыз, оғаш болып шығады. Сондықтан әңгімесі-пікірі нанымсыз болады.

Жалпы алғанда «Саржан» оқушы сүйсініп оқырлық қызықты жақсы әңгіме.

1945

III

АБДОЛЛА ӨЛЕҢДЕРІ

1

Социалистік мемлекетімізге қауіп төндіріп жерімізді, байлығымызды олжа, өзімізді құл етпек болған жауыз жауға қарсы халық қиян-кескі соғысты. Халықпен бірге ақын, жазушылар да соғысты. Соғыста халықтың көптеген ұлы мен қызы ерлікпен қаза тапты. Солармен бірге бірқатар ақын, жазушылар да қаза тапты.

Отан соғысының майдандарында ерлікпен қаза тапқан қазақ ақын, жазушыларының бірі — Абдолла Жұмағалиев, Қазақтың Біріккен Мемлекеттік Баспасы сол Абдолланың өлеңдерін жинап, өз алдына кітап етіп шығарған.¹

Баспаның мұнысы өте орынды іс болған. Осы сияқты, сол Отан соғысының майдандарында ерлікпен қаза тапқан басқа да ақын, жазушылардың (мысалы Баубек Бұлқышев, Аманғали Сегізбаев, Мұхаметқұл Исламқұлов және басқалардың) шығармаларын жинап, әрқайсысын өз алдына кі-

¹ Абдолла Жұмағалиев. Таңдамалы өлеңдері. Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы, 1945 жыл.

тап етіп шығаруға болмағанда да, бәрін бір кітап етіп шығарса, өте жақсы болған болар еді.

Сонда «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаза тапқан ерлердің даңқы мәңгі өшпесін!» деген қасиетті сертімізге жеткен болар едік.

2

Абдолланың кітабы екі бөлімнен құралған. Кітаптың бірінші бөлімі Абдолла туралы. Онда ақынның өмірі, қызметі, шығармасы туралы түсінік мақала (жазған Қалижан Бекхожин), ақынның ерлік өлімі туралы көркем очерк (жазған Павел Кузнецов), «Абдолла» деген поэма жазған (Қасым Аманжолов) бар. Кітаптың екінші бөлімі — Абдолланың өзінің шығармалары: ақынның Отан соғысынан бұрынғы жазған, орысшадан аударған өлең, поэмалардың таңдаулылары.

Абдолла 1915 жылы осы күнгі Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында туған. Әкесі Жұмағали бұрын кедей болған екен. Кәзір колхоз мүшесі.

Абдолла ауылдық жерде оқып, орта дәрежелі білім алған. 1934-1938 жылдар арасында Оралдағы, Алматыдағы Қазақ Педагогикалық институттарында оқып, әдебиет факультетін бітірген. Сонан кейін бір-екі жыл мұғалім болып істеген.

Өлең жазуға Абдолла институттарда оқып жүрген кезінде-ақ әуестенген. Бірақ ақын 1937-1938 жылдардан бастап көзге түседі. Осы кезде «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттері мен «Әдебиет және искусство» журналында оның бірқатар өлеңдері басылады. Осыдан былай оның өлеңдері газет-журналдарда үнемі шығып жүрді.

Абдолла осы кезде жазған бір өлеңінде:

Бүгін коммунизмнің
Гүлін егіп жатырмыз.
Ертең бізге жау төнесе,
Ел қорғайтын батырмыз,—

деген еді.

Дегеніндей-ақ, Ұлы Отан соғысы басталысымен Отанды жаудан қорғауға жұрт қатарлы Абдолла да аттанды. Ол гвардиялық атақты сегізінші дивизияда болды. Майданда Абдолла өзінің жолдасы жазушы Павел Кузнецовқа бір кү-

ні кездесіп, әңгімелескенде: «Мен өлмейтін өмір туралы поэма жазғалы жүрмін. Менімше ол өте күшті шығу керек» депті.

Ертеңінде дивизия қиян-кесті ұрыста болады. Сол ұрыста Абдолла от ішінде тұрып жаумен жалғыз алысады. Жаудың көп адамын жусатады. Сөйтіп, өзі ерлікпен өледі.

Абдолланың өлердегі ерлігін көзімен көрген жазушы: «Ұлы Отан алдындағы борышын ол ұлы қасиетпен ақтады. Өлмес өмір туралы поэманы ол батырлық қимылымен, қанымен жазды» дейді.

Ақынның батырлығына бас иеміз!

3

Жинақта Абдолланың үлкенді-кішілі 42 өлеңі басылған. Оның үшеуін ақын Лермонтов пен Байроннан аударған, басқаларын өзі жазған.

Абдолланың бұл жинақта басылған өлең, поэмаларын тақырыбы жағынан мынадай екі жік, екі топқа бөлуге болады.

1. Еліміздегі социалистік құрылыс туралы өлең, поэмалары; 2. дүние, адам, махаббат, достық туралы өлең, поэмалары.

Абдолланың бірінші тақырыпқа жататын шығармаларының бастылары — «Ленин туы астында», «Қазақстан», «Алтын өрнек», «Бақыт туы астында» деген өлеңдері.

Бұл өлеңдерінде ақын — совет халқының большевик партиясының басшылығы арқасында елімізде социалистік қоғамның көркейгенін суреттейді; еліміздегі жаңа, еркін, мәдениетті, қызықты өмірді жырлайды. Ол «Алтын өрнек» деген өлеңінде:

...Көз жетпейді, бір биік шың
Жалпақ дүние төрінде.
Нұрын төккен шыңында күн
Ойын-сауық елінде.
Шыңға тіккен алтын отау,
Күнге ұштасқан қызыл ту.
Отауда алтын, жібек жасау
Айналасы қалың ну.
Жібек баулы сол отаудың
Ендім ашып есігін.
Ол отауым — ұлы Отаным,
Отан алтын бесігім»,—

дейді. (34-бет.)

Ақын еліміздегі шарықтап өскен өнер-білімді, техниканы, салынып жатқан ұлы құрылыстарды, өндірістегі, колхоздағы еңбек ерлерінің тамаша іс-Ұлгілерін мадақтайды. Солардың өзіне ақындық қуат бергенін айтады. «Бұлар кім?» деген өлеңінің бір жерінде:

...Көргенде осыларды шыдап жаным,
Қуанбай қалай шыдап тұра аламын.
Сондықтан сол ерлерге дауысым қосып,
Ән салмай бес-алты ауыз шыдамадым,—

дейді (23-бет).

Осылай ақын совет болмысын дәл, шебер суреттейді.

Абдолланың екінші тақырыпқа жататын басты шығармалары — «Өмір суреті», «Кетерде», «Ұзақ жол», «Жастық базарында», «Достың сыры», «Өмір сағаты» деген өлеңдері.

Бұл өлеңдерінде ақын дүние, адам, махаббат, достық туралы өзінше ой-пікір айтады. Бірақ оны ақын кейде бүгінгі, совет ақыны болып, дәл етіп, совет ақиқатына түсініп айтпайды, жалпы буалдыр, дерексіз етіп айтады; әуелгі романтизм сарынында айтады. Онысы көп ретте қате болып, қайғы, саруайым болып шығады. Мысалы, ақын «Өмір сағаты» деген өлеңінде:

Ашар адам дүние есігін,
Іздер базар бақырын.
Базаршылар дүние есігін
Жабар қайта ақырын...
Жылауменен семеді екен
Жанған көздің жарығы.
Жылауменен сөнеді екен
Жанған жүрек жалыны,—

дейді (61-62-беттер).

Осы сияқты ақын «Кетерде» деген өлеңінің бір жерінде:

Тасына табанымды көне жердің,
Тілдіріп тікеніне төбелердің,
Базарлы, сән дүниеден көшімді
артып,
Ақыры кетер болсам, неге келдім.

дейді (32-бет).

Мұнан ақынның бастапқы, ескі романтика мен жаңа, қазіргі совет әдебиетіндегі романтизмнің айырмасын аңғарып жетпегендігі байқалады.

Бұл жинақтағы өлеңдерін жалпы алғанда Абдолла енді есіп келе жатқан, бірақ, әлі тóлып, пісіп жетпеген лирик ақын. Ақын әлі аяғын жаңа басып жүрген, тілі жаңа шыққан жас бала тәрізді. Оның лирикасы идеясы жағынан болсын, стилі, көркемдігі жағынан болсын әлі қалыптаспаған, біркелкі емес.

Ақынның ізденуі бар, әлі тапқаны жоқ. Бірақ болашағы үмітті. Үйрене, төселе келе оның шағын көлемді көңіл күйі, махаббат, табиғат лирикасына шебер ақын болатыны байқалады.

Жас кеткені қатты өкіндіреді.

1948.

IV

«ЖАЛЫНДЫ ЖҮРЕК»

Жасампаз, күш, жалынды жүрек, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте партияның сенімді көмекшісі лениншіл Коммунистік Жастар Одағының айбынды жасақтарының бірі — Қазақстан комсомолы биыл 40 жасқа толды.

Осы даңқты мерекеге байланысты Қазақстан Көркем әдебиет баспасы Жүсіпбек Арыстановтың «Жалынды жүрек» атты тарихи-өмірбаяндық повесін басып шығарды. Автор кітабының басында: «Осы еңбегімді Қазақстан комсомолының 40 жылдығына арнаймын» деген.

Повестің тақырыбы, мазмұны, әңгімелік сюжеті, қазақ халқының, құйрықты жұлдыз секілді жарқырап шығып, жалп етіп сөнген ардагер ұлы, белгілі комсомол қайраткері Ғани Мұратбаев, соның өмірі мен қоғамдық қызметі. Автор Ғаниды көп көрген, өзі жақсы білген, кезінде соның тәрбие, басшылығында болған қарт комсомол, қазіргі кексе журналист.

Кітап үш бөлім болып жазылған. Бөлімдерінің аттары қойылмаған. Бірақ оқып шыққанда, олар айқын аңғарылады. Бірінші бөлімде Ғанидың жас шағы, комсомол қызметкері болып қалыптасуы суреттеледі; екінші бөлімде Ғани Қазақстан, Орта Азия комсомолдарының басшысы, үшінші бөлімде коммунист жастар интернационалы атқару комитетінің мүшесі, шығыс бөлімін меңгеруші — бүкіл Шығыс коммунист жастарының басшысы ретінде көрсетіледі.

Бірақ повесте Ғани жеке алынбайды, жалаң комсомол жұмыстары баяндалмайды. Ғани да, комсомол жұмыстары да дәуірмен тығыз байланысты көрсетіледі. Сол кездегі елдің ішкі, сыртқы хал-жайы, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жүргізген істері мен күрестері, соғыс, революция заманы еске түсіріліп, көз алдыға келтіріледі. Кейіпкерді заман жетелей, өсіріп отырады.

Әңгіме Ғани байдың баласы Нығметұлла мен оның үйіндегі қызметші жесір әйелдің баласы — үшеуінің көше бойындағы төбелесінен қызу басталады. Сонан ары жас Ғани ел өмірінде болған ұлы оқиғаларға, қиян-кескі күрес, ұрыстарға қисынды, нанымды ретпен қатынастырылады. Соның бәрінде ол өзінің, партия мен үкіметтің, халықтың ата жауларымен айқасады; комсомолдарды бастап, солармен бірге айқасады. Саяси күрескер болып көрінеді.

Жасынан сергек те сезімтал Ғаниды қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен 1917 жылғы әлеуметтік революциялар оятады. Ол жас теміржолшы Иван Вишневский, Зарқұм Досановқа қосылып, революциялық күреске, Қазалыдағы совет қызметіне қатынасады. Олар сол алғашқы адымында-ақ Ақпанбай болыстың баласы Мақан кадетпен, Ғанибай көпестің баласы Нығметұлла, Сүтемген байдың Сыздық мырзасымен бетпе-бет келеді. Ыза мен кекке ашынған жас жігіт большевиктер жолын шұғыл қолдап, жастарды партизан отрядтарына тартады, революцияны, советті жақтап, қажымай қызмет етеді.

Ұзамай Ғани Ташкентке оқуға келеді. Үлкен қала оның білімін де, ой шеңберін де кеңітеді. А. Першин, В. Войтенец, М. Качуриңер, Н. Бекқұлов сияқты белгілі большевик революционерлерден Ғани сабақ алады, оларды өзіне үлгі-өнеге көреді. Әбдікәрім Ақбаев, Садақбай Сапаров, Қамал Алимов, Николай Фокин, Сәуле Ақылбаева, Мария Кулакова сияқты қазақтың, орыстың, өзбектің озат ойлы жастарымен танысады.

Енді комсомолецтер «Осипов бүлігін» жоюға, «Шымкент түбіндегі» соғысқа қатысады, азық-түлік дайындауға аттанады. Комсомолдың бірінші өлкелік съезіне әзірленеді. Ғани үгіт бригадаға қосылып, Қазалыға келеді, «астық үшін күреседі», ауылда комсомол ұйымын құрады. Болашақ жұбайы Бақтыгүлді табады.

Түркстан комсомолының бірінші съезінен кейін: Николай, Ғани, Әбдікәрім, Қамал, Садақбай, Сәуле, тағы басқалары оқудан гөрі комсомол жұмысымен көп шұғылданып,

қала мен ауылда комсомол ұя-ячейкаларын ұйымдастырады, дінге, қалың малға, паранжіге қарсы күреседі, панасыз балаларды мектепке жинап, қоғамға пайдалы адам етуге ат салысады.

Шымкент түбіндегі соғыста Иван қаза тапса, бұл майданда ескіліктің қанжарынан Зарқұм мерт болады. Ғани тағы да бір сынақтан өтіп, өршелене ескі дүниеге қарсы шығады. Мықты комсомол қызметкері болып шындалады.

Октябрь революциясы күндерінде кеңейтілген Россия буржуазиясы мен жергілікті бай-феодалдар, ұлы орыс шовинистері мен жергілікті ұлтшылдар өткенді өксіп, бастарынан тайған бақтарын қайтаруға жанталасты. Оның үстіне, көп ұлтты Түркстанда: ұлттардың, таптардың ара қатынастары да шым-шытырық еді, оларды аңғарудың өзі қиын болды. Осы саналуан халық еңбекшілерінің біріккен, ортақ мүддесін, жалпы жауын тауып, соған лайық іс жүргізе білу қажет еді.

Міне, ол кездегі қызметкерлердің лениншілдігін, интернационалистігін айқындайтын бір мәселе — осы ұлт мәселесі болған. Бұл мәселеде сүріншектеген қызметкерлер Түркстанда аз болған жоқ. Бірақ ұлы идеямен қанаттанған Ғани қайда қызмет етсе де руға бөлуді, ұлт айыруды білмей, интернационализм туын жоғары ұстады. Қазалыда да, Ташкентте де, Самарқанда да әділ ісімен бауырлас халықтарға өз ұлындай сіңіседі.

Ғани бірде есер Маханның «шет жерде бәріміз бір тұғандай болайық» деген жәдігөйлігінен жиіркенсе, бірде тіл ұшымен Советті жақтағансып, алдаусыратып кеп, қаскүнемдікпен астық тығып, ашаршылық шақырған Сүтемгенге қарсы шүйлігеді. Енді бірде жадитизмді дәріптеген қылқимойын Дамуллаға, Әулиеата астық маршрутына бөгет жасаған Оқпанбай, Майбасар, Жайдарбек, Куляковтерге қарсы күреседі. Ол осылай айбынды комсомол жетекшісі боп өседі.

Комсомолецтер партия басшылығымен Совет өкіметін қорғап, Дутовқа, басмашыға, интервенттерге, Әнуар патшаға қарсы аттанады. Республиканың шаруашылығы мен мәдениетін өркендетеді, жаңа тұрмыс құрады. Большевиктер (Невецкий, Кулкозов, Першин, Войтинцев, Качуринер, Бекқұлов), комсомолецтер (Ғани, Николай, Қамал, Әбдікәрім, Садақбай, Сәуле, Асайын, Мария, Шәбден, Құсбек) жаңаны жақтаса, ескіні жақтаушылар (Ғанибай, Оқпанбай, Сүтемген, Осипов, Гірші қажы, Майбасар, Кулаков, Мақан,

Нығыметұлла, Сыздық, Жайдарбек, Дамулла, Соқыр ишан) оларға қарама-қарсы келіп, беттеседі де кездеседі. Жеңіп орныға бастаған жаңа мен оған жол бергісі келмеген ескінің жанталасқан күресі, өмір өзегі барлық оқиғалардың жемісі болған. Осының бәрі повесте көркем суреттелген.

Повестің негізгі геройларының тағдырлары мен өмір жолдары тығыз байланысып отырады. Өмірдегі ірі тарихи оқиғалар нанымды, жарасты, көркем суреттеліп, жазушының дүниетануы мен эстетикалық сезіміне сай келген.

Ғани отанды жан-тәнімен сүйуші, оған аянбай қызмет етуші, соның игілігіне барлық күш-қуатын, жігер-зердесін, ой-санасын сарқа жұмсаушы, повестегі барлық оқиғаларды тұтастырушы үлгілі тұлға болып суреттелген. Терең ойлы, әсем жанды, жалынды жүректі, батыл әрекетті, сарқылмас жігер мен қуат иесі, жас революционер, өлмейтін Ғани Мұратбаевтың әдебиеттік түр-тұлғасы жасалған.

Автор повестегі кейіпкерлерді түр-тұлғасы, мінез-ойы, іс-әрекеті, тілі жағынан даралап көрсетуге тырысқан. Ұнамды кейіпкерлерден жалықпайтын өнегелі ұстаз, кеңесші — Кулқозов, Першин, Качуринер, Бекқұлов мақсатқа берік, іске өжет, ойшыл, жолдасқа қамқор Ғанимен үзеңгілестер: адал ниетті, ұшқыр ойлы Әбдікәрім, қайсар да тұрақты — Николай мен Қамал, істі әзілмен ұластырғыш, ақжарқын Абдулложан мен Құсбек, ақкөңіл, байыпты — Садақбай, батыр мінезді, адал да аңғал — Шәбден Асайын, өткір де ойшыл — Сәуле, еліктегіш — Өтеш, от боп жанған, өмірге жерік — Айнаш, апашыл да уәдеге берік — Мария мен Сәндібала, анадай аялы ақылды Бақтыгүл, тағы басқалар; оларға қарсылар ұнамсыз кейіпкерлер қорқаудай ашқарақты сүтқор — Сүтемген мен Майбасар, сауданың майын езіп ішкен, пайдаға құныққан Ғанибай мен Гірші қажы, байлық пен әкімдікті, қанау мен озбырлықты қоса қамтыған Оқпанбай, құбылмалы кесірткедей, неше түрге енетін Мақан, Нығыметұлла, Жайдарбек, Дамулла.

Кулак қызы Мария мен бай-болыс қызы Айнаштың комсомол жолына берілуі еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілік күшін, әйел теңдігінің жүзеге асқанын ғана дәлелдеп қоймай, күні өткен ескіні жаңаның жеңгенін дәлелдейді, «ата-ана жаңа сарынға ілеспесе де», замана перзенті болған жастардың жаңа қоғам көшіне қосылғанын дәлелдейді. Сондай-ақ, Шәбденнің — «Зылиқа бала ерткен жел» деген бұралқы сөзге ермеуі, «өзінің рухани күшін сезінуі» де сол жаңаның жеңу айғағы.

Повестің тілі әдемі. Қысқа сөйлемдер мен астарлы, ширақ диалогтар, трагедиялық, романтикалық оқиғалар мен лирикалық шегіністер кезектесіп, батыл іс-әрекеттермен ұштасып, нанымды баяндалған. Кітап оқушыны тартады.

Қорыта келгенде, бұл повеске байланысты айта кететін бір ой: революциялық күресте жарқырап шыңдалған, халқымыздың ардагер перзенттері жөніндегі көркем шығармалар жазыла түсуі қажет. Келешектің иесі жастарды тәрбиелеуде, коммунизм орнататын жаңа адамды өсіруде ондай шығармалардың маңызы зор. «Лениншіл коммунистер одағының басты міндеті — жігіттер мен қыздарды революциялық күрестің қаһармандық дәстүрлері негізінде, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның қажырлы еңбегінің үлгілері негізінде, марксизм-ленинизмнің ұлы идеялары негізінде тәрбиелеу...— делінген КПСС XXII съезінің есепті баяндамасында.

Революция жылдарында, таң шолпанындай, жарқ еткен Ғанидың үлкен де үлгілі тамаша өмірі жөнінде осы күнге дейін мазмұнды ешнәрсе жазылмағаны белгілі. Ш. Құсайыновтың «Біздің Ғани» атты пьесасы, Ғани өмірінің тек бір қырын, бір кезеңін ғана көзге елестетеді. Жүсіпбектің мына повесі Ғанидың өмірі, адамның асыл қасиеттері, айбынды қызметтері жөнінде оқушысына талай жарқын ой салады, Ғани жөніндегі әдебиетіміздің кетігіне қаланады деп ойлаймыз.

БІР ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ

I

Жақында «Қазақ әдебиеті» газетінде (№ 9, 26 февраль, 1960 жыл) ақын Әділбек Абайділдановтың В. И. Лениннің туғанына тоқсан жыл толуына байланысты жазылған «Ленин» деген өлеңі жарияланды. Сөз осы өлең туралы болмақ.

Әділбектің өлеңін арнай әңгіме етіп отырған себебіміз бұл өлеңде бір жаңалық бар. Сонымен бірге, кәзіргі бірқатар жас ақындар өлеңдеріне тән кейбір кемшіліктер де бар. Соларды нақты, дәл көрсетуді мақұл көрдік.

Өлеңнің жаңалығы буын өлшемінде. Қазақтың ертедегі, революциядан бұрынғы өлеңдері — қара өлең тек он бір буынды, жыр аралас 3-4, 5-6, 7-8 буынды болып келетін еді. Соңғы он шақты жыл ішінде бірді-екілі ақындарда тоғыз буынды өлеңдер де кездесер еді. Ал, Әділбек өлеңін шалыс ұйқаспен он буынды етіп келтірген. Алайда, оғаштығы жоқ, өлең болып оқылып тұр.

Мұнан қазақ өлеңін тек он бір буынды, 3-4, 5-6, 7-8 буынды етіп ғана қиыстырмай, тоғыз, он буынды етіп қиыстыруға да болатыны айқын аңғарылады.

Ал, Әділбек өлеңінің кемшіліктері мазмұны мен көркінде, айтқан ой-пікірі мен қолданған соны теңеулерінде. Олар мынадай.

Ақынның айтпақ ойы Лениннің дүниеге келуі, революцияшыл ісі, Октябрь революциясы, автордың Ленинді бағалауы. Осы ойын ол 17 шумақ, 68 тармақ етіп айтқан.

Мұқият оқысаңыз, ақын әлгі негізгі ойын өлеңінің соңғы 7 шумағында (28 тармақ) баяндаған, қалған 10 шумағында (50 тармақ) негізгі ойына байланысы жоқ түрлі жағдайды тізген. Яғни өлеңнің жартысынан көбі саяқ әңгіме, әншейін сөз болып шыққан.

Әділбек кейде мағнасы жұыспайтын, оқушы көңіліне қонбайтын ойларды айтады. Ол өлеңінің бас жағында бір шалды бейнелейді. Ол аш-жалаңаш, әбден арып-талып жүрген, «Кеудесінде құр жаны ғана» бар адам дейді. Осы шал біресе шіркеуден келе жатады, біресе Байқалдан өтеді.

Ақын кейде дәлелсіз, жалған сөйлейді. Ол Ленин туғанда бүкіл Россия, бүкіл халық қуанды,— дейді. Ленин туғанда оның мұндай данышпан адам, ұлы көсем болатынын, автордың сөзімен айтқанда, Лениннің қайғының қара түнін қуатынын, адамның абзал ең жақын досы болатынын білген жоқ қой. Қалай қуанады?

Әділбек қазақ тілін, қазақ тіліндегі бірқатар сөздердің дәл мәнін, әсемдік қасиетін жете білмейтін сияқты. Өйткені ол өлеңінде бірсыпыра сөздер мен теңеулерді қате, орынсыз, жарасымсыз қолданған. Мысалдар келтірейік.

«Қайғыдан бетке көлеңке түскендей» деп жазады Әділбек. Көлеңкесі түсетін қайғы биік ағаш, дуал, үй сияқты зат емес. Қайғыдан бетке көлеңке түспейді, әжім түседі: қайғыдан беттің не түтігіп, қараюы, секпілденуі, не жүдеп, бозаруы, сарғаюы ықтимал.

«Көңілі жүдеп, іргесі мұздап»,— дейді автор, үйдің, дуалдың, тағы басқа сондай заттардың ғана іргесі болады. Адамның іргесі болмайды. Үйдің ішінде, дуалдың, ағаштың түбінде жатқан адамның ірге жағы болады. Ал, жүріп келе жатқан адамның ірге жағы да болмайды.

«Қарлыққан көзден жас ағып тарам» — деп қиыстырады ақын. Көз дауыс емес: көз қарлықпайды, дауыс қарлығады. Көз мүкиді, тынады, қарауытады, суқараңғыланады, нашар көретін болады.

Әділбек «Дүниені ескі оймен қашап»,— деп жазады. Бұл Ленин туралы, Лениннің капитализм дүниесін сынағаны, мансұқ еткені, революция жасағаны туралы айтылып отыр. Сонда ол, Ленин дүниені неге жаңа оймен қашамай, жаңа көзқараспен шенеп-мінемей, ескі оймен қашайды, ескі оймен сынап-мінейді? Түсініксіз.

«Өңірін жекет уыстап кейде» — деп келтіреді ақын. Уыстайтын жекет өңірі тары, бидай, тағы басқа солардай зат емес, ол уыстауға келмейді. Жекет өңірін уыстамайды, ұстайды, қармайды, қамтиды.

«Қайталап орман, шулайды танап»,— дейді автор. Сөз бағдарына қарағанда бұл танап жер шулайды, орман жаңғырық үн шығарып, оны қайталайды деп отырған сияқты.

Бірақ ұғымды, жарасты емес, «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» емес.

Міне, Әділбектің өлеңінде осылар сияқты дәл мәнін, әсемдік қасиетін жете білмей қолданған сөздер мен теңеулер, мағынасы күңгірт, екі ұшты, өлеңге лайықсыз қарапайым, дөрекі сөйлемдер мен тармақтар көп кездеседі. Олардың бәрін келтірудің қажеті шамалы.

«Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген шығарманың құнын жойып жібереді», — дейді ұлы сыншы В. Г. Белинский.

Біздің жас ақын-жазушыларымыз, газет, журнал қызметкерлері осыны естерінде мықты ұстауға тиісті.

II

«Келіңіз, пікір алысайық!» деп, «Қазақ әдебиеті» өзінің бетінде айтыс ашып, Әділбектің өлеңі жөнінде біз, Қалжан Нұрмақанов екеуімізді айтыстырып отыр. Пікір алысу, айтысу өте жақсы. Бірақ ол маңызды, нақты мәселе жөнінде принципаалды негізде, әділ, ғылыми әдіспен жүргізілуге, нәтижелі болып шығуға тиісті.

Айтысты ашуын ашса да, бізді байқауымызша, «Қазақ әдебиеті» мен К. Нұрмақанов жолдас мәселенің осы жағын жете ойламаған көрінеді: Әділдікті, ғылымды былай қойып, әйтеуір айтысу, сөз жарыстыру керек деп, біреу бірдеңе айтса, соған қарсы қалайда бірдеңе айту керек деп ойлайтын сияқты.

Әділбек: «Дүниені ескі ойменен қашап», — деп жазады. Біз бұл қате. «Дүниені жаңа ойменен қашап» деген жөн болатын еді дейміз. Қалжан — жоқ, сыншы түсінбей отыр: ақын «ескі дүниені ойменен қашап» — деген деп қиқарланады; көзі көріп отырған нәрсені, фактыны мойындамайды.

Осылай фактыны мойындамау: ақты сен ақ десең, саған қарсы бірдеңе айту үшін, көзін жұмып жіберіп: жоқ, бұл ақ емес, қара деу, жалтармалатып, сөзді бір мәселеден екінші мәселеге ауыстыра қою Қалжанның әдеті.

Біз «Қайғыдан бетке көлеңке түскен» деп айтуға болмайды десек, Қалжан әйтеуір бізге қарсы бірдеңе деу үшін,

көзін жұмып жіберіп: Кенжебаев хаталасады. «Жүзінде қайғының ізі бар» деп айтуға болады. Сондықтан «Қайғыдан бетке көлеңке түскен» деп те айтуға болады дейді. Бұлардың екеуі екі басқа сөз тіркесі екенін, тілдің заңын, дәстүрін ескермейді.

Бірінші, «із», «көлеңке» деген екі сөздің осы тұрғандағы мағынасы мен қызметі екі басқа. «Із» сөз мағыналарының тобына типіне жатады; «Көлеңке» экспрессив қызмет атқарады. Алдыңғы сөздің экспрессив қызметі жоқ та, соңғы сөздің сөз мағынасына қатысы жоқ.

Екінші, бұл тіркестерде «із» бейнелі (ауыспалы) мағынада тұр да, «көлеңке» бейнелі мағынадан гөрі тікелей мағынада экспрессив қызмет атқарып тұр. Бейнелі мағынада тұрғандықтан «із» өз орнында тұр, жарасып, көрікті болып тұр; экспрессив қызмет атқарып тұрғандықтан «Көлеңке» жараспай, содан көрікті болмай тұр.

Үшінші, әр халық тілінің өзіне тән сөз тіркеу заңдары, ерекшеліктері бар: әр халық тілінде бір сөз бен екінші сөздің тіркесу, байланысу, жымдасу, қиысу заңы, дәстүрі болады. Ол бойынша кез келген сөз басқа бір кез келген сөзбен тіркесе бермейді, талғап тіркеседі.

Мысалы, орыс тілінде «күннен айқын (ясный как день)» деп айтылады да, қазақ тілінде, күннен айқын» деп айтылмайды, «айдан айқын» деп айтылады. Осыдан «жүзінде қайғының ізі бар» деп айтуға болады да, «Қайғыдан бетке көлеңке түскен» деп айтуға болмайды. Айтылса, тіл заңы, дәстүрі бұзылады, жарасты, көрікті болмайды.

«Жүзінде қайғының ізі бар» дегенді айта білген халық «қайғыдан бетіне көлеңке түскен» деп айта білмейді ғой деп ойлайсыз ба? Қателесесіз, халық дана, ол айта біледі. Тек тілдің заңына, дәстүріне қайшы болғандықтан, содан жарасымсыз, көріксіз болғандықтан айтпаған.

Біз мағынасы жағынан «уыстау» деген сөз дәл қолданылмаған: жекет өңірі уыстауға келмейді; бұл жерде «уыстау» дегеннен «ұстау», «қармау» деген орынды, жарасты болатын еді десек Қалжан: «Бұлар әдемі, бедерлі образдар» дейді. Қалайша, неліктен әдемі, бедерлі? Оны ешбір жөнмен дәлелдемейді.

Қ. Нұрмақанов, Ж. Ысмағұлов жолдастар мақалаларында Б. Кенжебаев «...көркем шығармада нақ мәнінде ғана қолданылсын» — дейді; ақын, жазушыларға зорлық жасайды: олардың тың сөздер, жаңа теңеулер іздеп табуына жол бермейді деп кіналайды мені.

Бәрі бекер. Мен мақаламда бұлай дегенім жоқ. Сөз орынды, дәл, көрікті қолданылсын дегем. Сөзді дәл мағынасын, көркемді қасиетін жете біліп, орынды қолдан, жарасты, көрікті қиыстар деген тың сөздер, жаңа теңеулер іздеме деген емес, екеуі екі басқа.

Ақын, жазушылар тың сөздер, жаңа теңеулер іздеп таба берсін, лайым соларды көп тапсын. Тек оларды қазақ тілінің заңына, дәстүріне лайық жарасты, көрікті етіп шығарсын. Ақын, жазушылардан біз осыларды талап етеміз.

Принципсіз, әйтеуір қарсы болу, сөз таластыру керек деп айтысқандықтан Қалжан кейде қате жібереді: біреуді қателесті деп отырып, өзінің қателескенін білмей қалады.

Қалжан: «Әдебиет — эстетикалық категория... Оны лингвистикаға жолатпау, әдебиетті тіл ғылымына апарып телімеу керек; әдебиеттің тілін сынамау керек» — деп сыңаржақтанады. Әдебиет эстетикалық категория болғандықтан онан басқа ешнәрсемен жуысы, қарым-қатынасы жоқ, ол жеке-дара, оңаша бір нәрсе деп біледі Қалжан.

Дұрысында олай емес. Әдебиет эстетикалық категория болумен бірге тағы біраз нәрселермен тығыз байланысты. Атап айтқанда ол оймен, идеямен, тілмен, лингвистикамен тығыз байланысты. Айта берсең, ой, тіл оның заттық негізі.

«Ойлаудың негізгі элементі — тіл. Ой өмірі — тіл... Тілден бөлек ой, идея болмайды» — дейді К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Ой тарихы дегеніміз тіл тарихы» — дейді В. И. Ленин. Ой мен тіл, идея мен стиль біртұтас деп қорытады марксизм-ленинизм классиктері.

Осыған сүйеніп М. Горький жазушылықтың үш элементі бар, олар: а) талант, б) тіл, в) тәжірибе дейді. Әдеби шығарманың тіліне, оның таза, дәл, келісті, көрікті болуына өте зор мән береді. Жазушыдан соларды талап етеді.

Әдеби шығарманың, жеке жазушының, жалпы көркем әдебиеттің тілін тексеру, бағалау, сынау әдеби сынның, әдебиет теориясының, әдебиет тану ғылымының бір саласы, негізгі міндеті болып табылады.

Мысалы, әдебиет теориясы әдеби шығарманың түрі — формасы мен мазмұны, түр мен мазмұнның өзара қарым-қатынасын тексереді. Ал, әдебиеттің түрі деген не? Ол көбінесе әдеби шығарманың, жазушының тілі. Әдебиет теориясы көркем шығарманың формасын зерттегенде негізінде оның тілін, стилін зерттейді.

Рас, жалпы тіл деген екі тұрғыдан, екі түрлі тәсілмен зерттеледі. Бірінші, тіл ғылымы, лингвистика заңымен бір

халық тілі, белгілі бір дәуірдегі шығарманың тілі, текст ретінде тексеріледі. Екінші, тіл әдебиет теориясы тұрғысынан тексеріледі; онда тіл көріктеу құралы ретінде, тілдің эстетикалық қызметі жағынан тексеріледі.

Яғни әдеби шығарма тілінің қаншалықты көрікті шыққаны, әдеби шығармада жеке сөздердің тікелей мағнасында, ауыспалы мағнасында қалай қиыстырылғаны, солардың қаншалықты орынды, өткір, жатық, жарасты, көрікті келтірілгені қарастырылады.

Біз мақаламызда Әділбектің өлеңін осы әдебиет теориясы тұрғысынан сынадық: онда да бес-алты сөздің орынсыз, жарасымсыз қолданылғанын ғана көрсеттік. Ол әдеби сынның міндеті. Оны сыншы «әдебиеттің эстетикалық категория екенін ескермейді, көркем әдебиеттің ерекшелігін тіл ғылымына апарып телиді» деу білместік, әншейін байбалам.

Мақаласында Қалжан өзіне-өзі қарсы келеді: әуелі мен өлеңде тікелей мағнасында орынсыз, жарамсыз қолданылған деген сөздердің бәрін дұрыс қолданылған, жарасып тұр, әдемі, бедерлі деп, менің сөзімді мансұқ етеді. Артынша ол: «Ә. Абайдідановтың өлеңінде мазмұны, көркемдігі жағынан ақсап жатқан жолдар баршылық... Б. Кенжебаевтың мақаласы жұрт көкейінде жүрген ойларды қозғады; поэзия теориясындағы қайсыбір осал жақтарымыздың бетін ашып берді», — дейді. Менің пікірімді растайды, қостайды.

1960 жыл

АЛПЫСЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫ

I

Партиямыздың тілі 1959 жылғы бір мақаласында: «Біздің заманымыз баянды бейбітшілік, ұлы прогресс заманы, ұлы идеалдардың жүзеге асу заманы бола алады, болуға тиіс» деген еді. Сол дәл келді. 1960 жыл бүкіл адам баласы тарихында жаңа жеңіс, ұлы белес жылы болды.

Өткен жылы совет халқы коммунизм орнатуда, социалистік лагерь елдері социализм орнатуда жаңа табыстарға жетті: халықаралық коммунистік қозғалыс өсіп, өзара ынтымақтасты; дүние жүзіндегі соғысқа, отаршылдыққа, империализмге қарсы күресуші күштер, бейбітшілік, прогресс күштері нығая түсті.

1960 жыл біздің Қазақстан үшін де тарихи жыл болды. Оны қазақ халқы өз республикасының қырық жылдық мерекесіне әзірлену жылы етіп өткізді. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет салаларының қай-қайсысында болсын зор табыстарға жетті. «Қазақ» советтік социалистік республикасы өзінің қырық жылдығына творчестволық күшінің кемелденген кезінде келді». (Қазақ ССР-ның қырық жылдығына арналған тезистерден).

Өткен қырық жыл ішінде қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті, соның ішінде қазақ совет әдебиеті, бұрынғы эпос жырларының батырындай, күн сайын өсіп жетілді, тез ер жетті. Қазір ол жер жүзіндегі ең жас, ең революцияшыл, көп ұлтты совет мәдениеті мен әдебиетінің бір мықты тобы: озат идеялы, көп жанрлы, көркем суретті жасақтарының бірі болып отыр.

Осылай көзді ашып-жұмғанша өсіп, ер жету, әсіресе, қазақ совет әдебиетінің өлең, жыр-поэзия саласында айқын көрінеді. Осы күні бізде әдебиет майданына әр кезде келген, жасы мен таланты жағынан да, тақырыбы мен жанры

жағынан да әр алуан, көптеген ақындар бар. Бәрі де күнделікті өмірге белсене араласып, азды-көпті, ірілі-уақты шығармалар жазып жүр.

Қазақ ақындары өткен жылы көп, күрделі шығармалар берді: Бірсыпыра ақындар өздерінің бұрын-соңды жазған таңдамалы шығармаларын жеке кітап етіп, жинақ етіп қайта шығарды, бірсыпыра ақындар жаңа шығармалар берді. Өткен жылы барлығы 22 өлең, поэма кітабы, ақындар жинағы шықты.

Олардың ішінде Сәкен, Бейімбет, Ілияс шығармалары, Әбділдә, Ғали, Тайыр, Сырбай, Жұбан, Мұзафарлардың таңдамалы өлең, поэмалары, жинақтары, Ғ. Қайырбековтың, С. Жиенбаевтың, Ш. Мұхаметжановтың, Т. Молдағалиевтің, Н. Әлімқұловтың, Т. Ысмаиловтың өлең, поэма жинақтары, 46 жас ақынның өлең, поэмаларынан құрастырылған «Жас қанат», «Жырға сапар» деген көлемді жинақтар бар.

Былтырғы жылы жеке кітап болып басылғаны бар, әлгі жинақтарда шыққаны бар, газет, журналдарда жарияланғаны бар — барлығы жиырма шақты жаңа поэма жазылған. Олар мынадай: «Дала комиссары» (Қалижан Бекхожин), «Менің республикам» (Мұзафар Әлімбаев), «Дәрігер», «Мұғалім» (Нұрсұлтан Әлімқұлов), «Дәужан туралы жырлар» (Әбділда Тәжібаев), «Құрманғазы» (екінші кітап, Хамит Ерғалиев), «Күләш» (Қасым Тоғызақов), «Оспан» (Дүйсембек Еркімбеков), «Махаббат тағдыры» (Дихан Әбілев), «Айгүл» (Нүтфолла Шәкенов), «Орман сыры», «Таулар сөйлейді» (Ғафу Қайырбеков), «Ертістің перзенті» (Аманжол Шәмкенов), «Аяулы ана» (Әнуарбек Дүйсенбиев), «Менің анам» (Тұманбай Молдағалиев). «Есіл» (Төлеужан Ысмаилов), «Менің ғасырым» (Әбіш Кекілбаев), «Сұрапыл» (Мақсұт Байсеитов), «Қойшылар» (Еркін Ыбытанов), тағы басқалар.

Бұл көп дүние, зор табыс.

II

Қай кездегі қай әдебиеттің болсын жақсы қасиеттерінің бірі оның прогресшілдігі болып саналады. Ал, ол әдебиеттің өз заманымен байланыстылығынан, өз заманының күнделікті, күрделі мәселелерін қозғауынан, заманның көкейтесті сұрауларына лайықты жауап беруінен пайда болады.

Прогресшілдік, өз заманымен байланысты болу, өз за-

манының күнделікті, көкейтесті мәселелерін қозғау, халық мүддесін жырлау совет әдебиетінің табиғи қасиеті. Ол совет әдебиетіне барлық халықтардың бұрынғы үлгілі әдебиетінен ауысқан дәстүрлік қасиет. Және совет әдебиетін Коммунист партиясы үнемі соған — өмірмен, заманмен тығыз байланысты болуға баулып келеді.

Совет әдебиеті кәзір халықпен, коммунист партиясымен тұтасқан, әбден бірлескен, өз заманын, халық мүддесін жырлайтын айбынды әдебиет болып отыр. Ол қазақ совет әдебиетінің өткен жылғы халі мен жай-күйінен де, оның әр жанрының дамуынан да айқын көрінеді.

Мысалы, біз сөз етіп отырған, әлгі саналып өткен, поэмаларды алсақ, олардың біреу-екеуінен басқасы өзіміздің бүгінгі өмірімізден, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізден алынып жазылған; совет адамдарының — қазақтың бүгінгі жұмысшылары мен колхозшыларының, дәрігерлері мен мұғалімдерінің, малшылары мен егіншілерінің, оқығандары мен қызметкерлерінің, ана, қоғам қайраткер әйелдерінің әр алуан ерлік істері мен асқақ ойларын, сәнді үй-іші тұрмыстары мен жарасты махаббаттарын суреттейді; заманымыздың кейбір маңызды, көкейтесті мәселелерін баяндайды, өз қоғамымыз, өз заманымызды бейнелейді; заман жыры болып келеді.

Оның үстіне, баса айту керек, ақындарымыз өздері қозғаған, жыр еткен тақырыптарының бәрін де маркстік-лениндік салт-сана, халық мүддесі тұрғысынан терең мағана-лы, жоғары идеялы етіп жырлаған; совет адамдарын отаншылдық, ерлік-іскерлік, достық-интернационалдық рухта тәрбиелейтіндей етіп көрсеткен.

Бәрімізге мәлім, мұнан біраз уақыт бұрын біздің ақындарымыз бүгінгі күн тақырыбына қоян-қолтық келе алмай, көбінше тарихи тақырыптарға, ертегі, аңыз сюжеттеріне бой ұрып жүрді. Оларды кейде бір жақты, жаңылсақ ұғынып, теріс баяндады.

Осыны ескерсек, былтырғы жылы шыққан поэмалардың түгелдей дерлік бүгінгі, маңызды тақырыптарға жазылуы, дұрыс бағытты, жоғары идеялы болып шығуы қазақ совет поэзиясының соңғы жылдары тақырыптық-идеялық жақтан өсіп, кемеліне келгенінің бір айқын белгісі.

Сонымен бірге, бұл, бір жыл ішінде шыққан поэмалардың түгелдей бүгінгі тақырыпқа жазылуы, мағыналы, дұрыс бағытты болып келуі 1960 жылғы қазақ поэмаларының бірінші ерекшелігі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы адам баласы тарихында жаңа заман ашты; жаңа әлеуметтік қоғам орнатты; жаңа болмыс, жаңа салт-сана, жаңа мәдениет туғызды. Осының бәрі еліміз көркем әдебиетінің тақырып, идеясын да, құрылыс, образдарын да, жанр, стилін де бірталай өзгертті, мүлде жаңартты.

Осыдан совет әдебиетінде поэма жанрының жаңа түрі — лирикалық-эпикалық түрі туды. Ол, әуелі, В. Маяковскийден басталды. Оның әйгілі «Владимир Ильич Ленин», «Жақсы!» деген поэмалары сол жаңа поэманың үлгілері еді.

Поэманың бұл, В. Маяковский шығарған жаңа түрі реалистік лирикалық-эпикалық, романтикалық, философиялық поэма деп аталады.

Өйткені онда ақын қара сөзбен жазуға келмейтін, өлеңмен жазбаса болмайтын реалистік жайды, тақырыпты жазады. Өлеңнің табиғаты лирика. Сондықтан ақын өлеңмен жазған шығармасын лирикалық етіп, өзін толқытқан, тебіренген жайды оқырман да толқынарлық, тебіренерлік етіп жазады.

Сонымен бірге, ақын маңызды, күрделі тақырыпты алып, кең жан-жақты қамтып, тереңнен тартып, бәрін өзінің, яки лирикалық кейіпкерінің жан дүниесі елегінен өткізіп баяндайды. Асыл, әсем сезімдер, философиялық тың, кесек ойлар, асқақ үміт, армандар айтады; жарасты сурет, бейнелер, өткір, көркем сөз кестелерін жасайды.

Ақын кейіпкерімен, сол арқылы қоғаммен, халықпен біте қайнап, бір тұтасып, тақырыбын өзінің, лирикалық кейіпкерінің оқырман халықтың іс-әрекеті, ой-сезімі, қиял-арманы, өткені, бүгіні мен ертеңі етіп бейнелейді; солардың атынан сөйлейді. Соның өзінде өмірбаян етіп, ұласқан оқиғалар, шиеленіскен сюжет арқылы бермей, көбінше лирикалық баяндау, философиялық түсіну, ізгі тілек, тәтті үміт арқылы береді; лирикалық ойлану-толғану, лирикалық монолог түрінде береді.

Қысқасы, шығарма көбінше лирикалық негізге құрылады. Онда кейіпкердің, ұлы адамның өмірбаяны рет-ретімен, егжей-тегжейімен түгел баяндалады, көбінше олардың қызметтерінің қоғамдық мәні ашылады, әсемдігі бейнеленеді.

В. Маяковскийдің әсерімен орыс совет әдебиетінде поэманың осы жаңа түрі, лирикалық-эпикалық поэма өркендей бастады: ежелгі эпикалық поэма: ұласқан оқиғалы, көп ке-

йіпкерлі, күрделі сюжетті поэма, роман, повесть, әңгіме, поэма бірте-бірте кеміп, лирикалық-эпикалық поэма көбейді. Оның бүгін таңдағы тамаша үлгісі А. Твардовскийдің «За далью-даль», («Қиырдан қиырға») деген поэмасы болып отыр.

Орыс совет әдебиетінен, В. Маяковскийден үйрену, тақырыптық, идеялық жақтан жетілу нәтижесінде қазақ совет әдебиетінде де жылдан жылға лирикалық-эпикалық поэмалар көбейіп келеді. Мысалы, өткен жылы шыққан жиырма шақты поэманың тек біреу-екеуі ғана ежелгі эпикалық-лирикалық поэма да, қалғандарының бәрі жаңа үлгідегі лирикалық-эпикалық поэмалар.

Бұл әрі қазақ совет поэзиясының көркемдік жағынан өсіп, ер жеткендігінің белгісі, әрі 1960-жылғы қазақ поэмаларының екінші ерекшелігі.

1960 жылғы қазақ поэмаларының көпшілігі лирикалық-эпикалық поэмалар: бұл қазақ совет поэзиясының өскендігі дегенде, біз поэманың басқа түрлерін көмсітуден, олар болмайды, керек емес деуден аулақпыз.

Сөз жоқ, бізде лирикалық-эпикалық поэмалармен қатар поэманың басқа түрлері де, мысалы, эпикалық-лирикалық поэмалар да, лирикалық-драмалық поэмалар да болуға тиісті, болады да, олар қажет те.

Бірақ былтырғы поэмалар ішінде поэманың бір қажетті түрі — лирикалық-драмалық поэмалар жоқ. Бұл біздің едәуір олқылымыз.

IV

Біз бұл мақаламызда өткен жылы түгел жарияланған, әлі сөз болмаған, бүгінгі тақырыпқа жазылған біраз поэмаларды талдаймыз.

Аталған поэмалардан «Дәужан туралы жырлар», «Күләш», «Қойшылар» деген поэмалардың тақырыптары бір, бір-біріне ұқсас: қазақтың малшы, жалшы кедейі мен қазақ әйелі, солардың Октябрь революциясынан бері басынан өткені, бүгінгісі мен болашағы, үй-ішілік, қоғамдық тұрмысы, іс-әрекеті мен ой-арманы. Соны әр ақын өзінше бейнелейді.

Дәужан қазақ кедейі. Әбділда өзі Дәужанға қосылып, Дәужанды халықпен тұтастырып, халық басынан өткенді Дәужанның басынан өткен етіп, халықтың тұрмысы мен ойын Дәужанның тұрмысы мен ойы етіп, Дәужанды халық бейнесінде алып суреттейді.

Бірақ ұзақ тарихты шолып, тарихи оқиғаларды теріп кетпейді. Тіпті оларды атамайды, тек аңғартады. Бір артық, шашау оқиға жоқ. Поэманың құрылысы әрі жинақы, әрі өте қисынды.

Дәужан басынан өткендерін, тұрмысын, ойын Әбділда біресе өз атынан, өзінің байқауы, сыры, ойы етіп, біресе Дәужанның аңғаруы, сыры, ойы, Ленинмен хат жазысуы, Лениннің ескерткішіне қарап отырып, сонымен іштей сырласуы, кеңесуі, өзінің өмірін, ісін Ленинге баяндауы етіп берген.

Поэма бастан-аяқ ақын мен лирикалық кейіпкердің сезуі, түйюі, сыры, ойы болып, бәрі де әрі мағыналы, әрі жарасты болып келген. Кейіпкердің бейнесі айқын жасалған.

«Дәужан» жыр үлгісімен жазылған. Құйқылжып, құлпырып келген. Тілі де, өлең құрылысы да, сөз кестесі де әрі жатық, әрі жарасты. Орынсыз қолданылған, артық тұрған бір сөз, оғаш, олақ ұйқастырылған бір тармақ жоқ. Бәрі-мәнді де сәнді, қайым да өткір, қарапайым да әдемі. Есің-де қалып, аузыңа өзі түсіп тұрады:

Оңай-ақ екен күйрету
Ежелгі-ескі ауылды;
Қиын-ақ екен үйрету
Жасауды жаңа қауымды,—

деген сияқты болып келеді.

Қорытып айтқанда, Әбділданың «Дәужан туралы жырлары» нағыз лирикалық-эпикалық поэма, өте жақсы жазылған, аса құнды шығарма.

Қасым поэмасының кейіпкері Совет Одағының халық артисі Күләш Байсеитова. Онда ақын Күләштің келбетін, мінезін, үй-ішілік тұрмысы мен қоғамдық қызметін, өмірін баяндайды. Оның кейіпкердің ең алғаш театрға келуінен бастап, қайтыс болуы, жерленуімен аяқтаған. Лирикалық кірісу, қорыту берген.

Тек Қасым соның бәрін жалпы, сырттай суреттейді; рет-ретімен тізбектеп айтып шығады: Күләштің әр жерде ән салғанын, театрдағы бірді-екілі ойын хабарлайды. Еш жерде кейіпкерді сөйлетпейді, ойландырмайды: оның ішкі сыр, сезімін, асқақ ой-арманын ашпайды. Осыдан поэма лирикалық-эпикалық емес, көбінше өлеңмен жазылған очерк болып шыққан.

Күләшті дәріптейім, жете, жоғары бағалайым деп, Қа-

сым поэмасының біраз жерінде оның тұла бойы толып тұрған ән еді, ол бізге әннен мұра, жол қалдырды дейді.

Бұл ән шығарған кісіге айтылатын сөз, талантты композиторға берілетін баға. Күләш композитор емес, ән шығармаған: тек ән салушы, әнді келістіріп орындаушы. Оны солай деп мақтаған, бағалаған жөн болатын еді.

Жалпы алғанда Қасым поэмасының тілі, өлең құрылысы, сөз кестесі жатық, жарасты. Поэма көркем. Сонымен бірге, онда бірді-екілі мағынасы жуыспайтын, кейбір келіңкіремейтін, көп сөзді шумақтар да кездеседі. Мысалы:

Күн шапағы кәміл тарап барады,
Ай еңкейген, жұлдыз діріл қағады.
Шығыста бұлт тұр, түнеріп қабағы,
Теңбілденіп көрінді аспан қара-көк.

«Қойшылар» ақынның өмірбаяны болып келген, өз атынан айтылған. Еркін Ібітанов атасының, әкесінің, өзінің өмірін, тұрмысын, қоғамдық қызметін баяндайды; кешегі, бүгінгі қойшыны көрсетеді. Атам, әкем қойшы болған, өзім де қойшы, біздің совет елінде қойшы болу ардақты іс, мен қойшымын деп мақтанам деген ойды аңғартады. Орынды сөз, маңызды мәселе.

Бірақ ақын көбірек оқиға қуалап кеткен: еліміздің, қазақ малшысының жарты ғасырдан аса уақыт ішінде басынан өткен үлкен, тарихи оқиғаларды тізіп шыққан, жалпы шолып суреттеген.

Қасымның поэмасындағы сияқты, бұл поэма да оқиғаны қорытып айту, тереңдеп толғау, оқиғаның негізгі, философиялық мәнін ашу, аз сөзбен көп жайды аңғарту кем; кейіпкерді сөйлету, ойландыру, сол арқылы оның ішкі сырын, жан дүниесін, ой-сезімін ашу жоқ. Поэма көп оқиғалы, көп сөзді болып кеткен.

Оның үстіне, поэма сықақ өлең сияқты аяқталған. Ол жараспай тұр. Осыдан оның соңғы шумақтары әрі әншейін сөз болып шыққан, әрі күңгірт, екі ұшты.

Ақын көп жерде сөздерді тауып, орын-орынымен дәл қолданады; өлеңді қисынды келтіреді; сол арқылы жарасты суреттер жасайды, ойын айқын айтады. Ал, тұтас алғанда Еркін сөзге, өлең қиыстыруға онша ұста емес, оларды жақсы біле бермейді. Мысалы:

Жотасында бай билеп, тайраңдаған...
Арқадан қаһарлы бай қамшы ұрады...

Тоз-тоз болған лыпасы — жүдеу шекпен...
Надандықты байлаған шынжыр мықты...
Байлардан бір тұғырды тартып мініп...
Тырнақ бүккен дұшпанды іреп-сойып...
Менің әкем құрметтің жетегінде
Шекарасын отанның ұрлап сөгіп...
Ақша деген пішендей ағыл-тегіл,—

деген тармақтардағы асты сызылған сөздер, сөйлемдер дәл мағынасында, жарасты қолданылмаған, дұрыс қиыстырылмаған. Өлеңнің көркін бұзып тұр.

Қысқасы, Қасым «Еркін» поэмаларының тереңдік, лирикалық жағы жетіксіремейді. Оның үстіне «Еркін» поэмасының көркемдік жағы біраз олқы.

V

Біз талдаймыз деген поэмалардан Мұзафардың «Менің республикам», Әбіштің «Менің ғасырым» деген поэмаларының тақырыптары ұқсас, бір сипаттас. Бірінде Қазақстанның табиғаты мен байлығы, шаруашылығы мен мәдениеті, қазақ халқының бұрынғы тұрмысы мен бүгінгі тұрмысы суреттеледі де, екіншісінде жиырмасыншы ғасырдың ерекшеліктері баяндалады. Екеуі де күрделі тақырыпты, маңызды мәселені сөз қылады.

Мұзафар көптен жазып жүрген, белгілі ақын. Бірақ ол бұған дейін көбінше лирикалық, сатиралық шағын өлеңдер жазатын. Оларды шебер қиыстырып, көркем, өткір етіп шығаратын. Мұзафарды, тіпті, шағын өлеңнің шебері десе де болар еді.

Сол Мұзафар енді поэмаға да бой ұрған. Мынау, біздіңше, оның алғашқы поэмасы. Содан болуға тиісті: Мұзафардың поэмасын біраз жүрексініп жазғаны сезіледі; кейде ол төселген ақынша көсілітіп, есілітіп кетпей, келте қайырып, шолақ түйеді; лып ете қойып, кібіртіктеп қалады: поэма жазуға әлі төселмегенін байқатады.

Рас, Мұзафардың поэмасы негізінде бір қос тәуір шыққан. Ақын, тақырыбын толық қамтыған, көп ретте байыбына жетіп, тереңдеп толғауға тырысқан, мағыналы етіп жырлаған; Бірталай маңызды, көрікті ойлар айтқан; Қазақстан байлығының, қазақ халқы бүгінгі хал-жайының саяси, шаруашылық мәдени мәнін дұрыс түсіндірген.

Мұзафар тақырыбын өз атынан, өзінің көрген-білгені, сезген-түйгені, өзінің сыры, көзқарасы етіп баяндаған;

әлінше лирикалық бояумен суреттеген. Негізінде поэмасын өзі айтқандай, лирикалық дастан етіп шығарған.

Бірақ Мұзафар кейде лирикамен қуануды, мақтануды айыра алмайды: лирикасы қуану, тамашалау, мақтану болып кетеді. Кейде Мұзафардың лирикалық бояуы, сөзді әсерлеуі жетіңкіремей жатады. Поэманың ондай жерлері өлеңмен жазылған очерк, баяндама болып қалады.

Мұзафар, тақырыбына лайық, поэмасына халықаралық атауларды, саяси-шаруашылық, ғылыми-техникалық сөздерді көп кірістірген; жаңа сөздер, теңеулер тауып айтуға, байырғы сөздерді өзінше, жаңа мән беріп қолдануға тырысқан. Олары көп ретте орынды, жарасты.

Сонымен бірге, Мұзафардың поэмасында бірді-екілі өлеңге қолайсыз, мағынасы күңгірт, дәл емес сөздер де, өлшем, ұйқасы тым үйлесе бермейтін тармақтар да кездеседі. Мысалы:

«Сен сусын — қалсам шөлде қаталама»,
«Тағдырдың тұңғығын малти кешіп»,
«Опалы қазақ — жүрек қашаннан да»,
«Қожа демес» өлі етті жібіт»,
«Таппайсыз тал бойынан қараулықты»,

Бұлар өлеңнің өңін кетіріп тұрады.

Сол сияқты, Мұзафардың поэмасында кейде қажетсіз қайталаулар да ұшырайды: ақын орынды айтылған бірді-екілі ойын, келісті қиыстырылған кейбір шумағын қайталай береді. Мысалы, арнауындағы «Қадырлы Қазақстан, Отан анам!» деп басталатын тармақты үш рет, поэманың орта бір жерінде келетін «деген соң: әр көктемнің өз гүлі бар» деген шумақты екі рет қайталайды. Келіссіз.

«Менің ғасырым» деген поэманың авторы Кекілбаев Әбіш оқушы жас. Өлең жазумен жақыннан бері ғана шұғылданып жүр. Оның бірнеше өлең, жыры өткен жылы жас ақындардың «Жырға сапар» деген жинағында жарияланды; бірді-екілі өлеңдері газеттерде шығып жүр. «Менің ғасырым» Әбіштің де тырнақалды поэмасы.

Жастығына, жаңа жазып жүргеніне қарамай, Әбіш аса күрделі тақырыпқа барған. Оны дәл түсініп, жете меңгерген. Терең мағыналы көркем суретті, нағыз лирикалық-эпикалық поэма етіп шығарған. Бұл жас ақынның зор табысы.

«Менің ғасырым» ақынның жер, көк, дүние, адам туралы, қоғам, тарих, заман, үстіміздегі ғасыр туралы, адам қоғамының, адам баласы мәдениетінің бүгінгі қалпы, болашағы туралы философиялық түйюі, болжал ойы, ішкі сыры,

ұшқыр қиялы. Соны ол жатық, сыпайы, өткір тілмен, әсерлі, ұйқасты, кестелі сөздермен әрі жүйелі, жинақы, әрі мағыналы, дәлелді баяндаған. Поэма оқырманды тартып отырады.

Ақын жерді, көкті, қоғамды, тарихты, заманды айта келіп, соның бәрін адамға тірейді. Бәрінің кіндігі адам:

Уа, адам, көкке ұшатын мықты өзіңсің,
Дүниеге құт та өзіңсің, жұт та өзіңсің...
Уа, адам, бұның бәрі сенің ісің,
Сыйғызды жер мен көкті сенің ішің.
Жасаған оны ақша мен темір емес,
Уа, адам, сенің ойың, сенің күшің! —

дейді.

Әбіш үстіміздегі ғасырды, оның, жаман, жақсы қасиеттерін айнықсыз сыпаттайды: онда дүние екіге бөлініп: бір жағы капитализм — қанаушылық, қайыршылық, мешеулік, теңсіздік, соғыс дүниесі, екінші жағы социализм — бостандық, теңдік, прогресс, молшылық, туысқандық дүниесі болып отырғанын айқын айтады. Ғасырға, заманға беттеп:

Уа, менің өз ғасырым, өз заманым,
Мен сені өгейсіябен, өз балаңмын.
Келмейді менің сені ғасыры еткім
Аза мен көз жасының — қасіреттің! —

деп қорытады. «Менің ғасырым» жақсы поэма.

VI

Қайырбеков Ғафудың «Орман ішінде», Байсеитов Мақсұттың «Сұрапыл» деген поэмалары Отан соғысы, совет адамдарының ерлігі тақырыбына жазылған. Алдыңғы поэма СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Ұлы Отан соғысының батыры, комиссар Хаби Хабибуллин туралы да, кейінгі поэма советтің өткен жылы ұлы мұхитқа толқын алып кеткен төрт жауынгері туралы.

Бұл поэмалардың әрқайсысында шағын, бір-бір оқиға суреттелген. Ғафу бір ұрысты; Мақсұт жауынгерлердің жиектеп кетіп, Америка кемесіне кездесуін сөз еткен. Соның өзінде оларды авторлар ұластырып жібермей, неғұрлым ықшамдап алған: оқиғаның өзін баяндамай, мәнін баяндауға, шығармаларын көлемді, көп сөзді етіп жібермей, жинақы, мәнді етіп шығаруға тырысқан. Поэмаларда артық, саяқ бөлім, шумақтар ұшырамайды.

Ғафу поэмасын біраз сюжетті, әңгіме сияқты етіп, құрылысын шиеленістіріп қиыстырған; кейіпкердің келбетін, әрекетін, өлімін, кейіпкер сүйегінің кейін табылып, жерленуін, соған байланысты әңгімелерді біресе өзі баяндайды, біресе көлденең, кезінде көрген кісіге баяндатады. Поэма сол екеуінің әңгімесі, ойы, сыры болып келеді.

Мақсұт поэмасын сюжетсіз, оқиғаның ізімен келтірген. Өзі кейіпкерлермен бірге жүрген болып, олардың жүріс-тұрыстарын, пішін-келбеттерін, ой-қиялдарын — бәрін өзінің көргені, түйгені, өзінің ойы етіп, біраз ретте кейіпкерлерді сөйлетіп, кеңестіру, ойландыру арқылы баяндайды. Поэма бастан-аяқ ақынның, лирикалық кейіпкердің сыры, ойы.

Бұл екі поэманың екеуі де қызықты.

Сондай-ақ, Ғафу, Мақсұт поэмаларының түр, өлеңдік жақтары да — тілі, сөз кестесі, өлең құрылысы да келісті. Рас, Ғафуда аздаған кедір-бұдырлық; бірді-екілі нанымсыз сурет, селкеу тармақ, орынсыз теңеу кездеседі. Ал, Мақсұтта ондайлар жоқ.

Ғафу: «Тек еріні қалыпты ашық үлбіреген» — дейді. Дәл өлген сәтте адамның ауызы ашық, еріні үлбіреп жатуы мүмкін. Ал, өлгеніне, автордың өз сөзімен айтқанда, көп күндер, көп айлар, көп жылдар өткен адамның ауызы ашық жатса да, еріні үлбіреп жатуы мүмкін емес. Нанымсыз.

Қарт буынның босамаған шегесі...
Сөза берді жарқыраған оң қолын...
Әлгі затқа қалды көздер жабысып...

деп жазады Ғафу. Адам денесінің буындары шегеленіп қойылмаған, құр қолдың өзі жарқырамайды, бір затты көргенде көз оған жабыспайды, қаладады, тігіледі.

Ал, Мақсұт көргенін, аңғарғанын, ой-сезімін дәл, айқын айтады. Өлеңнің сөздерін үйлесімді, жарасымды, тұлғасы мен мағынасы жағынан да, үні мен ырғағы жағынан да, ұйқасты келтіреді. Оның өлеңі естіліп жатады, жеңіл оқылады, есте қалады.

Мейлі гармонь сынса да,
Жігіттер сағы сынбасын.
Музыка енді тынса да,
Кеуденің күйі тынбасын.

деген тәрізді болып келеді.

«Дәрігер», «Мұғалім» — Нұрсұлтан Әлімқұловтың поэмалары; екеуі де ақынның 1960 жылы шыққан «Алатау суреттері (өлеңдер мен поэмалар)» деген жинағында басылған.

Сол жинағындағы өлеңдеріне қарағанда, Нұрсұлтан жас ақын; алайда лирикалық шағын өлеңді жақсы жазатын ақын. Мұны оның Шамши Қалдыаяқов пен Әбілахат Еспаевтың әндерімен айтылып жүрген «Қайықта», «Әлі есімде» деген өлеңдері айқын дәлелдейді.

Бірақ, «Дәрігер», «Мұғалім» Нұрсұлтанның поэма жазуға әлі төселмегенін, әлі тіпті олақ екенін көрсетеді. Өйткені оның бұл поэмалары барлық жағынан нашар шыққан.

Нұрсұлтанның поэмалары көбінше сюжетті болып келген. Тек алдыңғы поэмасының сюжеті біраз әлсіз, көмескі де, кейінгі поэмасының сюжеті бір ізді, белгілі схема.

«Дәрігер» өз тақырыбына жазылмаған. Онда дәрігер көрсетілмейді, Ләззәт деген дәрігер қызға ақынның ғашықтығы көрсетіледі. Нұрсұлтан ауырып, больницаға түседі, оны Ләззәт емдейді: ақын Ләззәтқа ғашық болады. Осыдан былай Нұрсұлтан тек өзінің махаббатын, ой-қиялын зар етіп айтады. Оған Ләззәт қатыспайды. Яғни поэмада Ләззәттың ой-сезімі, көңіл күйі, іс, тұрмыс суреттелмейді.

Поэмада Ләззәт жылт етіп үш-ақ рет көрінеді. Бірінде ауруды көріп: «Суық шалған, сары ауру. Тұрасыз тез айығып», дейді оған. Екінші рет Нұрсұлтанға: «Мұндағы емдер саған қайрат бола алмас, курортқа бар, қуат жинап қайт, құрбым», — деп кеңес береді. Үшінші жолы, Нұрсұлтан кездесіп, оған ғашықтығын айтқанда:

...Мен емдейтін ешбір кесел қалмапты,
Бұл «науқастың» докторы мен емеспін,—

деп жауап береді.

«Мұғалім» нағыз лирикалық поэма түрінде келген; бастан аяқ кейіпкердің атынан, соның өз аузынан баяндалады.

Кейіпкер жоғары дәрежелі оқу орнын бітіріп, мектепке мұғалім болып барады. Онда жақсы, жаман мұғалімдер болады. Кейіпкерге жақсы мұғалімдер жәрдемдеседі, жаман мұғалімдер кесір істейді. Мұғалім өнерпаз оқушылардың үйірмелеріне басшылық етеді. Олар жетіліп, консерватория-

да ән салады, театрда ойнайды, университетте оқиды. Соған мұғалім еңбегім ақталды:

Шіркін, осы жарқыраған дәуірде,
Қандай жақсы тәрбиелеу баланы! —

деп қуанады.

Бір ізді болмағанда, мұғалімнің өмірі, қызметі, ой-қиялы түгел, нақты, дәл суреттелгенде, мұғалімнің сөздері көбінше мақтану, тамашалау болмай, жарасты лирика болып келгенде, сөз жоқ: «Мұғалім» жақсы поэма болып шығатын еді. Өйткені ол қызықты, ақынға таныс тақырып, Нұрсұлтан оны жақсы тапқан.

Нұрсұлтанның поэмалары өте-мөте түрі жағынан: тілі, сөйлем құралуы, өлең ұйқастырылуы, көріктелуі жағы нашар шыққан.

Ақын сөйлем құрауға, өлең ұйқастыруға, сөзді көріктеуге олақ. Көп ретте ол айтайын деген ой-пікірлерін күмілжітіп, күңгірт етіп айтады; суреттейін деген жайларын көмескі, солғын етіп суреттейді. Қай-қайсысын болсын көп сөзді етіп жібереді. Кейде:

...Ал, мынау от — ол от емес, замандас,
Ол от емес, ондай емес, ол емес!

деген сияқты келтіреді.

Нұрсұлтанның көптеген шумақтар мен тармақтардағы сөздерінің не мағынасы, тұлғасы, үн-ырғағы жуыспай жатады да, не бір сөзі екінші сөзіне қайшы келіп тұрады. Яғни өлеңнің шумақтары мен тармақтары, Абай айтқандай, «Әр сөздің ұнасымы, сөз қосарлық орайлы жарасымы» болып келмейді.

Ол түгіл, Нұрсұлтан қазақ тілінің заңын-грамматикасын: қазақ сөздерінің жалғасу, жымдасуын біле бермейді. Ол көп сөзді орынсыз, байыбына жетпей қолданады; көп сөзді қате жалғастырады; сөйлемді олпы-солпы, айғұш-ұйғыш тізеді. Оқып отырғаныңда таудан арба сүйретіп келе жатқандай болып отырсың.

Нұрсұлтан поэмаларының түрі жөнінде біздің бұл айтқандарымызды мына тармақ, шумақтар айқын дәлелдейді деп білеміз.

...Айтпаса да, қетсе-дағы тіл қатпай,—
Сол бір сәтте күш алғандай болдым мен.
Тек бір-ақ сөз: «тұрасың тез айығып»
Деп ол маған қарап кетті жалтаңдап.

(Көзін неге жіберді екен айырып?)
 Мен төсекте қала бердім жаутаңдап. (57)
 ...Санап тұрмын әр ашқанын есіктің...
 Сенде өмірдің тұрғандай бар қызығы,
 Бір өзіңнен нұр төгілер таласа,
 Иә, күнде бір естілер қыз үні,
 Ер адамдар, сен емдейтін палата (66)
 ...Гүлдер қандай ақ бопасы жарылған.
 Кенет сонда сынапқа ұсап бір сызық,
 Түгел кезіп, бойлап өтті ішімнен (75)
 Бөлмеге ендім құрметіммен, сыйыммен...

Ал, мұндай тармақтар мен шумақтар Нұрсұлтан поэмаларында толып жатыр.

VIII

Сөз ақырында, жоғарыда айтқан кейбір ойларымызды жинақтап, баса айтуды, 1960 жылғы қазақ поэмаларының басым көпшілігіне ортақ кейбір жайларға тоқталуды қажет деп білеміз. Олар мынадай.

Өткен жылғы қазақ поэмаларынан білінген бір жағдай — біздің ақындарымыз арасында бір тақырыпты бірнешеуі жырлау, қайталап жырлау бар. Біздің әдебиетімізде бұрын да көп жазылып жүрген бір ана тақырыбының өзіне былтырғы жылы үш-төрт поэма жазылған. Олар «Менің анам», «Аяулы ана», тағы тағылар.

Әдебиет тарихында бұлай бір тақырыпты бірнеше ақынның жырлауы, қайталап жырлауы болған, болады, болуға тиісті. Бірақ олар бірін-бірі айнықсыз қайталамаған: бір тақырыпты әрқайсысы өзінше, жаңартып, жаңа мән, жаңа өң беріп, мәселеге екінші жағынан келіп жырлаған, жаңа, тың ой-пікір айтқан.

Мысалы, қазақ әдебиетінде қымыз тақырыбын өз кезінде Абай жырлаған еді. Осы қымыз қазаққа, мақтаның ба, асың ба? — деп қымыздың ас-ауқаттық; шаруа, кәсіптік мәнін баяндаған еді. Сол тақырыпты өз тұсында Сұлтанмахмұт қайта жырлады. Бірақ ол Абайдың пікірін қайталамайды, қымыздың екінші бір әлеуметтік мәнін ашты: Қымыз байдың кедей туысқандары мен көршілерін қанау құралы, ұлықтарға сөзін сөйлетіп, сойылын соқтыру құралы деген аса терең мағыналы, саяси ой-пікір айтты.

Біз ақындарымыздың бір тақырыпты бірнешеуі жырлауын, қайталап жырлауын мін, кемшілік деп білмейміз, бір ізбен, айнықсыз қайталап жырлауын мін, кемшілік деп бі-

леміз. Бір тақырыпты әр ақын өзінше мән, ең беріп жырлау керек, жаңа, тың, күрделі ой-пікір айту керек дейміз.

1960 жылғы қазақ поэмаларынан байқалатын, екінші бір жағдай, бірқатар поэмаларда тақырыпты тереңдеп жырлау, үлкен, тың ой айту жағы жетпей жатады. Ақындарымыз кейде тақырыбын көп оқиғалы, ұзақ сұрлеулі етіп алып, соларды тегіс тізіп шығады, шежіре теріп, оқиға қуалап кетеді; кейде кейіпкерлердің, ұлы, белгілі адамдардың өмірбаяндарын бастан-аяқ, егжей-тегжейін қалдырмай, түгел баяндайды, кейде тақырыпты, оқиғаны сырттай суреттейді, үстірт қамтиды.

Кәзір ақыннан тақырыпты неғұрлым ықшамдап алып, тереңдей жырлау, тақырыптың қоғамдық мәнін, философиялық сырын, әсемдік қасиетін барынша терең, дәл ашу, оны өзінің, лирикалық кейіпкердің әлеуметтік көзқарасы, философиялық қорытуы, жан дүниесі, ізгі ойы, асқақ арманы етіп беру, сол арқылы үлкен, тың, соны ойлар айту, тамаша бейнелер жасау талап етіледі.

Совет әдебиетінде кәзір мақталып жүрген поэмалар осы жағымен: үлкен, тың ойлар айтуымен, әсем бейнелер жасауымен, бәрін ақынның, лирикалық кейіпкердің ойы, сыры етіп келтіруімен мақталып жүр.

1960 жылғы қазақ поэмаларынан аңғарылған, үшінші бір жағдай — біздің бірқатар ақындарымыз қазақ тілінің заңын, сөз байлығын жақсы білмейді. Олар сөзді көп ретте орынсыз, мән-жайын білмей, жаңылыс қолданады, хата тіркестіреді. Осыдан бірсыпыра поэмалардың тілі нашар, оқырманды тартпайды.

Тіл жазушылықтың негізгі үш элементінің бірі, ең қажеттісі; жазушының негізгі құралы. Ақын, жазушы оны жақсы білуге міндетті.

Тіпті, жазушы асқан тіл маманы болуға, сөздің әрі үлкен қоймасы, әрі сыйқыршысы болуға тиісті; шығармасының тілін ол оқырманды еліктіріп әкетерлік құйқылжытып, құлпыртып келтіруге, қандай күрделі, терең ойды, қандай нәзік, қиын сезім, көріністі болмысын дәл, айқын, тілге жеңіл етіп айта білуге тиісті.

1960 жылғы қазақ поэмаларынан көрінген төртінші бір жағдай: бірді-екілі поэмалардың көп жерлері оқырманды қызықтырмайды; тілі сыпайы, өлшем, ұйқасы дәлме-дәл, қарап тұрғанда өлең. Алайда оқырманды тебіренпейді, күйіндіріп, сүйіндірмейді.

Мұның себебі біздің бірқатар ақындарымыз өлеңді бейнелі, суретті, сырлы, астарлы етіп қиыстыруды көп ойламайды. Нағыз өлеңде келісті бейне, әдемі сурет, терең сыр, астар болуға тиісті. Оларсыз өлең жалаң, жансыз, екпінсіз, тіпті, өлең емес.

1960 жылғы қазақ поэмаларынан аңғарылған бесінші бір жағдай — біздің ақындарымыз кейде өз талантының, өз күш-қуатының ерекшелігін, шама-шарқын байқамайды. Өлең жаза білген соң, қандай тақырыпты болсын, шығарманың қандай түрін болсын жаза білем, жаза беруім керек деп ойлайды.

Осыны біздің әсіресе Мұзафар, Нұрсұлтан, Әнуарбек ақындар жөнінде айтқымыз келеді. Өйткені бұлар негізінде шағын лирикалық өлеңнің ақындары. Соны тәуір, шебер жазады. Өткен жылы бұлар эпикалық тақырыпқа барған, поэма жазған. Ал, поэмалары ойдағыдай болып шықпаған. Бұл аталған ақындардың поэманы лирикалық өлең сияқты шебер жаза білмейтіндіктерін көрсетті.

Бұлай дегенде біз Мұзафар, Нұрсұлтан, Әнуарбек, тағы басқа солар сияқты ақындар поэма жазбасын деуден аулақпыз. Біз тек ақындарымыз өз таланттарына сай тақырып тауып, таңдап ала білсін, өз талантының ерекшелігіне, шама-шарқына қарай шығарма жанрына барсын. Сонда олар жақсы шығармалар бере алады демекпіз.

Сонымен, 1960 жылғы қазақ поэмаларының көркемдік жағы біркелкі, бәрі бірдей жақсы емес: кейбірі жақсы, кейбірі тәуір, кейбірі нашар. Поэма жанрының көркемдігін күшейту, поэманы мейлі қай жағынан болсын шебер етіп жазу қазақ ақындарының алдында тұрған ең зәру жұмыс.

1961.

ЖАҢА ТАЛАП, ЖАС ИІС

I

Қазақ совет әдебиеті, бұрынғы эпос жырларының батырындай, күн сайын өсіп, тез ержетті. Кәзір жер жүзіндегі ең жас, ең революцияшыл көп ұлтты бүкіл совет әдебиетінің бір күшті тобы: озат идеялы, көп жанрлы, көркем суретті жасақтарының бірі болып отыр.

Осылай күн сайын өсіп, тез ер жету қазақ совет әдебиетінің өлең-жыр, поэзия саласында айқын көрінеді; бұрынғыларды былай қойғанда, бізде Ұлы Отан соғысынан бергі жылдарда көптеген, әралуан ақындар шықты.

Біздің байқауымызша, сол Отан соғысынан бергі дәуірде шыққан ақындардың өзі, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер дегендей, екі толқын, екі буын болып қалды. Олардың алдыңғылары бес-ондап кітап, жинақ шығарып, кейінгілері газет, журналдарда, жалпы жинақтарда талай шығармалар жариялап үлгерді.

Қазақтың көркем әдебиет баспасы өткен, 1959 жылы Отан соғысынан кейін шыққан ақындардың бірсыпырасының өлең, жырларынан құрап, екі жинақ басып шығарған. Олар: «Жас қанат», «Жырға сапар» деп аталады.

«Жас қанат» 14—15 баспа табақ, 452 бет, 17 ақынның 400 өлең, поэмасынан құрастырылған; «Жырға сапар» 6—7 баспа табақ, 207 бет, 29 ақынның 285 өлең, жырынан жинақталған. Бәрі де Отан соғысынан кейінгі дәуірде шыққан ақындар, солардың өлең, поэмалары, жаңа талап, жас иіс.

Алдыңғы жинаққа ақын Ғафу Қайырбеков «Жас қанат — жарқын жырлар» деп, кейінгі жинаққа ақын Мұзафар Әлімбаев «Алыс сапар алғашқы адымнан басталады» деп беташар жазған. Жинақтарға енген ақындар мен өлең, жырлардың исі — жақсы белгілерін, кейбір кем-кетіктерін көрсеткен, жыр сапарына аттанған, қанат қаққан жастарға ағалық ақыл-кеңестер берген.

Осылардан біз, енді, «Жырға сапарға» тоқталамыз. Соны оқығанда көзімізге түскен кейбір жайлар туралы, солардың негізінде өлең өнері туралы бір-екі сөз айтамыз.

II

Жас ақындар арасында бір жаңылсақ ұғым бар. Олар өлеңді бір ақын ойға құрады, енді бір ақын сезімге құрады деп ойлайды. Бұл ана жылы, поэзия туралы айтыс болғанда газет бетінде айтылып, жазылып жүрді.

Осы ұғым бойынша бірқатар ақындар ойға құрам деп, өлеңдерді тым жалпы, көп сөзді, өлең-мақала етіп, бірқатар ақындар сезімге құрам деп, өлеңдерін тым шолақ, тұйық етіп жазады; мағынасыз, идеясыз, әншейін сылдыр сөз етіп шығарады.

«Жырға сапар» жинағындағы ақындардың бірталай өлеңдері осылай болып келген. Атап айтқанда Еркін Ібітаһновтың «Қойшылар», Өтежан Нұрғалиевтің «Елім туралы», «Соғыс туралы», Тұрсынзада Есімжановтың «Ленин және Горький» деген өлең, жырлары жалпы, көп сөзді, өлең-мақала болып шыққан да, Жүмекен Нәжмеденовтың «Жалғыз ши», Сағатай Оңғарбаевтың «Гүл», «Астық», «Махаббат», Уақап Қыдырхановтың «Күз» деген өлеңдері шолақ, тұйық, мағынасыз болып шыққан.

Мысалы, С. Оңғарбаевтың «Астық» деген өлеңі былай:

Көктемгі күн де төгіп нұр,
Жайқалтты колхоз егінін.
Қойны қазына, нұрлы өмір,
Жайып тұр жерге жемісін.
Сағаттар жылжып күн өтті,
Күтпедік таңды атсын деп.
Жаңғыртты еңбек жер, көкті,
Астық талай астық деп (152-б).

Бірінші, өлең тіпті қысқа қайырылған, бітпей қалған тәрізді. Онда ешқандай ой да, сезім де айтылмаған. Екінші, сөз қиыстыруында, көріктеуінде бірталай мүкіс, ақаулар бар.

«Көктемгі күн де төгіп нұр» — дейді. Онан тағы бір күн, жерде де күн бар, оның да нұрын төгуі ықтимал деген ой аңғарылады. Олар бекер.

«Қойны қазына, нұрлы өмір»
Жайып тұр жерге жемісін».
«Күтпедік таңды атсын деп».

деген тақырыптар әрі мағынасыз, әрі орынсыз, келіссіз.

Өлеңді ойға құрылған өлең, сезімге құрылған өлең деп бөлу қате. Ой да ой, сезім де ой; екеуі де ой. Көркемөнердің, поэзияның (соның ішінде өлеңнің де) негізі, өзегі, мазмұны ой, идея. Мазмұнсыз, ой-идеясыз көркемөнер, поэзия жоқ.

Сондай-ақ жалаң ой, тек идея көркемөнер, поэзия болмайды. Дәл, көрікті бейнеленген. Әсем суреттелген, кестемен, бейнемен берілген, түрі бар ой, идея ғана көркемөнер, поэзия болады. Идеясы мен түрі дәл қабысқан, сай келген шығарма ғана нағыз көркем шығарма болады.

III

Әрбір көркем шығармада — өлең-жырда мазмұн, мағына болуға, нендей де бір ой, пікір, сезім, тұту — идея болуға тиісті. Бірақ ол ой әншейін, ескі, жалған болмай, шын нанымды, жарасты, күрделі, тың, жаңа болуға тиісті.

«Жырға сапар» жинағынан, газеттерде шығып жүрген кейбір өлеңдерден жас ақындардың осы мәселеге — шығарма идеясының шын, нанымды, күрделі, тың болуына онша көңіл қоймайтыны байқалады. Олар кейде әлдеқашаннан айтылып, әбден жауыр болған, әншейін, нанымсыз, жалған ойларға ұрынады.

Мысалы, Жүсіп Қыдыров «Қысқы кеш» (141-142-б.) деген өлеңінде жүн әлдеқашан батысқа құлап кеткен кезде балалар көлдегі көк мұзда сырғанап, жұлдыздай ағып жүр; қарттар төбеде балаларға қызыға қарап тұр;

«...Ізімен салып қарға дақ
Сауысқан ұшып, қонады.
Ала қарға жорғалап,
Үрпін торғай тоңады...
Шынының бейне сынығы...
Жалтырар қардың ұшқыны».

дейді.

Осындағы күн батқанда балалардың көлдегі мұз үстінде сырғанаулары мүмкін де, қарттардың төбеге шығып, балаларға қызыға қарап тұруы мүмкін емес, өйткені ауыл қарттары мұзда сырғанауға сонша қызыға бермейді. Бұл бір.

Екінші, сырғанап жүрген балалардың түнде жұлдыздай ағуы мүмкін емес; себебі олар түнде жарқырап көрінбейді, қара көлеңкеленіп көрінеді. Сол сияқты, түнде қар, шынының сынығындай, жалтырамайды.

Үшінші, сауысқаннның ұшып-қонуы, ала қарға мен торғайдың жорғалап жүруі мүмкін, ал, түнде олардың іздері мен ұрпиюлерінің көрінуі мүмкін емес. Бәрі де нанымсыз, жалған.

Әділбек Абайділданов «Ленин» («Қазақ әдебиеті», № 9. 26 (II. 60 ж). деген өлеңінің бас жағында бір шалды суреттейді. Ол шал аш-жалаңаш, әбден арып-талып жүрген, «кеудесінде жаны ғана бар» адам дейді. Осы шал біресе шіркеуден келе жатады, біресе Байқалдан өтіп жатады. Қайдағы шіркеу? Байқалдан қалай өтті? Түсініксіз, нанымсыз.

Автор Ленин туғанда бүкіл Россия, халық қуанды дейді. Ленин туғанда оның мұндай данышпан адам, ұлы көсем болатынын, автордың сөзімен айтқанда, Лениннің қайғылы қара түнін қуатыны, адамның абзал, ең жақын досы болатынын білген жоқ қой. Қалай қуанады? Қуанған жоқ. Жалған.

Абдірақыман Асылбеков «Өлмес өмір туралы аңыз» (172-176-бет) деген ұзақ өлеңінде Қорқыт туралы аңызды жаңылыс ұғады. Ақынша Қорқыт оқиғасының бәрі оның түсінде болады. Қорқыт түсінде өлім көреді, түсінде өлімнен қашады, түсінде қайда барса, алдында қазулы көр тұрады. Оқиға өңде болмай түсте болады. Шын болмай жалған болады. Ақын шын ойды жалған ой етіп баяндайды.

Қадыр Мырзалиев «Түн» (15-бет) деген өлеңінде:

Ай ғана қарайды мөлие,
Аспанның қабағы жабылып.
Қалғиды, мүлгиді дүние
Бұлтты, тұманды жамылып.—

дейді.

Дүние бұлтты, тұманды жамылып, аспанның қабағы жабылып тұрғанда айдың көрінуі, мөлие қарауы мүмкін емес. Бұл бекер сөз.

Тағы осы Қадыр «Қураған гүл» (14-бет) деген өлеңінде қурап қалған гүл өмір сұрап алақанын жаяды, жел оны орынсыз жұлқиды, мазалайды дегенді айтады.

Қараған гүл алақанын жая алмайды, гүл қурағанда бүрісіп қалады, жел күні ол бүрісіп те тұра алмайды, төгіліп, құйылып қалады.

Ақын, жазушыға шығармасын сылдыр сөзге құрып, мағынасыз етіп жазу да, ұсақ жаңылсақ, нанымсыз ойға, жарамсыз сезім, суреттерге ұрыну да лайықсыз.

Ақын деген талантты, дарынды, ерекше қабілетті, аса

білімді, мәдениетті адам деген сөз. Ол жағдайды, мәселені, өмірдегі өзгерісті, жаңаны, жақсыны жұрттан бұрын көруге, аңғаруға, сол көргендері мен аңғарғандар дәл түюге тиісті; жұрт байқамағанды ол байқауға, жұрт сезбегенді ол сезуге, жұрт білмегенді ол білуге міндетті. Сөйтіп, ол әрдайым тың, жаңа, мағыналы, күрделі ой-пікір, дәл, нанымды жарасты сезім, сурет тауып айтуға тиісті.

IV

Жас ақындардың өлең-жырларын жиі кездесетін бір кемшілік — олар өлеңнің анатомиясын білмейді, өлеңді заңды, логикалық, жүйелі бастап, солай заңды, логикалық жүйелі аяқтауға, бастан аяқ қисынды, берік композициялы етіп келтіруге онша көңіл қоймайды; көбінше жүйе, жоспарсыз жазады. Осыдан жас ақындардың өлеңдерінде артық шумақтар жүреді; жеке шумақ, тармақтар заңды орындарында тұрмайды.

Мысалы, Нүсіпбек Исақметовтың «Менің үйім» (55-бет) деген өлеңі былай:

Қайнар бұлақ сұлу ғой күні күлген,
Жаз жадырап жабады қырын гүлмен.
Етегінен сол таудың ірге тепкен,
Көз тартпайды, достарым, үйім бірден.

Мақтанбаймын мен оның түр-түсіне,
Мейлі қораш көрінсін сырт кісіге.
Мұны менің әкемнің өзі салған,
Саусағының ізі бар кірпішінде.

Мен туралы туды онда алғаш тілек,
Ыстық өтіп, суықта тоңбасын деп.
Дүниеге күлімдеп келген ұлым,
Өмірімді осы үйде жалғасын деп.

Болмаса да дәл бүгін қасымда әкем,
Қалды көзінен белгі боп осы мекен.
Әр бөлмесі ойлап мені өсіріп,
Әке өмірін еткендей ғасырға тең.

Осы өлең заңды, жүйелі басталмаған. Мұнда бірінші шумақ мүлде артық. Оның тақырыпқа ешбір қатысы жоқ. Өлең бірді-екілі сөздері өзгертіліп, мысалы:

Мақтанбаймын мен үйімнің түр-түсіне,
Мейлі қораш көрінсін ол кісіге.

Мұны менің әкемнің өзі салған,
Саусағының ізі бар кірпішінде,—

болып, екінші шумақтан басталғанда қисынды, жақсы болатын еді.

Қосжан Мүсіреповтың «Ақша қар» (24-бет) деген өлеңінің алғашқы шумағы былай:

Ақша бұлт қонатындай төбемізге,
Осы біз аспанға өрлеп келеміз бе?
Ақ бас шың асықтырды, алға тартты,
Ұқсаған ақ жаулықты әжемізге.

Ой жүйесі, ой заңы тұрғысынан қарағанда осы шумақтың тармақтары өз орындарында тұрған жоқ. Орындары ауысып тұр. Ең болмағанда бұл шумақтың алғашқы екі тармағы былай тізілсе:

Осы біз аспанға өрлеп келеміз бе?
Ақша бұлт қонатындай төбемізге —

болып келгенде орынды, жарасты болар еді.

Өлең сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,—

дегенде Абай өлеңнің мазмұнын, кестесін, ұйқасын ғана айтып отырған жоқ. Сонымен бірге көбінше өлеңнің қисын, композициясын айтып отыр. Өлеңнің композициясы даналықпен қиыстыруды, заңды бастап, заңды аяқтап, ұзын-ырғасын жинақы етіп, шеңбердей иіп келтіруді талап етіп отырған тамаша ақын, әрі әдебиет ғалымы, өлең теориясының асқан маманы В. Брюсов өлеңнің композициясы туралы мынадай асыл сөз, ғылыми пікір айтады.

«Ғылым мен поэзияның қызметі бір: екеуі де дүние, өмірді ашу, білу, тану формасы — құралы. Бұлардың бір-бірінен айырмасы тек тәсілдерінде ғана: ғылымның тәсілі талдау — анализ, поэзияның тәсілі тұжырымдау — синтез.

Поэзиялық шығарма дегеніміз тұжырымдалған ой-пікір, әрбір поэтикалық образдың өзі сондай бір тұжырым. Тұжырым тезе, антитеза, сентеза жөнімен жасалады. Яғни бір ой, жағдай, образ суреттеледі, оған екінші бір ой, жағдай, образ қарама-қарсы қойылады. Ақырында, осы қара-

ма-қарсы ойлар, жағдайлар мен образдардан қорытынды, тұжырым жасалады.

«Тұжырымдап ойлау болмаған шығарма, бір яки бірнеше қарама-қарсы ойлар, жағдайлар мен образдар тұжырымдалмаған шығарма поэзия емес». (Екі томдық таңдамалы шығармалар, 2-том, 356-370-бет, 1955 жылғы басылуы.)

Жас ақындарымыз осы қағидаларды естерінде мықты ұстауға тиісті.

V

Жас ақындардың бәріне тән дерлік бір кемшілік — олар қазақ тіліне әлі соншалықты жетік емес: сөзді тауып, таңдап, дәл, өз орнына қолдануды, жеке сөйлейді, жалпы сөз жүйесін заңды қиыстыруды біле бермейді. Осыдан жас ақындар өлеңдерінің ішінде неше түрлі оғаштықтар ұшырайды. Біраз теріп көрсетейік.

Толқындары мөккіп тулап жөнелген (35-бет).

Неге шақтың ырысты? (39-б.)

Тоз-тоз болған ылпасы — жүдеу шекпен...

Қара қайыс секілді еттің күсі.

Байлардан бір тұғырды тартып мініп, (41-б.)

Тырнақ бүккен дүспанды іреп-сойып (42-б.)

Ақша деген пішендей ағыл-тегіл (46-б.)

Үстінде тамшы аунайды жапырақтың (48-б.)

Мен сол өртке шалындым да түледім (58-б.)

Қыс елшісі — сұсты жел (67-б.)

Мотор солист баритонмен шырқайды (78-б.)

Жазушылықтың негізгі элементтерінің бірі тіл; ол жазушының құралы. Ақын, жазушы тілді, ана тілін мейлінше жақсы білуге міндетті. Білгенде ол ана тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамындағы сөздерді түгел, жете білуге, олардың түр-тегін, әрқилы мәнін, көркемдік қасиетін білуге міндетті.

В. Брюсов шығармаларында көркем поэзияның тілі жәйінде мынадай келелі ой-пікір айтады: «Поэзия тілмен, сөзбен жасалады. Әрбір сөздің үш түрлі қасиеті: мән, үн, бейне қасиеті болады. Ақын соларды жақсы білуге, сезуге, орынды, жарасты қиыстыруға тиісті.

Әдебиетке келген әрбір жаңа ақын оған өзімен бірге жаңа сөз, жаңа ырғақ, жаңа бейне ала келеді: өзіндік сөз, ырғақ, бейне жасайды. Сонымен бірге, ол бұрынғыны өңдейді, ұстартады, ілгері дамытады.

Поэзиядағы өзгеріс — эволюция дегеніміз үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл, терең, әсем бей-

нелейтін құралдар табу болып табылады»,— дейді. (Шығармалар, 2-том, 183, 273, 351-беттер).

Жас ақындарымыздың тағы бір есіне салатынымыз осы жайлар.

VI

«Жырға сапар» жинағындағы сөз басында Мұзафар: сөз патшасы — бес аспап болсын. Удай ащы сатира жазған ақын үлбірек гүлдей нәзік романс та жаза білсін, азаматтық асқақ лириканың авторы әзіл-сықақ та жазсын, Абай алуан саладан алдына жан салмай өтті, әрбір ақын сондай болсын дегенді айтады.

Бұл жалпы тілек ретінде орынды. Бірақ әмбеге бірдей міндетті емес. Өйткені барлық ақынның таланты бірдей, Абайдың талантындай бола бермейді.

Әркімнің таланты әртүрлі. Біреу лирикалық өлеңге, біреу әзіл-сықақ өлеңге ұста, біреу махаббат, көңіл күйі лирикасына, біреу әлеумет, табиғат лирикасына ұста болады. Сондықтан ақын біткенге сен қалайда лирикалық өлеңде, әзіл-сықақ өлеңде, лириканың барлық түрінде жаз деу қата болады.

Кімнің таланты неге ыңғайлы, кімнің өлең-жырдың қай түріне қабілетті, ол соны жаза берсін. Тек оны барынша шебер етіп жазсын. Абайша жазсын.

Мұзафар тағы сол сөз басында: жас ақындарымыздың алғашқы адымдарындағы басты олқылық, бір сөзбен айтқанда, тақырып тапшылығы дегенді айтады.

Автордың бұл пікіріне әбден қосылуға болады. Себебі жинақтағы үш жүзге жуық өлең-жыр тек екі-үш тақырып төңірегінде жазылған. Көбінше махаббат, достық мәселесі, жыл мезгілдері мен табиғат көріністері болып келген.

Шығарманың тақырыбы — ол ой, пікір — идея. Ой, пікір — идея өмірден, тәжірибеден көру-білуден, сезу-түюден туады. Тақырыбы аз, тапшы деген ақын, жазушының өмірге араласы, өмір тәжірибесі, оқу-білімі, көрген-білгені, сезген, түйгені аз тапшы деген сөз.

Мұнан шығатын қортынды: жас ақындарымыз күнделікті өмірге белсене араласу, үздіксіз шұғылданып үйрену, білім тәжірибесін молайту керек, барынша, жан-жақты, мәдениетті болу үшін керек дүниені, өмірді ғылыми, коммунистік тұрғыдан көре, ұғына білетін, білгенін шебер бейнелей білетін болуға тиісті.

ФЕЛЬЕТОН ТУРАЛЫ

I

Фельетон екі жақты, екі сипатты жанр: әрі публицистикалық, әрі көркем әдебиеттік жанр. Ол осы екі жанрға қойылатын талап, тілектерге де, шарт-қағидаларға да сай келуге, жауап берерлік болуға тиісті.

Фельетон газет, журналдық публицистиканың бір түрі, аса қажетті саласы. Осыдан ол жалпы советтік публицистиканың заңына бағынып, сол атқаратын маңызды қызметті атқарады.

Сонымен бірге, фельетон жеңіл стильді, өткір тілді, көркем суретті, күлкі-сықақты, әзіл-әжуалы болып келеді. Осы жағынан ол советтік көркем шығарманың заңына бағынып, сол атқаратын құрметті қызметті атқарады.

Фельетон шағын көлемді газеттік публицистика, жеңіл стильді көркем шығарма бола тұрып, мазмұны, бағыты жағынан байсалды, маңызды шығарма, тек халық, мемлекет мүддесін ғана көздейтін, халықты, жастарды коммунизм рухында тәрбиелеу: сергек, өз жұмысына сенімді етіп, қиыншылықтан қорықпайтын, қандай қиыншылықты болсын жеңіп шығуға дайын етіп тәрбиелеу жөнінде мемлекетке, партияға көмек беретін шығарма.

Фельетонның негізгі нысанасы, сипаты, табиғаты сын, өзара сын болып келеді. Осыдан ол ескіні, ескілік сарқынын, жаманды, жайсызды, кертартпаны сынап, мінейді, жаңаны, жақсыны, ілгерішілді жақтап, дәріптеп отырады; халықты қырағылыққа, сақтыққа үйретеді: жауды, жау қылығын әшкерелейді, өлтіре түйрейді.

Советтік фельетон, мейлі қай жағынан болсын, буржуазиялық фельетоннан бүтіндей басқа, оның қарама-қарсысы. Советтік фельетонның өз тегі, өз үлгі-дәстүрі бар: ол рево-

Люциалық, маркстік-лениндік публицистика, өзіндік ерекшеліктері, өзіндік қағидалары бар. Олардың негізділері мыналар:

II

Советтік фельетонның негізі, өзегі факты. Ол фактының нақты, ақиқат болған яки жинақталып алынған болуы мүмкін. Қандай болғанда да ол, факты шын, дәл, нанымды болуға тиісті. Фельетонда жалғанға, фактіні ойдан шығаруға, нанымсыз фактіге жол берілмейді.

Совет фельетоны, оның фактысы қоғамдық мәні бар күнделікті, актуальды, маңызды болуға тиісті. Ол мейлі күрделі, мейлі ұсақ болсын, әйтеуір қоғамдық мәні бар болып, әйтеуір қауымға, совет адамдарына тәрбие: білім, үлгі, өнеге берерлік болып келсін.

Фельетон жазудың алғашқы адымы — оның фактысын тауып, іріктеп алу болады. Фактыны тауып, іріктеп алу үшін фельетонистка: а) өмірге көп араласу, өмірді жақсы білу, адамды жақсы білу керек; б) фельетонистің таланты: сезгіштік, көргіштік, қырағылық, алғырлық қабілеті болуға тиісті; в) фельетонистің оқығаны, білімі көп болуы, алдымен, маркстік-лениндік ғылымды, партия мен үкіметтің саясатын жете білуі шарт.

Кейбір фельетонистер қолайлы тақырып жоқ, фельетон болатын факты жоқ. Қолайлы тақырып, қызықты факты болса еді, тамаша фельетон шығар еді деп зорлайды.

Бұл дұрыс емес. Себебі өмірге белсенді араласып жүрген, өмірді жақсы білген, көрген, білгенін түйе білген, оларды іріктеп алуға жалпы, саяси білімі, фельетон етіп жазуға жазушылық қабілеті жеткен адамға тақырып та, факты да көп. Және фельетон болмайтын бір де бір факты жоқ. «Қалауын тапса, қар жанады» дегендей, жаза білетін кісі болса, қандай факты болсын тамаша фельетон болып шыға келеді.

Айталық, факты табылды. Бірақ оны сол күйінде, бастан-аяқ, рет-ретімен тізе, жаза салуға болмайды. Егер солай жазылса, ол фельетон да болмайды. Әншейін хабар, ұзыннан-ұзақ құр факты болып шығады.

Өйткені фактының бірнеше салалы, бірнеше оқиғалы болып, біріне-бірі байланысты бірнеше факты болып, бір адамның әлденеше қылмысы болып келуі мүмкін. Фельетонға оның бәрін енгізудің қажеті жоқ.

Тегі фельетонның көп, әлденеше фактылы болуы, фельетонда көп салалы бір фактының барлық жағынан бірдей

көрсетілуі қолайсыз. Онда фельетонист бір фактыдан кейін екінші фактыны, бір фактының бір жағынан кейін екінші жағын айтып, олардың арасына бөгде сөздер еніп кетеді. Фельетон көп сөзді болады; автордың ойы бытыранды, күңгірт; нені, қай фактыны, фактының қай жағын баса айтқалы, сынап-мінегелі отырғаны айқындалмай қалады.

Фельетон, көбінесе, бір фактылы болып яки онда көп салалы фактының аса маңызды, түйінді бір саласы ғана алынып, соның әлеуметтік мән-жайы, пайда-залалы жете, жан-жақты, айқын ашылғаны жөн.

Сондықтан фельетонист факты табылған соң, қай фактыны алуды, оны қай жағынан көрсетуді, қалай бағалауды ойлану қажет. Яғни фельетонның тақырыбын табу — атын қою, идеясын айқындау қажет. Авторға тақырыбы, идеясы қаншама айқын болса, фельетон соншама жақсы шығады.

Советтік фельетонның осы айтылған қағидалары: фактыны тауып, сайлап алу, қай жағынан көрсету, қалай бағалау, фельетонның қою, идеясын анықтау тұрғысынан «Құдалар мен құдағи туралы» («Социалистік Қазақстан» № 299, 19. XII. 1954 ж.) деген фельетонды талдап көрейік. Ол фельетонның ұзынырғасы мынау:

«Осы жылғы январь айының бір күні еді. «Райханды алып кетуге күйеу келіпті!» деген хабар дүңк ете қалды. Бұл хабар, көктен түскен күбідей, ауылдағыларды қатты таңдандырды. Қой, жасы жетпеген жалғызын жетіншіні бітіртпей күйеуге беріп, Сейілханға не көрініпті! Жалған нәрсе болар! — деп біреулер сенбегендік көрсетті, енді біреулер: бас құда болып прокурор келіпті! — деп таңырқаса, үшінші біреулер: күйеу жігітіміз башқұртстандық көрінеді, «адамға сүзеген малша бадырая қарайды» деп көрген-білгенін судай ағызып, қымыздай сапырып жатыр.

Айтқандай, бұл уақытта Сейілханның үйінде құдалық түсіп, құйрық-бауыр асасу асығыс жүріп жатқан-ды. Төрде отырған Қостанай облысы Введен ауданының прокуроры Жұрқабаев — бас құда, оған тақау осы ауданның финанс бөлімінің меңгерушісі Сәрсенбаев — кіші құда, бұрышта бөркін баса киіп отырған башқұртстандық жігіт — күйеу, қалбырақтап тыныш таппай жүрген Сейілхан Тілеубаев — колхозшы, қыздың әкесі. Бас құда желпіне сөйлеп отыр: күйеу жігіт өзінің әйелінің туысы екенін, үй болғысы келетінін сыдыртып шықты да:

— Қыз бала деген жат жұртқа жаратылған ғой, ерте ме, кеш пе, біреудің етегінен қымқыра ұстайды да, ардақтаған

әкені де, аймалаған ананы да артқа салып, кете барады,— деді. Бас құда әңгіменің ақыры тамағына кесе тұрып қалғандай, қақырынды да дауысын күрт өзгертіп:

— Сәке! Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала деген ғой, бұрын таныс едік, енді тамыр болайық деп, сіздің бойжеткеніңізді көздеп, ат танауын тіредік. Ұзақ сауданы сүймейтін жандармыз ғой, тоқ етерін айтыңыз. Қызыңды бересің бе, жоқ па? — деп мәселені бүйірден қойды. Дауыс ырғағынан өзінің прокурор екенін тағы да білдіре кетті.

— Ай, қарағым-ай, қызым жас қой, он беске жаңа шықты. Заң болса...— деп күмілжи бастаған Сейілханның сөзін, Жұрқабаев жұлып алғандай шорт үзді:

— Іс бітті! Уақыт тығыз, тойға кірісіңіз! — деп, будақтаған ақшаны қалтасынан суырып алды да, Сейілханға лақтырып жіберіп:

— Сағат жарымда ораламыз. Сақадай сай тұрыңдар!

Тұлыпқа оранған күйі шанаға отыра бергенде, бас құданың атқосшыға бұйыра сөйлеген дауысы да шықты:

— Карл Маркс атындағы колхозға, Нысана — ауылдық Совет үйі, Абдрахмановқа, тарт атты!

Аюдан үріккен Топтыгиннің тройкасындай заулаған шана жегілген аттардың тұяғынан шыққан қар боранша сүңги түсіп, ілезде жоқ болды...

Сонымен не керек. Жұрқабаев қыздың жасын 19-ға келтіріп, ауылдық Совет председателі Абдрахмановтың қолын бадырайта қойғызып, батыра мөрін бастыртып біржапырақ қағазды дайын етті. Сонымен Абдрахмановты шанаға салып алып құдалар қайта келді. Қой сойылып, ошақ қоңырсыды. Той болып, «көкмойындар» сабылып, суша сімірілді.

Танысып та үлгірмеген екі «ғашық» таңды атыра зытып та кетті. Оқушы жолдас бұл жерде қыз қалай көне кетті, мектеп басшылары қандай шара қолданды? — деген сұрақты бергіңіз келіп отырғанын білеміз. Оған да жауап ізделік.

Алдымызда, екі беті шикандай, денелі әйел отыр. Бұл — кіршіксіз, ақсаусақ атанған Алтынсары жеңгей — «бойжеткеніміздің» өгей шешесі. Жеңгеңіздің бүгін қойны-қонышы-қуанышқа толы екен. Неге дейсіз ғой? «Е, енді сәтеннің сәттісін киіп, тамақтың тәттісін ішетін кім? Сәкең бе? Әйел есебіндегі ең момын жан — біздің Сейілхан!» деп тасиды ол. Рас, соңғы он жылдың ішінде Алтынсары колхозға деп құрай басын сындырған жан емес. Барлық күш-жігерін үш нәрсеге: қызылды-жасылды киінуге, араны ашыла

тамақтануға және өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп әңгіме соғуға арнады. Үй жұмысының барлығын — шай қою, нан пісіру, отын жару... Райхан мен Гүлдірайхан істеді. Ал жеңгеніздің міндеті «қызметкерлерге» бұйыру, мүлт кетсе, қосақтап қойып төмпештеу еді.

Жас қыршынның бірі — Гүлдірайхан мезгілінен бұрын қайтыс болды, ал оның бержағында Райхан болса он беске жаңа шықты. Бұрынғы «әдіс» жарамсыз болды. Өгей шешенің өктем сөздері қызға инедей қадалып, тұла бойын тітіркендіретін еді. Ұрыс-керіс әдетке айналды. Алтынсары долданса, Сейілханның екі аяғын бір етікке тығатын болды. Екі сөзінің бірі «итіңді құрт» деп күйеуін қуырдақтай қуыратынды шығарды. Қыздан құтылғанша асықты. Күнде жанжал, күнде айқай көтеріліп, үйді төңкеріп тастағандай болатын. Міне, қыздың кетуі өгей шешенің қуғыны еді.

7-класс оқушысы Райхан Сейілханованың сабақты үлгірмеуі, оның үй ішіндегі көрген қорлығы мектеп директоры Хасеновке және басқа оқытушыларға да белгілі болса да, ешбір шара қолданылмады, көңіл аударылмады, ал тіпті қыз оқуға бармай қалып, күйеу әкетейін деп жатыр дегенді есітсе де, мектептің «сабырлы» басшылары «оқуға келсін» деп, сәлемдеме айтумен тынды.

Сонымен жас Райхан күйеуге кете барсын. Алғашқы айларда әкесіне одан хат келіп тұрды. Ақыры, қыз хат жазуды кілт доғарды...

Ел құлағы елу, «Райхан күйеуінен айырылыпты» деген суық сыбыс тағы дүңк ете түсті. Шөптің басы жел соқпаса қимылдамайды деген рас екен, естілген хабар расқа айналды. Ата үйінде сызылып отырған күйеу ауылына барған соң әке-шешен сенен құтылу үшін жетектетіп жіберген дейтінді шығарды. Ақыры, бір күні қуып та шықты.

Райханның ендігі тағдыры не болмақ? Оқушы қыздың арын айрандай төккен құда, құдағилар тиісті жазаға қашан тартылады? Арамтамақ, әрі тасбауыр өгей шеше Алтынсары неге еркінсі береді. Советтік заңдылықты өзі бұзған бас құда заң қызметкері Жұрқабаевты кім жауапқа тартады? Жас қызды жаман атқа қондырып, өмірін өрге бастырмаған мұндайлар үшін де әділ үкім шығуы тиіс емес пе?!»

Бұл фельетонның фактысы көп, көп салалы: біріне-бірі байланысып жатқан бірнеше топ факты. Оларды топ-топқа жіктесек, былай болып шығады:

Бірінші топ факты: Райханға, оның сіңлісі Гүлдірайханға өгей шешесі Алтынсарының күн бермеуі, сонан Гүлді-

райханның өлуі; Алтынсарының не үй ішінде, не колхозда жұмыс істемейтіні, тек тоя тамақ ішуді, жылтырап киінуді, өсек-аяңмен, қысыр әңгімемен айналысатыны; Сейілханның бишаралығы: Алтынсарыны тыя алмауы, қыздарына қамқорлық көрсете алмауы.

Екінші топ факты: құдалыққа аудандық прокурор Жұрқабаев пен аудандық ақша бөлімінің бастығы Сәрсембаевтың келуі, олардың ауылдық Советтің председателі Абдірахмановқа қыз жасын арттырып, қағаз әкелуі; тойда бәрінің бірге болуы, ішіп-жеуі.

Үшінші топ факты: Райханға ол оқып жүрген мектеп оқытушыларының, мектеп директоры Хасеновтың көңіл аудармауы; Райханның сабақтан қалып жүрген, оқи алмай жүрген себебін тексермегені; Райханды ұзатқалы жатыр деген хабарды есіте тұрып үндемей қалуы.

Төртінші топ факты: күйеудің қолайсыз, жаман адам болып шығуы, оның Райханды кемсітуі, қорлауы, үйінен қуып шығуы; ақырында, Райханның қаңғырып қалуы.

Автор осы көп, тұтасып жатқан фактыларды тізе берген. Барлығы төрт мекемені, сегіз-тоғыз кісіні айыптаған. Фельетонды оқып отырғанында бір ауданды тегіс қу-сұмдар, оңбаған, бұзылған адамдар жайлап кеткен, оларды ешкім, ешқандай мекеме тыймайтын, тыя алмайтын тәрізді.

Ал, ең әуелі, бұл нанымсыздау: бір ауданды сұмдар жайлап кетті, оларды ешкім тыймайды дегенге оқушы нана бермейді: Рас па екен? деп, күдіктеніп қалады. Онан соң, рас бола қойған күнде де оларды орталық газетте солай көрсету орынсыз, қате.

Фактыларды тізе бергендіктен, оларды жалпы алып, бәрін бірдей, бір үнмен сөз еткендіктен автордың негізгі фактысы, қай фактыны баса айтқысы келгені, көбінше кімді айыптайтыны, Гүлдірайханның өлуіне, Райханның қаңғырып қалуына нағыз айыпты кім деп білетіні айқын көрінбеген, оларды жалпы алып, бәрін бірдей, бір сарында сөз еткендіктен бірқатар оқиғаның, өте-мөте Гүлдірайханның өлімі сияқты өрескел оқиғаның егжей-тегжейі, әлеуметтік мән-сыры жан-жақты, жете, айқын баяндалмай, баса, өткір айтылмай, көп фактының бірі ретінде айтыла салған, бұркеу, көмескі қалған.

Фельетондағы әлгі төрт топ фактының түйіні, түбірлісі, бәленің басы алғашқы топ факты, ондағы Алтынсары,— бәріне айыпты сол. Алайда, фельетонда осы жағдай ашылмаған: Алтынсарының адамға, совет адамына лайықсыз

мінез-қылығы, іс-әрекеті, өгей қыздарына көрсеткендері барынша әшкереленбеген, тиісінше бағаланбаған.

Екінші сөзбен айтқанда, фельетонның аты — тақырыбы, нысана-бағыты, негізгі идеясы айқын, өткір шықпаған. Фельетонист ой-пікірін, көзқарасын дәл, айқын етіп айта алмаған.

Дұрысында, бір фельетонға алғашқы топ фактының өзі де әбден жеткілікті. Автор басқа фактыларды былай қойып яки тек атап қана өтіп, негізгі факты етіп, фельетонның өзек, арқауы етіп соны ғана алу, соның егжей-тегжейін, әлеуметтік мән-жайын толық баяндау, тиісінше бағалау, жеріне жеткізе айту керек еді. Сонда фельетонның идеясы — автордың ой-пікірі, көзқарасы айқын шыққан болар еді.

III

Факты табылды: оның мән-жайы әбден зерттелді; фельетонның тақырыбы, идеясы анықталды дейік. Егер фельетонист сол фактыны, тақырыпты, идеяны жалаң, қарапайым сөзбен жазып шықса, ол мақала, публицистикалық қана шығарма болады.

Бірақ фельетон тек публицистикалық қана шығарма емес. Онда тақырып, идея, мақаладағыдай, жалаң, қарапайым сөзбен баяндалмайды; қызықты, күлдіргі, көрікті, суретті, шешен сөздермен баяндалады.

Сондықтан фельетонист, бастағы факты, тақырып, идея іздегені сияқты, енді тақырыбына, идеясына лайықты көріктеу сөздер, күлдіргі жәйттер, келісті сурет, картиналар іздеп табу керек. Яғни фактысын, идеясын фельетон етіп: суретті-көрікті, қызықты-күлдіргі, өткір-шешен етіп айтуды қарастыру керек.

Ал, бұларды іздегенде фельетонист мына жағдайларды ескеруге тиісті: ол кімді сынағалы, сықақ еткелі отыр? Оны қай дәрежеде, қаншалықты, қай бағытта сынауға, сықақ етуге болады. Оның сын, сықағының әсері, нәтижесі қандай болады? — Осы жағдайларды ойлануға, анықтап алуға тиісті.

Егер сыналатын, сықақ етілетін адам жат, жау, бұзылған, дауасы жоқ адам болса, фельетонист оны аямай, қабілетінің барынша сынау, сықақ ету, оған тілді әбден безеу, сөздің уын төгу керек.

Егер сыналатын, сықақ етілетін адам жазатайым қаталасқан, сөз болып отырған жағдайға кенет, тұңғыш рет ду-

шар болған, асылында дұрыс, түзелетін адам болса, фельетонист оны іштартып, жаны ашып сынау, сықақ ету, оның өз қатесін түсінуіне, түзеуіне көмек боларлық сарында сынау, сықақ ету керек.

Онан соң, кейде бір факты ішінде бірнеше кісі болады. Олардың бәрінің қылмысы, кінәсы бірдей болмайды: бірінің қылмысы, кінәсы көп, ауыр, бірінің қылмысы, кінәсы сәл, жеңіл болып келеді.

Мысалы, әлгі «Құдалар мен құдағи туралы» деген фельетондағы Хасенов пен Алтынсарының яки Хасенов пен Жұрқабаев, Абдрахмановтың қылмысы, кінәсы бірдей емес. Хасеновке қарағанда Жұрқабаев пен Абдрахмановтың, Жұрқабаев пен Абдрахмановқа қарағанда Алтынсарының қылмысы, кінәсы көп, ауыр.

Фельетонист солардың әрқайсысын, әркімді өз қылмысына, кінәсына қарай сынау, сықақ ету керек; әркімнің қылығына, қылмысына, кінәсына лайық сөздер, суреттер, теңеулер тауып қолдану керек.

Сайып келгенде, фактыны фельетон етіп шығару: суретті көрікті, қызықты-күлдіргі, өткір-шешен ету — бәрі фактының саяси мәніне, тақырып пен идеяға бағынышты, соған лайық болады.

Ал, фактыны фельетон ету, фельетонды қызықты-күлдіргі, суретті-көрікті, өткір-шешен ету тәсілдеріне келсек, олар көп, әр алуан. Солардың ең негізділерінің, аса қажеттілерінің бірі — фельетонның сюжеті, композициясы, түрі.

Фельетонның белгілі сюжеті, композициясы болуға тиісті. Бұлар фельетонның фактысы мен идеясына қарай жасалады. Бірақ факты мен идеяның дәл, айнығысыз өзі болмайды. Кімде-кім фельетонның фактысын, идеясын оның сюжетімен, композициясымен шатастырса, ол қаталасады.

Фельетонист өз шығармасының фактысын, тақырыбын, идеясын тапқан соң, соларға лайық, оның сюжетін, композициясын табу, оларды қисынды, қызықты етіп келтіру амалын қарастыру керек.

Фельетонның сюжеті, композициясы дегеніміз — фактының құрастырылуы, баяндалу тәртібі; неден басталып, немен аяқталуы, қай жерінде қандай қалтарыс, шегініс, ілгері оралыс жасау, қай жерін қалай құрастыру, қай жерін қалай, қаншалықты әшекейлеу болады.

Фельетонның фактысы ойдан шығарылмайды. Қолдан жасалмайды, болған, шын болып келеді. Ал, оның сюжеті мен композициясы ойдан жасалады. Оларды фельетонист,

фактысына, идеясына сай, өз ойынан жасайды, өз білгенінше, өз еркінше келтіреді.

Сондай-ақ, фельетонның түрін, жанрын да фельетонисттің өзі іздеп табады, өзі таңдап алады. Фельетонисттің оны, фактысының сипатына, идеясына лайық, өлең етіп жазуына да, көркем проза етіп жазуына да, пьеса түрінде келтіруіне де болады; проза етіп жазғанда оны бастан-аяқ диалогпен — екі, не бірнеше кісіні кезек сөйлестіру ретімен келтіруіне де, кәдімгі көркем әңгіме түрінде келтіруіне де болады.

Сондықтан фельетонисттің ойы, қиялы-фантазиясы қаншама жүйрік, күшті болса, фельетонның сюжеті, композициясы, түрі соншама қисынды, қызықты, жарасты болмақшы.

Фельетонды көрікті, қызықты ететін екінші бір жағдайында кейіпкерлердің көркем бейне-образдарының, көркем, келісті сөз образдарының болуы!

Фельетонда бірер сөзбен, бірер сөйлеммен болса да кейіпкерлердің, ең болмаса, басты кейіпкердің байырғы сын-сымбаты, портреті, бойына сіңген әдет-салты, қалыпты көзқарасы, дағдылы сөздері, жүріс-тұрыстары, қажет болғанда, киімдерінің, үйі мен кеңсесінің ішкі суреті, сәл деталды берілуге тиісті. Осылай оның бейне образы жасалуға тиісті.

Фельетонист өз кейіпкерін сол бейнесіне: сын-сымбатына, портретіне, қалыпты көзқарасы мен дағдылы сөздеріне, іс-әрекеттеріне қарай бұрынды-соңды әдебиеттерде бар белгілі бейне-образдарға ұқсатып алуына, теңестіріп келтіруіне болады.

Бірақ мейлі кейіпкердің бейне-образын жасағанда болсын, мейлі оны әдебиетте бар белгілі бейне-образға ұқсату, теңестіру болсын барынша келісті, дәл болуға, фельетонның тақырыбы мен идеясына сырттай да, іштей де тығыз байланысып жатуға, бәрі соларды айқындай түсуге себепші болуға тиісті.

Фельетонда бұрынды-соңды әдебиеттегі белгілі бейне, образдарды орынды, дәл, келісті етіп пайдалану жөнінде де фельетонист К. Маркс пен Ф. Энгельстен, В. И. Лениннен, солардың өз еңбектерінде әдебиеттік образдарды пайдалануынан үлгі алуға, үйренуге тиісті.

Кейбір фельетонист кейіпкерлердің өз сөздерін берем деп, прозалық фельетонна орынды-орынсыз диалогтер енгізе береді. Онысы бекер. Өйткені фельетон тек диалогпен қана қызықты көрікті болмайды. Сондықтан диалог фелье-

тонға өте қажет болғанда ғана енгізілуге және орынды, жарасымды енгізілуге тиісті.

Фельетонда әралуан көріктеулер, сөз образдары: келісті бейнелеу, кейіптеу, дәл, жарасты, көңілге қонымды әпитет, теңеу, метафора, салыстыру, шендестіру, каламбур, ирония, әзіл, жаңа әжуа болуға, орынды, өткір идиал, мақал, мәтел, түйдек сөздер, әдеби үзінділер болуға тиісті.

Бұларды да фельетонистің бұрынды-соңды әдебиеттен, ақын-жазушыдан алуына да, өз жанынан шығаруына да болады. Әрине, қабілеті жетсе, өз жанынан шығарғаны қажет те, жақсы да.

Тегі фельетонның қызықты, көрікті, өткір болып шығуы фельетонистің жазушылық талантына, білімі мен мәдениетіне байланысты. Фельетонист қаншама талантты, білімді, мәдениетті болса, оның фельетоны да соншама қызықты, көрікті, жақсы болып шықпақшы.

Енді фельетонға қойылатын осы шарт, талаптар тұрғысынан «Қонақасы қайғысы» («Социалистік Қазақстан» 9-декабрь, 1954 жыл) деген фельетонды талдайық. Ол фельетон мынадай:

«Сентябрь айының бір күнінде Қазақ ССР Финанс министрлігінің бақылау-тексеру басқармасының Қостанайдағы аға тексерушісі Тілеубаев, тексеруші Жанғисин Аманкелді ауданына келе қалды. Олар аудандық финанс бөліміне келді де, біз бүгін дем аламыз ертең тексеруге кірісеміз деп ескертіп кете барды. Келген күнгі қонақасы жаман болмады, олар аудандық тұтынушылар одағының председателі Байтеміровтың үйінде болды.

Келесі күні ауатком бөлімдерінің есебі тексерілді. Олар тексерейін деп тексере қойған жоқ, біреулерді қорқытып қонақасы жемек болды. Сол күні аурухананың бухгалтері Нұрпейісовты шақыртып алып, жасаған есебін олпы-солпы екен дегенді айта бастады. Тексерушіден қорыққан Нұрпейісов өзінің берген түсінігінен кейін кешке біздікінде болыңдар деп салды. Жақсы лебізді естіген соң тексерушілер ертеңгі күннің қамын да ойластырып қойды. Екінші етіп аудандық оқу бөлімінің бухгалтері Махтинді шақыртып, активің аз, пассивің көп деген сөздерді жаудыра бастады. Бұрын мұндайды көрмеген Махтин сасайын деді. Олар бұған қатты қадалды, сенің алдыңдағы оқу бөлімінің бухгалтерін соттатқан біз деп те қойды. Бухгалтер бұларды шақырудың ебін таппады. Ертең түсінік жазып әкел деп қоя берді.

Бұл ертеңге резерв десіп екеуі қуанысып қалды.

Сол күні тексерушілер Нұрпейісовтың үйіне келді. Келіп карта ойнап, арақ ішті. Сөйтіп қонақ үстіне қонақ келіп, финанс бөлімінің аға инспекторы Ізтілеуов та, колхоз председателі Ахметов та, финанс бөлімінің бас бухгалтері Хамзин де осында болды. Думан жаман болған жоқ, таң атқанша «девятый вал» соқты. Я, тағы бір тексеруші тағы келді. Оның фамилиясы Нұрышев екен. Ақша деген қалталар да бар болып шықты, бәрі де ақша айналасында жүргендер емес пе? Бұл күні Тілеубаев та, Жанғисин де олжасыз болған жоқ.

Келесі күні бұлар Махтиндікінде болып, «Құйдағға шүкір» құр қалта қайтқан жоқ, үлкен ұтыстың иесі болды. Бірақ қалтаға ақша қанша түскенмен, ертеңгі қонақасыны ойлап қарындары ашыңқырап кетті.

Аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі Халеловтың үйіне келгенде Тілеубаевтың құлқы өзгеріп, құлқыны қонақасыдан гөрі үлкенірек тілетті. Оңашада негізгі көздегенін айтып та салған екен. Халелов құрметті қонағын ренжіте алмай, құптап жауап беріпті. Ауырлау болса да ауыртпалығын көтеремін депті. Әсіресе, күзен ішік дегені қиындау болды.

Таңертең Халелов өнеркәсіп артелінің бастығы Ермағамбетовке жолығып, тексерушілерге бір-екі етік тіктіріп берді. Сонымен етік арзан бағаға тігіліп, аудандық тұтыну қоғамының қоймасынан галош та әкелінді. Тұтыну қоғамының председателі Байтеміров тек галош емес, сулық шекпенді де әзірлетті. Әрине оны матадай алды. Бірақ председатель ешкімге сездірмеуді өтінді. Өйткені ол алыс отардағы малшылар үшін әкелінген еді, әйтсе де құрметті қонаққа қалағанын бермеске бола ма?! Бермеймін деп бекем айтуға председателіңіз шыдай ала ма, тексерсем деп жүрсе тағы пәле. Одан да «аш пәле, аш пәледен қаш пәле» деп құтыла салып, құлағын тыныштандырса көп олжа емес пе. Сөйтіп, он метр сулықты артель тігіншісі Тілеуовке тіктіріп бере салды.

— Кісінің басын сығлай білетін кісі,— деді Тілеубаев аяқты бүтіндеп алған соң,— бас киім де тауып берер еді...

Аяқты бүтіндеу оңай болғанмен басқа келгенде Халелов бүгежектеп-ақ қалды. Ақыры ойлап тапты. Тексерушінің атынан тегіс қарастырып жүріп, қайдағы бір қоймадан құлақшын да табылды. Әрине құлақшынның ақшасын төлеп алды, бірақ тексерушіңіз советтік сауда тәртібін өрескел

бұзды. Я шынына келсек оған шыққан ақша да пайда, яғни картадан ұтқан Халеловтардың қалтасынан қаққандары.

Жанғисин бұл кезде колхозды тексеріп жатқан-ды. Колхоз председателі Ахметов оларды үш күн ұдайы шақырып, үлкен ойындар өткізді. Оған қатысып жүлде алғандар да Тілеубаев, Жанғисиндер болды. Ахметов қонағын сыйласа да, қорықса да үш жүз сом ұтқызды. Оның есесіне Тілеубаевтың асығы алшысынан түсіп, ақшаны үсті-үстіне алып жатты.

Оның ертеңіне тексерушілер қонақасы жөнінде қатты қайғырған екен, аудандық тұтынушылар қоғамының председателі Байтеміров тағы шақырыпты. Ұрты да, мұрты да тағы бір рет майланыпты.

Сонымен тексеруші Тілеубаев пен Жанғисин карта ойнап, қонақасына қазы-қарта жеп, 46 күн Аманкелді ауданында жүріп қалыпты. Көп жүрген соң қанжығаға күзен ішік те ілініпті. Ол мектеп директоры Алшынбаевты финанс бөліміне шақырып, «жаңа облыстан телеграмма алдым, онда сендерді тексер депті, ілік-шатыс бажа едік...» деп достық көңілін сездірді. Содан кейін тексеруші Тілеубаев босаңси қалып сөйлеп жөнеліпті: жарайды, мені тексермеді деп орыннан босатпас, тексермеймін, бірақ сенде бір күзен ішік бар дейді, соныңды бер, бөтен емеспіз ғой, пұлын жемеспін, бір ретін келтірермін. Келуім жалғыз бір бұл емес дегенді айтты.

Содан Алшынбаев ішікті бермекші болды. Бірақ ішіктің оған тар болатынын ескертті. Тексеруші тексере жүріп он күзен терісін Непіров дегеннен алды. Ақыры ойындағысы орындалып, тексерушіңіз нағашысына барып қайтқан жиендей, мұздай киініп, Қостанайға тартып отырды. Бірақ кетсе де артына жалтақтап қарай беріпті. Бұларымды сезгендео көп пе екен деп қараған болу керек».

Бұл фельетонда ойланып, әдейі жасалған ерекше түр, сюжет композиция жоқ; 2) факты қарапайым сөздермен, хабар тілімен баяндалған; кейіпкердің сын-сымбаты, мінез-қылығы, жүріс-тұрысы және басқа сурет, картина, кейіптеу, бейнелеу жоқ; 3) ешқандай сөз образдары: теңеу, эпитет, шендестіру, метафора, салыстыру, әжуа, ирония жоқ.

Тек үш-төрт мақал, мәтел, идиома, кесек сөз ғана бар, олар а) «Аш пәле, аш пәледен қаш пәле», б) «Нағашысына барып қайтқан жиендей қайтты», в) «Ұрты да, мұрты да тағы бір майланды», г) «асығы алшасынан тұрды». Тіпті аз.

«Қыс ішінде бірер қаз,
Келгенменен болмас жаз», дегендей, бірер мақал араласқанмен факты, хабар фельетон болмайды. Ол фельетонистің, газеттің әншейін өздерін де, оқушыларды да алдауы ғана болады.

Жаңа білгенде бұл тамаша фельетон болатын факты. Ол сырттай да, іштей де яғни сипаты, оқиғасы жағынан да, бас кейіпкері Тілеубаевтың қызметі, іс-әрекеті жағынан да Н. В. Гогольдің әйгілі «ревизор» пьесасына өте ұқсайды. Мұны солай ұқсатып алуға, аналогия жасауға, фельетон-сцепка етіп жазуға әбден болушы еді.

IV

Фельетонды көрікті, қызықты ететін енді бір жағдай оның стилі мен тілі:

Фельетонның стилі дегеніміз — оның бас-аяғының барлық сапасы, тарауының, барлық мүшесінің бір шамалас, бір-біріне қаралас, ұйқас болуы; адам мүшелері қандай келісті бір-біріне шамалас, қаралас болса, фельетонның барлық бөлімшелері де солай болуға тиісті.

Бізде шығып жүрген фельетондардың көбінде осы жағдай ескерілмейді. Содан бізде кейбір фельетонның басы үйдей, аяғы шидей болады. Яғни басы жалаң факты болып келеді де аяғы сұйылып, жалаң сөз болып кетеді; кейбір фельетонның басы жинақы, өткір, күлдіргі сөзбен басталады да, аяғы жалаң факты болып қалады. Мұндай фельетон алғашқы түрлі фельетонның керісінше басы инедей, аяғы күбідей болады.

Сондай-ақ, тігіліп бітпеген: етек, жеңі, жаға, өңірі әр жерден бір түйреліп қоя салған шапан тәрізді, бас, аяғы, әр тарауы бір-бірімен әбден қабыспай, тығыз байланыспай тұратын фельетондар да кездеседі.

Бұлар фельетонистің өз шығармасының құрылысын, архитектурикасын, жоспарын күні бұрын әбден ойланбағанын, ойланса, жазу үстінде онан жаңылып қалғанын көрсетеді.

Фельетон шағын, қысқа шығарма. Ол әлгідей олпы-солпылықты көтермейді. Оның бас-аяғы, барлық саласы, олардың әрқайсысының құрылысы, архитектурикасы әбден өлшенген, дәлме-дәл, тастан ойғандай айқын болып келуге тиісті.

Фельетонда қолданылатын сөз образдары, әрбір теңеу, әпитет, салыстыру, әрбір сөз тіркестері, үзінділер, әрбір кейіптеу, суреттеу — бәрі оның құрылысына сай келтірілуге, әр сала, әр тарауында, ұзына бойына орын-орнымен келтірілуге тиісті.

Әдемілейім, әшекейлейім деп, фельетонға қайдағы келісті, көркем, күшті, өткір деген сөздерді, мақал, мәтелдерді, өлең, үзінділерді үсті-үстіне, орынды-орынсыз енгізе беруге болмайды. Онда фельетон көп сөзді, көпірме болып, тіл мен жаққа сүйену болып кетеді. Ал, ол айтайын деген айқын, кесек ой-пікірі жоқ фельетонистің, фельетонды ермек көретін буржуазиялық фельетонистердің әдісі.

Совет фельетонисі сөз образдарын талғап, таңдап алу, фактысына, идеясына лайық, соларды айқындай, көріктей, өткірлей түсетін етіп алу, оларды аса қажетті болған жерде, дұрыс, нақты-нақ қолдану керек.

Фельетон газеттік жанр. Газет нағыз әдеби, көпшілікке түсінікті, қарапайым тілмен жазылуға тиіс. Оның әрбір сөзі орынды, дәл қолданылуға, дұрыс жазылуға, сөз байламдары, сөйлем құрылыстары дұрыс, жатық, әрі ықшама, жеңіл болуға тиісті.

Фельетонның тіліне қойылатын талап жалпы газет тіліне қойылатын талаптан әлдеқайда көп, ауыр. Мақала тілінің ауыр яки сылдыр, сыйдың болуы мүмкін; тіпті фельетонның көрікті, қызықты болмауы да мүмкін. Оның бәрін кешіруге де болады.

Ал, фельетон тілінің ауыр, сөзі ұғымсыз, сүрең, сөз байламы шұбалаңқы, қате болуы кешірілмейді. Тілі ауыр, сөзі ұғымсыз, сүрең, сөз байламы шұбалаңқы, қате жазылған фельетонды фельетон деуге де болмайды.

Қазақ: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» дейді. Фельетон сондай сүйектен өтетін тілмен жазылуға тиісті. Ол фельетонға сөгіс, қарғыс сөздерін, дөрекі, ұят сөздерді енгізіп, сыналып отырған кісіні балағаттау, сөзбен сабау емес. Ондай қылық совет фельетонына мүлде жат.

Совет фельетоны шын, болған фактыға құрылады; совет адамдарын тәрбиелеу мақсатын көздейді. Соған сай ол нағыз әдеби тілмен: өткір, ұстамды, көрікті, қызықты тілмен жазылады.

Енді советтік фельетонның тілі мен көріктелуі жөніндегі ерекшеліктері тұрғысынан жоғарыда келтірілген «Құдалар мен құдағилар туралы» деген фельетонға талдау жасап көрейік.

Өз ретінде айттық: «Қонақасы қайғысы» деген фельетонда барлығы төрт-ақ түрлі мақал, мәтел, идиом бар. Ол тіпті аз дедік. Ал «Құдалар мен құдағи туралы» фельетонда жиырмадан аса мақал, теңеу, идиом, тағы басқа көріктеу сөздер, сөйлемдер бар. Бұл алдыңғыға керісінше, тіпті көп.

Яғни «Құдалар мен құдағи туралы» фельетонның авторы өз шығармасын әдемілейім, көріктейім деп, оған мақал, мәтелдерді, теңеу, салыстыруларды, тағы басқа күшті, көрікті, өткір деген сөздерді орынды-орынсыз енгізе берген және автордың енгізген мақал-мәтелдерінің, теңеу-салыстыруларының біразы дәл, түсінікті, көңілге қонымды емес. Мысалы, олар мыналар:

1. Фельетонист: «...Бұл хабар, көктен күбі түскендей, ауылдағыларды қатты таңдандырды», — дейді.

Осындағы «Көктен күбі түскендей» деген теңеу көңілге қонымсыз: автор әншейін сөз үндестігін қуып кеткен. Дұрысында көктен күбі түспейді, жай түседі. Сондықтан мұны «Көктен күбі түскендей» дегеннен «Көктен жай түскендей» десе, дұрыс, көңілге қонымды болушы еді.

2. Фельетонда: «Күйеу жігітіміз Башқұртстандық көрінеді. «Адамға сүзеген малша бадырая қарап» — деп... жатыр» делінген.

Бұл үзіндідегі «Күйеу жігітіміз... адамға сүзеген малша... қарайды» деген тіркес, теңеу дәлелсіз, күңгірт: күйеу жігіт адамға неліктен сүзеген малша қарайды: Башқұртстандық болғандықтан ба? Яки малға, сүзеген малға ұқсайтын басқа бір жәйті, мінезі бар ма?

Егер күйеудің малға, сүзеген малға ұқсайтын жәйті, мінезі болса, оны автор оқушыға түсіндіру керек еді. Ал, ондай мінезі болмаса, тек Башқұртстандық болғандықтан ғана сүзеген малға ұқсайды деуі әрі түсініксіз, әрі қате.

3. Автор: «Бас құда әңгіменің ақыры тамағына кесе тұрып қалғандай, қақырынды да, даусын күрт өзгертті», — деп жазады.

Бұл сөйлем оқуға да, ұғуға да тіпті ауыр. Оны бір оқығанда ұқпайсың: бас құданың тамағына не тұрып қалды — әңгіменің ақыры тұрып қалды ма? Кесе тұрып қалды ма? — деп, қайта оқисың.

Адамның тамағына әңгіменің ақыры кесе тұрып қалғаны қалай? Сөйлемнің маңында кесе деген сөз жоқ еді; әңгіме кесеге байланысты емес еді, ол кесе қайдан келіп қалды деп ойлайсың.

Жеңіл оқылып, түсінікті болуы үшін бұл сөйлемді автор, ең болмаса, «Бас құда әңгіменің ақыры тамағына көлденең (яки кесе көлденең) тұрып қалғандай...» деп келтіру керек еді.

Әйтпесе, «Бас құда әңгіменің ақыры тамағына көлденең тұрып қалғандай...» дегеннен «Бас құда құйрыққа, бауырға, етке түйіліп қалғандай...» десе нанымды, жарасымды болушы еді. Себебі бас құда әңгімені құда түсіп, құйрық, бауыр асап, ет жеп отырып айтып отыр ғой.

4. Фельетонда: «...Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген ғой; бұрын таныс едік, енді тамыр болайық деп, сіздің бойжеткенді көздеп, ат танауын тіредік» деген сөйлем бар.

Алдымен, осындағы «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген мақал әншейін енгізіле салған, босқа тұр, артық.

Онан соң, «Бұрын таныс едік, енді тамыр болайық» деген сөз түйдегі дәл, орынды қолданылмаған: автор жеке сөздердің мағынасын ескермей, ұйқасын, үндестігін қуып кеткен.

Бұл сөздерді Сейілханға Жұрқабаев айтып отыр. Ол өзі құда түсе келіп отырып, күйеу жігіт өзінің қайны екенін айта отырып, құда болғалы отырып: «Бұрын таныс едік, енді тамыр болайық» деуге тиісті емес; «Бұрын таныс едік, енді құда болайық» деуге тиісті. Өйткені Сейілханнан ол тамыр болуды сұрап отырған жоқ, құда болуды сұрап отыр. Тамыр болумен құда болу бір емес, екеуінің мағынасы екі басқа.

Ақырында, халық «Ат танауын тіредік» деп айтпайды, «Ат басын тіредік» деп айтады. Себебі жолаушы бір үйге келіп тоқтағанда, оған аттың танауы тірелмейді, басы тіреледі.

5. «...Енді сәттенің сәттісін киіп, тамақтың тәттісін ішегін кімі!» — деп жазады автор.

Мұнда да ол сөздің мағынасын қойып, ұйқасын, үндестігін қуып кеткен. Сәттенің сәттісі болмайды, жақсысы, әдемісі болады. Солай деп айту, сөзді дәл, айқын етіп қолдану керек еді.

6. «Аюдан үріккен Топтыгиннің тройкасындай...» дейді фельетонист.

Мұнда сөз орындары ауысып кеткен, содан сөйлем ауыр, шұбалаңқы болып тұр. Дұрысында аюдан Топтыгин үріккен жоқ, оның тройкасы үріккен ғой. Сондықтан бұл

сөйлем: «Топтыгиннің аюдан үріккен тройкасындай...» болып құралуға тиіс еді.

7. Фельетонда: «Қыз бала... ардақтаған әкені де, аймалаған ананы да артқа салып, кете барады», деген сөйлем бар.

Осындағы «артқа салып» деген қазақша емес. Қазақша болғанда, кейбір жерлерде солай, «артқа салып» деп, айтылатын болғанда айқын емес: ат артына, ер артына салып, артып, бөктеріп дегенді аңғартып тұр. Дұрысы тастап, қалдырып, артқа тастап кете барады десе айқын болушы еді.

Фельетонның тілі мен стилінде мұндай күңгірттік, екі ұштылық, шұбалаңқылық, сөздің мағынасын қойып, ұйқасын, үндестігін қуып кетушілік, тағы басқа қате-кемшілік болмауға тиіс. Фельетон тілі мағыналы, көрікті, көңілге қонымды, дәл, орамды, өткір болуға тиіс.

V

Енді, фельетон жазуды қалай үйрену, кімнен үйрену керек? деген сұрау туады. Оның жауабы мынау:

Фельетонист болу, бір жағынан, қабілетке, талантқа байланысты да, екінші жағынан, білімге, үйрену, ысылуға байланысты. Яғни біреудің туысынан фельетонистке бейім болуы да, біреудің жүре-бара, оқып-көріп, біліп, үйреніп, ысылып фельетонист болуы да мүмкін.

Қалай болғанда да фельетонды жақсы жаза білу үшін, жақсы фельетонист болу үшін ол, талапкер өмірді жақсы білу, білімді болу, бұрынды-соңды барлық әдебиетті — ауыз әдебиетін, жазба әдебиетті, соның ішінде өте-мөте классик әдебиетті жете білу, солардан үйрену керек.

Советтік фельетонист әсіресе, ең алдымен, маркстік-лениндік публицистиканың классиктерінен: Маркс пен Энгельстен, Лениннен үйрену, үлгі алу керек.

Фельетонист совет, партия баспасөзінің қызметкері ретінде марксизм-ленинизмді оқып, үйренуге, жақсы білуге міндетті. Ол Маркстің, Энгельстің, Лениннің шығармаларын жалпы біліп, мазмұны жағынан тексеріп қоймай, тілі мен стилі жағынан да мұқият тексеруге тиісті: олар жеке сөзді қалай қолданады, сөйлемді қалай қиыстырады, образдарды қалай алады, айтыс, сын мақалаларын қалай келтіреді — соны үйренуге міндетті.

Марксизм классиктерінің қай-қайсысының болсын нағыз фельетон стилінде жазылған да көптеген тамаша шы-

ғармалары бар. Совет фельетонисі соларды қадала, қайта-қайта оқып, жақсы біліп алып өзіне үлгі етуге тиісті.

Мысалы, Маркс, Энгельс, Лениндердің фельетон стиліндегі мақалалары әрі фактысы тіпті күшті, идеясы барынша айқын, терең, әрі сюжет құрылысы, композициясы тастан ойғандай, қисынды, жинақы, әрі теңеу, салыстырулары, образдары өте келісті, көңілге қонымды, әрі сөз байламы дәл, жатық, әрбір сөзі мірдің оғындай болып келеді. Советтік фельетон дәл осындай болуға тиісті.

ЕСКІ МЕН ЖАҢА ЕГЕСІ

(«Қалың мал» романын талдау)

Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романының тақырыбы әйел мәселесі: қазақ әйелінің хал-жайы, бас бостандығы, теңдігі, оқу оқып, білім алып әлеумет қайраткері болуы.

Қазақ әйелінің хал-жайы, бас бостандығы, теңдігі деген тақырыпты бір Спандияр ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушыларының бәрі дерлік жазды. Халықтың оянуы, саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері басуының негізгі, көкейтесті мәселелерінің бірі деп біліп, көп жазды. Оған әрқайсысы шешу іздеді.

Бірқатар ақын, жазушылар қазақ арасында әлі бектік-феодалдық қалып сарқыны, ескілік заңы тіпті күшті. Ол жағдайда еркіндікке-сүйгеніне, теңіне тиюге, теңдік алуға талпынған қазақ әйелі ол мақсатына жете алмайды: өледі, ескілік құрбаны болады деп білді. Сондықтан бұл ақын, жазушылар өздерінің роман, повесть, поэмаларын солай, бас кейіпкерлерінің өлуімен аяқтады.

Бірқатар ақын, жазушылар: рас, қазақ арасында бектік-феодалдық қалып сарқыны, ескілік заңы күшті. Бірақ, сонымен бірге, кәзір қазақ арасында көріне бастаған, өсіп келе жатқан жаңалықтар да бар: ескілікке қарсы тұра алатын, арпалысып, оны жеңе алатын жаңа күш те бар деп білді. Сондықтан бұл ақын, жазушылар өздерінің роман, повесть, поэмаларын солай, бас кейіпкерлерінің ескілікті жеңіп, мақсатына жетуімен аяқтатты.

Әрине, соңғы көзқарасты, концепцияны ұстаған ақын, жазушылар шындыққа жақын еді: өмір заңын, заман жайын, өз тұстасындағы қазақ тұрмысын дұрыс аңғарып, дәл түйді. Өйткені ХХ ғасырдың басы дегеніміз — 1905—1907 жылдардағы революция дәуірі, сонан кейінгі кезең, 1917 жылғы Февраль, Октябрь революцияларының қарсаңы ғой. Бұл кезде қазақ әйелінің бостандыққа, теңдікке ұм-

тылуы да, тілек-арманына жетуіне де қажетті жағдай бар болатын.

Спандияр Көбеев әлгі екі түрлі көзқарас, екі түрлі концепцияның соңғысын ұстады. Өзінің «Қалың мал» романын оның бас кейіпкерлері Ғайша мен Қожашты мұрат, мақсаттарына жеткізіп аяқтатты. Бұл жөнде жазушыға, сөз жоқ, оның 1905—1907 жылдары революциялық қозғалысқа араласуы әсер етті.

Жазушы романында жалаң қалың мал мәселесін ғана сөз етіп қоймайды. Соған байланысты халықтың әлеуметтік, шаруашылық жайын да, салт-санасын, ғұрып-әдетін де едәуір сөз етеді. Романда ел ішіндегі әлеуметтік таптардың өкілдері, олардың шаруасы, тіршілігі, ескі ауыл өміріндегі дағдылы жер дауы, жесір дауы, ру таласы, барымта, астой, ойын-сауық суреттеледі. Бәрі де орынды, жарасты.

«Қалың мал» романында жетпіс шамалы кейіпкердің аттары аталады. Олардың ішінде бірқатар кейіпкерлер аттары аталып, сол аталған жерінде қалып қояды; ал, бір қатар кейіпкерлер әңгіме барысында, роман сюжетінің ұласуында жиі ұшырап, азды-көпті қызмет атқарады. Автордың мұндай кейіпкерлері: Тұрлығұл, Итбай, Ғайша, Қожаш, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Берке, Әлке, тағы басқалар.

Шығарманың бұл, алдыңғы саптағы кейіпкерлері, әрине, біріне-бірі қарама-қарсы екі топқа: ұнамсыз кейіпкерлер тобы мен ұнамды кейіпкерлер тобына бөлінеді. Бірінші топқа жататын кейіпкерлер Тұрлығұл, Итбай, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай; екінші топқа жататын кейіпкерлері Ғайша, Қожаш, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Бірке, Әлке. Романда осы екі топтың тартысы суреттеледі.

Спандиярдың ұнамсыз кейіпкерлері түгелдей бай, би, ақсақал, атқа мінер, молда-қарттар. Олар ескіні: ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыпты, соның салт-санасын, заң, дәстүрін, ғұрып-әдетін қолданады, жақтайды. Ал, автордың ұнамды кейіпкерлері түгелдей дерлік жастар. Олар ескіге, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыпқа, оның салт-санасына, заң, дәстүріне, ғұрып-әдетіне, байлар мен билердің озбырлықтарына қарсы күреседі; жаңаны: қазақ әйелінің бостандығын, теңдігін, еңбекші бұқараның адамдық құқын, еркін, бақытты жасауын көксейді.

Осыдан Спандиярдың «Қалың мал» романының негізгі мазмұны, идеясы ескішілдер, қарттар тобы мен жаңашылдар, жастар тобының тұрмысы, шаруасы, салт-санасы, ой-

сезімі, іс-әрекеті, тартысы, ескі мен жаңаның, кертартпалық пен ілгерішілдіктің күресі, жаңаның ескіні жеңуі деуге болады.

Бұл жағдайлар «Қалың мал» романының сюжетінен айқын аңғарылады. Ол былай:

Қатыны өлген, жасы алпысқа жеткен ірі бай Тұрлығұл елдің Құрымбай, Байғазы деген байлары мен билерінің ұйғаруы, кеңесі бойынша Итбай молданың он бес жасар қызы Ғайшаны өзіне айттырады; атқамінер, пысық Әбіш барып, құда түседі; қалың мал беріледі.

Ғайша Тұрлығұлды менсінбейді, өлердей жек көреді. Осыдан ол оң жақта жүрген кезінде өз теңі, кедей, еті тірі, оқыған Қожашпен көңіл қосады. Шешесі Ақсұлудың, жеңгесі Балкүмістің, ағасы Серғазының кеңесі бойынша Ғайша Қожашпен қашпақ болады. Оны әкесі Итбай біліп қалады. Ғайшаны тез Тұрлығұлға ұзатады.

Біраз уақыттан кейін, өз елімен келісіп, өзінің туыстары, достары Жүніс, Бірке, Әлке, тағы басқалардың көмегімен, Қожаш Ғайшаны Тұрлығұлдың үйінен алып қашып кетеді. Осылай Ғайша, Қожаш қосылып, үйлі, малды, балашағалы болып өмір сүреді.

Романдағы негізгі ұнамсыз кейіпкерлердің бірі Тұрлығұл. Жазушы, әуелі, оның портретін береді. Оны былай бейнелейді:

«Тұрлығұл ұзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге забырлы, көршілеріне мазаң, қатты мінезді адам еді» — дейді.¹

Онан соң, автор Тұрлығұлдың үй-жайын, шаруашылығын көрсетеді. Ол сексен шақты сиыры бар, елу шақты жылқысы бар, бес жүздей қойы бар: өз үйі, қонақ үйі, әр түлік малға арналып салынған қора-қопсылары бар; жерсуы көп, бірнеше малшы, жалшы, қызметкер ұстайтын ірі бай.

Ақырында, жазушы Байғазы, Құрымбай деген билерге өздерінің іс-әрекеттерін өз ауыздарынан баяндату арқылы Тұрлығұл да солар сияқты би, осылардың істегенін істейтін адам дегенді айтады.

Ал, бұлар ел ішінде жер дауын, жесір дауын, ұрлық, барымтаны, ру таласын қоздырып, солардан мал табады. Біреудің жақсы жер-суын, біреудің жақсы аты мен тазысын,

¹ С. Көбеев. «Қалың мал», 3-бет, 1954 жылғы басылуы.

біреудің жесірін, қызын не өздері тартып алып, не көп мал: сый, пара бергендерге тартып әперіп жүрген зорлық, зомбылықшыл жауыздар, қулар.

Сөйтіп, Тұрлығұл кескіні келіспеген, мінезі жаман, көршіге жайсыз, елге забырлы, басымшы, залым, ауыл арасында ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, адам еңбегін қанайтын ірі бай еді,— дейді жазушы. Оның мұнысы келісті.

Бірақ, роман желісінде Тұрлығұлдың бұл сипаттары, бұл мінез-құлықтары, бір жағынан, түгел ашылмайды: екінші жағынан, Тұрлығұлдың өз жүріс-тұрысы, өзінің қылығы, іс-әрекеті арқылы бейнеленіп көрсетілмейді, автор аузынан баяндалады.

Мысалы, жазушы Тұрлығұл қатты мінезді, елге забырлы, көршіге жайсыз адам еді дейді екен. Мұны ол сол Тұрлығұлдың жүріс-тұрысын, іс-әрекетін суреттеу арқылы, оның біреуге істеген зорлық-зомбылығын, біреуді ұрып-соққанын, біреуге көрсеткен залымдығын бейнелеу арқылы көзге көрсетуге тиісті еді.

Сондай-ақ, жазушы Тұрлығұл беделді еді, ел ішінде оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді дейді екен. Оны автор сол Тұрлығұлдың бір ісін, бір әрекетін дәл, толық суреттеу арқылы көзге көрсету, көңілге құю керек еді.

Романда бұлардың бірде-бірі жоқ. Оқушы романның ұзына бойына Тұрлығұлдың бір жанжал шығарғанын, біреумен ұрыс-керісін, біреуді ұрған-сабағанын, біреуге істеген зорлық-зомбылығын, бір көршісіне көрсеткен мазаңдығын, қорлығын көрмейді. Ең болмаса, Тұрлығұлдың ірі бай, феодал, би ретінде өзінің малшы, жалшыларына ұрысқанын, соларға істеген қаталдығын, зорлығын, арамдығын көрмейді: әйелі Ғайшаны үйінен алып қашып кеткен Қожашқа, оның еліне көрсеткен күшін, жуандығын, амалын көрмейді.

Екінші сөзбен айтқанда, романның негізгі ұнамсыз кейіпкерлерінің бірі болған Тұрлығұлдың бейнесі жетілмеген, жан-жақты, тұтас, көркем болып шықпаған.

Романның негізгі ұнамсыз кейіпкерлерінің екіншісі Итбай молда. Жазушы Итбайды жан-жақты, толық көрсеткен. Оның тек молда, шаруа, үй қожасы ретіндегі іс-әрекетін ғана көрсетіп қоймай, мінез-қылығын да, ой-қиялын да көрсеткен; психологиясын, ішкі дүниесін көрсеткен.

Мысалы, Итбай — сараң, жарамсақ: қонақ асыны адамына қарай береді; бай, би, атқа мінер келсе, өзіне пайдалы адам келсе, бүтін қазы асып, асты-үстіне түсіп, жақсы-

лап қонақ етеді. Ол әйеліне: «Сен ит, қымызды әркімге құйып, астың берекесін аласың. Енді қалыпты бәйбішенің салтымен асты берекелендіріп ұста»,— дейді.

Итбай мейрімсіз, мал жанды адам. Оның есі-дерті мал, баю, бай деген атақ алу. Итбай қызынан малды жақсы көреді. Оның Ғайшаға мейірімі түспейді, малға мейірімі түседі. Малын бәйек боп бағады; құлындарын «айналайын» деп сүйеді. Ал, Ғайшаға ешқашан жылы шырай бермейді, жылы сөз айтпайды.

Итбай — мақтаншақ, атақ құмар. Бай жермен құда болғанына, Тұрлығұлға қызын бергеніне масайрайды; Тұрлығұлдың үйіне барғанда ішкен-жегенін, оның байлығын айтып мақтанады; қорасында мал көбейгеніне, қалтасына ақша түскеніне желігеді.

Қалаға бара жатып, ат айдаушыға: ауыл үстінен шауып өт, бұл кім екен деп, таңырқап қалсын дейді. Осылай жолдағы бір кісіні басып кете жаздайды. Қалада көп пұл алдым деп, дүкеншіге: «Бай, шыныңды айтшы, өзің ес білгелі мендей тұтас екі жүз елу сомның саудасын істеген кісі бар ма?» деп мақтанады.

Тегі бай жермен құда болған соң, Ғайшаның қалың малын алып біраз байыған соң, он шақты бие байлап, қымызы молайған соң Итбайдың соған басы айналады; мінез-қылығы, жүріс-тұрысы мүлде өзгеріп кетеді.

Жазушы осының бәрін орын орнымен, дәлме-дәл, жарасты, көңілге қонымды етіп суреттеген: кей жерде Итбайды шебер әжуа, мысқыл, сықақ етіп көрсеткен. Осыдан Итбайдың бейнесі толық, келісті жасалған; Тұрлығұлдың бейнесінен көп жақсы болып шыққан. Романды ашып тұрады.

«Қалың мал» романының негізгі жаңашыл, ұнамды кейіпкерлері Ғайша мен Қожаш. Романда бұл екеуінің бейнелері бір қос тәуір шыққан.

Ғайша он төрт-он бес жасар. «Сұлу, ай десе, аузы, күн десе, көзі бар; Киген киімінде бір кіршігі жоқ; бармақтары майысқан; бойы тал шыбықтай; Шай құйғанда бір аяқты қағыстырмайды; әдеппен отырып, тұрып жүреді».¹ Өзі оқыған: хат біледі, аузының ебі бар: жанынан шығарып өлең айтады.

Шешесі Ақсұлу Ғайшаға істің жайын түсіндіреді. Шалға барып, қалай адам боласың деп, өксіп жылайды. Оны құшақтап Ғайша да жылайды. Екеуі уайым, қайғыға түседі.

¹ С. Көбеев. «Қалың мал», 8-бет, 1954 жылғы басылуы.

Ғайша жылап-сықтап, реті келгенде сөзбен айтып, өлеңмен шер шертіп, Итбайдың өзін Тұрлығұлға бермек болғанына тіпті наразы екенін, Тұрлығұлды тең көрмейтінін, сүймейтінін білдіреді.

Серғазының үйінде болатын шілдеқанада Ғайша өзінің теңін табады. Ол Ғайшаны, Ғайша оны сүйеді. Екеуі оңаша сөйлесіп, Ғайша оған құтқар дейді. Ол Ғайшаға құтқарам дейді. Уәделеседі.

Бір орайда Ғайша мен Ақсұлу былай кеңеседі:

— Апа, осы ағам, мені жақсы көрем деуші еді. Онысы бекер екен-ау?

— Сені жақсы көргенмен де бай мен малды сенен де артығырақ көргені ғой...

— Апа, осы адам өз баласын кемшілік, қорлыққа қалай қияды екен?

— Рас, қалқам, қазақтың қыз «Жат жұртқа жаратылған бала» дейтіні бар ғой. Кім болса, соған, тек мал берсе, бере салады. Қыз байғұстың:

Барма екен ата-анадан бауыры қатты;
Баласың әлпештеген малға сатты...—

деп өлең айтып, жылайтыны содан ғой.

Ғайша үндемей біраз мұңайып жатты да қатты күрсініп:

— Апа, қар қашан кетеді? Қырға қашан көшіп шығамыз? — деді.

Ғайшаның қар қашан кетеді? Қырға қашан көшіп шығамыз? деген сөздері екі түрлі мағнада аңғарылады. Бірінші сөздің тар, өз мағнасында: қардың кетуі, жаздың келуі, ауылдың жайлауға шығуы мағнасында; екінші, сөздің кең, ауыспалы мағынасында: ескіліктің жойылуы, бостандық, теңдік болуы мағнасында ұғылады.

Ғайша мұның екеуін де асығып, төрт көзбен күтеді. Қар кетсе, жаз шығып, ауыл қырға көшіп, жайлауға қонады. Сол кезде Итбай аулына Ғайшаның сүйген жігіті, оны құтқарам деген адам Қожаш келеді. Ғайша Қожашпен қашып кетпекші. Қалың қарлы, қаһарлы қыстан, қатыбез қамаудан құтылмақшы, еркіндік алмақшы.

«Қожаш орта бойлы, талдырмаш, сабыр иесі, сұлу қараторы, бір сөзді. Уәдеден таймайтын жігіт. Замандастары оны сол мінездерінен өте жақсы көруші еді.¹

¹ Көбеев. «Қалың мал», 21-бет.

Осының үстіне Қожаш оқыған, тоқыған, ақылды, шешен, жанынан шығарып өлең айтады. Оның бұл өнерлері ауылда әрдәйім болатын ойын-жиында, өте-мөте Серғазының үйінде болған шілдеқанада айқын көрінеді.

«...Қожаштың жанынан шығарып айтатыны да болатын. Бұл жолы «Қалқамшырақты» қояйын, түсінген кісі түсінер, түсінбеген кісі түсінбес деп, ол Ғайшаның кәзіргі халін, өзінің оған ғашықтығын жұмбақтап өлеңге қосып, ән шырқап қоя берді.

Қожаш өлеңін аяқтап, қолындағы домбырасын Ғайшаға қарай ұсына берді. Отырған боз балалар да, Серғазы да: жарайды, дұрыс айтасың, жиен, десті».¹

Қожаш пен Ғайша екеуінің жасы да, бойы да, ойы да тең; екеуі де сұлу, әдепті, ақылды; екеуі де оқыған, талапты, жандарынан өлең шығарады; екеуі де жігерлі, ілгері талапты. Осыдан бұлар бірін-бірі таниды, өзіне лайықты жар деп біледі, бірін-бірі жаратады, сүйеді. Екеуі уәделеседі.

Қожаш Итбай елінің жиені. Біраздан бері солардың арасында отырған. Ғайшамен уәделескеннен кейін ол өз еліне көшеді. Ондағы өзінің ағайын, туғандарына, жора-жолдастарына, Бірке, Жүніс, Әлке деген достарына өзінің мақсатын айтады. Олар Қожашты қостайды: оған жәрдем беретіндерін білдіреді.

Қожаш Бірке мен Жүністі ертіп, Ғайшаны оң жақтан алып қашпақшы болып, жайлаудағы Итбай ауылына келеді.

Бұл ауылда оған Серғазы, оның әйелі Балкүміс, Ғайшаның шешесі Ақсұлу көмектеседі. Қожаш пен Ғайша бір күні түнде қашқалы тұрғанда Итбай біліп қалады. Ол Ғайшаны ұстап алады. Ұрып-ұрсып, біраз күн үйіне қамап қояды. Кешікпей Тұрлығұлға ұзатады.

Қожаш тағы да жолдастарын ертіп, Тұрлығұлдың ауылына барып, Ғайшаны сонан алып қашады. Тұрлығұл Ғайшаны қайтарып алмақ, айып алмақ болғанда Қожаш ел арасының ежелгі дау-шарларын, кек, барымталарын пайдаланып, Тұрлығұлға теңдік бермейді. Ғайша екеуі отандасып тұрады.

Жазушы романның ең соңында, эпилогы ретінде Есіл жағасында тігулі тұрған отауды, отау маңында ойнап жүрген балаларды, жайылып жүрген малдарды, үйде шай қо-

¹ Бұл да сонда, 28-бет.

йып жүрген әйелді, шөп шауып келе жатқан еркекті суреттейді, әйел Ғайша, еркек Қожаш. Отау да, балалар да, малдар да солардікі, дегенді айтады. «Жарайды, жігіт, қайырылы болсын тұрмысың!» дейді.

Революциядан бұрын, Спандияр Көбеев «Қалың мал» романын жазған кезде, жоғарыда айттық, қазақтың ақындары арасында, баспа сөзінде халыққа түсініксіз, жат, ескі араб, фарсы, шағатай тілдерінің сарқыны бар еді, түркі деген «жаңа» тілдің әсері күшті еді. Ақын, жазушылардың бірқатары өз шығармаларын сол тілдерде яки сол тілдердегі сөздерді неғұрлым көп кірістіріп жазуға тырысушы еді. Бұл өзі бір салт, сән сияқты еді.

Сондай салтқа қарамай, Спандияр өзінің романын қазақ тілінде, қазақтың нағыз әдеби тілінде жазды. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорын, негізгі сөздік құрамын, халықтың сөз мәдениетін, сөзді әшекейлеу, кестелеу өнер, әдісін сарқа пайдаланып жазды. Онысы жаңалық, жарасты жаңалық болды; кітабы бұқараға түсінікті болып шықты.

Спандияр романында қазақтың бұрынды-соңды тұрақты сөз тіркестерін, мақал, мәтелдерін көп пайдаланған. Мысалы, ол шығармасында мынадай мақал, мәтелдерді қолданған:

«Ат сатсаң, ауылыңмен», «Батуамен кескен бармақ ауырмайды», «Сен бір шіріген жұмыртқа», «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ», «Жігіттің ағы білмес, бағы білер», «Ит жегенше несі жесін», «Сөз сөзден туады, сөйлемесе неден туады», «Жас — жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір», «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», «Бай болған кісі бақырып болмайды», «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды», «Жазғы аттың майын жаудан аяма», «Жол ақысы жүрсе бітеді», «Адаспан деген жігітті қара тұман адастырады», «Бітейін деп тұрған іске білте салма», «Ішкен мас, жеген тоқ», «Аюға намаз үйреткен таяқ», «Ер намысы — ел намысы», «Ағайынның азары болса да, безері болмас», «Қаздай қалқып, үйректей жүзіп».

Жазушы осылай кейде өзінің ой-пікірлерін, кейде кейіпкерлердің ой-пікірлерін мақал, мәтелімен, түйдек, өткір, көрікті сөздермен беріп отырған. Осыдан оның романының тілі жатық, көрікті. Оқушы оны сүйсініп оқиды.

Тек Спандияр бірді-екілі мақала дұрыс, халық аузында айтылатын қалпында келтірмеген. Мысалы, «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деген мақалды «Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деп келтіреді. Кү-

ші қазандай қайнаса, күресуге дәрмені-күші болады ғой. Ал, мақал іші қазандай қайнап, күресуге дәрмені-күші болмағанды айтады.

Спандияр шығармасына жергілікті, кәсіптік сөздер мен сөйлемдерді біраз кірістірген. Мысалы, оның романында мынадай жергілікті сөздер, сөйлемдер кездеседі:

«Мазаң», «Шілделік», «Біз Итбайдан тіл тартпай келдік», «Тіске сыздық болғандай», «Божы», «Өзі білетін жаңа өспірім қыздарды сыпырып шықты», «Бие бауда», «Кімді қоюдың өзі бір сүре болды», «Сенек», «Әптер-тәптер», «Әйкелі», «Қамал», «Тас бақа», «Басыңда бір шайнам миың жоқ», «Рысбек торы», «Кібіт», тағы басқалар.

Негізінде көркем шығармаға жергілікті, кәсіптік сөздер мен сөйлемдерді кірістіру орынды, қажет. Ол шығарманы әшекейлеп, ашып тұрады; әдеби тілді байытады. Бірақ солай екен деп, көркем шығармаға жергілікті сөздер мен сөйлемдерді тым көп, қалай болса, солай кірістіре бермеу де керек. Себебі ол шығарманың жалпы жұртқа түсініксіз болып шығуына, тілдің былығына апарып соғады.

Осы тұрғыдан Спандиярдың романында да бірді-екілі жергілікті сөздер мен сөйлемдер орынсыз кірістірілген деуге болады. Мысалы, «Шілделік» (Шілдеқана), «Мазаң» (мазасыз, тынышсыз, жайсыз мағнасында), «Сүре» (талас, дау мағнасында), «Кібіті» (дүкен), «Сыпырып шықты» (санап шықты деген мағнада) деген сөздер мен «Біз Итбайдан тіл тартпай келдік», деген сөйлем орынсыз.

Өйткені қазақтың көп жерінің түсінуінде, сөйлесуінде, әдебиетінде «Тіл тартпау» — тайынбау, өктем сөйлеу, үрсу, сөгу. Ал, Спандияр оны Итбайдан сөз тартпай, Итбайдың ойын, пікірін сұрамай, білмей келдік деген мағнада қолданған, бұл оқушыны жаңылыстырады. Басқа сөздер де солай.

«Қалың мал» қазақ тіліндегі тұңғыш романдардың бірі. Оны жазғанда Спандиярдың алдында үлгісі, жанында кеңесетін кісілері болмады. Бұл жөнде ол кейінгі жазған «Орындалған арман» деген мемуарлық шығармасында былай дейді:

«Бұл романды (яғни «Қалың мал». Б. К.) жазу маған оңай тиген жоқ... Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түрдегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді... Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы), кейіп-кескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсінер де-

ген бірен-саран адам болса, оның да «қызық екен» дегеннен басқа айтары жоқ болатын».¹

Романның жоғарыда біз көрсеткен бірді-екілі кемшіліктері осыдан деп білуіміз, дәуіріне, жағдайына, сол дәуірдегі қазақ әдебиетінің жалпы дәрежесіне байланысты кемшіліктер деп білуіміз керек.

Дегенмен кезінде «Қалың мал» романын оқушы, жастар өте қызығып оқыды. Ол қазақтың сол замандағы көптеген жастарына, ұлдары мен қыздарына зор әсер етті. Ой-санасын оятып, бойын сергітіп, оларды ескілікке, ескі ғұрып-әдетке, заң-дәстүрге қарсы күреске, қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі үшін күреске құлшындырды.

¹ С. Көбеев. «Орындалған арман», 108-бет, 1954 жылғы басылуы.

«АЙША»

«Айша» көркем әдебиеттік шығарма — поэма. Оны жазушы ақын Ілияс Есенберлин, басушы Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы. Поэманың редакциясын қараған бет ашарын жазған ақын Қапан Сатыбалдин.

Ақындарға аян, көркем әдебиеттің ережесі, заңы, теориясы бар. Сол бойынша әдебиеттік әрбір шығармаға талап-шарт қойылады. Жаңа, реалистік әдебиет теориясының шығармаға қоятын басты шарты, әліппесі мыналар:

1. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар деген. Шығарманың қандай да болса дәл, ашық-айқын бір идеясы болу керек. Жазушы шығарма жазғанда өзінше, бұған дейін әдебиетте айтылмаған жаңа әңгіме, идея айту керек.

2. Шығарма шын, нағыз болмысты суреттеу керек. Басқаша айтқанда жазушының шығармасында айтатын әңгімесі, суреттейтін оқиғасы, келтіретін фактысы — бәрі шын, болған, болуы мүмкін, нанымды, көңілге қонымды болу керек.

3. Әдебиет дегеніміз идеяны, ойды образбен айту болады. Жазушы шығармада айтатын идеясын, ой-пікірін жалаң сөзбен, құр фактымен айтпай, образбен, суретпен, картинамен айту, әр алуан келісті, жарасымды теңеу, салыстырулармен келтіру керек.

4. Шығарманың белгілі жүйесі, қисыны болу, бас-аяғы жинақты, байланысты болу керек. Егер шығарма өлеңмен жазылса, оның өлшемі, ұйқасы келісті болу керек. Данышпан Абай айтқандай, айналасы теп-тегіс жұмыр келу, тілге жеңіл болу керек. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бишарасы» (Абай).

«Айша» әдебиет теориясының осы шарттарына дәл келе ме? Автор шығармаларында әдебиеттік шығармаға қойылатын осы талаптарды орындай ма? Тексеріп көрейік.

II

«Айша» көлемді, сюжетті (әңгімелі) поэма. Оның әңгіме, сюжеті былай болып келеді.

«Айша» қаланың оқыған, сұлу, ақылды, іскер, батыр қызы. Сырым оның жаны сүйген, жар етуге бел байлаған жолдасы. Ол қаланың оқыған, сұлу, ақылды, іскер, батыр жігіті.

Отан соғысы басталады. Сырым соғысқа кетеді. Майданда көп ерлік көрсетеді. Бір ұрыста екі қолы бірдей жараланады. Белінде байлаулы гранаттарымен өзін жау танкісінің астына тастайды. Танк қирап қалады.

Бірақ Сырым өлмейді. Оны шала жансар болып жатқан жерінен партизан Андрей тауып алады. Жақын маңдағы поселкеге апарып, бір кемпірдің пеші астына орналастырады. Немістер келіп-кетіп жүреді, көрмейді.

Айша Сырымнан хабар алмайды, өлді деп ойлайды. Соның кегін алмақ болып, майданға аттанады. Майданда әуелі пулеметчик, кейін артиллерист болады. Ерлік көрсетеді: қол бастап ұрысқа енеді, жауды жапырады, атағы шығады.

Бір ұрыста Айша жаудың қолына түсіп қалады. Немістер онан жауап алады. Араларында қолға түскен совет жауынгері Мекадзе тілмәш болады. Ол Айшаға, немістердің көзінше, пышақ береді, құтыл дейді.

Немістер түнде келіп, Айшаны айналдырады. Айша оларға арақ ішкізеді, әбден мас етеді. Ақырында мас немістерді бауыздап өлтіріп, өзі қашып кетеді.

Айша орманда жалғыз, адасып, арып-ашып келе жатқанда отан баяғы Сырымды тауып алған Андрей кездеседі. Ол Айшаны Совет әскер бөліміне апарып қосады.

Сырымның жазылып, әскер қатарына қосылып, соғысып жүргеніне көп болған. Бір жолы ол барлауға шығады. Немістердің күшін, жатқан жерін байқап, бір адамын алып қайтады. Сырымның мәліметі бойынша біраз әскер шабуыл жасайды, немістерді қиратып жеңеді, Мекадзелерді босатып алады.

Айша мен Сырым табысып, қосылады. Қастарында Андрей мен Мекадзе болады. Бәрі жауды жеңіп, тілек-мұрадына жетеді.

Автордың «Айшадағы» ойы, идеясы не? Ол не айтпақ болған? Айша мен Сырымның махаббатын, батырлығын айтпақ болған ба? ССРО халықтарының достығын, ерлігін айтпақ болған ба? Әлде жаудың әлсіздігін, аңқаулығын айтпақ болған ба? Осылардың қайсысын айтпақ болған? Белгісіз. Автордың ойы, идеясы тым жалпы, тым шашыранды.

Поэманың әңгіме, сюжеті жаңа ма? Мұндай әңгіме, сюжет әдебиетте, көркемөнердің басқа салаларында бұрынды-соңды айтылмаған, қолданылмаған ба еді? Айтылған да, қолданылған да. Бұл әңгіме, сюжет соғыстан бұрын, соғыстың алғашқы кезінде әдебиетте болсын, кинофильмде болсын көп айтылып, көп қолданылған; Қазір ескі.

Автордың айтып отырған әңгімесі, оқиғасы, кейіпкерлердің іс-әрекеттері шын ба? Солай болуы мүмкін бе? Басқасын былай қойғанда. Сырымның беліндегі гранаталарымен танк астына түсіп, өлмей қалуы мүмкін бе? Мекадзениң Айшаға немістердің көзінше пышақ беруі мүмкін бе? Тұтқында отырған Айшаның арағы даяр тұруы мүмкін бе? Бізше жоқ, тіпті мүмкін емес. Ендеше өтірік, нануға болмайды.

Автор поэмасында немістерді бос, әлсіз, аңқау, ақымақ, арақ құмар, әйел құмар, әншейін жүрген бір жан етіп суреттейді. Осы дұрыс па? Тіпті дұрыс емес.

Өйткені неміс-фашистері залым, қатал, мықты еді. Ал, совет халқы онан да мықты еді: совет халқы немістен, советтік строй фашистік тәртіптен қай жағынан болсын әлдеқайда мықты еді. Совет халқы неміс-фашистерді олар әлсіз болғандықтан жеңген жоқ, өзі олардан мықты болғандықтан жеңді.

Автор поэмасының бір жерінде соғыстың шығуына, халықтың қырғын болуына жер кіналы, бүкіл адамзат кіналы дегенді айтады.

Өзен бойы жатқан кезде болып лаң
Көремін деп жер қылымысын атты таң,
Күн қызарып аққан қаннан ұялды
Бұл адамзат не қылған деп есааң!..

дейді (48-бет).

Осы дұрыс па? Дұрыс емес. Себебі соғыстың шығуына, адамның қырғынға ұшырауына жер де, адамзат та кіналы емес. Капиталистік строй, капиталистік елдердің империалистік саясаты, кіналы, дәл айтқанда фашизм кіналы еді.

Автор образбен, суретпен айтатын ой-пікірін, идеясын әрдайым жалаң сөзбен айтады. Мысалы, ол поэмасының бір жерінде Айшаны былай мақтайды:

Сұлу Айша ақ бетінен нұр тамған,
Жұмыс десе бейне жалын ол жанған.
Жар қасында жанға жұмсақ ақ мамық,
Сыртқа шықса — бір тәкәппар паңданған...

дейді (12-бет).

Ақын жұмысы мақтау емес, суреттеу. Ол осы айтқан пікірлерін (Айша-іскер, Айша-жар, Айша-тәкәппар деген пікірлерін) суретпен, образбен көрсету керек. Яғни Айшаның тәкәппарлығын оның үйдегі, түздегі жүріс-тұрысын, киім-кіісін, сөз-сөйлесін, бет құбылыстарын суреттеу арқылы көрсету керек.

Сол сияқты, Айшаның іскерлігін оның жұмыс үстіндегі жүріс-тұрысын, қимыл-әрекетін, сын-сипатын, ой-қимылын суреттеу арқылы көрсету керек. Ақынның суреттеуіне қарап, оқушы Айша-іскер, Айша-тәкәппар деген қортындыға келетін болу керек.

Мысалы, Гоголь Собакевичті қомағай, мешкей еді демейді. Оның стол үстінде тұрған түрлі тамақты көргендегі ой-қимылын, бет пішінін, ас ішіп отырғандағы мінез-қылығын, келбетін суреттейді. Жазушының сол суреттеуінен оқушы Собакевич-қомағай, Собакевич-мешкей деп қорытады.

Тегі, бұл поэмада кейіпкердің келбеті: бет пішіні, сырт көрінісі тіпті аз суреттеледі. Ал, кейіпкердің әр кезеңдегі, өзіне кездескен әрбір іс, оқиға үстіндегі іс, әрекетіне байланысты қуану, шаттану, қорқу, ашулану сияқты ішкі сезімдеріне байланысты келбеті, бет пішіні, сырт көрінісі, жүріс-тұрысы суреттелмейді. Мысалы, ақын поэманың басында жас, ештеңе көрмеген Айшаны өте сұлу етіп суреттейді.

Күн мен айдан өмір алып түрленген
Кең далада өскен сансыз гүлденген
Айша сынды қығғалдақты мен көрдім
Май айында шашақ атып гүлденген...
Құмырысқа бел, оймақ ауыз, қыр мұрын
Бота көзі жасырғандай күн нұрын.
Ерні — шиес, шашы бейне қара түй —
Көрген жоқпын ондай сұлу мен бұрын...

дейді (11-бет).

Алдымен, осы нақты, реалистік сурет емес. Екінші, жоғарыда көрдік, мұнан кейін Айша басынан үлкен оқиғалар

кешірді, көп дүние көрді. Айшаның осыларға байланысты келбеті, осылар арқасында оның келбетінде болған өзгерістер еш жерде суреттелмейді.

Автор сөзге, сөз құрау, пікір айтуға олақ. Айтайын деген ойын ашық-айқын етіп, жеріне жеткізіп айта алмайды. Осыдан поэманың көп жерінде автордың ойы күңгірт, екі ұшты болып қалады. Оқушы қалай түсінерін білмейді. Мысалы, поэманың бір шумағы былай болып келеді:

Түскен ізің, болса алдар құр елес
Өмір сүру ерге оңай іс емес.
Зия кетіп еткен еңбек барлығы
Ешкім сенің қадырыңды елемес!..
Жолың болсын берік бейне қаратас,
Соқсын боран ұрып бетке қаратпас,
Қажымас ер табар жөнін еріксіз,
Өз үлесін бөтендерге талатпас.
Қайғыланып, сөніп гүлі жайнаған.
Айша емес пе ед ойы толқып шайқалған.
Махаббаттың майдан жеңіп азабын
Сабасына түскен сынды қайтадан...

дейді (42-бет). Осыдан не түсінуге болады? Еш нәрсе түсінуге болмайды.

Осы сияқты, ақын сөз образдарын: түрлі теңеулерді, салыстыруларды табу, қолдануға да олақ. Ол келісті сөздерді, теңеу, салыстыруларды таба білмейді, таба қойса, орынды, жарасымды етіп қолдана білмейді. Теңелмейтінді теңейді, салыстырылмайтынды салыстырады. Жай, қарапайым сөздерді көп қолданады. Бұл жоғарыда келтірілген үзінділерден де аңғарылса керек.

Ақын өлеңнің өлшемі мен ұйқасын келтіруге де олақ. Поэманың көп жерінде жол буындары артып кетіп, кем қалып отырады; ұйқастары не буыны, не үні, не мәні жағынан үйлеспей тұрады. Осыдан және, әлгі айтқан, қарапайым сөздерді көп қолданғандықтан поэманың кейбір шумақтары, кейбір жолдары өлең болмай, тізбектелген қара сөз болып шыққан.

Айта кету керек, поэманың бұл сөз, өлшем, ұйқас жөніндегі кемшіліктерін оның редакторы Қапан да көрсетіпті. Ол бет ашарында: «Ақын кейде қара әңгіменің стиліне түсіп, қарапайым жағдайларды теріп кетеді... Поэмада сөйлемнің ішкі сөз құрылысы қиыспай жатады. Жалғаулары жатық емес» депті (5-бет).

Сонымен, қорытып айтсақ, «Айша» нашар поэма: саяси-идеясы жағынан болсын, сюжет-көркемдігі жағынан болсын нашар жазылған шығарма.

Бірақ, мұнымен бізге Ілияс нашар ақын, болашағы үмітсіз ақын демейміз. Ол болашағы үмітті ақын. Бұл оның «Айшадан» кейін жазған «Сұлтан» деген поэмасынан аңғарылды. «Айшаға» қарағанда «Сұлтан» бір қос тәуір шығарма. Ол өз алдына бір әңгіме.

1948

ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВ

Қазақтың қазіргі белгілі ақын-жазушысы Өтебай Тұрманжанов 60 жасқа толды. «Алпыс деген жасыңыз — күзгі соққан жел екен!» деп Шал ақын айтқандай, арынды жасқа келді. Ақсақал болды.

Сонымен бірге, Өтебай ақсақалдың әлеумет жұмысына араласқанына, қолына қалам ұстап, жазушылық, ақындықпен айналысқанына қырық жыл толды. Ол қоғамына, халқына аяғынан тік тұрып, дүлдүлдей жортып, бұлбұлдай сайрап, қырық жылдан астам уақыт қызмет етті. Қыруар еңбек берді.

Адал жүріп, аяңдап

Тек қана еңбек істедім,— дейді Өтебай.

Өтебай жасында жоқшылық азабын тартты, көп деккі көрді, тұңғыық түбінде, қараңғылықта жасады, мәдениеттен, оқу білімнен жырақ өсті. Өтебайды ол күйден Ұлы Октябрь таңы құтқарды. Оның қолы бақытқа жетті.

1919—1926 жылдары Өтебай оқула болды. Ташкенттегі жетім балалар үйінде, бастауыш мектепте, Москвадағы күн шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде оқыды. Жоғары білімді маман оқытушы болып шықты.

Хат тануы-ақ мұң екен, Өтебай жазу өнерімен айналысты. Хабар, мақала, өлең, әңгіме жазды. Оның алғашқы «Ардақты қарындасым, атың Ажар» деген өлеңі 1920 жылы мектептің «Жас жүрек» газетінде жарияланды. 1921—1923 жылдары «Кез өлшеуі қалды да, метр өлшеуі қолданылды», «Интернатта оқыдым», «Өмір сиқы» деген сияқты өлеңдері «Жас қайрат» журналында шықты.

1924 жылы жас ақын Өтебай күнсіздерге күн болған ұлы адам, көсем, данышпан В. И. Ленин жөнінде «Ленинге», «Сұңқарға» деген өлеңдер жазды. Өзінің өзі сияқты өзге қазақ ақындарының Октябрь, Ленин, Совет үкіметі,

пролетариат мейрамдары, туралы жазған өлеңдерін жинап, 1925 жылы «Таң өлеңдері» деген атпен кітап етіп шығарды.

1926—1938 жылдары Өтебай жоғары дәрежелі оқу орындарында әдебиеттен сабақ берді. Ташкенттегі Орта Азия коммунистік университетінде, Алматыда қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында оқытты. Соларда сабақ оқыта жүріп, ол жазушылар ұйымының жұмысына, газет, журналдар қызметіне белсене араласты.

Бұл жылдар Өтебайдың ақындық бұлағының көзі ашылған, ақындық талантының тасқындаған, еңбегінің өнімді де, жемісті болған дәуірі. Үйткені Өтебай бұл кезде көптеген өлең, жырларымен қатар бірсыпыра үлкен поэмалар («Ақ алтын», «Шыршық сыры», «Пулемет»), әңгіме, повестер («Қошан кедей», «Күміс қылыш»), әдеби-ғылыми кітаптар, түрлі оқулықтар жазды.

Жоғарыда Өтебайдың тұңғыш кітабы «Таң өлеңдері» деген атпен 1925 жылы шықты дедік. Санап отырсақ сонан бері Өтебай «Таң өлеңдерінен» басқа 32 кітап шығарыпты. Яғни қырық жыл ішінде 33 кітап беріпті. Бұл қыруар дүние.

Өтебай еңбектерін екі салаға, үлкен екі топқа бөлуге болады. Бірі Өтебайдың көркем шығармалары, өлеңдері мен поэмалары, әңгімелері мен повестері, екіншісі ел аузынан жинаған халық қазнасы: қазақтың мақалдары мен мәтелдері.

«Өлеңім менің өмірім» дейді Өтебай. Өтебай қаламынан мейлі қай кезде болсын туған көркем шығармалардың негізгі тақырыбы өз өмірі, халық, отан өмірі, совет адамдарының күнделікті ерлік істері, асқақ ойлары, ізгі сезімдері. Соларды ақын бірде шағын өлең, бірде үлкен дастан, тағы бірде әңгіме, повесть түрінде бейнелеп көрсетеді, жырлап береді.

Әуелден Өтебай шығармаларының идеялық негізі, күре тамыры Октябрь революциясы, Ленин, партия жолы болатын. Соған сүйеніп, ол халық, отан, совет адамдары өміріндегі ескіні эшкерелеп, жаңаны мадақтап, жаманды шенеп-мінеп, жақсыны құптап, дәріптеп жырлайды. Халыққа, Отанға, совет адамдарына беттетіп ақын:

Жазыңның жаршы бұлбұлымын
Жаңа заманның жыршысымын.

дейді.

Өтебай өлеңдерінің бір қасиеті — олардың көбінше сыршыл-лирика болып келетіні. Революцияның алғашқы жылдарында, өзі сияқты қазақ ақындарының көпшілігі саяси лирика, үгіт өлең жазып жүрген кезде Өтебай лирикалық өлеңдер жазатын еді. Соны ол күні бүгінге дейін жазып келді.

Яғни ақын өзінің сезген-түйгенін айтайын деген ой-пікірі кейіпкердің ішкі, жан-дүниесі, жүрек сыры, асыл сезімі, шаттығы мен шері, мінез-қылығы етіп баяндайды; оқушының жүрегіне жылы етіп береді.

Өтебай шығармаларының екінші бір ерекшелігі — олардың бірсыпырасы балаларға, жас өспірімдерге лайықталып жазылған. Автор өз кейіпкерлерінің сырын, мінезін, тілін жете біледі. Балалар кескінін шебер бейнелейді. Өтебай қазақ балалар ақын-жазушыларының бірі, көрнектісі.

Өтебай шығармаларына тән тағы бір қасиет — олардың тілі әрі қарапайым, әрі көрікті; қай жастағы оқушыға болсын, қандай қызметтегі оқушыға болсын түсінікті келетіні. Ақын шығармаларын нағыз халықтық, әдеби тілде жазады.

«Оқушыға түсінікті болайын, солардың тілін, көңілін табайын, шығармаларымды нағыз халық әдебиетінің соны, бай тілімен жазайын, деп, халық ауыз әдебиетін көп жинап, көп зерттедім. Бұл ойым орын тапқан сияқты» дейді.

Осы өзі айтқандай, Өтебай қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеді; қазақтың 40-50 мыңнан астам мақал-мәтелін жинады. Оларды екі-үш кітап етіп бастырды. Өтебайдың бұл еңбегінің мәдени, ғылыми маңызы өте зор.

Өтебай Тұрманжанов Ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында қазақ совет әдебиетімен бірге туып, өмір бойы соған ат салысып, өз әлінше үлес қосып келе жатқан ақын-жазушы, әдебиет қайраткері.

ӘДЕБИ СЫН ЖАЙЫНДА

(«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған әдеби сын туралы мақалаларға шолу)

Біздегі әдеби сынның қазіргі міндеті, мақсаты айқын да түсінікті. Ол Коммунист партиясының бірқатар ресми документтері мен басшы адамдарының әр жерде сөйлеген сөздерінде, совет жазушылары Одағының соңғы съездерінің қаулыларында жеткілікті, толық, дәл көрсетілген.

Әдеби сын әдебиеттің негізгі бір жанры, жеке жазушының, бүкіл әдебиеттің идеялық, шеберлік жағынан өсуіне де, алдында тұрған зор, құрметті міндеттерін аброймен орындауына да көмектесетін, жетекшілік істейтін жанр.

Әдеби сын жазушының қаламын өткірлейтін, шығармаларға терең талдау жасайтын, әдебиетшілердің шеберлігін жетілдіретін құрал. Жақсы әдеби сын тіпті ең көрнекті жазушы үшін де өте көп нәрсе істей алады.

Әрине, бұл үшін әдеби сынның өзі әбден дамыған, жаңжақты жетілген, қалыптасқан болуы қажет, сыншылардың әрі көп білімді, әрі күшті талантты, жоғары мәдениетті, барынша партиялық принципті, қара қылды қақ жарған әділ болуы, өмірмен, халықпен, партиямен тығыз байланысты, мейлінше белсенді болуы шарт.

Қазақ совет әдебиетінде қазір әдеби сын жанры айтқандай болмай, әдебиетіміздің бүгінгі даму дәрежесінен біраз кейіндеп қалып отыр. Біздегі әдеби сынның саны да, сапасы да кем, төмен жатыр, қанағаттанарлық емес. Осыдан да бұл мәселе Қазақстан совет жазушылары одағының кезекті пленумында дербес қаралғалы отыр.

«Қазақ әдебиеті» сол пленумға дайындық ретінде мұнан біраз бұрын әдеби сын туралы пікір алысу, айтыс бастады. Бірсыпыра мақала жариялады. Соңғы, 27 ноябрь күнгі но-

мерінде ол айтыс туралы арнап бас мақала берді. Бәрі де өте орынды.

Сөз жоқ, «Қазақ әдебиеті жариялаған әдеби сын туралы мақалалардың біразы (М. Қаратаевтың «Адалдық арқауы партиялық принцип». С. Қирабаевтың «Тағы да сын туралы» деген мақалалары, тағы басқа) негізінде дұрыс шыққан. Оларда әдеби сынның міндеті, принципі, тәсілі, тағы басқа кейбір мәселелері сөз болған; сөз болған мәселелер жөнінде тұжырымды ой-пікір айтылған, газетте бұрын шыққан бірді-екілі сын талқыланған, ол сындардың хате, кемшіліктері орынды, дәл көрсетілген. Қысқасы, бұл мақалалар нағыз пікір алысу бағытында жазылған.

Ал, газетте шыққан басқа біраз мақалалар туралы мұны айтуға болмайды. Өйткені оларда әдеби сын мәселелері не қағаберіс қалып, не әншейін тілге тиек ретінде алынып, көбінше бөгде, көлденең мәселелер қозғалады. Сөздері адал ниетпен, сыпайы жөнмен пікір алысу, айтысу сарынында болмай, көбінше біреуді айыптау, жазаға тарту, бірдеңені мансұқ қылу, жоқ ету сарынында, дәрекілеу болып келеді.

Мысалы, Қалжан Нұрмаханов жолдастың «Өсірер сын керек» («Қазақ әдебиеті» № 17, 20 ноябрь, 1959 жыл) деген мақаласын алайық. Онда әдеби сын туралы «Өсірер сын керек» дегеннен басқа бір ауыз жөн сөз, іліп алар бір ой жоқ. Автор әдеби сын мәселелерін сөз ету орнына Қазақстандағы филология ғылымының жайы, ғылым кадрларын дайындау мәселесін сөз етеді; ғылыми зерттеулерге, ғалымдарға тиіседі. Сынауға құныққаны сонша, кейде бір сөзі екінші сөзіне қайшы келіп, өзі білмейтін жайды сынап отырғанын да байқамайды.

Нұрмаханов біресе: «Қазақстан-филологиясы дамыған республика... филологтар бізде жер қайысқан қол», — дейді де, біресе: «Біздің атақты филолог ғалымдарымыз жас сыншылар даярлауға барынша қамқорлық жасап, өлеңдерін шығарып, оларға «жол болсын!» айтады. Жас сыншылар-ғалымдар жөнінде ірі сыншылар-ғалымдар олай істемейді» — дейді.

Атақты филологтар жас филологтарды-жас сыншыларды даярламаса, жер қайысқан филологтар қайдан шықты? Біздегі ғылыми мекемелер мен әдебиет факультеттері, соларда көп жылдар бойы қызмет істеп жүрген атақты филологтар — ірі сыншылар әзірлемесе, осы күні әдеби сынмен айналысып жүрген бірсыпыра сыншылар ғылым кандидатта-

ры қайдан пайда болды? Кексе ғалымның аспирант алып үш жыл әзірлеп, оған кандидаттық диссертация қорғауы аға ғалымның жас ғалымға, аға сыншының жас сыншыға «жол болсын!» айтуы емей немене?

«Ғылыми мекемелерде, әдебиет факультеттерінде жұмыс істейтіндердің басым көпшілігі фольклор мен көне әдебиетті зерттейтін ғалымдар. Бұл барынша аян жай... Олар аспиранттарды өз мамандығы төңірегінен алыстатпай, сыншы болудан гөрі әдебиет тарихшысы, фольклор зерттеуші болуға баулиды»,— дейді Нұрмаханов.

Сыншы мақаласында дүниенің бәріне бір шамамен, өз басының үстірт, жаңылыс топшылауы тұрғысынан қарап, қорытынды жасайды; ғылыми-зерттеу мен әдеби сынның өзіндік ерекшеліктерін ескермейді, орыс әдебиетінде Некрасовтың зерттелуі мен қазақ әдебиетінде Төрайғыровтың зерттелуі екі басқа екенін білмейді, «Осылай бағаласасақ та... халық өз эпостарын, оларда көрсетілген образдардың қайсысы ұнамды, қайсысы ұнамсыз екенін түсіне біледі» — деп, әдеби шығарманы дәлдеп зерттеуге, айқын бақылауға қарсы болады.

Енді Төлеубай Ыдырысовтың «Әділ төреші болайық» («Қазақ әдебиеті» № 48, 27 ноябрь, 1959 жыл) деген мақаласын алайық. Онда автор ғылым қызметкерлері мен сыншыларды, Собакевичтің Н. қаласының басшыларын: «Бәрі жулик, бір жуликтің желкесіне екінші жулик мініп отыр...» деп сөккені сияқты, сөгеді: олар жеке бастарының ғана пайдасын көздейтін пайдакүнем, қу, бірін-бірі өтірік мақтайтын, біріне-бірі жалтақтайтын өтірікші, жағымпаз, өш алу үшін бірін-бірі аңдып жүретін сұм, жастарды осындай қулық, сұмдыққа тәрбиелейтін оңбаған адам,— дейді, факты міне:

1. Т. Нұртазин мен Х. Сүйінішалиев «бір кафедрада істейді. Бірінің кітабы шықса, екіншісі дереу мақтап жаза қояды. Өткен жылы Т. Нұртазиннің «Мұрат» повестіне Х. Сүйінішалиев сын жазды. Әрине, мақтады, мақтағанда келістіре мақтады... Бұл екеуінің бірін бірі мақтамасқа лажы жоқ».

2. «Х. Сүйінішалиевтен филология факультетінің оқытушысы Т. Қожакеев те қалыспады. Келешекте диссертация қорғау ойында бар ол «бірде болмаса, бірде пайдасы тиер» дегендей, «Мұрат» повестін мақтап рецензия жазды».

3. «Кейбіреулер газет бетін өш алуға пайдаланып кетеді... Баяғыда Б. Қыдырбекұлы Т. Қожакеевті фельетон етіп

жазып еді. Қожакеев Қыдырбекұлының фельетондар жинағын жамандап, кек алды».

4. «...Жас талапкер өзінен үлкен жазушыға сын жазғанда, оның қасы мен қабағына қарап, жан-жағына жалтақтап, имене, қысыла жазады».

5. «Әзілхан Нұршайховтың үш кітабы шыққан екен. Үшеуін де қол-аяғын жерге тигізбей мақтап жөнелдік».

Яғни Т. Ыдырысов «Әділ төреші болайық» деп отырып, айыптаушы, сот болған. Айыптағанда, жұртты дәлелсіз айыптаған. Сот біреуді айыптағанда, жазаға бұйырғанда әуелі оның қылмысын мойнына қояр еді. Сол сияқты, Ыдырысов сыншыларды «Мұрат» повестін, тағы басқа шығарманы өтірік, орынсыз, асыра мақтадың деп айыптау үшін әуелі ол шығарманың мақтауға тұрмайтынын, сыншылар жасырып отырған қате, кемшіліктерін дәлелдеп көрсету керек еді. Автор оған жоламаған.

Мақаласында Ыдырысов тағы бірқатар оғаш ой айтқан: ол «кейбір сыншылар ауыз әдебиетін айналдырады» деп, халықтың бұрынғы әдеби мұрасын зерттегенді айып көреді; «Кейбір сыншылар оңай кәсіп іздейді, әңгіме жазады» деп, әңгіме жазуды болмащы жұмыс деп біледі, бір жерде қызмет істеген кісілер, таныс-біліс кісілер бірінің шығармасына бірі сын жазбасын — дейді. Оның бұл пікірлері энебір жылғы даурықпа сынды еске түсіреді.

Т. Ыдырысов сын жазған кісінің бәрі өз қарабасының қандай да бір пайдасын көздеп жазады: бірі диссертация қорғасам пайдасы тиеді деп, екіншісі жолдасына, досына жақсы атты көрінейін деп, үшіншісі біреуден өш алайын деп жазады, — дейді. Ендеше Ыдырысов та бұл мақаласын жеке басының пайдасы үшін: әлгі жолдастарды мұқатып, біреуге жағыну, біреуден өш алу үшін жазған болады. Ол айқын аңғарылып тұр.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған әдеби сын туралы мақалалардың біразында бірін-бірі қайталау, қайшы, қарама-қарсы, дәлелсіз, фактасыз пікір айту, қорытынды жасау көп кездеседі.

Әдеби сын туралы мақалалардың тілі жөнінде сөз болып, пікір айтылады. Авторлар не бір кітаптан, не бір мақаладан бірер сөйлемді үзіп алады да, міне, бұл сынның тілі нашар, сыншы өзінің ойын әдемілеп айта білмейді деп қорытынды жасайды.

Мысалы, Баламер Сахариев «жақсы журнал жасайық» («Қазақ әдебиеті» № 37, 1 сентябрь, 1959 жыл) деген ма-

қаласында Х. Сүйінішалиевтің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында шыққан мақаласынан «...Романда топ-топ адам кескіндері кесек-кесегімен жасалып, бірінен бірі асып түсіп жатады», — деген сөйлемін келтіріп, оны былай сынайды: «...О заман да бұл заман адам кескіні топ-топ болғанын кім көрген?» — дейді.

Х. Сүйінішалиевтің мақаласын біз де оқыдық. Онда автор «Абай жолы» романының идеялық, көркемдік жетістерін сөз қылады; жеке образдарға талдау жасайды, оларды Абай тобы, Оразбай тобы деп әлеуметтік топтарға жіктейді, жеке образдар, әлеуметтік топтар өкілдерінің образдары кесек-кесек болып шыққан дегенді айтады. Сөйлемнің ойпікірі жағынан да, сөз байламы жағынан да мүкісі жоқ.

Автордың бәрі де «Көптеген сын мақалалардың тілі көркем емес». Әдеби сынның тілі көркем болуға тиіс», — деп талап қояды.

Оны кім, қайда, қашан айтқан? Жоқ, ондай нақыл, ондай қатал ереже жоқ. Әдеби сын прозалық, публицистикалық жанрға жатады. Публицистиканың аты публицистика. Оның тілі негізінде солай болуға тиісті.

Көркем шығарманың тілі көркем болуға тиіс. Бірақ жазушы суреттейін деген материалының, айтайын деген ойпікірінің ерекшеліктеріне қарай, шығармасының кей жерлерін қарапайым сөздермен, публицистикалық стильмен келтіреді. Ол мін, айып емес.

Сол сияқты, әдеби сынның тілі публицистикалық өткір, уытты болуға тиіс. Бірақ автордың талдаған материалының, түсіндірейін деген ойының ерекшелігіне сай, мақаласының қай жерлерін көркем етіп келтіруіне болады, солай істеуге тиісті де.

«Қазақ әдебиеті» соңғы номерінде әдеби сын туралы айтыстың барысы жөнінде бас мақала жазып жақсы істеді. Бірақ онда алдын ала қорытынды жасамады. «Мұның бәріне қорытынды жасауды пленум кезінде қалдырамыз» деп өте шықты. Онысы әбес болды.

Газеттің әдеби сын туралы айтыс қозғап жазған мақаласы орта қолды ғана болды: мәселені тиісінше кең, терең, теориялық жоғары дәрежеде қоя алмады. Айтыс ретінде жариялаған мақалалары нағыз әдеби, ғылыми, байсалды айтыс болмай, әншейін қақтығысқа, бөгде, ұсақ-түйек мәселелер төңірегіндегі таласқа айналып барады. Газет соңғы мақаласында айтыстың барысын алдын ала қорытып, осы жайларды атап көрсетуге, айтысқа жөн сілтеуге тиісті еді.

Әдеби сын туралы айтыс сынның аса маңызды, күрделі мәселелері төңірегінде: әдебиеттің идеялылығы мен партиялығы үшін күрестегі әдеби сынның қызметі, әдеби сынның принципі мен тәсілі, мазмұны мен түрі, көп алуандығы мен шеберлігі туралы партиялық принципте, жоғары идеялық, ғылыми теориялық дәрежеде болу керек. Онда ауа жайылуға, тіл безушілікке, өш алушылыққа, тағы басқа жат ниет пен жаман қылықтарға жол берілмеу керек.

Айтыс үстінде тек сын мақалаларды ғана талқыламай, көркем шығармаларды да талқылау қажет. Көбінше жаңа шыққан күрделі, көлемді шығармаларды тегіс, жете талдап, дәл бағалау қажет. Сол арқылы нағыз әділ, ғылыми, әдеби, партиялық принципті сын үлгісін көрсету жөн.

Мейлі сын мақалаларды талқылау болсын, мейлі көркем шығармаларды талдау, сынау болсын — бәрі де сыншы, жазушы — адам туралы сөз ету болады. Адам асыл қазына. Біздің жағдайымызда адамға сену, қамқорлық ету, оны сақтай білу, тәрбиелеу міндет.

Совет жазушыларының үшінші съезі: творчестволық күштерді принципті негізде топтастырайық деп ұран шақырды. Әдеби сын туралы айтыс осы негізгі ұранды жүзеге асыру бағытында жүруге тиіс. Айтыс сыншыларды, жазушыларды қырғи-қабақ етпей, ыдыратпай, қайта, ұйытуы, топтастыруы, соған себеп болуы керек.

Коммунист партиясы жазушыларды өзінің мықты көмекшісі деп танып отыр. Партия, үшінші съезд жазушылардың бүгінгі, коммунизм құрылысы дәуіріндегі міндеттерін белгілеп берді.

«Совет жазушыларының алдында құрметті міндет — болашақтағы адамның, жаңа тұрмыс орнатушының рухани тұлғасын қалыптастыру ісіне белсене көтеру міндеті тұр. Олар коммунизм жолындағы күреске адамдарды жігерлендіріп, оларды коммунистік идеялық рухында тәрбиелеп отыруға, парасатты, адамгершілік қасиетті, буржуазиялық идеология мен моральға төзбеушілікті, адамдардың көкейіне қондырып отыруға міндетті», — деді.

Әдеби сын туралы айтыс, әдеби сынның өзі жазушылардың осы тарихи міндеттерін абыроймен орындауына көмектессін. «Қазақ әдебиеті» әдеби сын туралы айтысты осы бағытта жүргізуге, жалпы әдеби сынды осы бағытта дамытуға міндетті.

МАЗМҰНЫ

Октябрьдің бел баласы	5
Жиырмасыншы жылдардағы әдеби сын	15
Жамбыл Жабаев	30
«Тар жол, тайғақ кешу»	54
Терең талант	64
Ақын Ілияс.	75
Шындық және шеберлік	84
Ірі тұлға	93
«Абай»	99
«Абай жолы»	104
Замандастарымыз туралы роман	109
Жалынды саяси лирика	118
Жазушы Сабыр	126
Ғалидың ақындығы	140
Совет адамдары туралы әңгімелер	167
Татымды сөздер	<u>175</u>
Бір өлең туралы	189
Алпысыншы жылғы қазақ поэмалары	196
Жаңа талап, жас ніс	212
Фельетон туралы	220
Ескі мен жаңа егесі	238
«Айша»	248
Өтебай Тұрманжанов	254
Әдеби сын жайында	257

Кенжебаев Бейсембай.
ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК.
Алматы, «Жазушы», 1966.
264 бет.

Бейсембай Кенжебаев

ПРАВДИВОСТЬ И МАСТЕРСТВО

*(Сборник статей о казахской
советской литературе.)*

На казахском языке.

Издательства «Жазушы» — 1966

*Редактор А. Хангельдин.
Художник И. Кононова.
Худож. редактор М. Исабаев.
Техн. редактор С. Лепесов.
Корректор Н. Измаилова.*

Сдано в набор 23/XI-1965 г. Изд.
№ 32. Подписано к печати 21/II-1966 г.
УГ01912. Бумага тип. № 2. Формат
84×108¹/₃₂—8,25 п. л.—13,86 усл. п. л.
(Уч.-изд. 14,8). Тираж 3700.
Цена 79 коп.

Заказ № 1506. Полиграфкомбинат
Главполиграфпрома Государствен-
ного комитета Совета Министров
Казахской ССР по печати, г. Алма-
Ата, ул. Пастера, 39.